

ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ

9

Тоғызыншы кітап



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

«Тіл» баспасы
Алматы – 2012

ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР
ИНСТИТУТЫ МЕН ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ**

9

ТОМ

Тоғызыншы кітап

ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ ЖЫРЛАНАТЫН ЭПОСТАР

تاۋەلسىزدىك
ىدەياسى جىرلاناتىن ەپوستار

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

Қ 17

Тамды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакциялық алқа:

Қ.Алпысбаева, Б.Әзібаева, Т.Әлбеков, А.Әлібекұлы, Г.Елеуқенова,
С.Күзембаева, У.Қалижанов, С.Қасқабасов, С.Қирабаев, С.Қосанов,
А.Мұқан, Г.Пірәлиева, А.Хамраев.

Пікір жазған: филология ғылымдарының кандидаты, доцент
С.Қорабай.

Жауапты редактор: филология ғылымдарының кандидаты Т.Әлбеков

Жауапты шығарушы: филология ғылымдарының кандидаты
Қ.Алпысбаева

Қ 17 **Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 9-кітап. – Алматы: «Тіл» баспасы, 2012. – 360 бет.**

ISBN 978-61-7157-49-4

Еңбекте XIV-XIX ғасырларда Алтын Орда, Ноғайлы және Қазақ хандықтарының мемлекеттік тұтастығын қорғаған тарихи тұлғалар мен сыртқы жауларға қарсы күрестерде танылып, халық жадында сақталған батырларға қатысты жырлардың қолжазбалары қамтылған.

Жинақ фольклортанушы, әдебиеттанушы ғалымдарға, жоғары оқу орындарындағы филология факультеттерінің студенттеріне, магистрлері мен РҒД докторанттарына арналған.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-61-7157-49-4

© М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ, 2012
© АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ТІЛ» ҚҰҰ-ӨДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ, 2012


ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба бөлімі «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» көптомдық топтамасының ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Топтаманың бұған дейін баспаға ұсынылған сегіз кітабы қазақтың ұлттық фольклоры мен ауыз әдебиетінің ауқымды саласы болып саналатын эпостық туындыларға, ақын-жыраулар шығармашылығына, айтыстарға, ертегілер мен дастандарға арналды.

«Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасын» жазудың жоба-жоспары XX ғасырдың алпысыншы жылдарының басында қолға алына бастады. Ғылымның фольклортану, әдебиеттану салаларына аса қажетті бұл күрделі жұмысты жүзеге асыру сол кезеңдегі жаңа отау тіккен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба бөлімінің тұңғыш меңгерушісі, Кеңестер Одағының батыры, КСРО Педагогика ҒА-ның академигі М.Ғабдуллиннің жауапкершілігіне жүктелді. Қазақ ғылымында алғаш рет жоспарланып отырған жобаны іске асыру барысында зерттеушілер Мәскеудегі Азия халықтары, Өзбекстандағы Шығыстану институттарының, сондай-ақ Рига, Қазан кітапханаларының іс-тәжірибелерін басшылыққа алды. Қызметкерлер осы маңызды шараны орындау мақсатында ең алдымен, қолжазбаларды жүйеге келтіріп, олардың атаулық, жанрлық картотекаларын жасады. Жоба бойынша жазылатын алты томдық топтаманың құрылымдық жүйесі анықталып, оларға енгізілетін шығармалардың тізімі түзілді.

Топтаманың «Батырлар жырына» арналған алғашқы кітабында (1975) осы жанрға қатысты 68 туынды (версия, варианттарын қосқанда – 201 нұсқа) қамтылған. Бұл ретте «Қобыланды», «Қамбар», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Көрұғлы», «Ахметбек-Жүсіпбек», «Құламерген» жырларының нұсқалары толық



кіргізіліп, алғаш рет «Қырымның қырық батыры» жырлар циклы мен ондаған жеке батырларға арналған эпос қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы жазылды.

«Сипаттаманың» кейінгі «Ғашықтық жырларға» арналған 2-кітабында (1979) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Еңлік – Кебек», «Қалқаман – Мамыр», «Ақбөпе – Сауытбек» сияқты төл туындыларымыздың нұсқалары мен көптеген нәзиралық дастандар (барлығы – 191 нұсқа), ал 3-кітабында (1981) XVII ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіне дейінгі аралықта қазақ халқының тәуелсіздігі үшін шайқастарда аты шыққан батыр бабалардың ерлік істері баяндалатын тарихи жырлар (жыр саны – 67) қамтылды. Топтаманың «Қазақ ақындарының шығармалары», «Айтыстар» атты 4, 5, 6-кітаптарына (1985, 1986, 1989) XV ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ақын-жыраулардың жеке туындылары, айтыстары енгізілген. Алғашқы екі кітапта шығармалары ӘӨИ және ОФК-ның Қолжазбалар қорында сақталып, есімдері аталып жүрген алты жүз елуге жуық ақынның (152 ақынға сипаттама, 475 ақынға «Көрсеткіш» жазылған) қолжазба мұрасы қарастырылды. Айтысқа байланысты 6-кітапта 220 айтысқа, оған қатысушы 300 ақынға сипаттама жазылып, қосымшадағы «Шағын айтыстар көрсеткішінде» аталған қорларда жинақталған 600-дей айтыскерлер жөнінде деректер көрсетілді.

Еліміздің тәуелсіздік кезеңінде ҰҒА академигі С.А.Қасқабасовтың жетекшілігімен топтаманың «Ертегілер» (2003), «Дастандар» (2005) аталған 7,8-кітаптары басылым көрді. Алдыңғы жинақта көрсетілген қорларда сақталған 270-тен астам ертегілер нысанаға алынып, олардың қолжазба нұсқалары толық сипатталса, соңғы басылымда 130-ға жуық дастандар мен олардың версиялары, нұсқалары қарастырылған. Бұл ретте топтамаға енген фольклорлық туындылар мен ақындардың жеке шығармаларының көпшілігі осыған дейін жалпы оқырмандарға беймәлім, ғылыми айналымға түспегендігін атап өткен орынды.

«Қазақ қолжазбалары ғылыми сипаттамасының» кезекті тоғызыншы кітабы Тәуелсіздік идеясы жырланатын қазақ эпостарының қолжазба нұсқаларына арналады. Жинақта кеңестік кезеңде коммунистік идеологияға жат саналып, цензураның

елегінен өтпегендіктен, жариялануға тыйым салынып келген «Едіге», «Қарасай – Қази», «Орақ–Мамай», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Сырым батыр», «Жанқожа», «Кенесары–Наурызбай», «Мырқы батыр» т.б. батырлық, тарихи жырлар, олардың варианттары мен версиялары толық қамтылды.

Топтаманың құрылымдық жүйесіне орай жинақтың алғашқы бөлімі бойынша әр сипаттаманың бастапқы ортаңғы жиегіне реттік саны (1), сол жақ шекесіне буманың шифры (Ш. 321), сондай-ақ осы жақшаның ішіне институттың немесе кітапхананың қысқартылған атауы қойылды (ӘӨИ, OFK), егер ескі шифр болса, онда жаңасы қисық таяқша белгімен айрылады. Мысалы:

Ш. 321/27 (ӘӨИ)

«Сипаттаманың» оң шекесіне алдымен қолжазбаның парағы (П.16), беті (Б.31), жол саны (Ж.21), астыңғы екінші қатарда қолжазба мен мәтіннің (ұзындығы, ені) көлемі мен өлшемінің көрсеткіші (сантиметрмен) жазылады. Мысалы:

П.16; Б.31; Ж.21

20,5x17; 17,5x12


Осыдан кейін шығарманың атауы көрсетіледі. Мысалы:

ابلاي خان (سابالاق) (Абылай хан (Сабалақ))

Қолжазбада мәтіндердің атаулары қандай әріппен көрсетілсе, сипаттамада да сол қалпында жазылды. Қазақ қолжазбаларының үш түрлі әліпбидегі үлгілері кездеседі: арабша, латынша, қазіргі қолданыстағы – кириллица.

«Сипаттаманың» екінші бөліміне қатысты тараулар: «атауы», «авторы», «жыршысы», «көшірушісі», «тапсырушысы», «экспедициясы», «аннотациясы», «нұсқасы», «басқы, соңғы сөзі», «қолтаңбасы», қолжазбаның қай жылы, қай жерде жазылып алынғаны, қандай әріппен, сиямен жазылғаны, қолжазба беттерінің нөмірленуі, мәтіннің орналасуы, қалпына келтірілуі, ақауы, нұсқалары, библиографиясы т.б.

Жинақтың «Қосымшаларына» «Сипаттамаға» енген қолжазбалардың түпнұсқа үлгілері (иллюстрациясы), шығармалар көрсеткіші (араб, латын, кирилл әріптерінде), кісі аттарының көрсеткіші: авторларға, жыршы-жырауларға, жинаушыларға, тапсырушыларға, аудармашылар мен көшірушілерге байланысты (араб, латын, кирилл әріптерінде), шығармалардағы жер атаулары мен экспедициялар көрсеткіші енеді.



Оқырманға ұсынылып отырған “Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының” 9-кітабын құрастыруға қатысқан авторлар және олар жазған сипаттамалардың реттік саны:

Алпысбаева Қарашаш – 7, 8, 9, 11, 12, 25, 38, 43, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 116, 117, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 133, 135, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 169, 170, 171, 179, 180; **Әкімова Тоғжан** – 13, 22, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 74, 75, 91, 92, 126, 128, 130, 138, 139, 140, 165, 167, 168, 174, 176, 178; **Әлбеков Тоқтар** – 87, 107; **Байғазы Ақбаян** – 96, 134, 182; **Елесбай Нұржұма** – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 24, 39, 40, 44, 68, 69, 82, 83, 93, 94, 95, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 108, 109, 110, 111, 113, 115, 148, 173, 175, 177, 186; **Иманалиева Гүлайым** – 76, 80, 81, 104, 136; **Қосан Серікбай** – 118, 144, 145; **Мурсалимова Насихат** – 26, 41, 42, 88, 183; **Оралбек Алмас** – 10, 15, 16, 35, 71, 73, 137, 172; **Орынғали Қалиолла** – 36, 47, 78, 84, 112, 114, 125, 185; **Райыс Ғазез** – 14, 17, 19, 20, 21, 23, 27, 30, 37, 45, 46, 70, 72, 77, 79, 86, 89, 90, 129, 132, 147, 149, 163, 164, 166, 181, 199; **Салтақова Жанат** – 18, 48, 49, 85, 127, 131, 141, 142, 143, 146, 184, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 198; **Сманова Елмира** – 105, 106; **Көбеева Гүлайхан** – 65, 66, 67.

Кітапқа енген көрсеткіштерді дайындаған – Алпысбаева Қарашаш. Компьютерге терген – Иманалиева Гүлайым, араб әрпіндегі сөздерін көшірген – Мурсалимова Насихат.

Кітапқа енген ғылыми сипаттаманың саны – 198.

Кітаптың көлемі – 22,5 б.т.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

а) Ғылыми-зерттеу мекемелерінің атауларын белгілеу

ҚР – Қазақстан Республикасы.

ҚР БҒМ ҒК ӘӨИ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Әдебиет және өнер институты.

ҚР БҒМ ҒК ОҒК – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Орталық ғылыми кітапханасы.

Қаз ССР ТӘИ – Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты.

Изд. АН РК – Издательство Академии наук Республики Казахстан.

ҚР ҰК – Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы.

СПб – Санкт-Петербург.

ҚР ҰҒА – Ұлттық ғылым Академиясы

Ақм.обл. – Ақмола облысы

Ақт.обл. – Ақтөбе облысы

Алм.обл. – Алматы облысы

Батыс Қаз.обл. – Батыс Қазақстан облысы

Гур.обл. – Гурьев облысы

Жам.обл. – Жамбыл облысы

Жезқ.обл. – Жезқазған облысы (қазіргі Қарағанды обл.).

Қарағ.обл. – Қарағанды облысы

Көкш.обл. – Көкшетау облысы (қазіргі Ақмола обл.).

ҚАССР – Қарақалпақ АССР-ы

Қост.обл. – Қостанай облысы

Қызыл.обл. – Қызылорда облысы

Омбы обл. – Омбы облысы

Орал обл. – Орал облысы

Пав.обл. – Павлодар облысы

Сем.обл. – Семей облысы

Талд.обл. – Талдықорған облысы

Таш.обл. – Ташкент облысы

Шығыс Қаз.обл. – Шығыс Қазақстан облысы

Шым.обл. – Шымкент облысы (қазіргі Оңтүстік Қазақстан обл.).

ә) Жеке сөздерді белгілеу

Бұл қысқартылған техникалық сөздер әрбір сипаттамада және сипаттама соңынан келетін “Библиографиясы” деген тарауда жиі қолданылады.

Сипаттаманың басында:

Б. – бет II. – парақ

Инв. – инвентарь III. – шифр

Ж. – жол

“Бума” тарауында:

Дәп. – дәптер

Тіз. – тізім

“Библиографиясы” деген тарауда:

Бөл. – бөлім

Т. – том

Кіт. – кітап

Түс. – түсініктер

Нұс. – нұсқа

Ф. – фонд

Тар. – тарау

Мф – микрофильм

Мфк – микрофильм кадры

Рф – редкий фонд

Фк – фотокопия

ҚОЛЖАЗБА МҰРА – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Қай елдің болмасын тәуелсіздігінен ажырап, өзгенің отарына айналуы рухани құлдырауынан бастау алады. Бұған ең алдымен, арғы бабалардан үлгі-өнеге болып келген ел басқару институтының бұзылуы, соның салдарынан ағайын арасындағы ынтымақ-бірліктің, рулық-тайпалық, мемлекеттік тұтастықтың ыдырауы басты себеп болады. Сөйтіп, мемлекеттік идеологияға сызат түсіп, біртіндеп ұлттық құндылықтары: ділінен, дінінен, тілінен қол үзе бастайды. Бұл – біріншіден, мемлекеттің, ұлттың тарих сахнасынан шығып, бодан болуының, тіпті ассимиляцияға түсіп, ұлт ретінде жойылып кетуінің негізгі себеп-салдары болса, екіншіден, аталған келеңсіздіктер сол елдің тәуелсіздігіне қол сұғушы мемлекеттің отарлау саясаты, бағындырудың стратегиялық жоба-жоспары, оларды орындау үшін атқарылатын жымсықы амал-тәсілдерінің нәтижесі. Ұлттық құндылықтарынан, мемлекет тұтастығынан айрылған әлсіз ел қашанда күштінің жемтігіне айналып, шарасыз халге түсетіні тарихтан белгілі. Ал отарлаушы елдің қай-қайсысы болсын бодандығындағы халықтың ұлттық рухының оянуына, құндылықтарының қайта қалпына келуіне мүмкіндік бермеуге тырысатыны – ежелгі қағида.

Қазақ халқы да үш ғасырдан астам Ресейдің отарлау саясатының құрбаны болып, жоғарыда айтқандай бодан болудың себеп-салдарларын басынан кешірді. Ресейде қанша қоғамдық өзгерістер болғанымен, отарындағы халықтарды уысында ұстаудың айла-тәсілдерін, қағидаларын үсті-үстіне жетілдірумен болды. Озбырлықтың, үстемдіктің, күш көрсетудің, жазалаудың небір қитұрқы үлгілерін пайдаланып, осы жолда миллиондаған адамның қанын төкті, жер аударып тоз-тозын шығарды. Осы зобалаңнан қазақ халқы да сырт қалмады. Атылды, шабылды, аштыққа, жұқпалы індетке ұрынды, басқа түскен зобалаңға шыдамай шетелге ауды, соғыста шейіт болды, қысқасы, ата жұртта тұтас бір ұлттың үштен бір бөлігі ғана қалды. Бұл – ащы да болса, тарихи шындық.

“Елу жылда ел жаңа” демекші, арада жетпіс жылдан аса уақыт өткенде іріп-шіріген алып кеңестік қоғам бір-ақ сәтте тамырынан

қопарылып, орнынан тал шыбықтар – тәуелсіз мемлекеттер қаулап өсе бастады. Соның бірі – он ұрпақты ауыстырып барып қана мемлекеттілігіне қол жеткізген Егемен Қазақстан. Қазақ халқының бағына орай бабалардан мұра болып қазба байлықтары мен мұнай-газ көздеріне бай ұлан-байтақ жер ел иелігінде қалды. Бұған суасты қазыналарын, жер бетіндегі мыңғырған малды, жайқалған астықты, ғарышты игеруге талаптанған жоба-жоспарларды қосқанда Қазақ елінің келешегіне қызыға да, қызғана да қарауға әбден болады. Мұны бүкіл әлем жұршылығы біледі, сезінеді, сондықтан да Қазақстанмен санасуға, әріптестік қарым-қатынаста болуға мүдделі.

Жыл өткен сайын әл-аукаты артып, әлемнің бәсекеге түсуге мүмкіндігі бар елу елінің қатарына ілігуге талпынған Қазақстанның тағы бір байлығы талайларды тамсандырып, тәжірибе аларлық жетістік ретінде қарастырылуда. Бұл – елдің ішкі саясатындағы қол жеткен табыстар. Елдегі жетекші ұлт – қазақ халқының өзге этностармен, диаспоралармен ынтымақ-бірлігі, ұлтаралық татулық, жүргізіліп жатқан салиқалы саясат Қазақстанда бейбіт, бақуатты өмір кешуге мүмкіндік береді. Әсіресе, шеттелдіктердің қауіпсіз қызмет істеуіне, инвестиция салуына мамыражай жағдай жасалған. Бұл үкімет қоржынына қосымша қаржы түсіп, ел экономикасының қарыштап дамуына қосылатын зор үлес.

Қазақ халқының мақтаныш етуге тұрарлық тағы бір қазынасы – сан ғасырлар бойы жад арқылы ұрпақтан ұрпаққа тарап келе жатқан рухани мұрасы. Оның бір бөлігін фольклор мен авторлық ауыз әдебиеті үлгілеріне қатысты көне кітаптар мен қолжазбалар, микрофильмдер, аудио, ведиотаспалар мен фотомәтіндер құрайды. Олар еліміздің Ұлттық, Орталық кітапханалардың сирек қорларында, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Орталық мемлекеттік мұрағат пен Кітап мұражайларының сирек қорларында сақталған. Бір өкініштісі, бұл сирек жәдігерлер толық зерттеліп, түгел жарияланып, халық игілігіне айнала алмады. Оның өзіндік себептері де аз емес.

Атап айтқанда, қазақ фольклоры мен авторлық ауыз әдебиеті үлгілері там-тұмдап хатқа түсіп, жариялана бастаған ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысының өзінде-ақ отарлау саясатының мақсат-мүдделері басшылыққа алынды. Сол құйтырқы саясаттың

астарында миссионерлік пиғыл, қазақ жұртын орыстандырудың қатпарлы жоба-жоспары да бар еді. Бұл ретте халқымыздың фольклорын, этнографиясын жинауды желеу етіп Қазақстанның батысы мен солтүстігіне келуді жиілеткен Рейсейдің барлаушы әскери экспедицияларын басқарған П.С.Паллас, Н.П.Рычков, И.И.Георгий, И.Н.Березин, М.Назаров, Г.Мейендроф, Александр фон Гумбольдт, А.Голубев т.б.саяхатшы-жиһангерлердің аты-жөнін атаған орынды. Олар халық қазынасын арнайы жинауды мұрат тұтпаған. Фольклорлық-этнографиялық материалдардың өздерін жіберіп отырған қожайындарының тапсырмасына қатыстысын ғана жиыстырып, әскери мүддеге айғақ ретінде хатқа түсірген.

Алайда, бұл пікір қазақ руханиятына шынайы жанашырлықпен қарап, халық мұраларын арнайы жинап, жүйеге түсіріп, жарыққа шығаруды, солардың негізінде ғылыми-зерттеу нысанына айналдыруды мақсат еткен таза пыйғылдағы В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, А.Е.Алекторов, Н.Н.Пантусов, А.Н.Харузин, П.М.Мелиоранский, В.В.Бартольд, Ә.Диваев сынды біраз оқымысты-жиһангерлердің орасан еңбегін жоққа шығара алмайды. Олардың жинаған, жазып алған қолжазбалар мен Қазан төңкерісіне дейін Ресей, Орта Азия қалаларының баспаларында жеке жинақ ретінде шыққан кітаптар, басылымдар, экспедициялар барысында түсірілген фотосуреттер т.б. бүгінгі қолда бар рухани мұраларымыздың елеулі бөлігін құрайды. Сондықтан олардың еңбектерін қазіргі ғылыми көзқарастар аясында қайта зерделеп, қазақ фольклортану тарихындағы орындарын айқындау – осы саланың алдағы іргелі зерттеулерінің басты нысаны болып қала бермек.

XIX ғасырдың екінші жартысында ел ішінен де белсенді жинаушылар шыға бастады. Олардың қатары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, С.Бабажанов, Б.Дауылбаев, С.Шорманов, Х.Ғали, М.Көпеев, Ж.Шайхысламұлы, Ү.Толыбеков, А.Сабалұлы, М.Тынышлықұлы, Ораз молда, Ш.Білтебайұлы, Қ.Байғұлұлы, Е.Есенжолов секілді ел азаматтарының есімімен жалғаса береді. Бұлардың алдыңғы жинаушылардан өзгешелігі – халық шығармаларын тарихи-танымдық, идеялық-көркемдік қасиеттеріне, жанрлық ерекшеліктеріне, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланыстыра ұғынуында. Сондықтан да бұл кезеңде жиналған фольклорлық-этнографиялық материалдардың маңызы айырықша

зор. Аталған топтың жинаушылық қызметі қазақ даласының төрт құбыласын түгел қамти алмағанның өзінде, олар жеткізген фольклор мен ауыз әдебиеті үлгілері сапасы тұрғысынан да, жанрлық ауқымы жағынан да зор маңызға ие.

Фольклорлық туындылардың шын мәнінде мол жиналуы Кеңес дәуірінде айырықша жолға қойылғандығын мойындауға тиіспіз. Осы кезеңде ғана жинау, жүйелеу, сақтау, жариялау, зерттеу шаралары бір ғылыми орталыққа шоғырланып, ұлттық қолжазба қорларын ашуға мүмкіндік туды. Ә.Диваевтың 1920 жылғы кешенді экспедициясы мен 1998 жылғы Ұлттық Ғылым академиясы тарапынан ұйымдастырылған фронтальді [тұтас жинау] фольклорлық-этнографиялық экспедицияның арасында Қазақстанның түкпір-түкпіріне, Орта Азия елдеріне, Мәскеу, Ленинград, Қазан, Уфа, Омбы т.б. қаларға ондаған арнайы жинаушы топтар аттанып отырған. Бұлардың ішінен А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамбетұлы, І.Жансүгірұлы, С.Сейфоллаұлы, М.Ахметов, Б.Жақыпбаев, Ә.Қайнарбаев, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, С.Қасқабасов, М.Мағауин, М.Ғұмарова, Т.Бекхожина, Ү.Сұбханбердина, Б.Адамбаев, М.Байділдаев, Қ.Сыдықұлы, М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи т.б. сияқты көптеген мамандаңған, кәсіби фольклортанушы-жинаушыларды атауға болады. Олар өздеріне дейінгі осы салада жинақталған тәжірибелерден тәлім алды және соңғы кезеңнің ең озық әдіс-тәсілдеріне арқа сүйеді. Мұнан өзге Қазақстанның барлық өңірлерінде қоғамдық тұрғыда жинаушылар белгіленіп, олар Ұлттық Ғылым академиясы тарапынан қаржыландырылып отырды. Кеңес өкіметінің осындай іс-шаралары өз жемісін беріп, хатқа түскен мұралар сирек қорлардың 90 пайызын құрады.

Алайда, еліміз тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылға дейін фольклор мен ауыз әдебиеті үлгілері ел арасынан мақсатты түрде, алапанып жиналғандығы, баспаға дайындау барысында билеуші қоғамның (патшалы Ресей цензурасының, коммунистік идеологияның) саяси талаптарына сай іріктелгендігі – ащы да болса шындық. Бұл ретте аталған екі биліктің мемлекеттік жүйесі, формациясы бөлек болғанмен, қарамағындағы халықтар мен ұлыстарды басқару ұстанымдары бірін-бірі жалғап, толықтырып отырған ортақ саясат екендігін айқын аңғаруға болады. Ол – тіл,

дін, әдебиет пен мәдениет, салт-сана, ғұрып-дәстүр сияқты ұлттық руханият өзегінің күре тамырларына балта шабу, сол арқылы ұлттық құндылықтардан жұрдай етіп, дүбәра, тобыр топтардың басын қосып, біртұтас халық жасау идеологиясы. Кейін бұл зымыян саясат орындалды да. Бұған бүгінгі Ресей құрамындағы Сібір халықтарының, ұсақ түркі, алтай-монғол тектес халықтардың жағдайы айғақты дәлел болады. Бұл – бір ғана алпауыт елдің үш ғасыр бұрын жасаған отарлау саясатының жемісі болғанмен, қайсыбір халықтардың тарих сахнасындағы ғұмырлық шегі еді.

Қазақ халқы өзінің көшпелілерге тән болмыс-бітімін, ата дәстүрін, табиғи өмір салтын, бабалар рухы алдындағы борышкерлікті сезіну және аманатқа адал болу, әдебиетті қадірлеу, өнерді сыйлау, жүйелі сөзге тоқталу, үлкенді құрметтеу т.б. қасиеттерінің арқасында ұлттық құндылықтардан толық ажырай қоймады. Осы жолда көптеген нәубеттерді басынан кешірді. Әсіресе, тіл мен дін мәселесі бойынша айрықша шектеулер қойылып, XIX ғасырдың екінші жартысында көшпелі қазақтарды біртіндеп христиан дініне кіргізе бастаудың жоба-жоспарлары жасалды. Оны орындау үшін мол қаржы бөлініп, орыс-түзем мектептері көптеп ашылды және жергілікті жерде миссионер мамандар дайындауға аса зор көңіл бөлінді. Қазақстан аумағында діни мектептер мен медреселер жабылып, араб әліпбиінен кирилл әрпіне көшіру мәселесі қолға алына бастады. Сонымен бірге орыстандыру саясатының басты құралдарының бірі ретінде баспа өнімдерін еселеп шығарып, христиан дінін жаппай насихаттау белең алды. Ауылдардағы молдалар саны қысқартылып, татар діндарларымен қарым-қатынас шектелді, сөйтіп, болыстық деңгейде бір ғана молда ресми бекітілді. Осы әрекеттер XX ғасырдың басында шарықтау шегіне жетіп, тіпті, мешіт пен медресе ашуға генерал-губернатордың арнайы рұқсаты қажет болды.

Ислам құндылықтарына негізделген «Зарқұм», «Сейіт Баттал», «Шахмаран», «Салсал», «Кесікбас кітабы», «Мұхаммед-Қанапия», «Әл-хазірет Расулалланың Миғражға қонақ болғаны» секілді ондаған діни-фольклорлық мұралар мен қазақ ақындарының діни сарындағы кітаптарының қайта басылуына қатал цензураның кедергісі аз болмаған. Әсіресе, қазақ тіліндегі кітаптардың цензуралық бақылаудан өтуіне арнайы комиссияның

белді мүшесі, қазақша жетік білетін Н.Ф.Катановтың кедергі әрекеттері аз болмаған. Оның көрсетуімен М.Кәшимовтың «Насихат қазақия», А.Жандыбаевтың «Жас ғұмырым, яки жастыққа ғафлат», Қ.Бұлхайыровтың «Қасым Бұлхайыровтың зынданда жатып айтқаны», М.Ж.Көпеевтің «Қазақтың осы күнгі әңгімесі. Сарыарқа – кімдікі?», «Хал-Ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», Ғ.Ғалымжановтың «Есіл жұртым», Ғ.Қарашевтің «Қарлығаш», «Әдебиет өрнегі», М.Жұмабаевтың «Шолпан», М.Дулатұлының «Оян, қазақ» кітаптары тәркіленіп, әлденеше тексерістерден өткен. Пікірдің дәлелдігі үшін Н.Ф.Катановтың Қазан баспа ісі бойынша Уақытша комитетінің төрағасы М.Н.Пиненинге М.Кәшимовтың «Насихат қазақия» кітабын қаралап жазған жеделхатын келтіре кеткен жөн: «Біздің комитеттің өкілі Шараф мырза «Насихат қазақия» кітабын жіберген еді, онда осы жылдың 28 қаңтарында менің аудармада (18-20 бб.) көрсетілген орыстарға қарсы жері алынбастан басылыпты. Сондықтан аталмыш кітапшаны Сізге жіберіп отырып, автор мен баспаға тиісті шара қолдануыңызды өтінемін.

8 ақпан, 1908 ж. Н.Катанов». (Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6-том. Алматы: ҚазАқпарат, 2006, 67-68 бб.).

Өкінішке орай, бүгінгі күнге дейін XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде дінге, саяси көрқарастарға байланысты Санкт-Петербургтегі Баспа ісі жөніндегі Орталық комитеттің, Қазан баспа ісі бойынша Уақытша комитетінің қарауына түсіп, цензура елегінен өтпеген көптеген қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерінің кейінгі тағдыры беймәлім. Ол қолжазбалардың бар-жоғы туралы, егер сақталған жағдайда Ресейдің қай қаласындағы қорда жинақталған, шығармалардың атауы, көлемі т.б. деректер, зерттеулер кездеспейді. Еліміз тәуелсіздігін алған жиырма жылдың көлемінде арнайы көтерілмегенмен, бұл мәселе алдағы рухани-мәдени мұраларды жинауға арналған іс-шараларда ескерілуіне тиісті.

Кеңес кезеңінде де цензура ісі жалғасын тапқаны, оған қоса дін тақырыбы мүлде жойылғаны, коммунистік идеологияның салдарынан халық мұрасы таптық көзқараспен іріктеліп жиналғаны баршаға мәлім. Соның салдарынан «кедейлер» табына жататын ақын-жыраулардың, әнші-жыршылардың, би-шешендердің, сал-

серілердің шығармалары жоспарлы түрде іздестіріліп, «үстем тап» өкілдерінің туындыларына, реперуарларындағы фольклор мен ауыз әдебиеті үлгілеріне айырықша мән берілмеді. XX ғасырдың алғашқы бөлігінде Қазақ мәдениетінің қаймағы бұзыла қоймаған, төкпе ақындар мен көкірегі кен жыршылар, дәстүрлі жеткізушілер үзіле қоймаған кезеңде халық мұрасы жаппай хатқа түсіріліп, көне кітаптар мен қолжазбалар дер кезінде жиналып алмағандықтан, тоқсаныншы жылдары арнайы ұйымдастырылған экспедициялар сәтті аяқталды деп айту қиын.

Қазақ қолжазба қорларының олқылау болуының тағы бір басты себебі: әр қилы нәубеттерден қазақтың үштен бірінің көз жұмып, ұлт ретінде селдіреуі; халқымыздың ұзақ жылдар біржақты саяси-идеологияның қыспағына түсіп, біртұтас ұлттың бірнеше бөлікке ыдырап, шекаралас мемлекеттерге лажсыз қоныс аударуы және соның кесірінен олардың атамекенмен байланысының үзілуі; жаппай сауаттануға байланысты жазба мәдениеттің өркендеуі т.б. Осының бәрі дәстүрлі рухани-мәдени жалғастықты әлсіретіп, фольклордың халықтық сипаты үзілді. Оларды жеткізуші әлеуметтік типтердің қатары сиреп, ұлттың фольклорлық жады көмескі тартты.

Кенес кезеңінде халық мұрасын жариялау мәселелерінде де біржақтылық үрдіс белең алды. Зерттеушілер тарапынан төменгі таптың өкілі ретінде дәлелденген халық ақындарының шығармалары жиі-жиі басылым көріп, тегі қарапайым жұрттан шыққан батырлар, эпикалық кейіпкерлер туралы жыр-дастандар да қайта-қайта жарияланып отырды. Айтыс ақындарын да жікке бөліп, ел байлығын, ел басшыларының қызметін, жеке адамдардың дәулетін жырға қосқан қарсылас айтыскерге «рушыл», «байшыл», «дүниеқор» деген айдар тағып, оқырмандардың оларға деген жиіркеншілік пиғылын оятуға тырысты. Фольклор мен ауыз әдебиеті үлгілерінің барлық жанрлары дерлік осындай жүйемен іріктеліп, сүзгіден өтпегендері қорлардың сөрелерінде ұзақ жылдар жатып қалды.

Үш жүз жыл бойы бабаларымыз арман еткен тәуелсіздіктің күні туып, Қазақ елі оңаша отау тіккен кезден бастап рухани мұраларды еркін зерттеп, цензураның бақылауынсыз жариялауға мүмкіндік туды. «Қазақстандағы Халықтар бірлігі мен тарих жылына» (1998) орайластырылып ұйымдастырылған кешенді экспедиция барысын-

да жиналған материалдардың негізінде қоғамдық ғылымдарының фольклор, тіл, тарих, этнография, археология салалары бойынша жинақтар құрастырылып, іргелі зерттеу еңбектер жазылды.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының құрамында «Қолжазба және текстология» орталығы ашылып, қолжазба мәтіндерді жүйелеу, каталогтау, деректану және библиография, текстология және мәтіндерді жариялау бағыттары бойынша қызу жұмыстар атқарыла бастады. Алғаш қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерінің жанрлық сипаты, олардың ішкі жанрлық түрлері анықталды. Жүйеленген әр мәтін атауы, жинаушысы, авторы (жыршысы) бойынша жеке-жеке құжатталып, арнайы карташаларға түсірілді. Аудиотаспалар мен күйтабаққа түскен музыкалық, дыбыстық мұралар да осы ретпен жүйеге түсірілді. Сондай-ақ XIX-XX ғасырларда қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілері жарияланған жинақтар мен басылымдардың, зерттеу еңбектердің библиографиялық көрсеткіштері жарыққа шықты.

Әсіресе, ілгергі кезеңдерде тыйым салынған, болмаса жариялануға мүмкіндік болмаған түрлі жанрдағы рухани мұралардың ғылыми-көпшілікке арналған басылымдары алғаш баспа жүзінде оқырмандарға жол тартты. Атап айтқанда, 1993-2003 жылдар аралығында «Қазақ. Алаш. Сарыарқа: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш» (1993), «Ғашықтық дастандар» (1994), «Батырлық дастандар» (1995), «Дала уалаятының газеті: адам, қоғам, табиғат (1888-1902)» (1994), «Дала уалаятының газеті (1888-1902). Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш (1996), «Айқап» (1995); Орталық қызметкерлерінің атсалысуымен «Абылай хан» (1995), «Кенесары–Наурызбай» (1995), «Мақал-мәтелдер» (1996); «Шал ақын Құлекеұлы шығармашылығы» (1999), «Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдері» (2001), «Қазақтың мифтік әңгімелері» (2002), «Түркістан уалаятының газеті» (2003), «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» (Ертегілер. Т.7. (2003); Дастандар. Т.8. 2005) т.б. жинақтар басылым көрді.

Ел егемендігін алып, тәуелсіздік тұғыры беки түскен кейінгі 20 жылдың көлемінде ата-бабаларымыздан аманат болып қалған осынау бай мұраны бүкпесіз жарыққа шығарып, уақыт талабына сәйкес жас ұрпақтың санасына сіңіру мәселелері заман ағымымен, мемлекеттік маңызы бар бағдарламалық жобалардың

аясында қарқынды жүргізіліп келеді. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев арнайы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын бекітіп, 2005 жылы еліміздің зиялы қауымы өкілдерімен кездескенде: «...Осымен бірге алда тұрған міндеттеріміздің бірі – жинақталған мұраны түгелімен жарыққа шығарып, ғылыми тұрғыдан жаңадан зерттеп, жаңаша зерделеу. Мұндай мақсат – менің Жолдауым бойынша жасалған “Мәдени мұра” атты Мемлекеттік бағдарламаның басты бір нысанасы. Бағдарламада халқымыздың бүкіл рухани қажеттілігін атқарған фольклорлық мұрамызды ешқандай цензурасыз, өзгертпей, толық күйінде “Бабалар сөзі” атты сериямен 100 том етіп, жарыққа шығару көзделген. Осы игілікті басылымның алғашқы томдары, міне, жарыққа шығып отыр. Бұл томдарға, негізінен, Кеңес өкіметі кезінде жабық жатқан көптеген шығыс жұртына ортақ дастандар еніпті. Оларды оқыған қауым қазақ елі шығыс халықтарының талантты бір өкілі екеніне, олармен ежелден аралас-құралас болғанына, сауда-саттық, мәдени, әдеби байланыс жасағанына көзі жетеді. Бұл шығармалардың эстетикалық ләззатымен қатар берер тағылымы да мол», – деп, рухани мұраларды игерудің стратегиялық маңызына арнайы тоқталғаны қалың жұртшылықтың есінде.

Осы кешенді жобаның әдебиет саласының негізінде 2004-2011 жылдар аралығында «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясының 80 (сексен) томы жарық көрді. Қазақ кітаптарының жариялану тарихында фольклорлық мұраның дәл осындай кең ауқымда, мақсатты түрде жариялануы – еліміздің көркем мәдениетінің қарыштап өркендеуіне ерекше серпін берді. Себебі бүгінгі ұрпаққа жеткен қолжазба мұра ұлттық қазына екені даусыз. Сондықтан текстология ғылымының теориялық негіздеріне сай фольклор үлгілерінен жүз томдық ғылыми басылым дайындау – дүниежүзі бойынша теңдесі жоқ жоба болып табылады. Жаңа, тәуелсіз ұлттың рухани мұраларының жаратылысы мен өзіндік заңдылықтарын қазіргі күнгі талап деңгейінде қазақстандық руханияттың аясында көрсету кезек күттірмейтін мәселе және оның алдағы кезеңдерде толық орындалатынына сенім мол. Демек, «Қазақ Қолжазбаларының ғылыми сипаттамасын» баспаға әзірлеу жұмыстары да осы институттың ең басты бағыттарының бірі ретінде жалғасын таба берері сөзсіз.

Т.Әлбеков

Ш. 321 (ӘӨИ)

П.16; Б.31; Ж.20
20,5х17; 17,5х12**ابلاي حان (سابالاق)****Аталуы.** ابلاي حان (سابالاق) Абылай хан (Сабалақ).

Жинаушысы. Жақыпбаев Бозтай (1887-1970) – ауыз әдебиетін жинаушы, Қазақ КСР Тіл және әдебиет институтында ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген (1938-1950). 1930-жылдардан бастап түрлі экспедициялар құрамында Қазақстанның көп жерлерін аралап, ел аузынан бірқатар эпикалық мұраларды жазып алған. Жетісу жерінде Көдек, Мейірман, Тоқсанбай, Албан Асан т.б. ақындардың шығармаларын алғаш рет жазып алып, аталған институттың қорына тапсырған. Ол текстология мәселесіне де араласып, Абай шығармашылығына байланысты құнды пікірлер білдірді.

Экспедициясы. 1961 жылғы Павлодар экспедициясы.

Аннотациясы. Алтын Орда қарауында тұрған қазақ халқы түрік руларынан құралған еді. Кейіннен Алтын Орда ыдырап, ұлыстарға бөлініп кеткеннен соң Қазақ елі Арқаға қарай жалғасады. Сөйтіп, өз алдына жеке хандық құрып, үш жүздің баласының басы қосылады. Бертіннен Абылай хан болғанда, Көкшетауды қоныс қып үш жүздің басын қайта қосады. Ордасына әр рудан шыққан кілең батырлар мен билерді топтайды.

Жыршы Абылайдың ата-тегін тарата келіп, Әбілмәмбет ханға арнайы тоқталады. Ол билікке келгеннен кейін Уәли өкпелеп, Түркістанға қоныс аударады. Кейін Уәли Түркістандағы қырғыншылықта жау қолынан өледі. Әбілмансұр сол соғыстан аман шығып, Балқашты бетке алады. Жаяу айлық жол жүріп, арып-ашып Төле ауылына жетеді. Төленің малын бағып, “Сабалақ” деген атқа ие болады.

Төленің әйелі мұның тегін бала емес екенін жүріс-тұрыс мен іс-қимылынан танып, Төле биді құлақдар етеді. Сабалақ Төле бидің сынағынан сүрінбей өтіп, мал-жанын, билігін Сабалаққа өткізіп береді. Бір күні қой бағып жүргенде, қашқан жаудың соңынан

қуып бара жатқан Қанжығалы қарт Бөгенбайға жолығады. Ол Төле биге арнайы бұрылып, сәлемдесуге келе жатыр екен. Төле би Бөгенбайды жібермей, үш күн тынықтырады. Аттанарда Сабалақ батырдан өзін сапарға бірге алып кетуін өтінеді. Төле би мақұл көріп, Бөгенбайға қосып береді. Бұлар бірнеше күнде қашқан жауды қуып жетіп, қырғынға ұшыратады. Сабалақ Бөгенбайға олжа салады. Батыр астындағы Нарқызылын беріп, таза ұстап, жақсы баптауын тапсырады.

Үш жүздің отыз мың қолы Балқаш маңына жиналады. Ауыр қол Талқыдан асып, қалмақ бекінісіне таяйды. Қалмақтан Қарақасқа атты біреу шығып, жекпе-жекке шақырады. Жаныстың інісі Шахан қалмаққа қарсы жекеге шығады. Қалмақтың қаруы асып, Шахан шейіт болады. Енді қазақтан ешкім шыға қоймайды. Сол кезде Сабалақ суырылып шығып, көптен бата сұрайды, ел шуласып бата береді. Осы жекпе-жекте ол Уса Сереннің інісі мен қалмақтың тағы екі батырын жер жастандырады.

Соғыс ұзаққа созылады, қалмақ бекініске кіріп алып, алдырмайды. Соңында Сабалақ қолды өзі бастап, “Абылайлап” атой салады. Бекіністі талқандап, жеңіске жетеді. Жаудың қалған әскерін тұтқындап, дүние-мүлкін олжалап, Арқаға қайтады. Кейін хан елді жиып, Сабалақтан “Абылай” сөзінің мәнісін сұрайды. Сабалақ өзінің ата-тегін, басынан кешкенін түгел баяндайды. Ел сонда: “Қазақтың баласына кек әперген өзі хан, атағы Абылай болсын”, – десті. Сөйтіп, Абылай үш жүзге хан болған деседі.

Басқы сөзі (1-6.):

قازاق ده كه ن تورىكتىڭ روى دى،
قاراۋىندا التوردا تورىپ دى

Соңғы сөзі (31-6.):

مشبرئنه باعنبای جايلى تورعان،
قالماقتى سارارقادان تازالاعان

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1949 жылы жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты ақ парақпен тысталған.

Ақауы. Қолжазбаның 13-бетіндегі 13-жолға сия тамған, 11-29-беттерде сызылған жерлер бар.

2

Ш. 1125 (ӘӨИ)

П. 13; Б. 25; Ж. 23;
21x17; 18,5x11

Абылай хан (Сабалақ)

Аталуы. Абылай хан (Сабалақ).

Жинаушысы. Нұралыұлы Олжабай – жыршы, ақын. 1881 жылы Ақмола облысы, Ерейментау өңіріндегі Қоржынкөл маңындағы Шешен ауылында дүниеге келіп, 1935 жылы Қызылжар қаласында дүние салған. Әкесі Нұралы – Қанжығалы Бөгенбай батырдың ұрпағы, Саққұлақ бидің жеті ұлының бірі. 1876 жылы болған атақты Сағынайдың асында Құлагердің өліміне байланысты Ақан серінің сөзін сөйлегені үшін дұшпандары у беріп өлтірген деген сөз бар.

Аннотациясы. “Абылай хан (Сабалақ)” тарихи жырында Абылайдың тарих сахнасына шыққан кезеңі бейнеленген. Жырдың алғашқы бөлігінде түркі халықтарына билік жүргізген Береке хан, Әмір-Темір, Сұлтан Баязит, Тоқтамыс туралы қысқаша айтыла келіп, Абылайдың аталары қанішер Абылай, Көркем Уәли туралы да аздаған мәлімет беріледі.

Жырдың негізгі бөліміне Әбілмансұрдың “Сабалақ” атануы; Үйсін Төле биге жолығып, оның малшысы болуы; Төле бидің Сабалақты сынауы; Бөгенбай батырмен кездесуі, жоңғарлармен болған соғыста қалмақ батыры Шарышты өлтіруі; Ерлігімен ел көзіне түскен Сабалақтың “Абылай” атанып, хан тағына отыруы арқау болған.

Басқы сөзі (23-б.):

Қазақ елі ежелден байтақ еді,
Алтын Орда қарауында тұрып еді.

Соңғы сөзі (48-б.):

Кең мырзалық сол күні зор тасыған,
Сый тартқан үш жүздің баласына.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Мәтін жазылған беттер беттелмеген.

Қосымша белгілері. Жоқ.

Папкасы. 1125 (ӘӨИ).

Библиографиясы. “Арқа ажары” газетінің 1991 жылғы 24 сәуірдегі санында жарияланған.

Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 57-том: Тарихи жырлар / Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Дәуітұлы С., Әлібекұлы А. Жауапты шығарушы: Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2009.

3

Ш. 876 (ӘӨИ)

П. 7; Б.14; Ж. 20
20.5x16.8; 20x16

Абылай поэмасы

Аталуы. Абылай поэмасы.

Айтушысы. Ыдырышев Ғалым (1922-1996) – жыршы, ақын. 1922 Семей облысы (Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы), Шар ауданы, Белтерек совхозының аға шопаны болып жұмыс істеген.

Жинаушысы. Қорабаев Серікқазы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Абай және жаңа дәуір әдебиеті

бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. 1957 жылы Семей облысы, Жарма ауданы, Белтерек әкімшілік аумағында туған. Ауыз әдебиеті үлгілері мен қазақ ақындары (Ақтайлақ би, Сабырбай, Түбек және т.б.) шығармаларын жинап, институттың Қолжазба қорына тапсырған.

Аннотациясы. Хандық үшін өкпелеп ауып кеткен Уәлі шабындыда өледі. Жетім қалған жас бала Әбілмансұр ел іздеп, Төле ауылына келеді. Өзінің жетім қалып аты-жөнінің кім екенін білмейтіндігін айтады. Төле би оған “Сабалақ” деп ат қояды. Сабалақ ендігі жерде Төленің малын бағады. Жүріс-тұрысы, іс-әрекеті Төле биге ұнайды. Бір күні би бір жаққа асқа барып, қайтарында Сабалақты сынамақшы болып, бір бас алады. Жылқыға келсе, Сабалақ аяқ-қолын төрт жаққа жайып тастап ұйықтап жатқанын көріп, бала тегінде төрт тарапты билейді екен деп ойлайды. Бір күні малда отырса, екі баран, бір қызыл атты үш адамға жолығады. Сөйтсе, бұл Қанжығалы қарт Бөгенбай екен. Ол қашқан қалмақтың артынан қуып бара жатып, Төле биге сәлем бергелі келе жатқан. Кейін биден рұқсат алып, Сабалақ та батырмен бірге кетеді. Қалмақтарды қуып жетіп, Сабалақ екі түйені теңімен олжалап, Бөгенбайға сыйға тартады да, батырдан бата сұрайды. Бөгенбай батасын беріп, астындағы Нарқызылын Сабалаққа береді. Биге келіп, келер жылғы бүкіл қазақ бас қосқан жиынға Сабалақты жіберуін сұрайды. Ұрысқа аттанар мезгіл таянады. Сабалақ Нарқызылды мініп, қалың қолға келіп қосылады. Жекпе-жекте қалмақ жақтан Қасқа атты бір дәу шығып, қазақтың жеті батырын жер қаптырады. Оған қарсы шығуға ешкім батпайды. Осы кезде Сабалақ ханнан бата алып, “Абылайлап” әлгі дәуге қарсы шабады. Ақыры қалмақ батырын жеңіп, басын кесіп алып келеді. Қазақтар қалмақ ауылын шауып алады. Ұрыс аяқталған соң Әбілмәмбет Сабалақты шақыртып алып, жөн сұрайды. Сабалақ өзінің ата-тегін, мән-жайын хан алдында баяндайды. Хан жылап көрісіп: “Атаңның өкпелегені осы еді” деп, астындағы тағын береді. Сөйтіп Абылай хан атанып, үш жүздің басын қосқан хан болады.

Басқы сөзі (1-6.):

Қазақтың ұлы ханы – Абылай хан,
Пар келмес қаһарына мың менен сан.

Соңғы сөзі (14-б.):

Қуанып жұрты сойды Ақсарбасын,
Хан сойды өз қолымен ақ ботасын.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1978 жыл, қаңтар айы.

Беттелуі. Беттелмеген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталып, өңдеуден өткен.

4

Ш. 917/5

П.5; Б.1-9; Ж. 20
20.5x17; 18x8

ابلاي خاننڭ جاسنداغى تاريحى

Аталуы. ابلاي خاننڭ جاسنداغى تاريحى Абылай ханның жасындағы тарихы (1-б.).

Жинаушысы. القوّات قاينارباي (Қайнарбаев Әлқуат) (1898-1979) – халық ақыны, шежіреші, жинаушы. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында туған. Ұзақ жылдар жергілікті партия-кеңес орындарында қызмет істеген. 1934 жылдан бастап Қазақ КСР ҒА ауыз әдебиеті үлгілерін, Сыр бойынан шыққан Оңғар, Базар жырау, Ерімбет, Кете Жүсіп шығармаларын жинап, тапсырған. Ол тапсырған туындылардың бірсыпырасы “XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары” және “XX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары” атты жинақтарда, сондай-ақ “Айтыс” томдарында жарияланды.

Жырлаушысы. شادی جاڭگىرولى Жәңгірұлы Шәді төре (1855 – 1933) – белгілі кітаби ақын, халық мұраларын жинаушы. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының аумағында туған. Шаян медресесінде оқып жүргенде, шығыс сюжетіндегі кисса-

хикаяттармен танысып, өзі де оған еліктеп дастандар шығарады. Ташкент, Бұхара медреселерінде оқып, білімін толықтырды. Шәкірт кезінде Фирдауси, Жәми, Низами шығармаларымен, өзбектің, тәжіктің демократ ақындары Зауки, Фуркат, Дониш өлеңдерімен жете танысып, Орта Азияның қалаларын, қыстақтарын аралады. Майлықожа, Құлыншақ, Мәделі тәрізді ақындарды ұстаз тұтады. Билік иелері мен дін өкілдерін, шала молдаларды шенеген сықақ өлеңдері ел арасына кеңінен тараған. Жас кезінде айтыстарға да жиі қатысқан.

Аннотациясы. Абылай ата-анасынан жастай жетім қалады. Кейін Құдайдың жебеуімен Орта жүздегі Байтақ деген адамға бала болып сіңеді. Байтақ Абылайды қолына алған соң жанына ертіп жүріп оң мен солын танытып, толымды азамат етіп өсіреді. Абылайдың даңқын естіп Ұлы жүзден, Орта жүзден, Кіші жүзден белгілі билер мен батырлар келіп, баланы сынап, ел тізгінін қолына ұстатып, үш жүздің басын қосуға ұйтқы болады. Абылай қазақ халқына хан болған соң, қол бастап қара қалмақты ойсырата жеңіп, Алтай, Тарбағатай тауынан асырып қуады. Қалмақ ханы Уса Серен алдына келіп, екінші рет қазақ жерін ағтамауға уәде етеді, әрі өзінің қызын береді. Содан бастап қазақ жерінде тыныштық заман орнайды. Халық Абылайды “қайырлы хан болдың” деп, бір-бірімен дауласу, ренжісуді қойып бейбіт өмір сүреді. Абылай кейін үш жүзге үш баласын хан сайлап, 1834 жылдың жазында Ордада мәслихат ашып, орысқа қосылуға хат жолдайды. Сөйтіп, 1840 жылдан бастап қазақ-орыс бір уалаят болыпты.

Басқы сөзі (1-б.):

ابلاي تونپ اتادان،
تارييه كورمهى اتادان.

Соңғы сөзі (9-б.):

قوسئلئپ قازاق حالقى ورنسپئمن،
بولئپتى سودان بئرئ بئرگه والائت

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Қызылорда облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Бұл дәптерде Шәді төренің жеке шығармалары енгізілгендіктен, дәптерге қосымша парақтар жамалған.

5

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 6; Б. 10-15; Ж. 30
20x29,5; 9x25

Абылайдың қашып Түркістанға келген жері

Аталуы. Абылайдың қашып Түркістанға келген жері (10-б.).

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Белгісіз.

Экспедициясы. 1939 жылғы Торғай экспедициясы.

Аннотациясы. Түркістанды жау шапқанда, Абылай Оразқұл екеуі қашып шығып, Орта жүздегі Дәулетбайға бала болады. Абылай ержетіп қалмаққа қарсы жорыққа аттанбақ болады. Бірақ Дәулетбай Абылайға ат бермеген соң Ер Малайдан ат сұрап мініп, жауға бірге аттанады. Соғыста “Абылайлап” қамал бұзып, қазақ қолы жеңіске жетеді. Жәнібек әскерін жиып, баланы шақырып алады. Не үшін Абылайлап шапқанын, ата-тегінің кім екенін сұрайды. Абылай бастан өткенін баяндайды. Ел оны хан көтереді. Сөйтіп, Абылай кейіннен үш жүздің басын қосып, қуатты хан болады. Тоғыз қатын алып, отыз ұлды болады. Соның ішінде қалмақ қатынынан туған Қасым да ата жолын қуып, халыққа әділ хан болады.

Қасымнан төрт ұл болады. Олар: Кенесары, Құдайменде, Ержан, Наурызбай (Наурызбай басқа әйелінен туған). Қасым өлген соң Кенесары хан болып, халқын билейді. Кіші інісі Наурызбай көзсіз батыр болып өседі. Наурызбай бір күні шайханада отырып, қасындағы қырық жолдасына: – Естіп-көргендерің болса айтыңдар, күші менен асқан жан бар ма екен? – дейді. Сонда бір жігіт тұрып Үшбурылды баяндап береді. Наурызбай Кенесарыдан рұқсат алып, Үшбурылға аттанады. Қанышайымды алып қайтады.

Басқы сөзі (10-б.):

Орта жүз – Арғын, Қышпақ, Қоңырат, Найман,
Оңбайды әр уақытта сөзден тайған.

Соңғы сөзі (15-б.):

Наурызбай ағасына барды. Ағасы батасын берген соң,
Үшбұрылға аттанады. Қаншайымды алып қайтады.

Қолтаңбасы. Машинамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға қара сиямен кирилл әрпінде
машинаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1939 жылы Торғай облысында
жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан
орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Мәтін терілген парақтар түптеліп, жасыл
түсті қатты қағазбен қапталған.

Папкасы. 1338 (ОҒК), №16

6

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 24; Б.47; Ж. 19
21x17; 18x10

ابلاي كەنەسارى ناۋرۇزباي داستانى

Аталуы. ابلای كەنەسارى ناۋرۇزباي داستانى Абылай, Кенесары,
Наурызбай дастаны (1-б.).

Жыршысы. قازىۋلى قاسىمباي جانە جوماباي (Жұмабай және Қасымбай
Қазыұлы).

Жинаушысы. مىقانۇلى ئىسماغۇل Мықанұлы Ысмағұл. (Ол туралы
мәлімет кездеспеді).

Айтушысы. Соқырұлы Әпшеке. (Ол туралы мәлімет
кездеспеді).

Аннотациясы.

Абылай ханның әйелі, қалмақ ханы Ғалданның қызынан
– Қасымхан, одан Кенесары, Құдайменде, Ержан, Наурызбай

туған. Наурызбай ержетіп 16-17 жасқа келген соң өзіне жекелеп патыр тіктіріп, қасындағы қырық жігітімен сауық құрып жүрген күндердің бірінде, жігіттеріне: “Осы қуаты бізден асатын ер бар ма екен? Егер бар болса жалтармай маған айтыңдар”, – дейді. Сонда бір батыры тұрып: “Үшбурыл өзенінің ар жағындағы Тілеуқабақ деген бай бар. Оның Әлі, Мұса деген екі ұлы бар. Екеуі мың кісіге татырлық”, – дейді. Наурызбай бұл сөзді естіген соң, Кенесарының батасын алып, қырық жігітін жанына сайлап, сапарға аттанады. Бұлар неше күн жол жүріп, Үшбурыл өзенінен аман өтіп, Тілеуқабақ еліне жетеді. Түнделетіп келе жатса, ән салып отырған қызға кез болады. Наурызбай жігіттерін кейін тастап, өзі жалғыз барады. Барған жерден қызбен айтыса кетеді. Аман-саулық таныстық білдіреді. Сөйтсе, бұл қыз сол Тілеуқабақ байдың қызы болып шығады. Наурызбай да өзінің келген жайын тартынбастан айтып салады. Қыз жылқының жатқан жерін, өткелін айтып беріп, өзінің олжалас болатындығын айтады. Ер Науан мақұл болады да, қызбен қоштасып, жүре береді.

Жігіттеріне келіп жылқыға бет қояды. Қыз барып Әлі, Мұса екі ағасын оятып: “Ердің еріне кезіктіңдер, батырлықтарыңды енді сынаңдар. Кенесары інісі Наурызбай жылқыны айдап кетті”, – дейді. Әлі, Мұса бедеулеріне мініп, артынан қуады. Наурызбай қарауылға жеке қалады. Әлі, Мұса жетіп келіп Науанға найза салады. Ер Науан найзаларын қағып тастап, шыға береді. Біраз ұрыстан соң Әлі, Мұса жеңіліп, еліне қарай қашады. Ер Науан қуып жетіп екеуін екі ұрып, аттан құлатады. Қыз келіп, арашаға түседі. Науан жылқыны алдына салып кете береді. Енді еш жан жылқының соңынан қууға батылы бармайды. Сонымен, Қанышайым жылқының соңынан өзі қуады. Ертесі сәске болғанда жылқыны қуып жетеді. Наурызбаймен айтысып, өзінің олжалас екенін есіне түсіріп, сөзден жығып, жылқыны түгел қайтарып алады. Бірақ Науан қызды қалыңдық ететінін айтып, елге қайтады. Уәде бойынша күзге келуге серттеседі. Сөйтіп, Наурызбай мен Қанышайым осылай бас қосады. Қанышайым алты айдан соң дүние салады.

Басқы сөзі (1-6.):

ار عنندا قازاننا بوپ وتکمن قاز ئېهکتەي،
ئىسى باتر شىققان سەر مە مېت.

Соңғы сөзі (47-б.):

قايغندان شتهگكه ونيمیدی،
ولگمن قايتهپ کلممیدی.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1929 жылы 27 шілдеде Алматы облысы, Шоқпар ауданында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты ақ парақпен тысталған.

Ақауы. 1, 2, 4, 6, 22, 35, 36, 38-беттер шимайланған, 23-24-беттерде сурет салынған.

7

Ш. 643 (ӘӨИ)

Б. 15; Ж. 25
20x30; 8x22

Ағыбай батыр

Аталуы. Ағыбай батыр (1-б.).

Орындаушысы. Қармысов Сансызбай.

Жинаушысы. Қанағатов Телмұхамед (1919-1981) – әдебиеттанушы, халық мұраларын жинаушы. Қазақ КСР ҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері болып істеген (1960-1980).

Бекхожина Талиға (1919-1995) – музыкатанушы, қазақ фольклорының, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы, әнші. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын тәмамдап, ұзақ жылдар бойы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарды. Ол ауыз әдебиеті үлгілерінің ноталық жазбаларын жасау арқылы қазақ жырлары мен өлеңдері үлгілерінің, айтушылардың әуендеріне мәңгі өмір сыйлады.

Бекқожина “Қазақтың 200 әні” (1972), “Қазына” (1979), “Шәкәрім” (1989), “Даланың назды саздары” (1996) атты жинақтарды құрастырып, жарыққа шығарды.

Экспедициясы. 1964 жылғы Семей экспедициясы.

Аннотациясы. Ағыбай батыр Күншығыстағы бір елде жүйрік, аса тәуір жылқы бар дегенді естіп, қасына жеті жігіт ертіп сапарға аттанады. Бұлар біраз жол жүрген соң, бір адамды қарауыл қойып, дем алады. Қарауылда тұрған адам соларға қарай бір атты адамның келе жатқанын көріп, Ағыбайға хабар береді. Жігіт келіп батырларға сәлем береді де жүгенін басына қаңтарып, жеңін жастық қылып жата кетеді. Таң атқан соң асулы етті жейді де, атына мініп, ештеңе айтпастан кетіп қалады. Ағыбай жігітті қуып жетеді. Жігіт: “Хош келдің, әгекел!” – дейді де, екеуі үнсіз келе жатқанда, алдарынан қаша жөнелген бір құланды көреді. Екеуі құланды ұстап, асып жейді де, ұйықтап қалады. Ертеңіне бір өзенді жағалап келе жатса, қамыс арасынан бір жолбарыс шыға келіп, бұларға шаппақ болады. Сол кезде жас жігіт оны шоқпармен салып қалып, өлтіреді. Екеуі келе жатып жылқылы ауылға тап болады. Тігілген ақ ордаға кірсе, кезінде жігіттің өзіне қастық жасаған жиенінің үйі болып шығады. Жас жігіт жиенін өлтіріп, кегін алады. Көп жылқының ішінен Қызылауыз атты таңдап алып, еліне қайтады.

Басқы сөзі (1-б.):

Атақты ер Ағыбай шұбыртпалы,
Екеу ме сол күндегі ердің жаны.

Соңғы сөзі (15-б.):

Қимылда, қызыл тілім, келсе шамаң,
Тегінде ерлік қылған ата-бабаң.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына қара сиямен машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1964 жылы импровизатор ақын Қармысов Сансызбайдың орындауында ұнтаспаға жазылған. Ұнтаспадан қағазға түсірген – Талиға Бекхожина.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып өңдеуден өткен.

Библиографиясы. Ағыбай батыр //Бабалар сөзі. 63-том: Тарихи жырлар / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, Т.Әкімова, Г.Рахымбаева, Ж.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2010. – 23-34-беттер.

Папкасы. 643 (ӘӨИ), 16-дәптер.

8

Ш. 1296 (ОҒК)

Б. 1-14; Ж. 16
15x22; 10x18,5

ەر اغنباي

Аталуы. ەر اغنباي Ер Ағыбай (1-б.).

Жинаушысы. قاجنبك قانگار يامف (Қаңтарбаев Қажыбек. Ол туралы мәлімет кездеспеді).

Аннотациясы. Қалмақтармен болған бір соғыста Ағыбай батырдың інісі Көлебе батыр жау қолына түседі. Қалмақтың Қолаба атты батырының қарындасы Қаракөз Көлебеге ғашық болады. Қаракөз Көлебені тұтқыннан босатып, екеуі қашады. Ағыбай батыр қасындағы жігіттерімен қалмақтың қалың қолымен соғысады. Жекпе-жекте Көлебе батыр қаза болады. Ағыбай батыр бастаған қазақтың қалың қолы жауды жеңіп, Ағыбай батырдың даңқы бүкіл қазақ еліне тарайды. Ағыбай қолбасшы атанады. Көлбенің тетелес ағасы Таңбайға Қаракөзді қосады.

Жырда Ағыбайдың қалмақпен соғысып ерлік көрсетуі тарихи шындыққа сәйкес келмейді. Ағыбайдың нақтылы өмірде Ресей отаршыларына қарсы күрес жүргізгені белгілі. Бұл орайда жыршы тарихи шындықтан гөрі Ағыбайдың батырлығын дәріптеу үшін жыр мазмұнына “ежелгі жау” қалмақ оқиғаларын қосқан деп ойлаймыз.

Басқы сөзі (1-б.):

هەرتەدە بولغان مەكەن ەراغىباي،
ول كەزدە ەراولمايتى اغىبايداي.

Соңғы сөзі (14-б.):

ملننە سويىتىپ قايتىپ كەلدى اغىباي،
كۆپ قاينى بول جولنىدا كوردى اغىباي.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1938 жылы Қазақстан зерттеу қоғамына түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, өңдеуден өткен.

Библиографиясы. Ер Ағыбай //Бабалар сөзі. 63-том: Тарихи жырлар / Томды құрастырып, жазғандар: Қ.Алпысбаева, Т.Әкімова, Г.Рахымбаева, Ж.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2010. – 51-58-беттер.

Папкасы. 1296 (ОҒК), 1-дәптер.

Ағыбай батыр

Аталуы. Ағыбай батыр (5-б.).

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Уахатов Бекмұрат (1932-1984) – әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы. 1958-1984 жылдары ҚазКСР ҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, қолжазба және

текстология бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеді. Қазақ фольклортануының өзекті мәселеріне арналған ғылыми еңбектері жарық көрген.

Экспедициясы. 1958 жылғы Шығыс Қазақстан экспедициясы.

Аннотациясы. “Ағыбай батыр” жырының бұл нұсқасы мазмұн жағынан Қ.Қаңтарбаев жинаған туындыға көбірек ұқсас болып келеді. Аталған нұсқалардың екеуінде де “Ағыбай батыр” жырының сюжеттік желісі түгел сақталған. Жырдағы кейіпкерлер бейнесі, жер-су атаулары бірдей болып келеді. Көптеген өлең шумақтары қайталанып келетін тұстары да бар. Екі мәтін қаншалықты ұқсас болғанымен, кейбір айырмашылықтары да бар. Олар: шығарманың көлемі әр түрлі болып келеді. Қ.Қаңтарбаев нұсқасында жыр Ағыбайдың Қаракөзді Көлебенің тетелес ағасы Таңбайға қосуымен аяқталады.

Басқы сөзі (5-б.):

Жас қойшы тындап отыр қасымдағы,
Тымағын қолына ұстап басындағы.

Соңғы сөзі (10-б.):

Кешікпей көп нөкері тағы жетті,
Басынан Қалабаның дәурен өтті.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көз дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, өңделген.

Ақауы. Қолжазба тозған. Кейбір өлең жолдары өшіп қалған.

Папкасы. 145 (ӘӨИ), 1-дәптер.

Библиографиясы. Ағыбай батыр //Бабалар сөзі. 63-том: Тарихи жырлар / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, Т.Әкімова, Г.Рахымбаева, Ж.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2010. – 9-23-беттер.

Ш. 359 (ОҒК)

П. 6; Б. 12; Ж.19

22x30,5; 20x30

ادايدينڭ وتەتلىمىۋ باتىرى تۇرالى

Аталуы. Адайдың Өтетілеу батыры туралы. *Адай Өтетілеу қолға түскенде оның жолдасы Құдабай ақынның және Өтетілеудің әйелінің айтқан жыры.*

Жинаушысы. سۇندەتقالىف قازەن (Сүндетқалиев Қазез. Ол туралы мәлімет кездеспеді).

Аннотациясы. Бұрынғы өткен заманда қыл таңбалы Адай деген ел болады. Сол Адайда Жабағы деген бай өмір сүреді. Байдың Өтетілеу деген жалғыз ұлы, Айжан, Күнжан деген екі қызы болады. Адай жеріндегі байлыққа қызыққан орыстар бес жүз әскерімен келіп, елді жауламақ болады. Бұл хабарды айта келген Дауымшар деген жылқышы мен Өтетілеуді кемерде жатқан көп қалмақ ұстап алады. Соңынан құрдасы Құдабай іздеп барады. Сонда тұтқында жатқан Өтетілеу Құдабайдан туған елі мен құрдастарына сәлем айтады. Өтетілеудің сәлемін естіген әйелі Ақжәудір Құдабайдан күйеуін құтқарып келуін өтінеді. Жыр аяқталмай қалған. Қолжазбаның аяғында: Жалғасын “Үдеров Өтеген деген адам біледі” деп жазылған.

Басқы сөзі (2-б.):

بۇرنى وتكەن زاماندا ارچاقتا قىل تاڭبالى اداي ده گه ن ه ل بولبتى.

Соңғы сөзі (12-б.):

اينالايين قورداسجان، قاتنىدا بولسام باراين،
قارۇنگىدى ماعان به ر.

Қағазы, әрпі-сиясы. Ақ қағазға қарындашпен араб әрпінде жазылған. Тырнақшалар көк сиямен белгіленген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылы жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Басталған қара сөз әр бетке бір жолдан, ал өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, ақ қағазбен қапталып, сырты көкшіл түсті қатты қағазбен тысталған.

Папкасы. 359 (ОҒК). “Адайдың Өтетілеу батыр туралы”.

Ақауы. Парақтың шеттері ескірген, 6-беттің сол жақ бұрышы жыртылған.

11

Ш. 765 (ОҒК)

П. 2-15; Ж. 22

16x20; 15x18

ايدوس باتئر

Аталуы. ايدوس باتئر Айдос батыр (1-бет.).

Жыршысы. ايدار يەك جومادئل (Айдарбекұлы Жұмаділ. Ақтөбе облысының тұрғыны. Одан басқа мәлімет кездеспеді).

Аннотациясы. Қазақ елінің жылқыларын кәпір алып кетеді. “Жылқыны кәпір алып кетті” деген хабар ел арасына тез жайылады. Барын хан: “Барлық халық тез жиылсын!” деген бұйрық береді. Халық түгел жиналады. Жиналғандардың ішінде жиырма жасар Айдос атты батыр болады. Ол біреудің жалғыз баласы екен. Айдостың Тоты деген әйелі өліп, балдызы Қарашашқа үйленеді. Қарашаш түс көріп, Айдосқа қауіп-қатер төніп тұрғанын сезеді. “Айдос бұл сапарға бармасын”, – деп бір жігіт арқылы хабар жібереді. Айдос жігіттің сөзін тыңдамай, жорыққа аттанады. Соңынан Қарашаштың өзі қуып барады. Бұған да көнбеген Айдос Кертөбел атын мініп, қолды бастап жауға аттанады. Кәпірдің қалың қолын шауып, айғай-сүрен салады. Айдостың айқайлаған даусы күншілік жерге жетеді. Кәпірлердің қалың қолын қырып салады. Қалғандары жан сауғалап қаша бастайды. Бүкіл малды айдап еліне келе жатып, Қарашаштың сөзін есіне алып: “Қарашаштың түсі бекер болды, мені ұятқа қалдыра жаздады”, – деген оймен келе жатқанда, жасырынып қалған жау мергені батырды атып салады. Атқан оқ Айдостың кеудесінен өтіп кетеді. Айдос жарасына қарамастан,

мергеннің басын алады. Қансыраған батыр жолдастарымен қоштасып, Барын ханнан Қарашашқа сәлем айтады. Айдос сол жерде қаза болады. Барын хан: “Айдостың қазасын естірткен жан Қарашашты алсын”, – деп жарлық шығарады. “Қаралы жесір атанғанша, өлейін”, – деп, сұлу да өледі.

Басқы сөзі (2-б.):

جورمگنمز بئردە كۆلنپ، بئردە جنلاپ،
سوز ەستىنپ تىگدايتوغن ەكى قولاق.

Соңғы сөзі (27-б.):

ايدوستىڭ قاراشاشپەن بولغان جەرى،
قاونىداي قازانداغى سولغان جەرى.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге кара сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары 11-бетке дейін екі жолдан, 12-беттен бастап бір жолдан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

Ақауы. Қолжазба тозған, парақтары бөлек-бөлек, жазуларының көп жері өшіп қалған.

Папкасы. 765 (ОҒК), 3-дәптер.

Библиографиясы. Айдос батыр //Бабалар сөзі. 63-том. / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, Т.Әкімова, Г.Рахымбаева, Ж.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2010. – 337-368-беттер.

Ш. 1281 (ОҒК)

Б.2-16; Ж. 18

16x20; 15x16

Айдос батыр**Аталуы.** Айдос батыр (2-б.).**Жинаушысы.** Бекниязов Кабай – ақын, жинаушы. Ақтөбе облысы, Жұрын ауданы, Қара-кемер ауылында туып-өскен.**Аннотациясы.** Мазмұны Айдарбеков Жұмаділ жырлаған нұсқаға ұқсас. Сол жырдың қысқартылған үлгісі деуге болады.**Басқы сөзі (2-б.):**

Ерте заманда қазақ елінің көшіп-қонып жүрген кезінде қазақ пен қалмақ жау болған.

Соңғы сөзі (16-б.):

Өзі өз атын мініп, үшеуі қашыпты.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көз дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** Ақтөбе облысы, Жұрын ауданында жазылған.**Қорға түскен жылы.** 1952 жыл.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін көбіне қарасөзбен жазылған.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.**Папкасы.** 1281 (ОҒК), 2-дәп.

Ш. 896 (ӘӨИ)

П.98; Б.197; Ж.34

28,7x20; 27x11

Алаңқай батыр**Аталуы.** Алаңқай батыр.**Айтушысы.** Қалбаев Өмірзақ (1926-2008) – ақын, жыршы,

шежіреші. Қарақалпақ АКСР-і, Шоманай ауданы, Шоманай ауылсоветінде туып-өскен. Ауылдық жерлерде шаруашылық қызметтерін істеген. Жасынан өлең, жырға құмары болып, ағасы Сабырға, әкесі Қалбайға еліктеп өседі. Әкесі қисса жинап таратқан ескіше сауатты адам болады. Ө.Қалбаев ағасы Сабырдан естіген Алаңқай батырға байланысты ертегі-аңызды жырға айналдырады. Ол сондай-ақ шежіре, тарихи сарынындағы өлең-жырлар шығарған.

Жинаушысы. Сыдиықұлы Қабиболла – әдебиет тарихын зерттеуші ғалым, ауыз әдебиеті үлгілері мен халық күйлерін, әндерін жинаушы. Атырау облысы, Жылой ауданы, Қарақұм ауылында туған. 1955 жылы Атырау пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін, 1960 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. 1959-1985 жылдар аралығында Атырау, Орал, Түркменстан, Қарақалпақстан фольклорлық экспедицияларына жетекшілік етіп, ақын-жыраулар мұрасын, халық әндерін, домбыра күйлерін, шежірелер мен тарихи деректер жинады.

Шафиғи Максұт Әминұлы – көне қолжазбалар маманы, ауыз әдебиетін жинаушы және зерттеуші. Пекиннің халықаралық қатынастар университетінің араб тілі факультетін бітірген.

Экспедициясы. 1986 жылғы Тәжікстан, Өзбекстан экспедициясы.

Аннотациясы. Еділ патша заманында Еділ-Жайық бойын жайлаған қыпшақ-қайсақ елінде Молақсай деген жыраудың Алаңқай атты жалғыз ұлы болады. Бір күні Алаңқай әкесінен нағашысына барып қайтуға рұқсат алады. Әкесі жолда Байғұтты досына сәлем бере кетуін сұрайды.

Алаңқай әкесінің досы Байғұттының аулына келіп, біраз күн қонақ болады. Байғұттының қызы Ақтұйғынды кезінде Алаңқайға атастырған екен. Екі жас бірін-бірі ұнатады. Нағашысы Құлансер батырдың аулында бір ай қонақ болған Алаңқай қайтарында Байғұттының ауылына соғып, Ақтұйғын екеуі жарасады. Еліне қайтып келе жатқанда, Еділ патшаның шабарманы Алаңқайды ұстап алып, зынданға тастайды. Молақсай баласын іздеп жолға шығады.

Алаңқай Байғұтты аулына қонып шыққаннан кейін Ақтұйғынның бойына бала бітеді. Байғұттының кемпірі қызының жүктілігіне намыстанып, баланы түсірмек оймен қызына әртүрлі

дәрілік шөптерді ішкізеді. Бірақ бала түспейді. Айы-күні толғанда, Ақтұйғын арыстай ұл туады.

Нұсқасы. Нұсқа толық, қара сөзі аралас 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (1-б.):

Ертеде Еділ патшаның заманында...

Соңғы сөзі (197-б.):

Осымен жұртым ырза бол,
Тыңдаған жырды ізетпен.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың жол дәптерге қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Айтушынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. 1982 жылы желтоқсан айында Қарақалпақстан АКСР-ы, Хожелі ауданы, Ленинабад кеңшарында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Дәптер ақ ватман қағазбен тысталып, өңдеуден өткен.

Папкасы. 896 (ӨӨИ), 2-кітап. Алаңқай батыр. Батырлық ертегі-хикая.

Библиографиясы. Алаңқай батыр. – Алматы, 1996.

14

Ш. 1140 (ОФК)

П. 6; Б. 6; Ж. 40
16,5x20; 15x17

Асқар батыр

اسقار باتر

Аталуы. اسقار باتر Асқар батыр (1-б.).

Жинаушысы. احمەتولى مۇستەجەپ (Ахметұлы Мүстежеп) – Тілеумағамбет шайырдың баласы, әкесінің өлең-жырларын және ел аузындағы ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы.

Авторы. دارىنباي جىراۋ (Дәрібай жырау. Ол туралы мәлімет кездеспеді).

Аннотациясы.

1920-1924 жылдары Кеңес үкіметі жаңа құрылған кез еді. Жергілікті бандылар кеңестің мазасын кетіреді. Осы кезде кеңесті жақтаушы Асқар батыр оларға қарсы күресті ұйымдастырады. Қарақалпақ жерін ақбандылардан тазарту жолында ерлікпен қаза табады. Жыр Асқардың осы ерлігіне арнап шығарылған жоқтау жыры сияқты. Дастан 7-8 буынды терме сипатты, бөлімге, тарауға бөлінген. Оқиға Арал теңізі бойын мекендеген қарақалпақ қазақтары арасында кеңінен тараған. Жырдың бірнеше нұсқасы еліміздің сирек қорларында сақталған.

Басқы сөзі (1-б.):

وسى سوزدى باستاين،
قولما قلام ؤستاين.

Соңғы сөзі (6-б.):

اسقار سىندى باتردىڭ،
قەيساسى تامام بولعاندى.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Сары қағазға қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1931 жылы Қарақалпақстанда жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қайта көшіріліп, өңдеуден өткен.

Папкасы. 1140, 4-дәп.

П. 1089/7 (ӘӨИ)

Б. 24; Ж. 26

28,3x19,6; 7,2x12,2

Асқар батыр**Аталуы.** Асқар батыр.**Авторы.** Аманжолов Тілеумағамбет (т.ж.б. – 1935) – ақын, жырышы. Қолжазбадағы және ел аузындағы лақап аты – Кубала.

Т.Аманжолов шыққан тегі, Кіші жүз ішінде табын руынан. 1905 жылы адай елінің Сам деген жерінде, 1913 жылы Ойыл өзені бойында, 1918 жылы Үстірт шыңында, 1919 жылы Қарақалпақ АКСР-ы, Қоңырат қаласының төңірегінде тұрмыс кешіп, 1920-1924 жылдары баспашыларға қарсы күрескерлердің ерлігі (Асқар, Ермағамбет, Марқабай т.б.) туралы дастандар шығарған. 1923-1925 жылдары Қарақалпақ АКСР-ның Төрткіл облыстық газетінде әдеби қызметкер болып істейді. Осы кезде оның өлең-жырларын Жаксылық, Дайрабай сияқты жыраулар жаттап алып, ел арасына таратқан. Ол өмірінің соңғы жылдарына дейін тынбай қызмет істеп, Қоңырат қаласында қайтыс болған. Ақынның Қазан төңкерісінен бұрын шығарған көлемді шығармасы – “Барақ батыр” жыры.

Айтушысы. Қылышұлы Қартбай – белгілі жырау, Қарақалпақ АКСР-ы, Қоңырат қаласының тұрғыны.**Жинаушысы.** Қ.Саттаров, Ж.Әбдрахманова.**Экспедициясы.** 1984 жылғы “Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау” экспедициясы.**Аннотациясы.** Жырда қалың қолды бастаған Асқардың сыртқы жауға қарсы соғысы сипатталады. Халықты зар жылатқан баспашыларға қарсы соғыста Асқар батыр Оразбай, Қыдыр т.б. батырлармен бірігіп, халықтың жерін, мал-мүлкін өзіне қайтарып береді. Баспашылар қайта шапқанда, Асқар батыр қызыл әскердің көмегімен елді азат ету жолында жауды жалғыз қуып, оғы таусылған батыр жау қолынан мерт болады.**Басқы сөзі (2-б.):**

Әуелі сөзім бастайын,

Жалған сөзді қоспайын...

Соңғы сөзі (24-б.):

...Бандитты қуған ерді өлең етіп,
Осымен тамам етіп сөздің артын.

Қолтанбасы. Жинаушының қолы.

Қашан, қайда жазылғаны. 1988 жылы мамыр айында Қарақалпақ АКСР-ы Қоңырат ауданы, Тасбөгет ауылында жазылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін көк түсті сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Беттердің нөмірленуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Ақауы. Қолжазбаның сыртқы беттері түсіп қалған.

16

Ш. 777 (ОҒК)

Б. 22 ; Ж. 20

17x21,5 ; 8,5x20,5

Асқар – Қыдыр поэмасы

Аталуы. Асқар – Қыдыр поэмасы.

Авторы. Тоқал қу. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді.

Жинаушысы. Бақанов (Аты-жөні толық көрсетілмеген).

Аннотациясы. Қазан төңкерісі жеңіске жетіп, халық теңдік алып, азат күй кешті. Бірақ сол кезде үкіметке бағынғысы келмей, бұрынғысын көксеген Түрікпеннің ханжөнейт-жәуміт деген рулары бар еді. Бұлардың алдарындағы негізгі максаты ел талаушылық болған. Олар көршілес көшпелі халықтардың мал-мүлкін тартып алып, білгенін істейді. Осы Ханжөнейт-Жәуміттерге қарсы Табын Асқар батыр мен Табын-көрік Қыдыр деген батыр шығады. Жәуміттерге қарсы қиян-кескі шайқаста алдымен Қыдыр батыр қаза тауып, жау арасында жолдасынан айрылған Асқар жалғыз қалады. Үкімет әскерлерімен қосылып бір талай жәумітті бағындырады. Қалғандары қашып кетеді. Кейін қашқандары жиылып, қайта шабады. Қалың Жәуміттің ортасында қалған Асқар

батыр амалдап қашып шығады. Жау соңынан қалмай қуалап, батырды ақыры қапыда қалдырады.

Басқы сөзі (3-б.):

Мен бір сөзді бастайын,
Бір Алла деп қолыма...

Соғы сөзі (32-б.):

...Тамам болды бұл жерде,
Асқардың шейіт болғаны.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Қолжазба тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1931 жылы жазылған белгісіз қолжазбадан 1941 жылы 20 сәуірде қайта көшірілген.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталып, дәптер ақ жіпшен тігілген.

Папкасы. 777 (ОҒК). Асқар-Қыдыр поэмасы.

17

Ш. 548 (ОҒК)

Б. 159; Ж. 24

30x20; 24x10

Ali batyr

Аталуы. Ali batyr (Әли батыр) (1-б.).

Жыршысы. Azirbaev Kenen. (Әзірбаев Кенен) (1884-1976) қазіргі Жамбыл облысы Қордай ауданында туып, сол жерде дүниеден өтеді. Ол – қазақтың халық ақыны, әнші, халық композиторы. Кенен халықтың сал-серілік, айтыс мұрасын XX ғасырдың 70-жылына дейін жалғастырды. “Бозторғай”, “Көкшолақ”, “Қайран елім”, “Бұлбұл” әндерін, “Әли батыр”, “Қырғызбай” жырларын

шығарған. 150 ән шығарып, өлеңін жазды. “Біз жеңеміз”, “Төрт батыр”, “Майданға сәлем” атты өлеңдері бар. Кененнің жасампаздығы туралы А.Қ.Жұбанов, Б.Г.Ерзакович т.б. зерттеушілер жазды.

Аннотациясы. “Әли батыр” жырының тақырыбы 1916 жылы Ресей патшалық үкіметі қазақ пен қырғыздан әскер алу бұйрығына қарсы Әли мен Қанат басқарған көтерілісіне арналған. Онда ұлттық қарама-қайшылық, руаралық алауыздық әшкереленген. Жырдағы шиеленіс сол кездегі орыс отаршылдығы мен отар халықтың балаларын қантөгіс қырғын соғысқа бермеу үшін болған тартысқа құрылып, шығармада 1916 жылғы патша бұйрығын үкімет сайлаған сұлтан, старшын, болыстар қолдап құрылтай ашып, патша билігіне көмек көрсетсе, Әли батыр халықты ұйымдастырып 500 атты жасақ құрып, ашық қарулы күреске шығады. Алғаш 30 солдатты, екінші рет 300 солдатпен соғысып жеңіске жетеді. Бірақ патшаның әскери тәрбие көрген, ауыр соғыс қарулармен қаруланған 1000 солдатына шоқпар, сойылмен төтеп беру мүмкін емес еді. Өзі кедей халық ішіп-жем, азық-түлік қиыншылығынан жеңіледі.

Әли батыр Қырғызбай, Әлқожа қатарлы 40 адамды ертіп, қырғыз еліндегі Қанат батыр бастаған қарулы көтеріліске барып қосылады. Бұлар да патша әскерінің көптігінен жеңіліп, 10 жауынгерінен айрылып, 30 сарбазбен Жетісуға қайтып келеді. Әли Қырғызбайды қалған елдің хал-жағдайын біліп келуге жібереді. Халықты қарулы күшімен жеңген патша жендеттері Әлидің ағасын түрмеге салып, баласын құл, әйелін күң етіп Құрман сұлтанға береді, Әлиді кім ұстаса, сол адамға сыйлық ақша беріледі деп жария етілгенін білген Әли өзі барып тұтқын түседі. Алматы түрмесінде жатқанда, патша үкіметі құлап, бостандыққа шығады.

Басқы сөзі (1-б.):

Bir kuni aq patcadan keldi jarlыq,
Jatqan kez Germanmenen qызы qan qыр.

Соңғы сөзі (159-б.):

Jinalыр eli-jurты topыraq saldы,
... jagasyна kumbez sogыр.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін латын әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Қолжазба 1934 жылы Жетісу облысында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен қапталып, көк папкаға салынған.

Ақауы. 52, 56, 80, 116, 118-беттерде әріптер анық түспеген. Қолмен қайта түзетілген.

Папкасы. 548 (ОФК), №4. “Әли батыр”.

18

Ш. 423/3 (ОФК)

Б. 16; П. 8; Ж. 840
20x29,1; 16,8x28,8

Әмет батыр туралы жыр

Аталуы. Әмет батыр туралы жыр (2-б.).

Айтушы. Сеңгірбайұлы Мұрын, шын аты – Тілеген, лақап аты – Мұрын жырау. Мұрын жырау (1860-1952) – қазақтың көрнекті ақыны, қазақ халқының көне әдеби мұраларын біздің дәуірімізге дейін жырлап жеткізген атақты жыршы. Атырау облысы Маңғыстау ауданына қарасты Қоңырорпа деген жерде туып-өскен. Кіші жүз, Байұлы ішінде Адай руының өкілі.

Мұрын жырау 1942 жылы КСРО ҒА-ның Қазақстандағы филиалының шақыруымен Алматыға келіп, “Қырымның қырық батыры” атты жырдан 36 батыр туралы жыр жаздыртады. Оларды жыраудың айтуы бойынша ақын Мәриям Хакімжанова жазып алса, 1947 жылы Институтқа батырлар жырының қалған төртеуін өзі жібереді.

Жинаушысы. Ұйықбаев Иманбек 1922 жылы туған. Қазақ КСР ҒА Тіл білімі институтында аға ғылыми қызметкер болып істеген. Ол көптеген экспедицияларға (Батыс Қазақстан экспедициясы, Гурьев экспедициясы) қатысып, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда көп еңбек сіңірген. Иманбек “Тайсойған, Бүйрек, екі

кұм”, “Ер Қармыс” (дастан), “Тоғыз ауыл”, “Нұрым мен Жаскілең айтысы”, “Нұрым мен Қашаған” және “Нұрымның Шеген би өлгендегі жоқтауы” т.б. көптеген халық әдебиеті үлгілерін жинап, ӘӨИ-дің қолжазба қорына тапсырған.

Экспедициясы. 1948 жылғы Маңғыстау экспедициясы.

Аннотациясы. “Әмет батыр” жыры – Мұрын жырау жырлаған “Қырымның қырық батыры” циклінің төртінші топтамасына, яғни, жеке батырлар тобына жатады.

Қысқаша мазмұны: Әмет батыр ағасы Алау сияқты батыр болады. Қарақобда бойының Елекке құйған жерінде ағалы-інілі оншақты үй болып, қоныстанып отырады. Мұнымен бірге басқа қара ноғайдың да елі отырады. Бір күні Әмет батыр атақ шығарғысы келеді. Ағасы Алау батырмен қоштасып, жорыққа аттанады. Шешесінің жібергісі келмесе де, батырдың алған бетінен қайтпасын білген соң, батасын береді. Әмет батыр қалмақтарды жеңіп, оларды мұсыман дініне кіргізіп, еліне олжалы болып оралады.

Басқы сөзі (2-6.):

Әмет батыр ағасы Алаудың орнын қуып батыр болады.

Соңғы сөзі (8-6.):

...Қалмақты бұл жерден кетіріп, мұсылман дінге көндіріп алып, мал, дүние-мүлкімен қайтады, өзінің отырған жеріне шұбыртып алып кетеді.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына күлгін сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Сырты ақ жұқа қағазбен тысталып өңдеуден өткен.

Ақауы. Қағазы тозып, сарғайған. 4, 5, 6-беттер шимайланып, кейбір сөздер оқылмайды. Қолжазба жөндеуді талап етеді.

Библиографиясы. Батырлар жыры. 6-том. – Алматы, 1990; Қырымның қырық батыры. Алматы, 2005; Бабалар сөзі: Жүз томдық. 51-том. Батырлар жыры. / Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Алпысбаева Қ. Қосан С., Сәкенов С., Тастанов Қ. – Астана: Фолиант, 2008.

Ш. 360 (ОФК)

Б. 1-79; Ж. 20
17x20; 8,6x18,7**Auez batyr****Аталуы.** Auez batyr Әуез батыр (1-б.).**Жыршысы.** Baitabylov Aisa (Байтабынов Айса) (1875-1955)

– ақын, жырау. Ақтөбе облысының Қобда ауданында туған. Айсаның әкесі Байтабын өмір бойы Сейсенбі Тасбаев деген байдың жылқышысы болған. Айсаның ақындық өнері 18 жастан басталады. Ол “домбырашы, әнші жігіт” атанып, ауыл-үй арасында өткізілетін ойын-сауықтарда өлеңді өз жанынан суырып салып айтатын болады. Ақындық өнерді Бетеген, Нұрпейіс жыраулардан үйренген. Айса батырлық жырды көп білген, көп жырлаған. Оның репертуарында “Қобыланды”, “Ер Сайын”, “Көрұғлы”, “Әуез батыр”, “Телағыс” т.б. белгілі жырлар болған. Айсадан жазылып алынған осы шығармалар ОФК-ның сирек қорында сақтаулы.

Аннотациясы. Әуез бала кезінде киерге киімі, ішкерге асы жоқ, ешкі баққан бала еді. Әуез тоқсан үйлі тобырдың, сексен үйлі жебірдің қайыршылық жағдайына қатты күйініп, осылардың аузын асқа, астын атқа жарытсам деп қамығатын. Әуез бір күні осы бес ешкіні жайып жүріп: “Кедейді қайтіп бай етуге болады, мен керісінше, Қарасай, Қобыланды батырлар сияқты батырлық істейін” деп 12 қабат Темірханның сарайына барады. Темірханның Қамбар деген қызын алмақ болады. Қыз сарайы жеті қабат қоршауда тұрады. Әуезді кіргізбеген соң қорғанды сүзіп құлатады. Жасауылдарын құмырсқа құрлы көрмей ысырып қойып, Қамбар ханшаның ұйықтап жатқан сарайына кіреді. Ханша алғашында мұндай содырлығына ашуланса да, Әуездің адамгершілік ақыл-айласы мен алып тұлғасын, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты батыр екенін танып, есі кетіп ғашық болады. Әуездің хан сарайын сүзіп құлатып Қамбар ханша қасында болуы халық арасына аңыз боп тарайды. Қамбар қызға бұрын да сырттай ғашық болған жеті батыр бар еді. Олар естіп: “Кешегі ешкі баққан жетім тазшаға Қамбарды тірі тұрып бермейміз”, – деп, солардың бірі Әділ батыр Әуезді жекпе-жекке шақырады. Әуез батыр Әділді

кішкентай қуыршақтай сирағынан ұстап үйіріп-үйіріп патша сарайының сыртына лақтырып жібереді. Мұны көрген хан Әуезді сарайына шақырады. Әуез бармайды. Ақыры Қамбар барып Әуезді ертіп келіп, оған ғашық екенін айтады. Темірханның өзіне де осындай жауға қарсы қоятын бір ер керек еді, қызының талабына қосылады. Сонымен Қамбар ханшаны алып, хан күйеуі, батыры болып мұратқа жетеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Tengelik sudъn boıynda,
Toqsan yili tobyr bar.

Соңғы сөзі (78-б.):

Eskilikti söz osylai keledi,
Auezden qalğan jыr edi.

Қағазы, әріп-сиясы. Қолжазба тор көзді дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылы Ақтөбе облысының Қобда ауданында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталып, қалың көк қатты мұқабаға салынған.

Папкасы. Ш. 360 (ОҒК), №1.

Нұсқасы. Жырдың бұдан басқа аңыз, ертегі түріндегі үлгілері кездеседі. Екеуінің де авторы – Айса ақын.

20

Ш. 672 (ОҒК)

П. 58; Б. 58; Ж. 42
21x30; 10x25

اؤمزهان باتئر

Аталуы. اؤمزهان باتئر Әуезхан батыр қиссасы (1-б.).

Жыршысы. حاسن بن ميربابا (Хасан бин Мирбаба) – баспагер, жинаушы. 1880 жылдың шамасында Қызылжар (Петропавловск)

қаласында тұрғаны белгілі болмаса, ол туралы өзге мәліметтер кездеспейді. Хасан қазақтар арасынан өзі жазып алған “Хикаят Көрұғлы сұлтан” дастанын 1885 жылы Қазан қаласында жеке кітап етіп бастырды. Кейін бұл кітап 1890, 1895, 1902, 1906, 1909, 1911, 1915, 1916 жылдары қайта басылып, сол тұстағы қазақ халқының рухани өміріне ерекше әсерін тигізді.

Аударушысы. سزندقوز جاقان (Сыздыков Жақан. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Бір күні Көрұғлы әйелдері – Ақжүніс пері, Мысқал пері, Гүлнар періден “мен өлсем не деп жоқтар едіңдер?” деп сұрапты. Олар Көрұғлының ел қорғау үшін соғыстағы ерлігін, қажырлы қаһармандығын, айта келіп, “өкінерлігі – өзіңнен туған бір ұлдың жоқтығын айтып жоқтар едік”, – депті. Бұл сөзді естіген Әуезхан мен Қасен: “өлгенше “асыранды” аттан құтыла алмайтын болдық”, – деп қапаланып, аң аулауға шығып кетеді. Әуезхан аң аулап келе жатса, алдынан бір алтын, бір күміс үй кездеседі. Бұл түркімен ханының ақылшысы Ахмет деген адамның қызы Ботагөз айымның үйлері екен. Ботагөз айымға жолыққан Әуезхан өзін “Көрұғлының ұлымын” деп таныстырады. Ботагөз “Көрұғлының ұлы жоқ, құлы боларсың” дегенде, ашуланған Әуез Көрұғлыға келіп “маған Ахметтің қызын алып бер” дейді. Көрұғлы Ахметке 90 уәзірін арнайы жіберсе де, қызын бермейді. Әуез жәуміт елімен қоштасып, Күржістан қаласына кетеді. Осы елдің ханы Құнқар Әуезден: “Ел жақсысын, ат жақсысын, дін жақсысын қайдан көрдің?” – деп сұрағанда, Әуез: “Жақсысын Жамбылбелден көрдім, жаманын Күржістаннан көрдім” дейді. Құнқар хан оған ашуланып: “Сен ел бүлдіргелі келген екенсің” – деп, дарға асуға бұйырады. Әуезді зынданға салады. Әуез дар алдына келгенде: “Көзімнің байлауын шешіңдер, әлемнің жарығын бір көріпалайын”, – дейді. Көзін шешкен соң, Көрұғлыны көреді. Әуез Құнқарға: “Күржістан не сенікі, не менікі”, – дейді. Көрұғлы “Әуезді дарға асады” деген хабарды естіп, әскерін алып келген екен. Соғысып Әуезді босатып алады.

Хасен Құнқар ханмен соғысып жеңеді. Көрұғлы еліне келіп, 30 күн ойын жасайды. Әуезге тағын беріп, хан сайлап, Ботагөзді алып береді.

Басқы сөзі (1-б.):

«سكى ناقتل، مرتدەمگى حابارعا قاراعاندا اۆمز باتئر جامبئل بالكه
تۆرنك طلنته حان بولعان...»

Соңғы сөзі (58-б.):

«اۆمز حاندى سۇلتان سايلاپ،
بارلىعى دا مۇراتننا جىمتتى.»

Қолтаңбасы. Көшірушінікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Қолжазба кеңсе қағазына көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1880 жылы Қызылжарда хатқа түсіріліп, 1940 жылы Алматыда қайта көшірілген.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.

Ақауы. Қолжазбаның кейбір (11, 64, 66 бб.) беттері жыртылған, 11, 22, 23, 28, 38, 42, 49, 50, 57, 59, 67, 68, 75, 77-беттерде сызылған, өшіріп-өзгертілген ақаулары бар. 55-бетіне сия тамған.

Папкасы. Ш. 672 (ОФК). “Көрұғлы туралы шығармалар жинағы”, 2-дәп. 2-тіз.

21

Ш. 39 (ОФК)

Б. 1-39; Ж. 27

21x24; 17x27

Auezhan

Аталуы. Auezhan (Әуезхан) (1-б.).

Жыршысы. Baitabynov Aisa (Байтабынов Айса. Ол туралы мәлімет 19-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Ноғайлының елінде, Тенгелісудың бойында тоқсан үйлі тобыр мен сексен үйлі жебір бар. Солардың ішінде Жананбай деген шал болыпты. Оның жиған бес ешкісі, Әуез атты

баласы болыпты. “Бес ешкіде лақ жоқ, Әуезде ақыл-құлақ жоқ” деп жүргенде, ой түсіп: “Мен кімнен кеммін?” деп, хан қызы Қамбарға барады. Кірейін десе есік жоқ, сығаласа тесік жоқ – он екі қабат қорғанға кіре алмайды. Ақыры ашуланып, таң ата шегініп келіп баспен сүзіп құлатып, Қамбар қыз жатқан сарайға бір-ақ кіреді.

Әуез ұйқыдағы аруды көріп естен танады. Ақыры ауыр ұйқыдағы Қамбардың ішкі киімін алып, тамағынан иіскеп кетеді. Ертеңінде қырық қыз бастығы Мәрия, Қанша, Қазира, Жібек деген қыздардан, қырық жігіт Тайлақбайдан: “Қорғанды кім бұзды?” деп сұрайды. Жүгіріп Қамбарға келіп, ұйқыдан оянбаған соң, айғайлап: “Қарағым, Қамбар қайда кеткен, қырмызы бешпет, шалбар, аяқтағы кебіс жоқ, алдына қойған жеміс жоқ, басындағы бөрік жоқ, әсем киім көрік жоқ, әкене айталық”, – дегенде, Қамбар ашуланып: “Әке-шешем, елге білдірме”, – дейді. Бірақ қорғаны құлаған жасауыл хан Темірден жанына араша тілеп, айтып қояды. Мәрия қыз да түнде түс көрген болып, болған оқиғаны баяндайды.

Темір хан он екі баулы ноғайды жинап, күмәнділерді тергейді. “Енді кім қалды?” дегенде: “Жанан ұлы Әуез қалды. Өзі батыр, кедей”, – дейді. Хан: “Кедей болу айып емес, баланың теңі болса болды”, – дейді.

Әуез шақыра барған екі уәзірді сабап, қайта қайтарады. Қамбар келіп: “Киімімді бер, қырық қыздан бірін ал”, – дейді. Әуез: “Мен сені алмасам, киімді емес, орданды ойрандап, өзінді күң етем”, – дейді. Қамбар Әуездің батылдығына, алып тұлғасына ғашық болып: “Күн бата, ел жата кел” деп жеті дәріні тай қазанға салып қайнатады. Әуезді жуындырып, мамық төсекке құшағына ала құлаған Қамбар аш қасқырдай қыңсылап, шын жылап, өлдім-талдым дегенде, маужырап ұйықтап кетті.

Осы елде Қарасай, Қазі, Қобыланды, Әділ батыр бар еді. Олар Қамбарға сөз салғанда, бармаған. Енді Әуезге барам дегеніне, “бермейміз” деп соғысқа келеді. Темір хан Қамбарға: “Мыналар ел шабады, мені өлтіріп, сені алады, Қашып Орақ-Мамай еліне барыңдар”, – дейді. Бұл сөзді естіп шошыған Қамбар Әуезге: “Қашалық, жалғыз жазым боласың”, – дейді. Әуез батыр: “Сен маған бес қару бер, қашпайық”, – дейді. Әуезге Қамбар Көкбесті атты, ақсауыт, қылыш береді. Осылардың алдында жеті хан қызылбас, қалмақ келіп, Қамбарды айттырып жатыр еді. Әділ, алдымен, Әуезді өлтірем деп келгенде, оны жағасынан алып,

қорғаннан ары лақтырып жібереді. Мұны көрген Қарасай, Қазі, Қобыланды қалмаққа қарсы соғысып, Әуезге болысады. Қалмақты қырған Әуездің батырлығына разы болған батырлар Темір ханға “күйеу құтты болсын!” айтып, тойға қатынасады. Әуез Қамбарға қосылып, мұратқа жетеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Tengeli sudьn boiьnda,
Toqsan yili tobyr bar.

Соңғы сөзі (39-б.):

Temirhanga quanьr,
Qaiьrly bolsьn aitalьq.

Қолтаңбасы. Автордікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Қолжазба сарғыш түсті кеңсе қағазына қара сиямен латын әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1939 жылы хатқа түсіп, 1941 жылы қыркүйектің 29-ы күні Алматыдағы ОҒК-ның сирек қорына тапсырылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен. Мұқабаға салынған.

Ақауы. 1, 2, 8, 17, 31, 38-беттер жол бойынша өшірілген. 3, 5, 7, 16, 29-беттерде кей жолдар сызып тасталған.

Папкасы. 39 (ОҒК), 2-дөп.

22

Ш. 781 (ӘӨИ)

П.5; Б.10; Ж.20

19,7x16,8; 17x14,3

اۋمەزخاننىڭ بىر سالاسى

Аталуы. اۋمەزخاننىڭ بىر سالاسى Әуезханның бір саласы (1-б.).

Айтушы. ايت نورگەن (Нүркенов Абыт). (1893-1973). Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында туып-өскен. Шымкент және Қызылорда облыстарынан ауыз әдебиеті үлгілерін мол жинаған.

Аннотациясы. Шамбілде Көрұғлы деген хан болыпты. Жасы жүз он екіге келіпті. Асан, Әуез деген екі ұлы болыпты. Бір күні түнде Әуезге пірлер келіп, сапарға шығуы керектігін айтады. Әуез әкесінен рұқсат сұрап, сахараға шығып келейін дегенде, әкесі жібермейді. Сонда Әуез: “Мені Асаннан кем көріп, адам қатарына қоспайсың”, – деп ренжиді. Әкесі сөзден тосылып: “Ондай болса алғыр сұңқар алып, Ғират атқа алтын жабдық сал”, – дейді. Әуез Ғират атқа мінеді. Сонда Ғайып ерен Қырық шілтен Көрұғлыға: “Балаңнан айрылдың”, – дейді.

Әуезхан Әудек көліне келеді. Сол уақытта дауыл тұрады. Бір құсты үш күн қуып, төртінші күні бір қалаға келеді. Бір сарайда шал мен қызды көреді. Жандарына келгенде, қыз аққуға айналып: “Қызды тап, сен қашырып жібердің”, – дейді шал. “Ол перінің қызы еді. Көрұғлының Әуезіне тисем деген тілегі бар екен. Оны іздесең, Қап тауына бар. Онда екі жылда жетесің”, – дейді. Әуез қызды іздеп шығады. Шал жол сілтеп жібереді. Күн-түн тынбай жүріп бір шаһарға кез болады. Бір мұнараның басында отырған қызды көреді. Әуезханға: “Кімсің?” – дейді. “Мен Көрұғлының баласы Әуезбін”, – дейді. “Менің атым астындағы Ғираттың ағасы еді. Бұрқанша хан жалғыз қызы Жұлдызайды аты озғанға бермек екен. Ағам сол тойға атты мініп кетті. Қызды 40 күншілік жолды шауып, аты озған адам алады. Бұрқаншаның қаласы алыс. Екі айлық жер. Көрұғлы сені қалай қиып жіберді екен?” – дейді қыз. “Әудекті” көлінен құс атпаққа шығып едім. Құдайдың құдіретімен осында келдім. Қап тауына жетуім керек. Егер жеті жылда қайтып оралмасам, Шәмбілге ағаң хабар берсін”, – дейді. Қыз: “Менің ағам Көрұғлының ағасы, сен – жиеншар, мен нағашы боламын”, – дейді. Әуез: “Оны білемін. Мен жүрейін”, – деп, жолға шығады. Сөйтіп тағы бір қалаға келеді. Сөйтсе Бұрқаншаның қаласы екен. Әр жерде жатқан адамдарды көреді. Біреуінен жөн сұрап еді: “Бұл Бұрқан шаһары. Патша қызын бәйгеге тігіп, бәріміз ат қосуға келдік”, – дейді.

Нұсқасы. Нұсқа аяқталмаған. 10-11 буынды жыр жолдарымен жазылған.

Басқы сөзі (1-б.):

قالام الیپ بر ائگمه باستالق
ته ككه جاتپاي ه کی ایاقتی جاستادیق

Соңғы сөзі (10-б.):

ات قوسباققا ۇمىنتىمىز بارىمىز
شاپار انقا قرق كۈنشلىك جولى بار

Қағазы, әріп-сиясы. Бірнеше дәптер етіп біріктірілген, қағазға кара қарындашпен, сиямен араб әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. Қызылорда облысында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары алғашқы төрт бетте бір, қалған бетте екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Сырты қағазбен қапталған.

Ақауы. Қағазы сарғайып, парақтары ажыраған, жазуы өше бастаған.

Папкасы. Ш.781 (ӘӨИ), 19-дәп. Абыт Нүркеновтың жинаған ауыз әдебиет үлгілері.

23

Ш. 367 (ОҒК)

Б. 1-85; Ж. 20

17,8x20,8; 9x17,5

Auelbek batyr

Аталуы. Auelbek batyr. Әуелбек батыр (1-б.).

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Jumagaliev Amire (Жұмағалиев Әміреш) – 1930 жылдан бастап халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, қағазға түсіріп, Тіл және әдебиет институтының Қолжазба қорына тапсырушылардың бірі. Ақтөбе қаласынның тұрғыны (ол туралы өзге мәлімет кездеспеді). Оның 1941 жылы қағазға түсірген “Көрұғлы” жыры институттың Қолжазба қорына түскен.

Аннотациясы. Ертеде ноғайлы елінде Дербес деген хан болады. Хан 80 жасқа келгенде хандық тағын 14 жастағы қызы Ақсұлуға береді. Ақсұлу уәзірлердің күндестігін жеңу үшін халықпен араласып, халықтың қорғауына, сеніміне ие болады. Сол кезде Жаманбайдың баласы Әуелбек Ақсұлу суға шомылып жатқанда, патша тәжін ұрлап алады. Хан тәжді кім алса, соны өлтірмек болады. Бірақ тәжді Әуелбек алғанын білгенмен, Әуелбектің түр-тұлғасын көріп, жақсы көріп қалады. Осы кезде бір кемпірден Исапан деген батырдың Ақбілек атты бір сұлу қарындасы бар дегенді естіп, іздеп барады. Әуелбек Ақбілекті алып қашады. Артынан Исапан қуып барғанмен, Әуелбектен жеңіліп, батырлығына риза болып, қарындасын береді.

Әуелбек еліне келсе, Шойынқұлақ деген қалмақ Ақсұлуды алмақ болып жатады. Әуелбек оны жеңіп, Ақсұлуды алады. Ақбілекті хан тағына отырғызып, Ақсұлуды уәзір етіп, мұратына жетеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Bur'ngъ ötken zamanda,
Nogail' elinde

Соңғы сөзі (85-б.):

Oslai jetti deidi muratqa,
Jaibldъ danqъ j'raqqa.

Қағазы, әріп-сиясы. Қолжазба ақ қағазға көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1941 жылы Ақтөбе облысында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, көк түсті қалың мұқабаға салынған.

Ақауы. Қолжазбаның бірнеше беті (1-14 бб.) түбінен сөгілген, 9-беттегі 11-жолға сия тамған.

Папкасы. 367 (ОФК).

Ш. 408 (ОҒК)

П. 26; Б. 52; Ж. 28-30
21x15; 19x11,5

Байсейіт батырдың тарихы

Аталуы. Байсейіт батырдың тарихы (1-б.).

Жинаушысы. بابا عسولی تاجنباي (Байбағысұлы Тәжібай. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Арқадан Кене хан көшіп келіп, Тойшыбек батырмен көршілес болады. Кене хан, Құдайменде, Ержан бір шешеден де, ал Наурызбай басқа шешеден туған. Кене хан Арқадан шыққанда Наурызбайға: “Ұлы жүз бен қырғызды қаратып алармыз, бірақ алдымызда үш бел бар”, – дейді. Кене ханның меңзеп отырған “үш белі” Ұлы жүздің үш батыры еді. “Екеуі – толған адам, біреуі – жас батыр. Бәрі де тұлпар мініп, ту ұстап, жұртты аузына қаратқан ерлер. Қырғызды шабу үшін осы батырларға тізе сүйеуімізге тура келді. Науан шырағым, түбін ойла, бұлардың күші бізден басым, әлі көзің көрер”, – деп Науанға ақылын айтады.

Кене хан сарбаздарымен Орда тігіп, Ұлы жүздің батырларымен бас қосады. Танысқаннан соң былай дейді: “Сіздерге жау болған адамдар болса, күш қосып, қаратып алсақ; екіншіден, ел болған соң тентегі мен ұрысы болады, сондайларды жазаласақ”, – дейді.

Бір күні Төренің бір ұрысын Тойшыбек батыр ұстап алып, Ордаға айдатып жібереді. Төре жұртты жинап, екі асау биені алғызып, ұрыны екі биенің құйрығына байлап қоя беріп, мыжғылап өлтіреді. Бір күні дулаттың ұрысы Кенесарының қолына түсіп, Тойшыбекке беріп жібереді. Ол бір үйдің жалғзын жазалауға қимай, Сыпатай батырды шақыртады. Сыпатай Кенеге: “Баталасқанның ішінде мен жоқпын, жалғызымды өлтіртіп қарап тұра алмаймын”, – деп, ұрыны алып кетеді. Ер Науан артынан кумақ болғанда, Кене Науанды тоқтатып: “Үш белдің тағы бірі осы”, – дейді.

Байсейіт 13-14 жасқа келгенде садақ жонып, қару-саймандарын камдай бастайды. 16 жасқа шыққан кезде туысы Жұмабайдың кегін алмаққа қырғызға аттанбақшы болады. Бірақ әкесі Тойшыбек батыр жібергісі келмейді. Байсейіт айтқан сөзінен қайтпаған соң ел-

жұртты жинап, Сыпатай батырды шақырып, батасын береді. Осы сапарда қырық жігітпен аттанып, қазақты шапқалы келе жатқан 400 қырғызды шауып, Шоңқара деген батырын қолға түсіріп, елге олжа салады. Байсейіт жиырмаға келгенде, Ташкеннің ұлығы Бураншы деген батырдың қызын алмақшы болады. Оған қыз көнбейді. Үш рет елші жіберіп, оған көнбеген соң шауып алмақшы болады. Сол кезде Апақай Байсейітке адам жіберіп, осы даудан араша сұрайды. Байсейіт сартты шауып, Апақайды өзі алады.

Сарттың ұлығы өлген соң, оның орнына Пұшық ел билейді. Баран төре бастаған казак-орыс солдаттары Байсейітті ұстап, ұлыққа алып бармақшы болып, көп адаммен жолға шығады. Байсейіт батыр бұлардың келе жатқанын біліп, алдын-ала қамданады. Олардың бәрін қырып, Баран төренің мұрнын, құлағын кесіп алып, қолға түскен адамдарымен ұлыққа әкеледі. Байсейітті өлді деп естіген ұлық қатты сасады. Байсейіт оны өлтірмей, жазалап, ел билеу ісіне қояды. Бірақ Байсейіттен қауіптенген Пұшық Ташкенге қайтады.

Байсейіт қалмақтан кек алу үшін аттанады. Қалмақтың Мұқла, Фираз, Бөктерлі деген үш батырын қолға түсіріп, кезінде өздерінің істегенін бастарына келтіреді. Қалмақ жағы көп қырылады. Соңында Батырхан елімен ақылдасып, үш жүз жылқы, үш сұлу қыз тарту етіп, ел арасы тынышталады.

Байсейіт батыр Баран төрені орыс солдаттарымен бірге өлтіргенде, аман қалғандары қашып барып, болған оқиғаны баяндайды. Орыс басқарып, төрелер жақтаған казак-орыс солдаты қалың қолмен Талдықорғанды айналып, Іледен өтіп, Ұлы жүз бен сартты бағындыруға аттанады. Қариялар ақылдаса келе, орысқа қосылуға пейіл береді. Байсейіт өкпелеп, соңында сарттың қосынына басшы болады. Орыс әскерін үдере қуып, Шу өзенінен өткізіп жіберіп, суға шомылып, жағаға шыққанда жауырынан жалғыз оқ қадалады.

Басқы сөзі (1-б.):

باسمہٴ تعالیٰ کونندہ، ارقادان کمنہ حان اوڭنپ کملگن۔ دی.

Соңғы сөзі (52-б.):

باقر وسمن بتتی. وتنز جاتی جاسندا تامام.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Тігілген дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылы жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қара сөз бен өлең жолдары аралас. Өлең жолдары әр бетке екі, кейде үш қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, ақ парақпен тысталған.

Ақауы. Әрпі өте ұсақ, оқуға қиындықтар туғызады.

Папкасы. 408 (ОФК), №1

25

Ш. 408 (ОФК)

Б. 1; Ж. 18

23,5x16; 18,5x13

بايسەيت باتر


Аталуы. بايسەيت باتر Байсейіт батыр (6-б.).

Жинаушысы. قوڭىراتباەف اۋەلبەك (Қоңыратбаев Әуелбек) (1905-1986) – белгілі ғалым, фольклортанушы. Фольклор, әдебиет, тіл, тарих, этнография т.б. салаларда қалам тартып, қазақ руханиятына елеулі еңбек сіңірген. Қазақ фольклоры, көне түркі поэзиясы туралы зерттеу еңбектері, қазақ әдебиетін оқыту мәселелеріне арналған бірнеше әдістемелік кітаптары жарық көрді.

Аннотациясы. Шақайдың Есембай дейтін руынан Тойшыбек батыр, одан Байсейіт батыр тарайды. Патша әскеріне бағынбай Баранов дегеннің мың әскерін қырып, оққа ұшып өлген. Жамбылдың айтуынша Байсейіт батыр 1850 жылы 37 жасында қаза тапқан. Сонда ол 1813 жылы туған болады.

Байсейіт өлген соң үш жылдан кейін Алматыны патша әскері алып, қала салынған (1853). Байсейіттің Қабантіс, Кеңсауыр, Бесқұйрық дейтін үш аты болған.

Кенесары Жетісуға келгенде, Байсейіт жас батыр екен. Бір сары тайын есігіне байлап Кенесарыға қосылған. Есембайдан – Самен, Дикамбай деген батырлар шығады. Бұғыбай – ысты



руынан шыққан. Кенесарының Ұлы жүзден қосылған үш жолдасы – Сыпатай, Байсейіт, Сұраншы.

Басқы сөзі (6-б.):

شاۋايداڭ مەممباي دەمگەن رۇننان تويىشەك باتر، ودان بايسەيت باتر شققان.

Соңғы сөзі (6-б.):

ۇلى جۇزدە ن قوسلعان كەنسارنىڭ ۇش جولداسى — سىپاتاي، بايسەيت، سۇرانشى.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1946 жылы 10 сәуірде жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке қара сөзбен толық жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты ақ парақпен тысталған.

Папкасы. 408 (ОҒК), 2-дәп.

26

Ш. 1124 (ӘӨИ)

Б. 24; П. 16; Ж. 23
21x17,5; 18x12

Бақай батыр

Аталуы. Бақай батыр (2-б.).

Авторы. Белгісіз.

Жинаушы. Исмайылов Ораз – белгілі әдебиет зерттеушісі, жазушы. Бұл жыр туралы жинаушы мынадай ескертулер айтады: “Осынау үлкен шығарманың жұрнағына байланысты айтқым келетіні, біріншіден, сартап болып, сарғайып, жыртылып бітуге айналған бұл үзіндіні маған Сәкен Есетов деген марқұмның бәйбішесі Ұлжан шешей 1984 жылы 26 ақпан, жексенбі күні табыс етіп еді. (Талдықорған облысы, Қаратал ауданында).

Екінші, дастанды кімнің шығарғаны немесе жазғаны белгісіз. Өйткені, оның екінші жартысы табылмады. Өз бетімше алты жыл бойы іздеуімнен нәтиже шықпады. Үшінші, осыдан біраз жыл бұрын мен “Байшегір” совхозында болып, батырдың ағайын-туыс, ұрпақтарымен сұқбаттасып қайттым, олар мені батырдың бейіті жатқан “Шырпалы”, “Мойынқұм” деп аталатын төменгі Қаратал маңына апарды. Алғашқы мүрдесіне су апатынан қауіп төнгендіктен, 1962 жылы ұрпақтары сол маңның қауіпсіздеу жеріне қайта жерлепті. Басында батырдың немересі Бестібайдың қойған қызыл гранит діңгек тасы тұр. Онда: “Мықтыбекұлы Бақай 1803-1902” деп жазылыпты.

Аннотациясы. Қазақ пен қалмақ арасында бір мезгіл бейбітшілік орнаған. Қалмақ батыры Домбауыл қазақтың бес жүз жылқысын айдап кетіп, достықты бұзады. Бақай батыр бір өзі арттарынан қуады. Домбауыл мен Бақай батыр жекпе-жекке шығып, қазақ батыры қалмақты өлтіреді. Малды да, жауды да алып еліне оралады. Қазақ жауынгерлері оларды өлтіреміз дейді. Сонда Бақай батыр бес қалмаққа бір-бір аттан беріп, елдеріне қайтарады.

Бақай батырдың он сегізге толған сұлу мінезді Алтын деген қызы болады. Қызын айттыра қазақтың Ермек биі келеді. Ермек би – еш адамнан жығылмайтын, бай болған...

Дастан аяқталмаған.

Басқы сөзі (2-б.):

Бұл дүние келеді,
Әуелі мен ақырдан.


Соңғы сөзі (24-б.):

Алтыннан қасиетің болсын мықты,
Иә, балам болсын, – деді, – жолың құтты.

Қолтаңбасы. Жинаушінікі.

Қашан, қайдан алынған. 1984 жылы 26-ақпанда Талдықорған облысы, Қаратал ауданының тұрғыны С.Есетовтің бәйбішесі Ұлжаннан О.Исмайылов алған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Басы 109-дәптерде, соңы 110-дәптерде жазылған.



Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Папкасы. 1124-бума (ӨӨИ), 109-110-дәптер. “Бақай батыр” дастаны.

Библиографиясы. Талдықорған облыстық “Жерұйық” газетінің 1991 жылғы 2 ақпандағы № 8 санында жарияланған.

27

Қ. 1884 (ОҒК)

Б. 71; Ж. 32
21x20; 26x20

Балта Керей Тұрсынбай

Аталуы. Балта Керей Тұрсынбай (1-б.).

Жинаушысы. Исаев Бекіш. (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Тұрсынбай батыр мен Абылай мидай далада кездесіп, жөн сұрасады.

Абылай ертіп ордасына әкеліп, дос болыпты. Абылай: “Е, батыр, дүниеде қорыққан затың бар ма?” – деп сұрапты. Тұрсынбай: “Неге болмасын. Бір жылқы бағып жүргенімде дем алып жатсам, бір зат аузыма кіріп барады. Шошып түрегелдім де аузымдағы затты тісіммен қыршып жібердім. Қарасам, білектей қара жылан екен. Бір құлаш болып жерге түсті. Аузымда бір сүйемдейі үзіліп қалған екен, жылан екенін біліп, сонда бір сескендім”, – депті.

Тұрсынбай батыр бертін қартайған кезінде, ағаш кесіп жатқан біреу: “Қашыңыз, ағаштың астында қаласыз!” – депті. Тұрсынбай батыр: “Бір кезде жаудан қашпаған Тұрсынбай, енді ағаштан қалай қашамын, құлат ағашынды”, – депті.

Басқы сөзі (1-б.):

Тұрсынбай батырға мидай далада Абылай кез келіп: “Кім боласың?” – деп – сұрапты.

Соңғы сөзі (71-б.):

“Бір кезде жаудан қашпаған Тұрсынбай, енді ағаштан қалай қашамын”, – депті.

Қолтаңбасы. Исаев Бекіштікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Сары қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Беттелмеген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен қапталған.

Папкасы. Қ 1884 (ОФК), 35-дәп.

28

Ш. 732 (ӘӨИ)

П.8; Б.14; Ж.30

26,2x19; 25x17

باتر بایان

Аталуы. باتر بایان Батыр Баян.

Жинаушы. مسجانولی كنجه غالي Есжанұлы Кенжеғали.

Айтушы. تەمەشالی باربولولی (Барболұлы Темешәлі – Жаңаарқа ауданы, Қызылжар ауданының тұрғыны).

Аннотациясы. Алыстан қытай, орыс, жақыннан қалмақ тиіп, елге тыныштық бермейді. Абылай хан қалмақтарға қарсы аттанбақ болады. Ордаға батыр, шешен, билер жиналады. Олардың арасында шешен Қанай, би Толыбай, Қанжығалы Бөгенбай, Жанатай, Сары Малай, Жәнібек, Елшібек, Оразымбет, Жәпек батырлар болады. Қанайды Абылайға жауға аттануға дайын екендіктерін білдіруге жібереді. Абылай: “Болаттай қайнаған Баянсыз қанатым жоқ сияқты”, – дейді. Баян тұтқын қалмақ қызын қарындасындай көреді. Баянның інісі Ноян сол қызға ғашық болады. Екі жас бір сайда кезігіп, көңілдерін айтысып, қыз Ноянға тілегін айтады: “Алыста туған жерім, ата-анам бар. Баян ауылымызға шауып, мені алып кеткенде, әке-шешем зар жылап қалып еді. Қазақ, қалмақ бір

туған ел ғой, екеуіміз қашайық”, – дейді. Ноян жас сұлудың тілегін жерге тастамай, уәдесін береді. Жылқыдан екі жүйрікті тандап алып, екі жас қашып кетеді. Суық хабарды ең алғаш Баян есітеді. Жаралы жолбарыстай күңіренген Баян сондарынан қуып, екеуін де өлтіреді.

Нұсқасы. 10-11 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (1-бет):

جوره گمه ن زارلنمنن جارالعا

Соңғы сөзі (15-бет):

ه رله ردی و متسا دا، ه لدی و متباس

Қағазы, әріп-сиясы. Бір жолды дәптерге көк сиямен, қара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Айтушынікі.

Қашан, қайда жазылған. 1971 жылы 11 қарашада жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қосымша белгісі. Ең соңғы бетінде “Қолжазба иесі Жаңаарқа ауданының Қызылжар станциясында тұрушы Темешәлі Барболұлы” деген жазу бар.

Ақауы. Қағазы сарғайған, кейбір беттері жыртылған.

Папкасы. 732 (ӘӨИ), 6-дәптер.

29

Ш. 881/1 (ӘӨИ)

П.4; Б.8; Ж.18
20,8x17; 18,8x12

بايان نويان

Аталуы. بايان - نويان Баян-Ноян (1-б.).

Айтушы. ايمۇحاممەد يزباير (Избаиров Аймұхаммед). Ұлы Отан соғысында бір аяғынан айрылып, 65 жасында дүние салады.

Жинаушы. سانيا يزباير (Избайрова Сәния).

Тапсырушы. قارامەندين سەيتقالى (Сейітқали Қарамендин). Қарамендин Сейітқали Ыдырысұлы (1913-1997) – Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Әйтей ауылында дүниеге келген. Ауыз әдебиетін зерттеуші, Абай мұрасын насихаттаушы. 1928 жылы Семей мал дәрігерлік техникумында оқыған. Жас кезінен ауыз әдебиеті мұраларын, Абай шығармаларын, ол туралы аңыздар мен әңгімелерді жинаған. Көкбай Жанатайұлы туралы ел аузында жүрген шығармаларды алғаш жүйелеп топтастырушы. Қарамендин Көкбай ақынның “Сабалақ”, “Төрт төре”, “Наурызбай – Фатима” дастандарын “Абылай” деген атпен жеке кітап етіп шығарған (1993). Қарамендин жинаған шешендік сөздер мен халық ақындарының өлеңдері, билер айтыстары, т.б. ауыз әдебиеті үлгілері Әдебиет және өнер институтының Қолжазба және текстология бөлімінде сақтаулы.

Аннотациясы. Мазмұны алдыңғы жырмен бірдей. Соңы жоқ, аяқталмаған.

Нұсқасы. 10-11 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (1-6.):

جۈرە گمە ن زارلمى ن جارالعا

Соңғы сөзі (15-6.):

ە رلە ردى ۇمتسادا ە لدى ۇمتپاس

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көзді дәптерге қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. 1954 жылы 7 наурызда жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қосымша белгісі. Жеке парақта тапсырған адамның жазған ескертпесі бар.

Ақауы. Қағаздары сарғайып, жыртылған.

Папкасы. 881/1 (ӘӨИ), 5-дәптер. Қарамендин Сейітқали тапсырған қолжазбалар.

Ш. 124 (OFK)

Б. 1-2; Ж. 38
30x20; 17,5x20,2

بەك باتىر

Аталуы. بەك батىر. Бек батыр. (1-б.).**Айтушы.** گۈلحان قۋانشقنرى (Қуанышқызы Гүлхан).

Жинаушысы. ابۇباكنر دىۋاف (Диваев Әбубәкір) (1856-1932) – этнограф, фольклортанушы. Ұлты – башқұрт. Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген. 1876 жылдан Түркістан генерал-губернаторының Ташкент қаласында Әскери-халықтық басқармасында қызмет істейді. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, ежелгі күнтізбе, астрономия туралы халық ұғымдарын жинап, зерттеп, мерзімді баспасөзде, ғылыми басылымдарда, жеке және сериялы жинақтар ретінде жариялап отырды. Өзі жазып алған эпостық жыр, ертегілер, балалар фольклоры, шешендік сөздер үлгілерін орыс тіліне аударды.

Аннотациясы. Ертеде Еділ бойындағы қазақ елінің Мағы деген ханның Бек деген батыры болады. Бек батырды қалмақтар қолға түсіріп, зынданға тастайды. Қалмақ ханы той жасап, Бек батырға: “Еркіндік алам десең, “сенің жолыңмен жүрем, дініңе кірем” деп ант бер” деп шарт қояды. Бек оның айтқанын орындамаған соң хан оны байлап, далаға апарып тастайды. Оны Алтынжұлдыз деген хан қызы тауып алады: Бек қыздың адамгершілігіне көзі жетіп, қызды алуға уәде береді. Қыз: “Әкем мені тірі қоймайды, мен өлтірмесем, ол екеумізді өлтіреді” деп, әкесіне у беріп, Бек батыр екеуі екі тұлпармен қашып, Еділ бойындағы еліне келіп, мұратына жетеді.

Басқы сөзі (1-б.):

مەرتەدە قازاق ۇلتىنىڭ ەدىل ۇزەنى بويىندا ماتى دەگەن حانى بولۇپتى.

Соңғы сөзі (2-б.):

قنز: اكەم مەنى نئرى قويمايدى. مەن ۇلتىز مەسەم ول مەكەمىزدى دە ۇلتىزەدى - دەپ
اكەسىننە ۇ بەرنىپ , مكى تۇلپار غا مىننەپ مەكەمى قاشتىپ كەتتى.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Шығарма әр бетке қара сөзбен жазылған.

Ақауы. 1-беттегі соңғы 3 жол жыртылған, соңғы беттегі жазулар өшкен.

Папкасы. 124 (ОҒК), 2-дәп.

31

Ш. 679 (ӘӨИ)

П. 18; Б. 36; Ж. 21
20,2x16; 18x15

بوزۇغلان


Аталуы. بوزۇغلان Бозұғлан (1-б.).

Жыршысы. أزىمباي بيجانوف (Бижанов Әзімбай) – Семей облысының Шұбартау ауданында өмір сүрген ақын. 1922 жылы 68 жасында қайтыс болған. Ақтамберді батыр-жырауды қисса етіп жырлаған, өзінің де жеке шығармалары сақталған.

Жинаушысы. ازىمباي تاگىربىرگىن Әзімбаев Тәңірберген. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді.

Аннотациясы. Жырдың алғашқы нұсқаларының бірін Ешбай Көзбергенұлы деген (қай өңірден екендігі беймәлім) қазақ көне басылымдардың бірінен тәржімелеп, 1890 жылы Қазан қаласында кітап етіп бастырады. Мәтінде ескі түркі, шағатай, араб, парсы тілдерінің стилдік қолданысы байқалады.

Ертеде Бозұғлан деген хан өзінің Гүлхадиша, Лағыл деген екі қарындасын Әжібек, Опабек деген екі уәзіріне ұзатады. Лағылдан Жүсіп, Ахмет деген екі ұл, Қарлығаш атты қыз туады. Бозұғлан екі ұлды өз баласындай тәрбиелейді. Хан нөкерлері оларды көре алмай, ханға шағыстырып, екеуін елден қудырған соң екеуі Үргенішке кетеді. Қалмақтың Көзелше деген ханы түсінде екі қошқар өзін сүзіп, астындағы тағының талқанын шығарғанын көреді. Ешкім



бұл түсті жори алмайды. Баба Ғұмар деген саудагер “Жүсіпбек, Ахметбек деген екі батыр тағыңды алады” дегенде, Көзелше ашуланып, оны зынданға тастайды. Екі батырдан құтылудың амалын іздеп, Мырза Мәмет деген нөкерін жансыз етіп жібереді. Ол нөкері қулықпен батырдың сеніміне кіріп, Көзелшеге ұстап береді. Жүсіпбек пен Ахметбек өртесе, жанбайды, мылтықпен атса, өлмейді. Сөйтіп, шарасы таусылған хан оларды зынданға тастайды.

Нұсқасы. Өзімбай жырлаған нұсқа аяқталмаған, 10-11 буын кара өлеңмен жырланған.

Басқы сөзі (27-б.):

ه رته ده بوزو علان ده گه ن حان بویتی

Соңғы сөзі (58-б.):

كوش جه تبه س قارسيلاسنپ وله مزبه

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне қаламсиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1969 жылы хатқа түскен.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан жазылған.

Қалпына келтірілуі. Дәптердің сырты қағазбен қапталған.

Қосымша белгісі. “Бұл қиссаны өзбек ақыны шығарған екен. Жатқа айтушы еді. Көртейген уағында “сендер мен құсап үйлестіріп айта алмайсың” деп баласы маған былай айтыңдар деп, түсініксіз жерін алып тастап, көпшілігін өзі жазды. Ішінде көңілге қонатын, мағыналы сөзін қалдырды” деген ескертпе бар.

Ақауы. Дәптердің ішкі және сыртқы беттері бір-бірінен ажыраған, қағазы сарғайған.

Папкасы 679 (ӘӨИ), 1-дәптер. Бижанов Өзімбайдың шығармалары.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 47-том. / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: С.Қосан, Т.Әкімова. – Астана: Фолиант, 2008. – 177-204-беттер.

Ш. 1204 (ӘӨИ)

П. 84; Б. 84; Ж. 30
29,5x21; 26x10**Бозұғлан****Аталуы.** Бозұғлан. (1-б.).

Жыршысы. Қоңырбайұлы Әбдімұрат – жыршы, ақын. Қарақалпақстанның Тақтакөпір ауданына қарасты Қараөзек қыстағының тұрғыны. Атасы Қоңырбай, бабасы Сереке де қазақтың батырлық, ғашықтық жырларын жадында сақтап жырлаған халық жыршылары, қазақтың дәстүрлі жыраулық мектебінің өкілдері.

Айтушысы. Әбдімұратұлы Аймұрат.

Тапсырушы. Жұмажанов Қаржаубай – әдебиеттанушы, педагог (1936 – 2006). Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарған, ф.ғ.к., доцент, институт профессоры. Қазақстанның батыс өңірінің Қарақалпақстан қазақтарының фольклорлық, авторлық әдебиет үлгілерін жинаушы.

Аннотациясы. Әбдімұрат жырлаған “Бозұғлан” эпосы қазақ батырлар жырының қатарында өзіндік қолтаңбасымен дараланатын оқиғасы қызықты, тілі көркем, айшықты теңеулерге бай халықтық шығармалардың бірі.

Әбдімұрат нұсқасы толық, 7-8 буынды жыр үлгісіне құралған.

Қалмақтың патшасы Қара хан ноғай ханы Үрімге қазақтың ханы Жаманкені хандықтан қуып, елін талауды, таланған малдың үштен екі бөлегін өзіне жіберуді бұйырады. Айтқанын орындамаса, жанын алатынын естіген Үрім билерін шақырып, ақылдасады. Олар Байбақты бидің: “Жаманкенің елін шаппай-ақ тағынан тайдырып, мал-мүлкін Қара ханға жіберейік. Өзін елсіз жерге апарып тастайық” деген ақылмен Жаманкені әкеліп Терісақпа судың бойына, Таспа таудың ойына тастады. Балық аулап, өлмешінің күнін көріп, перзентке зар болып жүрген Жаманкенің тілегі қабыл болып, кемпірі жүкті болады. Тоғыз ай, тоғыз күн өткенде ұл туады, атын Бозұғлан қояды. Олар Терісақпаның бойында жеті жыл отырып, баласы жеті жасқа келгенде емшектен шығармақ болады да, балық пісіріп береді. Бозұғлан оған көнбей,



шөл даланы кезіп қырық күн жол жүріп, зар жылап ұйқыға кетеді. Бозұғлан ұйықтап жатқанда, Ықылас ата Шашты Өзіз келіп: “Тұр, Қарахан, Қара дәу, Сары дәу деген жауларың бар. Олар сенің еліңді басып алған, оларды жеңбей саған тыныштық жоқ” деп аян береді де, алтындалған аса мен кеуішті беріп, көзден ғайып болады. Бозұғлан қырық күншілік жолда алтын кеуішімен жеті күнде жүріп, үйіне келеді. Ата-анасынан қалмақтармен соғысуға батасын алып, жолға шығады. Бір жерге келіп ұйықтап жатса, Шашты Өзіз: “Дұшпаныңды жайратпай ұйықтағаның жарамас”, – дейді. Сәске мезгілде Бозұғлан түйеші шаяға кез болып, атасының кегін алуға келе жатқанын естіргеді. Алғашқыда сенбеген шал баланың сұсынан қорқып, ханға қашып барып айтады. Үрім Бозұғланның келе жатқанынан қорқып, отыз мың жылқы жинап бермек болғанда, Үрімнің биі тайларды Бозұғланға бергізбейді. Бозұғлан ызаланып, қаһарланып, ханның жылқысынан өзіне жарайтын ат таппай, ұйықтап жатып, түсінде тау етегіндегі Алтын орданың ішінде бір аруға ғашық болады, Шашты Өзіз Үрім ханның қызы Айбаршаға Бозұғланның ат іздеп, тау арасында жүргенінен аян берген екен. Айбарша тауда алтын шатыр тіктіріп, Бозұғланның келе жатқанын біліп, әкесіне: “Еліңе қорған, жауыңа дұшпан болар батырға мені тарту ет” деп көндіреді. Үрімнің Қалқаман батыры, одан кейін Қара дәу деген батырлары Бозұғланмен сайысып, жеңіледі. Қарахан патшаның қызы Қарашаш Бозұғланға сырттай ғашық екен, оның келе жатқанын естіп, күтіп жүреді. Бозұғлан жолда Сары дәу деген қалмақпен алысып, пірлердің көмегімен өлтіреді де Қарашашты некелеп алады. Айбарша түсінде Шашты Өзіздің аян беруімен Бозұғланның алдынан құтты болсын айтып шығып, қарсы алып, ата-енесінің алдында некесін қидырып, той жасап қосылады.

Басқы сөзі (1-б.):

Бұрынғы өткен заманда,
Басталар өмір азанда,

Соңғы сөзі (45-б.):

Алдымдағы халайық,
Егер айып көрмесең...

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Көшірушінікі.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папка 1204 (ӘӨИ). “Бозұғлан” жыры.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 47-том. / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: С.Қосан, Т.Әкімова. – Астана: Фолиант, 2008. – 293-357-беттер.

33

Ш. 804 (ӘӨИ)

П. 14; Б. 27; Ж. 21
20,5x16,8; 20x15

Бозұғлан

Аталуы. Бозұғлан (1-б.).

Айтушысы. Төлешов Бұлдыбек – халық мұраларын жинаушы. 1900 жылы Қызылорда облысының Шиелі ауданында туған. Арабша, латынша сауатты Бұлдыбек ұзақ жыл баспаханада, 1942-1945 жылдарда еңбек армиясында қызмет еткен.

Тапсырушы. Биғожин Қаратай – ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Ауыл мектебінде мұғалім болып қызмет атқарған. 1974 жылдан бастап өз бетінше Қазақстанды түгел дерлік аралап, әдеби жәдігерлерді жинастыру ісімен шұғылданған. Қ.Биғожин тапсырған фольклорлық мұралар мен ақын, жыраулар шығармалары әдеби қорларда сақтаулы.

Аннотациясы. Жыр мазмұны басқа нұсқалармен ұқсас. Хиуа ханы Бозұғланның жиендері – Жүсіп, Ахмет, Қызылбас Көзелшаның түс көруі, Қамбардың түс жоруы, Көкшенің алдауы, Ахмет, Жүсіптің зынданға түсу оқиғалары түгел сақталған.

Нұсқасы. Жыр аяқталмаған. 11 буынды қара өлең түрінде жырланған.

Басқы сөзі (83-б.):

Бисмилла күллі адамның иесінің,
Шадиар дін исламның шегесімін.

Соңғы сөзі (111-б.):

Көрген жан есін танып, есеңгіреп,
Масқара болушы еді құрақ иіп.

Қағазы, әріп-сиясы. Шығарма тор көзді дәптерге кирилл әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Тапсырушынікі.

Қашан, қайда жазылған. 1975 жылы 25 наурызда жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Сырты ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. 804 (ӘӨИ), 6-дәп. Биғожин Қаратайдың ел аузынан жинаған ауыз әдебиет үлгілері.

34

Ш. 841 (ОҒК)

П. 16; Б. 31; Ж. 16
27х16; 18х10

Бозұғлан

Аталуы. Бозұғланның тарихы.

Жыршысы. Дәуітбаев Мұратбай. 1907 жылы Қарақалпақстанның Хожелі ауданында туған. Руы – шөмекей.

Тапсырушы. Ахметов Шеген (1914-1983) – әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының кандидаты. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба бөлімінде аға ғылыми қызметкер болып істеген. Еңбектері қазақ әдебиеттануы мен балалар әдебиетінің өзекті мәселелеріне арналған.

Экспедициясы. 1947 жылғы Қарақалпақстан экспедициясы.

Аннотациясы. Жыр мазмұны алдыңғы нұсқамен бірдей.



Басқы сөзі (1-б.):

Бозұғлан деген ер өткен,
Ерегіскен дұшпанды...

Соңғы сөзі (35-б.):

Ұйқысын әбден кандырып,
Демін жатып алады.

Нұсқасы. Жыр аяқталмаған. 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Тапсырушынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы қыркүйекте Хожелі ауданында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Мөрі. Дәптердің алғашқы және соңғы бетінде Қаз ССР ҒА Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорының мөрі басылған.

Ақауы. 1-бетте “өткен” деген сөз екі жерде үстінен сызылып, соңғы екі жол өшірілген. 5, 25-беттерде бір-бір жол жазу сызылған, 13-бетте екі сөз сызылған. 22-беттің бір шетіне есеп жазылған. 4,8,12,16,19,23,25,30,33-беттерде қызыл қарындашпен жолдың шетіне 100 саны жазылған.

Қосымша белгілері. 1-беттің шетінде: “Жаманке – ноғай, Аққаным” деген жазу бар. 30-бетте: “екінші дәптер, Бозұғлан” деп жазылған.

Папкасы. 841 (ОҒК), 4-дәптер. Қазақтың қисса-жырлары.

35

Ш. 321 (ОҒК)

П. 24; Б. 49; Ж. 13
12x16,6; 11x15,5

بوران باتر

Аталуы. بوران باتر Боран батыр.

Жинаушысы. احماتوف ماغزۇم (Ахметов Мағзұм. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Ертеде ұлы жүзде Боран деген батыр және онымен қатар Қасқарау деген бай болады. Қасқарау Ұлы жүзбен қоныстас ноғайлыға қызын беріп, құда болады. Бірақ ноғайлы бұл жерде ұзақ тұра алмай, көшіп кетеді. Қасқарау қызын қайтарып алу үшін ноғайлының соңынан қумақшы болып, Боран батырға жалынады. Боран қасына жүз шақты жолдасын ертіп, жолда жезтырнақ, аюлармен, одан соң, ноғайлының қалың әскерімен де жалғыз айқасып, жеңіске жетеді. Арада бірнеше жыл өткен соң, елге құба қалмақ шапқыншылық жасап, онда да Боран жауға қарсы аттанып, елдің жылқысын қайтарып, қалмақтың тұтқынынан да құтқарады. Боранның ерлігіне сүйсінген қалмақ жігіті астындағы қара тұлпарын тарту етіп, қазақ, қалмақ дос болып, тарасады.

Басқы сөзі. (1-б.)

ولى جۇزدە بوران دە گىن باتر بولغان ە كە ن...

Соңғы сөзі. (49-б.)

توس سو غىمنىپ، توس بولنىپ، تاراسقان ە كە ن....

Қолтаңбасы. Жазып алушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Кішкене дәптерге қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1951 жылы 24 қыркүйекте Павлодар облысы, Баянауыл ауданында жазылған.

Беттелуі. Рим цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әңгіме әр бетке қара сөзбен толық жазылып отырған.

Қалпына келтірілуі. Дәптер ақ қағазбен тысталған.

Ақауы. Дәптердің түбі жыртылып, қолжазбаның жазуы өше бастаған.

Папқасы. 321 (OFK). Боран батыр.

Ш. 692 (ӘӨИ)

П. 34; Б. 67; Ж. 27
28,5x20; 23,5x11,5**Бөгенбай батыр****Аталуы.** Бөгенбай батыр (Сыртында).**Жыршысы.** Мүсәпірұлы Құсайын. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді.**Жинаушысы.** Аманжолов Сәрсен (1903-1958) – ғалым, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі (1954). Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде мұғалім, кафедра меңгерушісі (1931-1958), Ұлт мәдениеті зерттеу институтының директоры, ғалым-хатшы (1938-1942), КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық филиалында Тіл, әдебиет секторының жетекшісі қызметтерін атқарған. Ғылыми еңбектері қазақ тіл білімі мен әдеби тілі тарихының өзекті мәселелеріне арналған.**Аннотациясы.** Хиуа-қалмақ заманында “Шет қурайды” мекендеген Қанжы руының байы Маянның ұлы Бөгенбай батырдың ерлігі елге жайылады. Үлкен әулеттің батыры әрі жомарты болса да, Бөгенбайда бала болмайды. Әкесі өлген соң Бөгенбай ешбір ханға бағынбай өзі бай, өзі батыр Бөгеннің уайым-қайғысы – баласыздығы болады. Құлжабек, Есімбек Бөгенге қарсылық ойластырады. Қасқабай “күйеу бала” арқасында Құлжаубектің “Шет қурайда” төре болғанын бұрыннан сыйласатын Шекті елінен батыры Сыңғыр ойда жоқта біліп қапа болады. Оны Егіздің Сарыбайына жеткізеді. Сарыбай “Шет қурайға” аттанып, бауырларының бөлініп кеткенін көзімен көріп, ол туралы Қалыбекке, Аналыққа айтады. Олар өзара келісіп, Дулаттардың ордасына барып, шындықты беттеріне айтқанда, оған Зейнептің арандатуымен Дулаттар жабылады. Қалыбек, Сарыбайлармен соғыста Қасқабай өледі. Бұл жайсыз хабар Бөгенбайға жетіп, Маяндар қол жинап көтеріледі. Оларды Бөгенбайдың батасымен Сарыбай бастап шығады. Істің насырға

шыққанын, Қанжылардың біріккенін көрген Зейнеп зәресі ұшып, Есімбек, Құлжаубектер қашып кетеді. Қанжылар Зейнепті қолға түсіріп, шашын кестіріп, атқа жетектетіп алып жүреді. Зейнеп ақыры кінәсін мойына алып, кешірім сұраған соң Бөгенбайдың батасымен Сарыбайға қосылады.

Осы кезде Алшындардан Бөгенбайға қалмақтан қысым көргендігі туралы хабар келеді. Бөгенбай өзінің ақ туын көтеріп, төрт Шектінің елі Сыр бойына жетеді. Алтай байдың 10 мың жылқысын Сарыбайлар айдап алады. Алтайдың Қаншайым деген қызы Маянның жігіті Тыныбекпен көңілі жарасады. Сарыбай Тыныбек пен Қаншайымға бата береді.

Қалмақ ханының тұқымы Бөгенбайдан кегімді алам деп Қанжыны шабады. Бұны естіген Бөген Сарыбайға хабар салып, елді көтереді. Қалмақтың Қаранай батырына қарсы Бексұлтан жекпе-жекке шығып, жеңіп, елде бейбітшілік орнайды.

Басқы сөзі (1-б.):

Өтіпті-ау біздің қазақ жақсы жайдан,
Естіген тамаша етіп қалар қайран.

Соңғы сөзі (67-б.):

Талайлар бізден бұрын өтіп кеткен,
Түбіне сұм дүниенің жан жоқ жеткен.

Қағазы, әріп-сиясы. Сары және көк кеңсе қағазына машинкамен жазылған.

Қорға түскен жылы. Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазба қорына 1969 жылы түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Жыр жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қатырма бумаға (Папка для бумаг) салынған.

Папкасы. 846 (ӘӨИ), 1-дәп. (Сыртында мынадай жазуы бар: Бөгенбай батыр. Жыршы Мүсәпірұлы Құсайынның аузынан жазып алып, жарыққа шығарған профессор С.Аманжолов (Кітаптан көшірілген) 1969 ж. 158 бет.

Қосымша белгілері. Мәтіннің алдында “Бүгембай. Собирагель: Аманжолов С. КИХЛ.Алма-Ата. 1935” деген жазуы бар титул беті және екі жарым бет машинкаға жазылған “Екі ауыз сөз” (Жинаушыдан) деген кіріспе бар. Соңына “Жинап алушы Сәрсен Аманжолұлы” деп жазылған.

Библиографиясы. Бөгенбай батыр // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 57-том. / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, Б.Әбілқасымов, Т.Әлбеков, С.Қорабай. – Астана: Фолиант, 2009.

37

Ш. 886 (ӘӨИ)

Б. 87; Ж. 24
21,4x15; 20x11

بوگەنباي باتئر

Аталуы. بوگەنباي باتئر Бөгенбай батыр. (1-б.).

Жыршысы. جاغىنپارولى الشىنباي (Жағыпарұлы Алшынбай. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Жинаушысы. غاپۇر أبىشەف (Әбішев Ғапур)

Аннотациясы. XVIII ғасырдағы қазақ-қалмақ соғысы кезінде Бөгенбай батыр мен Әбілмәмбет төренің Құлжабек, Есімбек деген билеушілері бұрынғыдай қанжығалы елін талап, билеп, төстеп тұрады. Кіші жүздің қанжығалысынан шыққан Бөгенбай халықты қан қақсатқан төрелерге ызаланып, қанжығалының 900 үйін өзі басқарып, төрелерге салық бергізбейді.

Бөгенбайдың әкесі ұрпағын жайған атақты болса да, Бөгенбай 14 қатынынан бір бала көрмей, баласыздықтан қасірет шегеді. Құлжабектің қызы Зейнеп батырға сыртынан ғашық болып, түрлі амал-әрекеттерден соң, Бөгенбайдың інілерінің қолдауымен Кесіммен қосылады.

Басқы сөзі (1-б.):

قازاققا ولگى بولغان بوگەن قارتى،
مړلەردىڭ بولغان مەمس مۇنداي ارتى.

Соңғы сөзі (87-б.):

مر اقم تورث جولداسپن قايتا قايتتى،
سمگنز كۈندە ارتقا قايتا شاپتى.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба тозған.

Папкасы. 886 (ӘӨИ), 7-дәп.

38

Ш. 815 (ӘӨИ)

Б. 7-27; Ж. 20
16x20; 13x17,5

Бөгенбайдың бірінші жорығы

Аталуы. Бөгенбайдың бірінші жорығы (7-б.).

Жинаушысы. Оспанов Қайырбай – Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Малтабар ауылында туып-өскен.

Аннотациясы. Нұсқа “Бөгенбай батыр”, “Бөгенбай батырдың сөзі”, “Аттың сыны” деген тарауларға бөлінген. Ертеде Сығанақ қаласы Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың бас қорғаны болғаны, Сыр бойындағы қалмақтардан қатты соққы көріп, Арқаға ауғаны, “Ақтабан-шұбырындыға” ұшырағаны, қазақ пен қалмақ жауласқан кездегі Бөгенбай батырдың ерлігі айтылады. Аталған жырда батырлар жырына тән кейбір сарындар көрініс тапқан. Солардың бірі түс көру, түс жору, т.б. мотивтер. ОҒК-ның қолжазбалар қорында “Бөгенбай батырдың бірінші жорығы” деп аталған тағы бір қолжазбасы (айтушысы – Жадайұлы Молдажан) сақтаулы. Осы екі жырдың мазмұны бірдей. Қ.Оспанов пен М.Жадайұлы нұсқалары бірін-бірі ешбір өзгеріссіз қайталайтыны анықталды.

Соған қарағанда, аталған жыр мәтіні Жадайұлы Молдажан қолжазбасынан көшірілген болу керек деп ойлаймыз. Оған себеп Молдажан жырлаған жыр мәтіні бұрынырақ (1946) жазылған.

Басқы сөзі (7-б.):

Сөйлейін бір хикая өткендерден,
Артында аты қалған батыр ерден.

Соңғы сөзі (27-б.):

Барады сөйлей берсем сөз бұтақтап,
Осылай бірінші жорық тынсын тоқтап.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Ақмола облысы, Ерейментау ауданында 1970 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, бумаға салынған.

Папкасы. 815 (ӘӨИ), 1-дәптер. Бөгенбайдың бірінші жорығы. 1970.

Библиографиясы. Бөгенбайдың бірінші жорығы //Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 57-том. / Томды құрастырып, түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, Б.Абілқасымов, Т.Әлбеков, С.Қорабаев. – Астана: Фолиант, 2009.

39

Ш. 886 (ӘӨИ)

П. 83; Б. 166; Ж. 28
21x.14.5; 19x10

قانجىغالى بوگمباي باتىر

Аталуы. қанжығалы Бөгенбай батыр (1-б.).

Жырлаушысы. Белгісіз.

Қолжазбаны тапсырушысы. غاپور آبشرف (Әбішов Ғапур. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Бөгенбай батырдың әкесі Маянбай батыр қайтыс болған соң, оны арқа тұтып келген Құлжабек, Есімбек деген төрелер Бөгенбайдың таяғына жығылады. Бұл Бөгенбайдың перзентке зар болып, қартайған кезі екен. Сол үшін жауға аттанбауға ант ішіп, кек алу үшін Зейнеп дейтін қызы арқылы Бөгенбайдың бауыры Қасқабайды бөліп, Шетқурайға көшіртіп жібереді. Маянбайдың батыры Сарыбай бауырларымен аттанып, Қасқабайды өлтіріп, төрелерді елден қуып, Зейнепті Сарыбайға қосады.

Батырлар Бөгенбайдан бата алып, Сырдарияның ар жағын көрмекке аттанады. Осында Қанышайым деген жетім қызбен танысады. Қыздың екі ағасы болады, үлкені Қапа батыр да, кішісі Орда батыр. Батырлардың айдап бара жатқан жылқылары осы Қапа батырдың жылқысы екен. Әкелері қайтыс болған соң, осы екі батыр еншіге таласып жиырма мың жылқыны екіге бөліп алады да, қыз Орда батырдың қолында қалады. Қанышайымды Қапа малы көп бір құлға бермек болады. Ал оған Орда көнбейді екен. Сонымен жеті кенженін кішісі Тыныбек батыр қызбен сөз байласып елге қайтады. Келесі жылы батырлар Қанышайымды құда түсіп әкелуге аттанады. Қапа Орданы шапқанда, батырлар Ордаға көмектесіп, Қанышайымды аман-есен елге әкеледі. Бөгенбай түс көріп, кезінде өзі өлтірген қалмақ ханының баласы Қаранай ержетіп, әкесінің құнын жоқтап, Бөгенбайды іздеп келе жатқанын біліп, елін дайындайды. Қаранайды Бексұлтан жекпе-жекте өлтіріп, бауырларынан кек алады. Перзентсіз қарт Бөгенбай жиен Ақымды бала қып алады да, екі қызға (бірі төре қызы, бірі өзінің сөз байласқан қызы) біржола үйлендіреді.

Басқы сөзі (2-6.):

قازاقتا ۇلى بولعان بوگمن قارتى،
مرلەردىڭ بولا بىرمەس مۇنداي ارتى

Соңғы сөзі (166-6.):

توي قلىپ مۇندا اكىلىپ ۇلى جين
قولتتا مكي اسىلدى بىردەي الدى

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге кара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Ақауы. Қолжазба тозған. Түптеген жері ажыраған, сыртқы ақ қағазы жыртылған. 1-2-3-беттердің асты қыркылуымен қатар, 1-2 беттің орны алмасып кеткен. 80-ші парақ (159-160-бб.) түптеуінен ажыраған, 81-ші парақ (161-162-бб.) жыртылған.

Қосымша белгілері. Қолжазбаның екінші бетінде араб әрпінде: “Тастыбай Жағыпарұлының титраты деп білерсіздер” десе, төменгі жағында араб әрпі, көк сиялы қаламмен “Сәрсенов Ғабдікәрім Әбілдәұлы деп білерсіздер” деген сөздер бар. Соңғы бетінде “бір қабат оқып шықтым, жаримдап жаздым, моллаке, 76 жылы ноябрь айында алдым” деген сөздер жазылған.

40

Ш. 74 Д (ОҒК)

П. 148; Б. 148; Ж. 28
28x20,5; 24,5x10

Бөгенбай батыр

Аталуы. Бөгенбай батыр. (1-б.).

Жинаушысы. Белгісіз.

Жырлаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Мазмұны № 39 сипаттамадағы “Қанжығалы Бөгенбай” жырымен бірдей.

Басқы сөзі (1-б.) :

Өтіпті-ау біздің қазақ жақсы жайдан,

Есіткен тамаша етіп қалар қайран.

Соңғы сөзі (148-б.):

Талайлар бізден бұрын өтіп кеткен,
Түбіне сұм дүниенің жан жоқ жеткен.

Қорға тапсырушы. Байболов (Аты-жөні толық көрсетілмеген).

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1958 жылы 21 қаңтарда жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Ақауы. Буманың артқы қаптауы ажыраған. Мәтінде көк сиямен түзетіліп, өзгертілген жерлер көп ұшырасады. Сондай-ақ, кейбір беттің ашық жеріне сол беттің мазмұнын қысқаша қарындашпен араб әрпінде жазып қойған.

Қосымша белгілері. Бірінші бетке КССР Ғылым Академиясының мөрі басылған (көк түсті). Төменгі жағына “Проверено 1958 г.” деген жазуы бар мөр басылған.

41

Ш. 1125 (ӨӨИ)

П. 6; Б. 11; Ж. 23
21x17,5; 18x12

Бөгенбай батыр

Аталуы. Бөгенбай батыр.

Жыршысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Бөгенбай Шынар деген қалмақ ханын өлтіргенде, артында Қаранай деген тоғыз жасар ұлы қалады. Қаранай ержетіп, қасына он тоғыз мың қол алып, Бөгенбайдан кегімді аламын деп аттанады. Бөгенбай бұны түсінде көріп, Сарыбайға хабар салып, елді көтереді. Қаранай: “Бөгенбайды тірі берсеңдер, сендермен жауласпаймын, болмаса түгел кырамын” деп қорқытады. Сарыбай соғыстан қашпай, әуелі жекпе-жекке шығайық деп, Қаранайға қарсы Тұманбек деген батырын жекпе-жекке шығарады.

Басқы сөзі (19-б. 157-дәп.):

Ертеден қалмақ ханы өлген Шынар,
Тұқымы сол қалмақтың жауға құмар.

Соңғы сөзі (5-б. 158-дәп.):

Мінді қалмақ керігін,
Жекпе-жекке баруға.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Басы 157-дәптерде, соңы 158-дәптерде жазылған.

Папкасы. 1125-бума (ӘӨИ), 157, 158-дәптер. Бөгенбай батыр.

Библиографиясы. 1991 жылы Павлодар облысы, Ертіс ауданында “Ертіс нұры” газетінде (24 сәуір; 9-10 мамыр) жарияланған.

42

Ш. 1124 (ӘӨИ)

П. 36; Б. 66; Ж. 23
20,5x17,5; 18x10

**Қанжығалы қарт Бөгенбай
және оның батыр інісі ер Сарыбай**

Аталуы. Қанжығалы қарт Бөгенбай және оның батыр інісі ер Сарыбай.

Жинаушысы. Ақынжанұлы Нұржан. Ол – Семей облысының Таскескен селосындағы музыка мектебінің оқытушысы.

Жазып алушы. Бұл дастанды Нұржанның туған ағасы Рамазан әкесі Ақынжанның аузынан 1957 жылы жазып алған. Ақынжан дастанды ертерек кезде нағашысы Ақмолдадан үйренген. 1987 жылы Рамазан қайтыс болған соң, қолжазба інісі Нұржанның қолына көшкен.

Аннотациясы. Мазмұны Мүсәпірұлы Құсайын (Ш.692. ӘӨИ) жырлаған нұсқамен бірдей. Дастан аяқталмаған.



Басқы сөзі (2-б.):

Осынау біздің қазақ жақсы жайдан,
Ескіні тамаша етіп қалар қайран.

Соңғы сөзі (66-б.):

Осымен Қанжығалы елі жатты жайға,
Бағынды төре Дулат Бөгенбайға.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне қара, көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Папкасы. 1124 (ӘӨИ). № 96,97,98-дәптер. Қанжығалы қарт Бөгенбай және оның батыр інісі ер Сарыбай. Тарихи дастан.

Библиографиясы. 1991 жылы “Семей таңы” газетінің бірнеше санында (5, 26 қаңтар, 2, 9 ақпан) жарияланған.

43

Ш. 303 (ӘӨИ)

Б. 15-34; Ж. 20
16,5x20; 13x18

Бөлтірік батыр

Аталуы. Бөлтірік батыр.

Авторы. Бигелдиев Балтағұл (1891, Алматы облысы, Балқаш ауданы, Желтораңғы совхозы – 1971, Алматы қаласы) – ақын, әуесқой сазгер. Жетісудың Жамбыл бастаған белгілі ақындарымен жиі араласып, тәлім алып, өнер сынасып өскен. Жігіт шағында шығарған “Жетісу” атты әні, “Балқаш қыз”, “Бөлтірік батыр”, “Бір қазының айласы” деген дастандары белгілі. Шығармалар жинағы: “Балқаш” (1970), “Балқаш оттары” (1975), “Бірлік нұры” (1979) басылып шықты.

Тапсырушы. Бакенеев С. (Оның өмірі туралы дерек кездеспеді).

Аннотациясы. Ертеде Жетісу бойын мекендеген жалайыр, шапырашты руларының халыққа зәрімен аты шыққан Әлі атты

ханы болады. Ол бір күні халыққа: “Осы ұрыстың басы неден басталады?” – деп сауал қойып, жауабын табуға бір апта уақыт береді. Сол елде Бөлтірік деген шешен жігіт бар дегенді естіп, халық: “Хан сауалына сол ғана жауап бере алар, соны алдырайық”, – деген тоқтамға келеді. Мерзімді уақыт келгенде, хан алдына Бөлтірікті ертіп барады. Сонда бұрынғы сауалын қайталаған Бөлтірік: “Сауалыңыз мағынасыз екен”, – деп жауап қайтарады. Ашуланған хан Бөлтіріктің қасына жетіп барып, күмісті таяғымен басынан нұқып қалады. Сонда Бөлтірік: “Басыма таяғыңыз тиді, міне осы сіз сұраған ұрысыңыздың жауабы”, – дейді. Бөлтіріктің сөзі жанына батып кеткен соң, хан ашуланып кетіп қалады. Ханның ашуынан қорыққан жұрт “Ханға қатты сөйлеп, айыпты болдық”, – деп Бөлтірікті айыптайды. Бөлтірік жұртты жинап, ханға: “Бектеріңнен суық хабар әкеліп тұрмын. Олар басқа хан іздейміз деп жатыр. Аузыңыздан бір қате сөз шығып, елді бүлдіріп алыпсыз. Енді көпшіліктен кешірім сұрамасаңыз болмайды”, – дейді. Қорыққан хан халықтан кешірім сұрайды.

Басқы сөзі (15-б.):

Бір жарым ғасыр мұнан ілгеріде,
Қамқорсыз қазақ елі жүргенінде...

Соңғы сөзі (34-б.):

Дүниеге келіп кетті нелер кісі,
Іске де, ақылға да шебер кісі.

Қолтаңбасы. Жыршынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Бір жолды дәптерге қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1970 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, папкаға салынған.

Папкасы. 303 (ӨӨИ). Бигелдиев Балтағұл өлеңдері.

Библиографиясы. Бигелдиев Б. Бөлтірік батыр //Балхаш оттары. – Алматы, 1970.

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 2; Б. 38-41; Ж. 48
22,5x30; 20x29,5**Бұқарбай батырдың сөзі****Аталуы.** Бұқарбай батырдың сөзі.**Жинаушысы.** Меңдібаев Баспан – Қызылорда облысы, Қазалы ауданына қарасты Жаңаарық аулында туған. 22 жасында Бұқарбай батырдың аузынан тыңдаған әңгімесі.**Аннотациясы.** Бұқарбай бір әкеден жалғыз бала болыпты. Әкесі орта шаруа, жуас адам екен. Жалғыз баласына елден сұлу қыз іздеп, Бұқарбайдың он үш жасында он жетідегі Шынар сұлуды алып береді. Шынар сұлу Бұқарбайды бала деп менсінбей, Байқадам батырмен тамыр болады. Бұған Байқадам іштей назаланып жүреді. Бір күні Байқадам досы Дабыл батырды шақырып алып, Шынар сұлуды алу үшін Бұқарбайды өлтіруін өтінеді. Мұны Байқадамның қойын бағатын Бұқарбайдың ағасы естіп, ертеңіне Бұқарбайға хабарлайды. Бұқарбай ауылын Байқадам батырдың ауылының үстімен көшіреді де, Байқадамды шақырып алып, “Қара болсаң Құдай сені атсын, қара болсам мені атсын” деп, Ақмоншақ атын Құдай жолына шалып жіберіп, көштің соңынан ерін арқалап жаяу жүре береді. Ауылын Байқадам батырдың өр жағына әкеп қондырады. Түн жарымда Дабыл қолы Байқадам батырдың ауылын басып алады. Бұқарбай екен деп Байқадамды шауып өлтіреді. Бұл оқиға кейін ел-елге тарап кетеді. Бұқарбай кейіннен көшіп барып Кенесары – Наурызбайға қосылады. Кенесарыға ілесіп Қырғызға барады. Қырғызға елші жіберіп Қоқидың көлін сұрайды. Қырғыздар Саржан төре, Ержан т.б. елшілерін өлтіріп, Бұқарбай ғана аман құтылып келеді. Кенесары Қырғыздың ауылын шауып, жылқысын тартып алып, қыздарын батырларға бөліп береді. Сонда алты жыл жатып соғысады. Ақыры Кенесары, Наурызбай қолды болып, “біз елге қайттық” дейді. Кенесары қосында Үргенішбай, Еспембет, Доғалақ деген жыраулар болған. Кейін елге келген соң, сол жыраулар бұл оқиғаны елге жаяды.

Басқы сөзі (38-б.):

22 жасымда Табын руынан шыққан Бұқарбай батырға жолығып сөйлескен едім.

Соңғы сөзі (41-б.):

Біз кырғызды жеңбедік, жеңсек Кенесары – Наурызбайды өлтірмес едік дейді. Бұқарбай батырдың айтқаны да осы, менің есіткенім де осы.

Қолтанбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Қызылорда облысы, Қазалы ауданында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптелген. Жыртылған жерлері желімделген. Сырты сұр қатырма қағазбен қапталған.

Ақауы. 39 және 41-беттерінде шимайланған, асты сызылған жерлері бар.

45

Ш. 663 (ОҒК)

Б. 36; Ж. 16

14x20; 13x22

بۇقارباي باتئر مەن ۇرگەنش باتئر

Аталуы. Бұқарбай батыр мен Үргеніш батыр (1-б.).

Авторы. Мағзұм ахметұлы (Ахметұлы Мағзұм).

Аннотациясы. Ертеде Бұқарбай және Үргеніш деген екі батыр болады. Бұлар аттарын естігенмен бір-бірін көрмепті. Бір күні Бұқарбай сауыт-сайманын киіп жорыққа аттанады. Келе жатып көз ұшында иенде жалғыз атты адамды көреді. Мұндай жерде өзіне сенген батыр болмаса, жалғыз жүрмес еді. Мүмкін бұл мен

кездесуге зар болып жүрген Үргенші болар деп барса, айтқандай Үргенші болады. Бұлар көне таныстай аман-сәлемнен кейін бірі-бірін іздеп жүргендерін айтып дос болады. Екі батыр елге істеген ерліктерін бір-біріне баян етеді. Бұлар дос құда болады.

Бұхарбайдың әйелі ұл тауып, атын Таһир қояды. Үргеншінің әйелі қыз туып, атын Зухра деп қояды. Екі сәби бірін-бірі көрмесе, жылайтын болған соң оларды бірге бағады. Бұлар жиырма жасқа толғанда, той жасап үйлендіреді. Екі батыр солай мұратқа жетеді.

Басқы сөзі (1-б.):

وتە مەدە بۇقارباي باتىر مەن ۈرگەننىش باتىر دىگەن مەكى باتىر بولۇپتى

Соңғы сөзі (36-б.):

تاھير مەن زوحرا جينرما جاساقا كەلگەندە وتىز كون وين، قىرنوق كون توپىن جاساپ مەكى باتىر مۇراتقا جەتتى

Қолтаңбасы. Ахметұлы Мағзұм.

Қағазы, әріп-сиясы. Көк дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1946 жылы Көкшетауда жазылған.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 663 (ОҒК), 40-дәп.

46

Ш. 791 (ОҒК)

Б. 48; Ж. 20

9x25; 15x7

عابيدەن باتىر

Аталуы. عابيدەن باتىر Ғабиден батыр. (1-б.).


Авторы. اينزباقتۇلى ابدائقىت بىكتاسوف (Бектасов Абдақып Айызбахытұлы).

Аннотациясы. Ертеде мұхит елінде Боян деген арал елінің Сптлан атты патшасы болып, балаға зар болып күйіктен патшалық тағын тастап, жаһан кезіп кетеді. Бір сарайға кезігеді. Сарайда үш

қыз отырады. Бұлардың әңгімесі – үшеуі де Сптлан деген патшаға ғашық екенін айтады. Бұлар суға шомылады, Сптлан киімдерін қайтарып беріп: – Сен ғашық болған Сптлан менмін, егер мені сүйгендерің шын болса, мен сендердің үшеулерінді де әйелдікке алайын. Менімен бірге Боянға барындар, бір-бірінді күндемеңдер, – дейді. Сптлан өз еліне барған соң, бұрынғы әйелдерін қоя беріп үш пері қызын алады. Қырық күн тойын, отыз күн ойын жасайды.

Патшаның кіші әйелі Гүландаға ықыласы ауып кетеді, Гүланда жүкті болады. Ана екі әпкесінің өзегіне өрт кетіп, бұлар Гүланданы бір қайыққа салып қоя береді. Гүланда бір аралдағы елге барып тоқтап, сонда баласын босанып, атын Ғабиден қояды. Ғабиден мерген болып жүріп бір күні бір алып қарақұс бір аққуды ілгелі шүйілгенін көріп, қарақұсты атып өлтіреді. Аққу Ғабиденге “не талабың бар” десе, “еш талабым жоқ” дейді. Аққу бір тал қауырсынды беріп: – Осыны суға салып, мені шақырсаң мен келемін, – дейді. Үйіне келіп анасына айтса, анасы: – Қайта бар: “мен патша болғым келеді” де, – деген соң, Ғабиден аққуды шақырып анасы айтқан тілегін айтады. Аққу: “Қайта бер, талабың орындалады”, – дейді. Ғабиден қайтып келсе, салтанатты сарай, анасы алтын тақта отырыпты. Анасы Ғабиденге тағын беріп, бастан кешкен оқиғаны айтады.

Ал Сптлан патша үш-төрт жыл жорықтан қайтып келсе, Гүланда баладан қайтыс болды деп екі әпкесі Сптланды сендіреді. Бір күндер Сптлан керуенмен сауда жасап жүріп Ғабиден патша аралына келеді. Ғабиден Сптлан патша әкесі екенін біліп, өте жоғары мәртебемен қонақ етіп, барлық саудасын сатып алады. Сптлан патша еліне қонаққа шақырады, арасы 3 жылдық жол еді, Ғабиден аққуды шақырады. Аққу қанатын қалқ етіп, Ғабиденді ара етіп қоя береді. Сптлан еліне барған соң, Ғабиденді жақсылап күтіп алады. Патша Сптлан өзінің Гүланда жары туралы сырын айтады. Өз әкесі екендігіне көзі жеткен Ғабиден ара болып құбылып, әпкесінің көзін шағады. Әкесі Ғабиденге: – Әлемде бір керемет патша бар, оның бір сұлу су перісі қызы бар. Сен соны ал, – дейді. Ғабиден аққуға айтады, аққу қара дарияның үш жүз батырын шақырып: – Ғабиденге батыр боласың, – деп бұйырады. Ғабиден үш жүз батырмен су патша қызын алмақ болып жолға шығарда Ғабиден алдына аққу келіп бір сілкініп еді ай мен күндей сұлу перизат болды. Сұлулығын көріп Ғабиден естен тана ғашық болды,



сонда аққу сөйледі: “сен атқан қара қара бүркіт Қарадария деген батыр мені алмақ болғанда, сен атып өлтірдің. Сені сол күннен бастап сүйгенмін. Су патша дегеннің сұлу қызы мен боламын, енді екеуміз той жасаймыз, әке-шешенді табыстыр”, – дейді.

Ғабиден Сптлан патшаны шақырып Гүландамен табыстырып, өзі Аққумен той жасап, су перісінің де патшасы болып мұратына жетеді.

Басқы сөзі (27-б.):

منڭ بىر تۇن مول حيكاييا تولىپ جاتتىر،
تالايىن مۇننىڭ بولىپ جاتتىر.

Соңғы сөзі (48-б.):

قارىنانڭ ئقتلاسن سوكيەكزدم،
وسنمەنەن تامام ەتتىم پوەمانى.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. Көк дәптерге қара, көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1941 жылы жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 791 (OFK), 6-дәптер.

47

Ш. 669 (OFK)

П. 11; Б. 1-11; Ж. 19

18x9; 20x15

Dosan batyr

Аталуы. Dosan batyr Досан батыр

Жыршысы. Gangabylov Sattigul (Жанғабылов Сәттіғұл) (1876-1966) – Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауданынан. Сәттіғұл жастайынан батырлардың ерлігін жырлаған. Оның әртүрлі тақырыптарға жазған өлең, поэмалары бар. “Тоқсан

толғау” атты 1967 жылы шыққан жинағында “Досан батыр” жарияланды.

Аннотациясы. “Досан батыр” дастаны болған оқиғадан алынған. Патша үкіметінің 1869 жылғы ережесіне қарсы Маңғыстау түбегіндегі қазақтардың наразылығы сөз болады.

Жырдың авторы: “Досан ереуілі менің туып-өскен жерім Маңғыстауда болды. Досан батыр өлгеннен кейін, батырдың сүйегін Досан ереуіліне қатысқан әкем Жанғабыл жерлесіпті. “Зираты Маңғыстауда Қаратөбе деген жерде” деуші еді әкем”, – дейді. Адай елінің биі Байменбетті патша шақырып алып: “Елінді көндір, жерге салық төлесін, әйтпесе ықтиярсыз көндіремін”, – дейді. Адайлар Байменбеттің хабарынан қатты шошынса да, патша жарлығын орындаудан бас тартады, Хиуаға қарай аумақ болады. Дүрбелеңді басу үшін ояз Рукин шығады. Патша қысымына қарсы шыққандардың бірі Досан батыр қырық жігітімен Рукин қолымен кездесіп, “Ұшауыз”, “Шығанақ теңіз” деген жерлерде соғысады. Рукин оққа ұшады. Байменбет бастаған солдаттарды Досандар жойып жібереді. Ұрыстың арты қиынға айналады. Езілген ел Хорезмге ауады. Ломакин бастаған отряд тоғайды өртейді. Досан тоғайды тастап, Хиуа шаһарына барады. Досандар алты жылдай елмен байланыс жасай алмайды. Иса жолдасы да Досанды үгіттеп, көндіре алмай, өзі елге кетеді. Айнала қоныстың бәрі патшаға қарайды да, Досандар қолға түседі. Сот алдында да ерлігінен танбаған Досан үш ай түрмеде жатып, азаптан қаза табады.

Өлең құрылысы 7-8 буынды.

Басқы сөзі (2-б.):

Angime kenes bastaıyn,
Tarih qylp tastaıyn.

Соңғы сөзі (24-б.):

jetpъs jldan bergri,
Kөmulъ jatqan көmulъ.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін жолды дәптерге жасыл сиямен латын әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1939 жылы Маңғыстау ауданында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.

Ақауы. Қолжазбаның қате жерлері түзетілген.

Папкасы. 669 (ОҒК), 1-дәптер. Сәтгіұұл Жанғабылов шығармалары.

Нұсқалары. ОҒК қорының 426, 686, 669, 923 папкаларында Досан батыр туралы Ж.Қосназаровтың, І.Ұйықбаевтың, З.Бекарыстановтың, Жолмағамбетовтың, Смағұловтың, Б.Жақыпбаевтың жинағандары бар. ӘӨИ қолжазба қорының 241, 258 папкасында Байтілеуовтің, Жалмағамбетов Құдайбергеннің нұсқалары бар.

Библиографиясы. Досан батыр // Қазақ әдебиеті тарихы. 1-том, 2-кітабы. 245-бет. – Алматы, 1961; 1957; Қазақ ССР тарихы. 1-том, – Алматы, 427-бет. С.Жанғабылов. Толғау. – Алматы, 1967.

48

Ш. 325 (ӘӨИ)

П. 50; Б. 46; Ж. 18
20x29,1; 16,8x224

دوتان باتر

Аталуы. Дотан батыр (1-б.)

Авторы. Белгісіз.

Жинаушысы. قوزنباقوف باتر (Қозыбақов Батыр. Оның өмірі туралы дерек кездеспеді).

Тапсырушысы. 1960 жылы Қозыбақов Батыр институтқа тапсырған.

Аннотациясы. Құбаханның жалғыз ұлы Тотанға түсінде қайын жұртына баратын мезгіл жеткені, оның жарының есімі Күнікей, әкесі Шынтемір, жолы жеті айшылық екені туралы аян беріледі. Әкесі той жасап, баласын шығарып салады. Тотан жалмауыз кемпірге кездесіп, жемек болғанда Күнікейді әкеліп беруге уәде

етіп, босанып шығады. Жолда ғажайып күштерге ие серіктеріне кездеседі. Қайын жұртында Шынтемірдің шарты бойынша Еділ бойындағы Сахын деген қалмақтың ханын оған бағындырып береді. Серіктерінің көмегімен қызды алып, жалмауызды өлтіріп, еліне келеді. Құбахан үлкен той жасап, баласына хандығын береді.

Басқы сөзі (1-б.): بوليتى باي ده گن باي قوباحان ار قدا ەرتەدە وتە

Соңғы сөзі (46-б.): جەننەتتى مورائتئنا بولب باي سورئپ ومر جاقسى سويتپ

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Папкасы. Ш. 325 (ӘӨИ).

49

Ш. 98 (ӘӨИ)

П. 32; Б. 65; Ж. 21
25x28,5; 8,5x23

Дотан Құбақанбайұғлы

Аталуы. Қисса Дотан Құбақанбайұғлы.

Авторы. Белгісіз.

Жинаушысы. Шайхисламұлы Жүсіпбек (1857-1937) – ақын, ауыз әдебиетін жинаушы, баспагер. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында (Арыс ауданы, Қожатоғай ауылы), қожа әулетінде дүниеге келген. Жасында мұсылманша білім алған. Жүсіпбек Жетісуда тұрып, ел арасынан жыр-дастандар, айтыс үлгілерін т.б. жинап, редакциялап, Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасынан бастырып отырған.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Құбақанбайдың қырық ұлы, қырық қызы ел іздеп шығады. Жолда бір тоғайға түскенде, жалмауызға кездеседі. Жалмауыздың бұйрығымен кенже бала Дотан Күнікей қызды іздеп жеті жылдық жолға шығады. Жолда өзіне бірнеше серік табады, Қыз аулына барғанда, Күнікейді қалмақ ханына беру туралы келісім

болғанын естиді. Соғыста Дотан қалмақтарды жеңеді. Қыз әкесі уәдеден тайып, қызын ұзатқысы келмейді. Бірнеше сынақтардан сүрінбей өткен Дотан серіктерінің көмегімен қызды алып қашады. Бауырларына келіп, жалмауызды өлтіреді. Еліне оралып, ағаларын үйлендіру үшін тағы да ел-жұрт іздеп шығады. Өз алдына жеке өмір сүріп жатқан қырық мың үйді шаппақ болған қалмақтарды жеңіп, сол елге Дотан хан болады. Қарамағындағы халықты өз еліне көшіріп әкеледі.

Дотан Күнікейдің еліне барғанда, қалмақ ханының қызды зорлықпен алғалы жатқанын естиді. Жауды жеңіп, достарының көмегімен Күнікейді алып қайтады. Жолда жалмауыз кемпірді де өлтіреді. Жыр соңында ағаларына қалыңдық іздеп, оқшау өмір сүріп жатқан бір елге келгенде, тұтқиылдан қалмақтар шабуыл жасайды. Дотан жауды жеңіп, сол елге хан болады.

Басқы сөзі (1- б.): Жарандар, сал құлағың тыңдап бізге...

Соңғы сөзі (65-б.): Жүсіпбектің бұ да бір салған ізі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға машинкамен басылған.

Библиографиясы. Батырлар жыры. 2-том. (145-213 бб.) – Алматы, 1961; Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. 52-том. / Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әзібаева Б., Ақан А. – Астана: Фолиант, 2008.

Папкасы. 98 (ӘӨИ).

50

Ш. 1307 (ОҒК)

Б. 1-28; Ж. 29

20x30; 19x25

Edige batyr

Аталуы. Edige batyr Едіге батыр (1-б.).

Аннотациясы. 1841 жылы жазылып алынған Шоқан нұсқасы, Едіге жырының қағазға ерте түскен үлгілерінің бірі. П.М.Мелиоранский жырдың Шоқан хатқа түсірген түпнұсқасын өзі алғы сөз жазып, кітап етіп шығаруы өте маңызды болды. Бұл басылымның маңызы мен құндылығы – жырдың ең көркем де,

толық нұсқасының тұңғыш жариялануында ғана емес, сонымен қатар жырдың тарихи шындықты елестету дәрежесі жөнінде, оның пайда болу, қалыптасу кезеңдері туралы айтылуы мен көркемдігінде. Шоқан нұсқасы Едіге туралы бар жырлардың ішінен көркемдігі, көлемі, көнелігі жағынан ең құндысы деп танылған. Ғылымда бұл жыр Шоқанның классикалық нұсқасы деп аталған (классический текст Валиханова).

Шоқан нұсқасында батыр әулие мен пері қызынан туады. Бұл – батырлар эпосына тән басты белгілердің бірі. Едіге түрлі дауларға әділ төре беруі арқылы елге танылады. Мұны естіген Тоқтамыс хан оны бала қылып алады. Ханның Гүлқаныс атты сұлу әйелі Едігеге ғашық болады. Едіге көнбеген соң екеуін араздастырады. Әйеліне сенген Тоқтамыс хан Едігеге қастандық ұйымдастырады. Едігеге қастандық ұйымдастырылғанда, оны сақтандыратын досы – Аңғысын. Ол Едіге ордадан қашарда тойдағы адамдардың аттарының үзеңгілерін киып қояды. Ашуланып кетіп қалған Едігенің соңынан Кенженбай т.б. қуып барады. Едіге Сәтемір ханның қызын қалмақ батыры Қабантиынның зорлықпен алып келе жатқанында кездесіп, қызды құтқарып аман-есен еліне алып барады. Сәтемір хан Едігеге тағын беріп, қызына үйлендіреді. Олардың Нұрадын атты баласы болады. Нұрадын әкесінің кегі туралы естіп, қол алып Тоқтамыс ханға аттанады. Едіге мен Нұрадынның кек алу үшін келе жатқанын естіген Тоқтамыс қашып кетеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Erte zamanda Baba Omar degen aulye bar eken.

Соңғы сөзі (28-б.):

Osynda bireuden bireuge miras bolyp kele jatqan soz.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ түсті кеңсе қағазына көк сиямен латын әрпінде машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Алматы қаласында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Қара сөз бен өлең аралас жазылған.

Папкасы. 1307 (ОҒК), 1-дәптер.

Қосымша мәліметтер. Дәптердің 1-ші бетінде: “Немецкий перевод Валиханова. Сделано, вероятно, в Алма-Ате во время войны” деп жазылған, соңына: “23.11.62. В.Жирмунский” деп қол қойылған.

51

Ш. 1307 (ОҒК)

Б. 28; Ж. 30
15x29; 12x24

Едіге батыр

Аталуы. Едіге батыр.

Жыршысы. Сенгірбайұлы Мұрын (Ол туралы мәлімет 18-сипаттамада бар).

Жинаушысы. Хакімжанова Мәриям (1906-1995) Қостанай облысы, Обаған ауданындағы Мезгіл дейтін жерде (Балғожа бидің немересі, Ы.Алтынсаринмен туыс) Хакімжан деген шаруаның семьясында туған. Қазақтың белгілі ақыны, 1934 жылдардан бастап Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, белгілі халық мұраларын жинаушылардың бірі болған.

Аннотациясы. Едігенің әкесі Құттықия белгілі құсбегі болады. Тоқтамыстың Қуқанат деген құсының бір жұмыртқасын Сәтемір ханға жасырын беріп жібергені үшін Тоқтамыс хан Құттықияны өлтіреді. Міне, осы тартыс көрінісі басқа нұсқалармен ұқсас болғанымен, Мұрын жырау нұсқасында елеулі өзгешеліктер де кездеседі. Солардың бірі – Едігенің әкесі Құттықияның хан әулетінен деп айтылуы. Ал тарихи Едігенің пайғамбар әулетінен де, хан тұқымынан да емес, ақыл-қайратының арқасында “қарадан хан” атанғанын білеміз.

Тоқтамыс Құттықияны өлтіргенімен қоймай, артында кек алатын кісі қалмасын деген оймен оның баласы Едігені де құртпақ болады. Сол кезде Жылқыбай атты адам Едігені жасырып, оның орнына өз баласын қияды. Жылқыбай есімі басқа нұсқаларда кездеспейді. Жылқыбайдың осындай ерлікке баруын Едігенің

ата-бабасын қадір тұтқандықтан, жақсының тұқымы жойылып кетпесін деген түсінігі екенін көреміз. Едігенің арғы тегін айтып беретін де Жылқыбай болып суреттеледі. Тағы бір айырмашылығы – жырдың басқа нұсқаларында Едігеге жолдас болып жүретін Аңғысын Тоқтамыстың қырық нөкерлерінің бірі екені осы нұсқада ғана айтылады. Сол сияқты Едігенің Тоқтамысты өлтіріп, оның орнына Жылқыбайды хан қоятыны, оған ханның үлкен қызын әперетін эпизод та басқа нұсқаларда кездеспейді.

Мұрын жырау нұсқасында Едіге қалмақтың Қанқожа деген ханымен, оның баласы Ағыбаймен және Тоғалай батырмен соғысады. Едігенің қасында ноғайлының батыры Айсұлы Ахмет серік болып жүрді. Жырда батырларды ерекше күштің иесі ретінде көрсету сияқты ертегілік сипаттар мол.

Басқы сөзі (1-6.):

Ертеде Тоқтамыс деген хан болыпты.

Соңғы сөзі (28-6.):

Ері елдің бірігіп,
Алған жері осы еді.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ұзынша сарғыш қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1942 жылы Алматы қаласында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 1307 (ОҒК), 4-дәптер. “Едіге батыр”. 1942.

Библиографиясы. Едіге // Батырлар жыры. 5-том. Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазғандар: О.Нұрмағамбетова, Қ.Сыдиықов. – Алматы: Жазушы, 1989. 70-96-беттер; Едіге // Едіге батыр. (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, жауапты шығарушы – С.Медеубеков. Ғылыми түсініктемелерін жазған – О.Нұрмағамбетова). – Алматы: Шега-тас, 1999. 137-166-беттер; Едіге // Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Батырлар жыры. 39-том. / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, П.Әуесбаева. – Астана: Фолиант, 2006. 129-161-беттер.

Ш. 949 (ӘӨИ)

П. 60; Б. 119; Ж. 39
17x20; 9x19**Мәулімнияз – Едіге****Аталуы.** Мәулімнияз – Едіге.

Жыршысы. Кенжеғұлұлы Нұртуған (1887-1930). Бұрынғы Қазалы уезі, Қамыстыбас болысы, Аманөткел ауылында (Қазіргі Қызылорда облысы, Арал ауданы) туған. Нұртуған 23 жасынан бастап өлең шығарған, ол үш жүздің шежіресіне қанық адам болған. “Орақ – Мамай”, “Қарасай – Қазі”, “Едіге”, “Әмір – Темір көреген” және “Қобыланды батырды” жырлаған. Нұртуған жырын Дәріғұл деген жазушы 1928 жылдары жаттап айтып таратқан.

Жинаушысы. Тұрғанбаев Асқар – филология ғылымдарының кандидаты, фольклортанушы. Студент кезінде “Едіге батыр” жырын жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырған.

Аннотациясы. Мәулімнияз түсінде бір сұлу қызды көріп, ғашық болады. Сол қызды іздеп шығу үшін пірінен ұлықсат, бата сұрайды. Пірі батасын беріп, Мәулімнияз қызды іздеп кетеді. Жолда көлге қонғалы жүрген үш куды көреді де, шөптің арасына жасырынып қалады. Қулар көлге қонып, қыздар кейпіне түсіп суға түседі, ал Кенжекей болса суға түспейді. Екі апасы “неге суға түспейсің” деп сұраған соң Кенжекей де суға түседі. Мәулімнияз шалғын шөптердің арасымен жасырынып келіп, қыздардың киімін алып қалады. Мәулімнияз Кенжекейдің апаларынан: “Түсімде көрген ашық жарымды беріңдер”, – деп өтініш қылады. Енді үш қыз ойланып киімдерін бермейтінін біліп, Кенжекейді бермекші болады. Екі апасының біріншісі: “үйге дыбыстамай кірме”, екіншісі: “тамақты аяққа құйып жатқанда, назарыңды салып қарама”, үшіншісі: “қасыңа жатқанда әйелім деп тұла бойын сипама” деп үш тапсырма береді де, ұшып кетеді.

Еліне келіп бес-алты ай отасқаннан кейін Мәулім сертті бұзып қояды. Бұған ашуланған Кенжекей: “Менде алты айлық

бала кетіп барады, тоғыз жолдың тоғысқан жерінде зәулім терек болады, соның басына баланды тастап кетемін”, – дейді де, ұшып кетеді. Мәулім Кенжекейдің соңынан қуғанымен, ол қарамай кете береді. Мәулімнияз Кенжекейдің айтқан жерінен баласын тауып алып, өзі асырай алмайтын болған соң, Тоқтамыстың құсбегіне апарып береді. Құсбегі үлкен той жасап, баласының есімін Едіге деп қояды. Сәтемір хан құсбегінің балалы болғанын естиді. Түктіаяқтың бір балапанына зар болып жүрген Сәтемір: “Едігемен қатар туған қызым бар, аты – Қағаз. Екеуіміз құда болайық, сенің балаңа қалыңмалсыз қызымды берейін, сен тек Түктіаяқтың бір жұмыртқасын бер”, – деп хат жазады. Құсбегі Түктіаяқтың бір жұмыртқасын береді. Енді Сәтемірдің құсының хабарын Тоқтамыс естиді. Тоқтамыс: “Құсбегіні әйелі, баласымен дарға ас!” – деп әмір етеді. Құсбегінің інісі Құтты би өз баласын ағасының баласының орнына салып, “ағамның көзі қалсын” деп Едігені аман алып қалады. Едігені Құбыл атандырады. Сөйтіп жүргенде, Құтты би әйелімен дүние салады. Едіге жетім қалып, әр үйдің қойын бағып жүріп 12-ге келеді. Құбыл бірнеше дауға әділ төрелік беріп, елге танылады. Құбылдың әділ төрелік бергенін естіп, Тоқтамыс Құбылды бала қылып алады. Баланың өгей шешесі баласына ғашық болады. Бала көнбеген соң, оған қастық ойлап әкесін қарсы қояды. Әйеліне сенген Тоқтамыс баласын өлтірмекші болады. Досы Аңғысын сақтандырып аман алып қалады. Тоқтамыс ойлағанын орындай алмаған соң, Сыпыра жыраудан ақыл сұрайды. Сыпыра жыраудың ақышымен кетіп қалған Құбылды қайтармақшы болып, ізінен бірнеше адам мен Кенжеңбайды жібереді. Едіге қайтпай, әрі қарай жүре береді. Ол бір елге кез болып, қалмақтың Қабантиын деген батырының елді шауып, Сәтемірдің қызы Қағазды алып кеткенін естиді. Қағазды құтқарады. Сәтемір тағын беріп, Едіге хан болады. Қағазға үйленеді. Нұрадын атты баласы болады. Нұрадын Тоқтамыстан кек алуға аттанады. Тоқтамыс қашып кетеді.

Бұл нұсқада да “Едіге” атына байланысты нұсқалардың оқиғалық желілері сақталғанымен, оның сюжетінде өзіндік ерекшеліктері де бар. Олар: Едігенің әкесі Мәулімнияз жастай жетім қалып, Баба Түкті Шашты Тәжі деген әулиенің қолында тәрбиеленуі; Едігенің орнына өз баласын құрбан ететін адам Құттықияның інісі Құтты би болуы; Едігенің жолдасы Аңғысынның қатардағы көптің бірі болмай, ақын деп сипатталуы т.б.

Басқы сөзі (3-б.):

Ассалаумағалайкум,
Әзіреті пірім-ай!

Соңғы сөзі (122-б.):

Тоқтамыс еді дұшпаның,
Әскермен қашты бөлініп ...

Қолтаңбасы. Асқар Тұрғанбаевтікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1987 жылы Д.Жолымбетовтың дәптерінен студент Асқар Тұрғанбаев көшірген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 949 (ӘӨИ), 1-дәптер. “Едіге”.

Библиографиясы. Мәулімнияз–Едіге // Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Батырлар жыры. 39-том / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, П.Әуесбаева. – Астана: Фолиант, 2006. 161-308-беттер.

53

Ш. 1029 (ӘӨИ)

П. 205; Б. 410; Ж. 18.
17х20; 15х18

Едігенің қиссасы

Аталуы. Едігенің қиссасы.

Жыршысы. Кенжегүлді Нұртуған (Ол туралы мәлімет алдыңғы сипаттамада бар).

Жинаушысы. Келімбетов Ақанжан.

Аннотациясы. Бұрынғы өткен заманда пайғамбардан соң 300 жылда бір Едіге деген би өтіпті. Тұрған жері Шертімін деген жер екен. Елі – ноғайлы. Ноғайлы халқы Стамбулдан айрылғанда,

осының үшінші әулие атасы Бабанияз деген адамды ортамызға пір қыламыз деп ала шыққан екен. Нияз деп ол кезде бір керемет адамды айтады екен. Бұл Бабанияздан жалғыз бала Сұлтанияз, ал одан Қыдырнияз, мұнан бір бала Мәулімнияз қалған. Мәулімниязды сол заманда Баба Түкті Шашты Әзіз тәрбиелеп, 25 жасқа толғанша соның қолында жүреді. Олар ол кезде Тоқтамыс ханның қол астында болған екен деп басталады да, әрі қарай № 52-сипаттамадағы нұсқасымен ұқсас болып келеді. Ал жырдың соңғы бөлігіне бертіңгі заман оқиғалары қосылып кеткен.

Басқы сөзі (1-б.):

Бұл Едіге деген сөзді Кіші жүзге жайған Абдулла деген адам екен.

Соңғы сөзі (410-б.):

Бар деп еді дүнияда ...

Қолтаңбасы. Келімбетов Ақанжандікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың дәптерге көк, қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 1989 жылы 11 қазанда жазып алынған.

Папкасы. 1029 (ӘӨИ), 1-4 дәптерлер. “Едігенің қиссасы”.

Едіге батыр эпосы

Аталуы. Едіге батыр.

Жыршысы. Қылышұлы Қартбай — белгілі жырау. Бұрынғы Қарақалпақ АССР-і, Қоңырат қаласының тұрғыны.

Фольклортанушы Қ.Саттаров пен студент Ж.Әбдрахманова 1984 жылғы “Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиетін жинау” экспедициясы кезінде Қ.Қылышұлынан “Едіге батыр” эпосын жазып алған.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі (1941-1995) – филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан фольклорлық-этнографиялық экспедицияларды басқарған. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинап М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорына тапсырған.

Экспедициясы. 1984 жылғы “Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиетін жинау” экспедициясы.

Аннотациясы. Бұрынғы өткен заманда, Хорезмнің жұртында Тоқтамыс деген хан өмір сүрген екен. Ол ханның мекені Қоңырат қаласы болыпты. Ханның қарауында 40 мың үйлі қоңырат, 40 мың үйлі қыпшақ, 40 мың үйлі қаңлы, 40 мың үйлі жәуміт, 40 мың үйлі шаудыр, 10 мың үйлі үйсін, 10 мың үйлі найман болған екен.

Тоқтамыс ханның құзырындағы тоқсан бидің бірі Тұлымби кожа перзентсіз болып, әйелі Наубахармен туған елінен қуылып, жапа шегіп, ел кезіп кетеді. Тұлымбиге ағаш басындағы ғайыптан туған баланы Гүлнахал атты күні тауып береді. Баланың атын Рахымберді қояды. Асық ойнап балаларды алдап ұтып алып жүрген Қықымтас атты баланың қорқып, “едік-едік” деп қашқаны үшін Рахымбердінің аты Едіге боп кетеді. Едігенің даңқын естіген Тоқтамыс хан оны өз құзырына алады.

Тұлымбиге қастық ойлаған адамдар Едігенің де көзін жоюды ойластырады. Едігені Төке кәпір еліне жұмсайды. Едіге жауды жеңіп, Төке ханның қызына үйленеді.

Бұл нұсқада батырлық ертегінің элементтері жиі кездеседі. Олар: перзентсіздік, болашақ батырдың ғажайып тууы, оның тез жетілуі, оған қастандық жасалуы, батырдың жауын ерлікпен жеңіп, ерлікпен үйлену т.б. Мұндай мотивтер “Ер Сайын”, “Алпамыс” т.б. ертегі, жырларда кездеседі.

Аталған жырдың жоғарыда аталған кейбір өзгешеліктерімен қатар “Едіге” туралы жырдың басқа нұсқаларымен сарындас келетін тұстары да бар. Мысалы, Едігенің Түкті Әзіз бен перінің қызы Шашты Әзізден тууы; Шашты Әзіздің (Едігенің шешесі) үш

шартын бұзғаны үшін Едігені туып, ағаш басына іліп кетуі сияқты эпизодтар. Бұл жердегі айырмашылық әулие мен пері қызының қонысы Хорезм деп аталуында.

Басқы сөзі (3-б.):

Бұрынғы өткен заманда Хорезмнің жұртында Тоқтамыс деген бір хан болған.

Соңғы сөзі (122-б.):

Едіге Айсұлумен бақытты жасап мақсаттарына жетеді.

Қолтаңбасы. Әбдрахманова Жәмиләнікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1990 жылы Ташкент қаласы, Ілтифат көшесі, 95-үйде Қартбай Қылышұлының айтуынан жазылып алынған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 920/46 (ӘӨИ), “Едіге батыр эпосы”.

Библиографиясы. Едіге батыр эпосы // Едіге батыр. Алғы сөзін жазған – Р.Бердібаев, жауапты шығарушы – С.Медеубеков. – Алматы, 1996. 290-351-беттер; Едіге батыр эпосы // Едіге батыр (Алғы сөзін жазған – Р.Бердібаев, құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған – О.Нұрмағамбетова). – Алматы: Шеге-Тас, 1999. 352-442-беттер; Едіге батыр эпосы //Бабалар сөзі. 39-том. / Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, П.Әуесбаева. – Астана: Фолиант, 2006. 308-387-беттер.

55

Ш. 852 (ӘӨИ)

Б. 48-57; Ж. 16

18x21; 10x12,5

منرزا ەدنگە باتىر

Аталуы. منرزا ەدنگە باتىر Мырза Едіге батыр (1-б.).

Жинаушысы. ابوباکتر ديواف (Диваев Әбубәкір. Ол туралы мәлімет 30-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Бұрынғы өткен заманда бір бай болыпты. Өзі дәулетті, кеменгер, керемет әулие адам екен. Өзінің неш перзенті болмапты. Тек біреудің ұлын, біреудің қызын көрсе іші күйіп, “Менде де осындай перзент болса, арманым болмас еді” деп жүреді екен.

Күндердің күнінде жер жүзіндегі әулие-әнбиелерден түк қалдырмай әуелі Құдайдан, екінші Пайғамбарлардан жәрдем сұрап ұйықтап қалса, бір түс көреді. Түсінде: “Әй, балам, тұр, жатпа, Құбыла жаққа қарап жүре бер” деген әуез естіледі. Түс көргеннен кейін-ақ тоқтаусыз мал-жанды тастап: “Бір Құдай, өзін оңда” деп кете береді. Бір бұлаққа келеді. Қонайын деп қалықтап ұшып жүрген үш аққуды көреді. Бай: “Бұл ұшып жүргендер әлде перінің қыздары шығар, не де болса мұның мәнісін білейін”, – деп, жасырынып қалады.

Үш аққу қызға айналып, суға түсе береді. Бұл олардың киімдерін жасырып қалады. Қыздар киімін ала алмайтын болған соң, “біреуімізді танда” дейді. Бай Кенжекей сұлуды тандайды.

“Бұл Кенжекей сұлу енді сіздің әйеліңіз болды. Сіз бұның басына, һәм өкпесіне көз салып қарамаңыз”, – дейді де, екеуі ұшып кетеді. Бай сертті бұзып қояды. Оған ренжіген Кенжекей: “Ішімдегі тоғыз айлық бір еркек балаңыз бар, ол сізге аманат, сол аманат балаңызды тоғыз жолдың тоғысқан жерінен тауып аларсыз”, – дейді де, ұшып кетеді. Бай баланы тауып үйіне алып келеді. Келген соң бір кемпірге тапсырады да, өзі жаһан кезіп кетеді. Бала өсіп, ержете бастағаннан кейін малға сақ болып, қой жайып жүретін болады. Баланың нәсілі – пері. Есімі Едіге еді. Едіге қой бағып жүргенде, бірнеше әділ төрелік жасайды. Баланың қылған биліктері барша халыққа мәлім болады. Тоқтамыс Едігені бала қылып алады. Тоқтамыстың әйелі баласына ғашық болып, көнбеген соң, әкесімен араздастырады. Едігеге қастандық ойластырылады. Оны досы Аңғысын айтып қояды. Едіге батыр бұл елден құтылғаннан кейін, Сәті ханның жұртына қарап жол шегеді. Едіге Сәтемір ханды іздеп келгенде, ол уәзірлерінің азғыруымен Едігенің әйеліне ғашық болады. Батырдың көзін жою үшін қиын сапарға жұмсайды. Едіге әйелінің ақылымен аман қалады. Бұл эпизод “Жалшы бала”, “Бақыт іздеуші патша” және “Түс сатып алған Тазша” ертегілерімен сарындас

болып келеді. Мұнда Едігенің алғашқы жауы Тоқтамыс болса, кейін Сәтемір де дұшпан болып шығады.

Бұл нұсқаның кейбір айырмашылықтары болғанымен негізгі сюжет желісі Едіге жайындағы белгілі жырлармен ұқсас.

Атап айтқанда, Едіге Тоқтамыстың құзырында жүргенде екеуінің араздасуына себепкер – ханның сұлу әйелі (Шоқан, Нұртуған, Қалқа Жапсарбаев нұсқаларында кездеседі). Әртүрлі дауларға төрелік беруі арқылы танылуы (Шоқан, Нұртуған нұсқаларында), жырдағы перзентсіздік мотиві қарақалпақ нұсқасында бар.

Басқы сөзі (48-б.):

بورنعي وتكن زاماندا بنر بای بولنپتی

Соңғы сөзі (57-б.):

ئۇسۇندا بنر مودمن بنره وگه ميراس بولنپ كەله جاتقان سۆز

Қағазы, әріп-сиясы. Фотокөшірме. Кеңсе қағазына қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 852 (ӘӨИ), 4-тізім. Мырза Едіге батыр.

Қосымша белгілері. Қолжазбаның біраз беті сызылған.

Библиографиясы. Мырза Едіге батыр // Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Издание Сыр-Дарьинского статистического комитета. Т.5. Под редакцией и.п. Секретаря Комитета И.И.Бейсера. – Ташкент. 1896. С. 12-33; Мырза Едіге батыр // Батырлар. Жетінші жинақ. – Ташкент: Түркістан республикасының баспасөз шығарушы мағамы, 1922; Мырза Едіге батыр // Едіге батыр (Алғы сөзін жазған: Р.Бердібаев, жауапты шығарушы – С.Медеубеков, түсініктемелерін жазған – О.Нұрмағанбетова). – Алматы: Ғылым, 1996. – 118-133-бб.; Мырза Едіге батыр // Едіге батыр (Алғы сөзін жазған – О.Нұрмағанбетова). – Алматы: Шеге-Тас, 1999. – 116-131-бб.; Мырза Едіге батыр // Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Батырлар жыры. 39-том. / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, П.Әуесбаева. – Астана: Фолиант, 2006. – 45-60-бб.

Edige – Nuran

8

Аталуы. Edige – Nuran (Едіге – Нұран).

Жыршысы. Жапсарбаев Қалқа (1886-1973) – Талдықорған облысы, Киров ауданы, Мұқыр селосында туып-өскен дарынды ақындардың бірі. Ол жастайынан той-думандарда домбыра тартып, ән салып, ақындық жолға түскен. Ел арасына кең тараған ертегі-жырларды, атақты Бақтыбай, Қабан ақындардың өлеңдерін жаттап, кейіннен жаздырып, әдебиет қорына тапсырды. Кеңес дәуірінде бірнеше өлең жинақтары жарық көрді. Айтыстарға қатысқан. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

Жинаушысы. Elikbaev Jasbala (Елікбаев Жасбала) (1886-1976). Талдықорған облысы, Киров ауданы, К.Маркс атындағы колхозда туып-өскен. СССР Жазушылар Одағының мүшесі. “Қалқаның әні”, “Жайқоңыр” т.б. көптеген әндер шығарған. “Орақ батыр”, “Дана қыз”, “Тұрымбет туралы” аңыз, дастандары көпке мәлім. Шығармалары жинақтарда бастырылды.

Аннотациясы. Ертеде Есім деген зорлықшыл хан болады. Едігенің татымын білген ол “түбінде осы бала хандыққа таласар” деп қорқып, алдын ала қамданады. Көрші елдің Мұхтар деген ханының ағасы өлгенін естіп, “Ағана салған азам, – деп, – Алакөлдің жағасында бөлек жатқан 500 үйді шауып ал” деп хат жазады. Мұхтар ханның қолы сол елді шауып алады. Едіге көп адамдармен бірге тұтқынға түседі. Едігенің ерекшелігіне көзі түскен Мұхтар хан Едігені той жасап, бала қылады. Ханның жас әйелі Жамал Едігеге ғашық болып, екеуін араздастырады. Едігеге қастандық ұйымдастырылады. Оны Едігеге досы Аңғысын айтып, сақтандырады. Едіге өз еліне келіп, әкесі Нұран мен шешесі Өсемді құлдықтан босатып, Есім ханды өлтіреді. Орнына басқа хан сайлайды. Кейін Мұхтар ханның елін шауып, басын алып, орнына Аңғысынды хан қояды. Өзі екі елдің батыры атанады.

“Едіге – Нұран” жырының өзіндік даралығымен бірге басқа нұсқаларға ұқсас сарындары да бар. Мәселен, Едігені Мұхтар ханның той жасап, бала қылып алуы; Едігеге қастандық

ұйымдастырылуы; оны Аңғысынның сақтандыруы; ашуланып хан үйінен кетіп қалған Едігенің соңынан Кенжембайдан қуып баруы т.с.с. Осындай ұқсас сарындары бола тұра жырдың басталуы, сюжет желісінің дамуы, аяқталуы жырдың басқа нұсқаларына мүлдем ұқсамайды.

Басқы сөзі (1-б.):

Al soylesin til men jaq,
Tynlasyn halqym qulaq sar.

Соңғы сөзі (88-б.):

Osъ olendi aitqanda,
Bolusъ edi habar da.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Шақпақты дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1939 жылы жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 687 (ОҒК), 9-дәптер. “Едіге – Нұран”.

Библиографиясы. Едіге – Нұран //Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Батырлар жыры. 39-том. / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, П.Әуесбаева. – Астана: Фолиант, 2006. – 67-113-беттер.

57

Ш. 1307 (ОҒК)

Б. 6; Ж. 18
17x21; 16x19,5

Er Edige

Аталуы. Ер Едіге.

Жинаушысы. Ахметов Ғабит (Оның өмірі туралы дерек кездеспеді).

Аннотациясы. Бұл әңгімеде Едіге су перісінің қызынан туған Баба Түкті Шашты Әзіздің баласы болады. Су перісінің қызы Баба Түкті Шашты Әзізге менің айтқан сертімді орындамадың деп, екіқабат кезінде кетіп қалады. Баланы туғаннан кейін су жағасына тастап кетеді. Оны Баба Түкті Шашты Әзіз тауып алып Тоқтамысқа әкеліп береді. Тоқтамыс өзінің бір құсбегіне береді, ол Едігені тәрбиелеп өсіреді. Едіге жасынан білгіш, айлакер болады. Тоқтамыс өзі алып асырайды. Едігенің әруағы ханның әруағынан басым болады. Хан бұның көзін құртуды ойлайды. Мұны сезген Едіге қасына жолдастарын ертіп жүреді. Сәтемір ханның елін жаулап, қызын әкеткелі жатқан қалмақты өлтіріп, қызды Сәтемірге әкеліп береді. Одан бір баласы болады. Кейін Едіге баласымен келіп, Тоқтамыстан кегін алады. Өзі хан болып, барша мұратына жетеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Bir kuni Baba Tukti Sactъ Aziz degen adam su jaqqa keledi.

Соңғы сөзі (6-б.):

Sonan Edige bay bolъp barca muratъna jetedi.

Қолтаңбасы. Ғ.Ахметовтікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көз дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1941 жылы жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. 1307 (ОҒК), 6-дәптер.

58

Ш. 1307 (ОҒК)

Б. 30; Ж. 20
15x21; 13x18

Edige batъrdъn angimesi

Аталуы. Edige batъrdъn angimesi (Едіге батырдың әңгімесі).

Жыршысы. Omirzakov Ayakesh (Өмірзақов Аякеш). Ол: “Бұл әңгімені бөкейліктің атақты тарихшысы Жарас деген қарттан есіттім”, – дейді.

Жинаушысы. Bihanov Nasimolla (Биханов Насимолла. Оның өмірі туралы дерек кездеспеді).

Аннотациясы. Ертеде Тоқтамыс деген хан болады. Оның он екі бii, Ебесей атты құсбегі болады. Он екі бидің бірі Баба Түкті Шашты Өзіз екен. Ебесей түп аталарының қарызы үшін Сәтемірге Қара шұбар атты құстың бір жұмыртқасын бергені үшін дарға асылады. Сиқыршылар арқылы Едіге есімді батырдың дүниеге келетінін білген хан, сол жылы туған балалардың бәрін қырғызады. Баба Түкті Шашты Өзіз өз баласын беріп, Едігені аман алып қалады. Едіге зерек болып өседі. Едігеге қастандық ұйымдастырылғанда, Баба Түкті Шашты Өзіз айтып, сақтандырады. Едіге әкесі Ебесейдің аян беруімен Сәтемір еліне аттанады. Жолда қалмақтың Қорғасын есімді батырын өлтіріп, ханның қызын құтқарады. Кейін Сәтемірден қол алып, Тоқтамыстан кегін алуға келгенде, іште қалған баласы Нұрадынмен (Итбай) табысады. Екеуі Тоқтамыстан кек алуға аттанады. Нұрадын Тоқтамыстың басын алады. Едіге мен Нұрадынды Кенженбай араздастырады. Әкелі-балалы екеуі тағуласып келе жатқанда, оларды Тоқтамыстың адамдары өлтіреді.

Басқы сөзі (1-б.):

Ertede Toqtamys degen han boldy. Hannyn on eki bii boldy.

Соңғы сөзі (30-б.):

Toqtamys hannyn nasilderi ekeuin de oltirgen deydi.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен, қарындашпен латын әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылы жазылған.

Папкасы. 1307 (ОҒК), 7-дәптер. “Едіге батырдың әңгімесі”.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, тігілген.

Ақауы. Қолжазба тоза бастаған.

Библиографиясы. Едіге батырдың әңгімесі // Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Батырлар жыры. 39-том / Құрастырып, ғылыми

түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, П.Әуесбаева. – Астана: Фолиант, 2006. 113-129-беттер.

59

Ш. 204 (ОҒК)

Б. 15; Ж. 33
16x20; 15x19

Едіге (Құбыл)

Аталуы. Едіге (Құбыл).

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Мұнда Едігені Құбыл деп атайды. Әңгіменің кейбір жерінде Едіге деп те кетеді. Едігенің әкесі Мәулімнияз, шешесі перінің қызы Кенжекей болады. Құбыл Тоқтамыс ханның қоластында өседі. Тоқтамыс Құбылдың күштілігін біліп, әйелінің азғыруымен оны өлтірмекші болады. Құбылға бір жолдасы: “Сені Тоқтамыс хан өлтірмекші”, – дейді. Құбыл ешкімге ұстатпай қашады. Артынан Тоқтамыстың батырлары барып, олардың күші жетпей, өздері қорқып қайтып кетеді. Құбыл Сәтемір ханға кетеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Атамыз үш әйел алыпты, үлкенінің аты – Ноғай. Сол Ноғайдан туған баланың атын Ноғай деп қойыпты.

Соңғы сөзі (15-б.):

Едіге екенін біліп ауылға қайтты.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптер және кеңсе қағаздарына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Шығарма әр бетке қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тыстатып, тігілген.

Папкасы. 204 (ОҒК), 1-дәптер. “Едіге (Құбыл)”.

Ш. 920/37 (ӘӨИ)

П. 72; Б. 1-72; Ж. 30
21x30; 10x25**Едіге батыр****Аталуы.** Едіге батыр (34-б.).**Жыршысы.** Бейсенбаев Тұрлан – Қарақалпақ АССР-і, Қоңырат қаласының тұрғыны.**Жинаушысы.** Саттаров Қыдырәлі (Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада бар).**Аннотациясы.** Мазмұны Нұртуған нұсқасымен бірдей. Жыр аяқталмай қалған, Едігенің Тоқтамыс ханның құзырынан кетуімен аяқталды. Жалғасы жоқ. Бейсенбаев Тұрлан Нұртуған жырлаған эпосты жетік білген және сол нұсқаны өз ортасында ешбір өзгеріссіз жырлап таратқан деген қорытындыға келдік.**Басқы сөзі (1-б.):**Ассалаума әлейкум,
Әзіреті пірім-ай!**Соңғы сөзі (72-б.):**Біздің үйге қонып кет,
Ертең ерте жүрерсің.**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1987 жылы шілде айында Қоңырат қаласына жақын Алтынкөл поселкісінде белгілі жырау Тұрлан Бейсенбаевтың айтуынан жазылып алынған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.**Папкасы.** 920/37 (ӘӨИ). “Едіге батыр”.

Ш. 920/49 (ӘӨИ)

П. 91; Б. 34-125; Ж. 28.
21x30; 12x25**Едіге батыр****Аталуы.** Едіге батыр.**Жинаушысы.** Филология ғылымдарының докторы Қыдырәлі Саттаров пен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нысанбай Есқазиев.**Аннотациясы.** Мазмұны Нұртуған нұсқасымен бірдей. Жыр аяқталмай қалған.**Басқы сөзі (34-б.):**Ассалаума әлейкум,
Өзіреті пірім-ай!**Соңғы сөзі (125-б.):**Бәрі сенің малайың,
Қызметінді біз қылдық.**Қолтаңбасы.** Есқазиев Нысанбайдікі.**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1989 жылы 15-25 мамыр аралығында Қоңырат ауданы, Раушан совхозының тұрғыны Алланазаров Төребайдың қолжазбасынан жазып алған.**Папкасы.** 920/49 (ӘӨИ). “Едіге батыр”. 1989.

Ш. 1307 (ОҒК)

Б. 14; Ж. 39
11x36; 9,5x33

منزلا دنگه مەن حان توقتامنس حىكاياتى

Аталуы. منرزا ەدىگە مەن خان توقتامىس حىكاياتى. Тоқтамыс хан мен Едіге мырзаның хикаяты (1-б.).

Жыршысы. نزم قابىتوف (Қабетов Ізім. Оның өмірі туралы дерек кездеспеді).

Жинаушысы. А.В.Васильев – шығысты зерттеуші ғалым, белгілі ориенталист, профессор, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған. Оның “Образцы киргизской словесности”, “Киргизские сказки”, “Образцы киргизской народной поэзии”, “Киргизские загадки”, “Образцы киргизской народной словесности”, “Киргизская песня о трех молодцах” т.б. зерттеу еңбектері бар.

А.В.Васильев өзінде сақталған көптеген қолжазбаларды, Әбубәкірдің, басқа ақындардың да өлеңдерін, айтыстарын, жырларын т.б. Ұлт мәдениеті институтының фондысына 1935-1936 жылдары тапсырған.

Аннотациясы. Бұл нұсқа да Едіге туралы жырларға ұқсас. Жыр сюжеті Едігенің әулие атасынан басталады да, Едіге мен Тоқтамыс арасындағы тартыс суреттеледі. Мәселен, Едігенің түрлі дауларға әділ төрелік етуі; Тоқтамыстың Едігені асырап алуы; екеуінің араздасуына ханның сұлу әйелі себеп болуы; Едігеге қастандық ұйымдастырылуы, оны Аңғысынның сақтандыруы; Едігенің үйінен кетіп қалуы; Едігенің соңынан Кенженбайдың қуып бару т.б. сарындарды баяндаудан тұрады.

Басқы сөзі (1-б.):

ارزون حارازون نارين جنرئ...

Соңғы сөзі (14-б.):

قاتەسى بولسا سنزدەن وتئەمئ.

Қағазы, әріп-сиясы. Ұзынша сары қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропалық цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Тапсырылған уақыты. 1935 жылы А.В.Васильев тапсырған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен тысталған.
Папкасы. 1307 (ОҒК), 5-дәптер.

63

Ш. 1029 (ӘӨИ)

П. 61; Б. 131; Ж. 34
17x20; 9,5x18

Едіге

Аталуы. Едіге. (1-б.).

Жыршысы. Жалғасұлы Ізжан. Ол Жәмет жыраудан естіп, жаттаған.

Жинаушысы. Жалғасұлы Ізжан. (Оның өмірі туралы мәлімет кездеспеді).

Аннотациясы. Мазмұны Нұртуған жырлаған жырмен бірдей. Жыр аяқталмай қалған.

Бұл нұсқада Мәулімнияздың түсінде бір сұлу қызды көріп ғашық болуы; қызды іздеп шығуы; Кенжекейге үйленуі; Кенжекейдің шартын орындамауы; Мәулімнияздың Кенжекей айтқан жерден баласын тауып алуы; баланы Тоқтамыстың құсбегіне апарып беруі; құсбегінің Едігені Тоқтамыстың қолына түсірмей аман алып қалуы т.б. баяндалады.

Басқы сөзі (1-б.):

Ассалаума әләйкум,
Әзірет сұлтан пірім-ай.

Соңғы сөзі (131-б.):

Қалайын десе тіл алмай,
Амалсыздан ел жүрді.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көзді қалың дәптерге көк, қызыл сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропалық цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1945 жылы жазылған.
Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 1029 (ӘӨИ), 5-дәптер. “Едіге”.

64

Ш. 1029 (ӘӨИ)

П. 51; Б. 111; Ж. 34
20x30; 11x27

Едіге дастаны

Аталуы. Едіге дастаны (1-б.).

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Жырдың мазмұны Нұртуған нұсқасымен бірдей. Жыр Едігенің Қабантиынды өлтіріп, Сәтемір еліне келіп, хан тағына отыруымен аяқталады. Шығарма аяқталмай қалған.

Басқы сөзі (1-б.):

Ассалаумағалейкум,
Өзіреті пірім-ай!

Соңғы сөзі (111-б.):

Жар салып жина елінді,
Азамат, жақсы ерінді.

Қолтанбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ұзын жолды журналға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 1029 (ӘӨИ), 6-дәптер. “Едіге” дастаны.

Ш. 1443 (ОҒК)

Б. 2; Ж. 35
20x30; 18x25**Edige bi****Аталуы.** Edige bi. (Едіге би).**Жинаушысы.** Gabitova Fatima (Ғабитова Фатима) (1903-1968)

– Талдықорған облысындағы Қапал селосында туған. Көп жылдар қазақ мектептерінде ұстаздық қызмет атқарған. Сонымен қатар ол қазақ ауыз әдебиетінің жанашыры ретінде 20-шы жылдардан бастап өзінің жұбайы, атақты қазақ ақыны Ілияс Жансүгіровпен бірге әртүрлі жанрадағы нұсқа-үлгілерді жинаған. Әсіресе Ә.Диваев еңбектерін сақтап, кейінге жеткізуде Ф.Ғабитованың сіңірген еңбегі зор.

Аннотациясы. Жәнібек ханның хан күнінде жалғыз ұлы өліп, хан басын көтермей үш күн жатыпты. Ешкім ханды тұрғызуға бата алмайды. Ханның бәйбішесі: – Бұл енді өледі ғой, бұны тұрғызатын ақыл табындар, – дейді. Жұрт жиналып, ақылдасып: “Мұны тұрғызса Едіге би тұрғызар” деп ақылдасады. Едіге келген соң, жұрт: “Мына хан өлетін болды, осыны сіз тұрғызыңыз”, – дейді. Сонда Едіге: “Бір-екі жігіт барып төбелессін, төбелеске хан шыдап жата алмас, тұра келер, сонда “мен қайғыланып жатқанда, неге төбелесесіңдер?” дер. Сол уақытта сендер былай дендер: “біреуің менің бір алтыным жоғалып еді, соны мына жігіт тауып алған екен, сұрасам бермейді дерсің”.

Екі жігіт барып ханның тұсында төбелесе бастайды. Бірін бірі боқтап, айғай салып, ханның мазасын алады. Сонда хан: “Бұлар кім? Мен қан жұтып жатқанда неге төбелеседі, ұстап алып келіндер!” – деп әмір қылады. Екі жігітті ханға алып келеді.

“Сендер неге төбелесесіңдер?” – дейді хан. Бір жігіт: “Менің алтыным жоғалып еді, мынау тауып алыпты, соны сұрасам бермейді”, – дейді. Екінші жігіт: “Мен алсам тауып алдым, ол алтында ешкімнің ақысы жоқ”, – дейді. Сонда хан: “Е, жарықтығым, о не дегенің, тапқан қуанар, таныған алар деген емес пе, бұл алтын түп иесінікі” – деп, бірінші жігітке бұйырады. Сонда

Едіге: “Датымды айтсам сіз бұл алтынды түп иесіне бұйырдыңыз, бұныңыз рас па? – дейді. Хан: “Рас, түп кісінікі”, – дейді. Едіге: “Ол түп иесінікі болса, сіз балаңа неге қайғырасыз, ол баланы сізге берген Құдай емес пе, түп иесі Құдай емес пе? Өзі берген Құдай өзі алды, оған сіз қайғырасыз”, – дейді. Сонда хан тұрып, ас ішіп, әңгімеге кіріседі.

“Иә, Едіге, үш жүздің баласына сөзімді тыңдатып едім, өлім деген саңырау екен ғой, тыңдамады ғой, иә, Едігем, бұл қайғым қайтсем қалады?” – дейді. Сонда Едіге: “Бұл қайғың былай болса қалады: биік таудың қалады, көп жиылыстың тобында қалады; жүйрік аттың тұяғында қалады; ұшқыр құстың қияғында қалады; өзен-судың бойында қалады. Сұлу қыздың қойнында қалады”, – дейді.

Едігенің осы айтқандарын істеп хан қайғысын таратыпты дейді.

Басқы сөзі (1-б.):

Janibek hannyn jalguz ulь өlipti.

Соңғы сөзі (2-б.):

Edigenin osь aйтqandaғыn іstep han qайғысын tarатыptь.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына латын әрпімен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қарасөзбен жазылған.

Ақауы. Қолжазба тоза бастаған.

Папкасы. 1443 (ОҒК), 4-дәптер. “Едіге би”.

Сүйіндік Едіге би

Аталуы. Сүйіндік Едіге би (1-б.).

Жинаушысы. Себепов Ғұлама (1886-1957). Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданынан. Алғаш мұғалім, кейін Тіл және Әдебиет институтында ғылыми қызметкер болып істеген. 1946-50 жылдары бірнеше рет экспедицияға шығып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған.

Тапсырған. Жақыпбаев Бозтай. (Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Едіге бидің бала кезінде қалмақтың бір ханы қазаққа зорлық қылып елін шаба беріпті. Ол әрбірден соң “Арқадағы қазақтың айғыры кісінеп, Сырдағы қалмақтың жылқысына құлын тастатты” деген сылтаумен шауыпты. Шабылған малдың артынан баруға арғындар бата алмай, үйде отырып ошақ басын төбелей беріпті. Мұны көрген ел не қыларын білмей, торығыпты. Сол кезде жас бала Едіге ауыл ақсақалына келіп: “Мен қалмаққа елшілікке барайын, маған ұлықсат беріңіз”, – деп сұрапты. Өзі қорқып отырған шал балаға рұқсат береді. Баланың өз сұрауы бір үлкен атанға екі ауған кебежені теңдетіп, кебеженің біреуіне үлкен бір текені салып, екіншісіне садақ беріп, өзін міндіріпті. Түйенің басын біреуге жетектетіп, қалмақтың еліне келеді. Едіге ел шетіне жеткеннен-ақ сол елдің иттері үріп шықса, атып қыра береді. Иті қырылған ел аты-жөнін сұраса, “Елшіміз, ханда жұмысымыз бар, ханға барамыз”, – дейді. Қалмақтар ханға келіп айтады. Хан ашуланып, адам жіберіп алдырады. “Қайдан жүрген адамсыңдар, кімсіңдер?” – деп жекіреді.

“Қазақпыз, арғынбыз, мал соңынан қуып, елшілікке келеміз – дейді Едіге. Хан: “Елшілікке келетін еліңнің үлкені қайда, кең құрсақты келелі биі қайда, көпті көрген көне ақсақалы қайда?” – дейді. “Үлкені – мынау деп түйені, кең құрсақтымыз – мынау деп кебежені, ақсақалды мынау деп көк текені көрсетеді. Хан ызаланып: “Адамы жоқ, хайуан елме едің?” – дейді. Едіге: “Тақсыр, адам болмасам, маған неге сөз айтып тұрсыз, ендеше сіз де адам болмағаныңыз ба? – деп өзінен сұрайды бала. “Жарайды, ал елші екенсің, жұрттың итін атып қырғаның қалай?” – дейді хан жуасып.

“Тақсыр, мен қойшы баламын, қой жайып жүруші ем, қойыма қоралы қасқыр шапты. Сасқанымнан айтақтадым, ит шақырдым, бір ит келмеді. Қасқыр бар қойды қырып кетті. Мен ауылға келсем,

иттер үріп алдымнан шықты. Ашуым келді, ата бердім. Ит көрсем атып тастауға ант етіп ем, иттеріңізді атқанымның мәнісі сол. Иттер керек жерде үрмей, керексіз кезде үретінін білдім, – дейді Едіге.

“Шақырғанға келмеген өз еліңнің итін атқаның жөн. Біздің елдің итін атқаның ақымақтығың емес пе. Арқадағы сенің айқайынды Сырдағы қалмақ иті қайдан есітетін еді”, – деп міней сөйлейді.

“Таксыр-ай, осы айтқаның рас болса, Арқадағы елдің айғырының даусы да Сыр бойына жетпесе керек. Ақылы бар адам оған да нанбас”, – деп бала ханның бетіне қарады. Хан ұялып, балаға бітім береді. Осыдан бастап Едіге би болады.

Басқы сөзі (1-б.):

Едіге бидің бала кезінде қалмақтың бір ханы қазаққа зорлық жасап, елін шаба беріпті.

Соңғы сөзі (3-б.):

Осыдан бастап Едіге би болыпты.

Қағазы, әріп-сиясы. Шығарма кеңсе қағазына қара сиямен машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1946 жылы Ғ.Себепов деген кісі Едігенің тұқымы, Ақмола маңында тұратын Ахмеди деген кісіден поезд үстінде жазып алған.

Мәтіннің орналасуы. Шығарма әр бетке қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Сырты ақ қағазбен тысталып тігілген.

Папкасы. 1443 (ОҒК), 1-дәптер.

Елқонды батыр жайында

Аталуы. Елқонды батыр жайында (1-б.).

Жинаушысы. Бекниязов Қабай. Ақтөбе облысы, Мұғаджар ауданында мұғалім болған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ауыз әдебиет үлгілерін жинаушылардың бірі.

Аннотациясы. Ертеде Назар тайпасының артынан Құрманәлі деген басшысы жоғалған соң, адамдары іздеп шығады. Орсқ деген жерден ары асып (қай облыс екені белгісіз) бір қалаға барады. Барса, онда Қаз дауысты Қазыбек бидің шақыртуымен он екі болыстың жиыны өтіп жатыр екен. Сол кезде Қазыбек бірнеше болыстың үстінен қарайтын аға сұлтан екен. Бұлар Қазыбек отырған үйге кіріп сәлемдесіп, таныстық сұрасады. Құрманәлі өздерінің Көтібар батырдың ауылынан екенін айтады. Сонда: “Батырларың аман ба? Неше баласы бар?” – деп сұрағанда, Құрманәлі үндемей қалады. Қазыбек: “А, былайырақ бе едің?” – депті. Құрманәлі: “Я, былайырақ едім, Назар едім”, – депті. Сонда Қазыбек: “Ой, шіркін, Елқонды Көтібардан кем бе еді. Кіші жүзді жаулап аламын деп барғанда, Кенесары Наурызбайды Қаратаудан асырып қуып, елін аман алып қалған Елқонды емес пе. Содан бері Кенесары, Наурызбай Кіші жүзге беттемей, Алатауға асқан жоқ па”, – депті. Сонда Қазыбектің қасындағы біреу: “Ондай ел болса жоғалған бес-алты тайын іздеп неғып жүр?” – депті.

Қазыбек: “Бұлар теңдік бермеген ел. Біз орыс патшасына болыстық бергелі жетпіс жыл болды. Бұлар әлі болыстық бермей жүр”, – депті. Сол жерде аға сұлтан Қазыбек жоқшылардың сұрауын өндіріп береді.

Басқы сөзі (28-б.):

Ерте уақытта Назар тайпасының бір бөлек адамдары, бастығы Құрманәлі деген болып жоқ іздеп шығады. Орыскден ары асып (қай облыс екені белгісіз) бір қалаға барыпты.

Соңғы сөзі (29-б.):

“Біз орыс патшасына болыстық бергелі жетпіс жыл болды. Бұлар әлі болыстық бермей жүр”, – депті. Сол жерде аға сұлтан Қазыбек жоқшылардың жоғын өндіріп беріпті.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен кирилл әршінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1952 жылы Ақтөбе облысы, Жұрын ауданы, Қаракөмер колхозында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптелген, бірақ тігісі ажырап кеткен.

Папкасы. 1281 (ОҒК).

68

Ш.1281 (ОҒК)

П.2; Б. 3; Ж.20
20,5x17; 19x16

Елқонды батырдың он жеті жасындағы ерлігі

Аталуы. Елқонды батырдың он жеті жасындағы ерлігі (2-б.).

Жинаушысы. Бекниязов Қабай. (Ол туралы мәлімет 67-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Кіші жүз Назар тайпасында Кедей ұлы Елқонды деген батыр болады. Елек, Жайық (қазіргі Орал) өзендерінен өтіп, мал жайлап жүреді екен. Бір көшкен уақытта Елқонды өзінің күшігін жұртта ұмытып кетеді. Жаңа қонысқа қонған соң күшігінің жұртта қалғанын біліп, алып келуге әкесінен рұқсат сұрайды. Сонда әкесі “барса қалмақтар ұстап алар” деп ойлап сақтанып жібермейді. Елқонды жылқыдан бір тайды ұстап мініп, әкесіне айтпай жолға шығады. Жұрттағы күшігін тауып, алып келе жатып, орманнан құрық сындырып жатқанда, он шақты қалмақ қамалып Елқондыны ұстап алады. Олар Елқондыны еліңе бастап барасың деп, тайының басын жетектеп күштеп алып жүреді. Елқонды: “Ел мына жақта”, – деп, қалмақтарды басқа жаққа адастырып әкетеді. Бір жерге келгенде, қалмақтар қазақтардың қолына түсіп қалмайық деп біреуін Елқондының қасына тастап, өздері жер шалуға кетеді. Аналар ұзап белден асқанда, Елқонды қолындағы құрыққа алған сойылымен ат жетелеп келе жатқан қалмақтың төбесінен аямай ұрып құлатады да, қалмақтың атына мініп қашады. Бірақ көп ұзамай әлгі қалмақтар алдынан тағы шығып, ұстап алады. Бұлар кеш бата бір өзеннің жағасына келіп ат шалдырады. Бір қалмақ Елқондыны

суға тастап жібермек болып, өзен жағасына алып келеді. Елқонды қалмақтың қылышын суырып алып жарып жібереді де, бір қамысты кесіп түтік жасап судың астында тығылып жатады. Қалмақтар суды атқылап, ақыры таба алмаған соң қайтып кетеді. Елқонды осылай айламен қалмақтардан құтылып, әрі елін де аман алып қалады.

Басқы сөзі (30-б.):

Кіші жүзде Назар тайпасынан шыққан Кедей ұлы Елқонды дейтін батыр болыпты.

Соңғы сөзі (33-б.):

Қалмақтар кеткен соң, Елқонды судан шығып еліне келеді.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1952 жылы Ақтөбе облысы, Жұрын ауданы, Қаракөмер колхозында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның бір кезде түптелген тігісі тозып, ажырап кеткен. Сырты ақ қағазбен қапталған.

69

Ш. 883 (ӘӨИ)

П. 21; Б. 46; Ж. 18
20,5x17; 17,5x14,5

ملئم-ای

Аталуы. ملئم-ای Елім-ай (1-б.).

Мәлімет беруші. تولهگمنولی بکمن (Төлегенұлы Бекен) – Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Сунақ ата совхозының “Екпінді” бөлімшесінің тұрғыны.

Жинаушысы. مادی سنزدنقولی (Сыздықұлы Мәди). Жезқазған қаласында туып-өскен.

Аннотациясы. Бұл жыр 1723 жылғы “Ақтабан шұбырындыда” халық басына қара бұлт үйірілген заманды өз көзімен көрген

Қожаберген жыраудың өлені. Қожаберген жырау 1723 жылы көктемде қасына жары Айшаны және екі ұлын (Науан, Бекет) ертіп Бестам деген жердегі (Қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы) қайын жұрты Қобылан бидің еліне келеді. Сол 1723 жылы Себдан-Рабан бастаған жоңғар басқыншылары қазақ жеріне басып кіреді. Қамсыз жатқан елді ауыр қырғыншылыққа ұшыратып, тоздырып жібереді. Елу жастағы жырау Қожаберген өзі де қоршауда қалып, екі ұлы жаудан мерт болады. Жары Айшаны ертіп жаяу өз еліне бет түзейді. Бүкіл қазақ жері жау қолында қалады. Жаяу-жалпылы жерін тастап қашқан ел Қаратау, Алатаудан Сыр бойына қарай ағылады. Азықсыз жолда аштан қырылады. “Ханнан қайыр, қарағайдан шайыр кеткен” қиын заманға тап болады. Қожаберген өз көзімен көрген бұл сұмдықты ашына жырлайды. Сондай-ақ жау қолы күшті деп саспай, сабыр қылып би, батырлар бас қосып, ағылған елді бірікке келтіріп жауға қарсы аттануға кеңес береді.

Басқы сөзі (1-б.):

شگدارهين قارا تاودنڭ يۇلت باسقان،
كمز بولنپ قىساڭشىلق قازاق ساسقان.

Соңғы сөзі (46-б.):

قوي قايعنرما ايشا جان،
ؤمىتتمىزدى وزبىنىك.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге қара-көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1971 жылы Қызылорда облысы, Жанақорған ауданында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Дәптер қара жіппен тігілген, сырты қапталған.

Папкасы. 883 (ӘӨИ).

Ш. 553 (ОҒК)

П. 6; Б. 14; Ж. 21

20x16,5; 18x11

ەر بۆلەك

Аталуы. ەر بۆلەك (1-б.).**Жинаушысы.** بەكبولاتولى ساعىنغالى (Бекболатұлы Сағынғали).
Батыс Қазақстан облысы, Бөрілі ауданының тұрғыны.**Аннотациясы.** Кіші жүздің Табын руынан шыққан Дәуітұлы Ер Бөлек деген болады. Ол 18 жасқа келгенде, әкесінің соңына түсіп жүрген патша әскері мен Мәмбет төре бастаған қазақ шабармандары бір түнде ауылын шауып, Дәуіт пен қасындағы төрт жолдасын қолға түсіреді. Қыдырып кеткен Ер Бөлек ауылға оралғанда, шабылған елді көріп, жау соңынан қуады. Бел аспай жауды қуып жетіп қорған қып жасаған арбаларынан секіріп өтіп, таңнан кешке дейін ұрыс салады. Сол соғыс үстінде Бөлек батырдың желкесінен жаудың оғы тиіп опат болады. Мәмбет төре мақтанып Дәуітті Орынборға апарып қаматады. Жыл он екі ай болғанда, Дәуіт ақталып шығады.**Басқы сөзі (1-б.):**شەجنرەدە كورننگەن،
وش جۇزگە تازاق بولننېپ.**Соңғы сөзі (14-б.):**جالعاس سوزنن تاپقاتشا،
وسمەنن توقتادىق.**Қолтаңбасы.** Жинаушынікі.**Қағазы, әріп-сиясы.** Дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1949 жылы жазылып алынған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба түптеліп, сырты ақ парақпен тысталған.

Ақауы. Түптелген жерлер ажырап кеткен.
Папкасы. 553 (ОҒК), № 2.

71

Ш. 272 (ӘӨИ)

П. 4; Б. 53-60; Ж. 33
20,7x20; 19x15,5

ەردەن باتىر

Аталуы. ەردەن باتىر Ерден батыр (1-б.).

Жинаушысы. ۇرناقاسىم ناورىزباەف (Наурызбаев Әбілқасым) (1892-1978) – Қарағанды облысы, Жезқазған ауданынан. Ауыз әдебиетін жинаушы. “Бұл әңгімелерді 1915 жылы Қыдырма деген адамнан жазып алдым. Қыдырма жас кезінде Ерденді көрген жақындарының бірі екен”, – дейді Әбілқасым.

Аннотациясы. Шығармада Сандыбай баласы Ерденнің бірнеше жорығы, батырлығы, шешендігі, дауға ұста-шеберлігі баяндалады. Жыр нұсқасы жеті әңгімеден тұрады. Бірінші, екінші әңгімеде Ерденнің батыр атануы, найзагерлігі суреттеледі. Үшінші әңгімеде оның Қоқан хандығын шабуы, төртінші әңгімеде Ерденнің Сағымсары деген атының дауы, бесінші әңгімеде Ерденнің Дүтбай батырды абақтыдан босатып алуы, алтыншы әңгімеде Ерденнің Аққошқармен ерегесі, губернатордан айыпсыз құтылуы, жетінші әңгімеде Шорманның Ерденді сынауы, аға сұлтан, болыс болғаны да сөз болады. Қара сөзбен баяндалған.

Басқы сөзі (53-б.):

بول قوجاستىڭ جىروف دىگەن روتنان بولغان سانداباينىڭ بالاسى

Соңғы сөзі (60-б.):

وستىنشا باقتىڭا ماستانباي حالىڭقا ارقاسىن سويىگەن ادام سورىنىپىدى.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1915 жылы Қарағанды облысы, Жезқазған ауданында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты қалың ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. 272 (ӨӨИ), “Ауыз әдебиеті үлгілері”. Тіз.46, 7-дәптер, 1962.

Библиографиясы. Ерден батыр. Жинаушысы – Сабыр Шәріпов // “Жаңа әдебиет” журналы, №7, 1929.

72

Ш. 355 №12 (ОФК)

Б. 1-39; Ж. 20
16x21; 17x2

ەر جاسباي باتر

Аталуы. ەر جاسباي باتر Ер Жасыбай батыр (1-б.).

Жинаушысы. Роди Гүлік. (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Жыршысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Бір соғыс үш ай, он күн жалғасып, кәпірлерді қынадай қырған Ер Жасыбай әбден талықсып келіп, атынан жер құшып құлайды. Отыз күн талып жатты, есі кіргенде, қараса, қара аты ғана өзін иіскеп тұрыпты. Атына мініп әкесін издесе, өліп жатыр. Оның да күрең аты қасында тұрыпты. Жасыбай атына мініп: “Әке, жау келді, аттан-аттан!” – деп ұран сап әкесінің қасынан шауып өтеді. Алла қолдап, Тұяқ батыр тіріліп, қасындағы күрең атқа мініп, көк төбе басына шығады. Бірақ аттан құлап түсіп, баласына арыздасып былай дейді: “Сен барып анаңа айт, балаң соғыста жауды жеңді де, жарыма айт, мені кешірсін, сенің Темір атты жалғыз інің бар, соны тауып менің басыма әкел”, – деп жарық әлеммен қоштасады және күрең атты тұяқтың басына байлап кетеді. Жас бала қайда барарын білмей, Алладан жәрдем тілейді. Сонда бір қарлығаш ұшып келіп: “Менің соңымнан ер”, – дейді. Таулардан өгіп бір теңізге келіп, бір балыққа тапсырады.

Балық арқасына мінгізіп теңізден өтіп, бір шәріге әкеліп, бір шалға жолықтырады. Шал балаға әке кегін алам деп Тұяқ батыр баласы Жасыбай дегенді ертіп кеткен еді. Кәпір елін шауып, малын әкетті. Темір деген баланы Қарабай асырап алды. “Ана таудан ассаң барасың”, – дейді. Ер Жасыбай келе жатып асық ойнап жүрген алты баланы көреді. Жөн сұрай келе әлгі баланың бірі Темір болып шығады. Темірді асырап алған Қарабайға келеді. Қарабай оларды күтіп, малынан мал бермекші боп, бармауын сұраса да, болмай, Темірді Шалқұйрық деген атқа мінгізіп, сауыт-сайман кигізіп, Аюша еліне соғысқа барады. Бұлар жеті күн, жеті түн соғысады. Аюша Жасыбайды алып ұрып, қанжар салғалы жатқанда, Темір оларды өлтіре сап, Аюшаның басын кесіп алады. Елін өзіне қаратып дем алып жатқанда, Жасыбайға бір ой келіп Темірге айтады: “Біз әйел алып балалы болайық. Мен алдымен саған әйел әперем, келін қарап келем. Мына бір тал оқты мен келмесем отқа сал. Майша жанса, мен келем, қан шықса, артымнан іздеп кел. Бұл біздің ата-жоралғымыз”, – дейді де, кара атқа қамшы басады. Жыр осымен аяқталады.

Басқы сөзі (1-б.):

جاسباي كاپرلەرگه سالدى ويران
تويالاڭ جامان بولدى تيگهن قويدان

Соңғы сөзі (39-б.):

بر وعمدى بهرەين
قالقام ساعان قولمنان

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. Көк дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1939 жылы жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 355 (ОҒК), 12-дәптер.

П. 1125/159 (ӘӨИ)

П. 10; Б. 19; Ж. 23

16,7x26; 18,5x8

Ер Жәнібек**Аталуы.** Ер Жәнібек (6-бет).**Жинаушысы.** Ғалымбекұлы Мәкіш. (Ол туралы мәлімет кездеспеді).

Аннотациясы. Жырда керейдің Сары руынан шыққан Жәнібек батырдың бірнеше ерлігі айтылады. Ол Сары үйсін Досымбекке нағашылай барып, көк дөненді бермесіне қоймай алып қайтады. Содан кейін көк дөненімен қырғызға қарсы қол жинап жатқан Абылайға барып қосылады. Одан әрі келісті жас батырға көзі түскен Абылайдың мола басындағы сынағынан өтуі; Қырғызға қарсы соғыста жаудың атақты батыры Садырды өлтіріп, астындағы долан жиренін Абылайға әкеп беруі; Садырдың қалыңдығымен сертгесіп, оны алмақшы болуы; Абылайдың алдында сертінен таймай, қыздың басын өзі шауып алуы сияқты батырға тән ерліктері суреттеледі.

Басқы сөзі (6-б.):

Осыдан екі ғасыр бұрын өткен,
Аңыз боп ел ішінде тарап кеткен.

Соңғы сөзі (24-б.):

...Сұлу қыз осылайша қаза тапты,
Батырдан хан да оны ала алмапты.

Қолтанбасы. Жинаушының қолы.**Қағазы, әріп-сиясы.** Дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Беттердің нөмірленуі.** Беттері нөмірленбеген.**Текстің орналасуы.** Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба сары түсті қатты қағазбен қапталған.

Ақауы. Қолжазбаның ең соңғы бетіндегі өлеңнің жырға қатысы болмағандықтан, көк қаламмен үстінен сызылып тасталған.

Библиографиясы. Ер Жәнібек. “Семей таңы” газеті. 22-29 мамыр, 1991 жыл.

74

Ш. 1125 (ӘӨИ)

П. 11; Б. 23; Ж. 23
21x17; 18x8

Ер Қармыс

Аталуы. Ер Қармыс (1-бет).

Айтушы. Қалнияз (1816-1902) – акын. Қалнияз Шопықұлы қазіргі Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы жерінде дүниеге келген. Ақын ел басына ауыр күн туған кезде Тәжікстанның Ғисар тауларына көшеді. Қалнияз Маңғыстау қазақтарының патша отаршыларына қарсы Иса, Досан бастаған халық көтерілісін көзбен көріп, өзі де қатысқан. Қ.Шопықұлының “Ер Қармыс”, “Балаунияз”, “Қожалық батырға айтқаны”, “Табын Дәуіт батырға айтқаны”, “Есен-Сүгірге айтқаны” т.б. терме, толғау, арнау өлеңдері бар.

Жинаушы. Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосының тұрғыны Құлпейісов Еркін.

Тапсырушы. Құлпейісов Еркін.

Аннотациясы. Түрікмендер қазақ елін шауып, бейбіт халықты бүлдіреді. Олжаны түйелерге артып, жесір мен малдарды айдап кетеді. Көп жесірдің ішінде он екі жасар қыз бала дауыс салып: “Қармыс сынды ер қайда екен? Жат жерде қалай өмір сүрермін?” – деп кете барады. Біраз уақыт өткен соң жаулардан жасырынып қалған бір бала жесірдің зарын Қармыс батырға естіртуге ниет етіп, жолға аттанады. Түнімен шауып, таң атқанда, баланың “Аттан!” деген даусынан Қармыс ер оянып кетеді. Баладан елдің хабарын естіген Қармыс батыр он ай ауырғанын ұмытып, төбе үстіне шығып, ұрын отын жағады. Жұрттың жиналуына қарамай, күрең атты мініп алып жөнеледі. Жетпіс бестегі Қармыс он кісімен жаудың соңынан қуады. Бір жерлерге келгенде, бір елді көреді. Сөйтсе, бұл Жаппас руының елі екен. Сонда Қармыс Жаппастан

көмек сұрайды. Жаппас елінен он жеті кісі бұларға ереді. Бір дөнде жау қарасы көрінеді. Жаппастар жаудан қорқып қарсы шығудан бас тартады. Сонда Қармыс қойға тиген бөрідей боп жәуміттерді тықсырады. Қыздың айтқан батыры осы екен деп жау әскері Қармысты ортаға алады. Омыртқасына найза кіріп жараланады. Шала жансар Қармысты ертеңіне Төлеп бастаған жүз кісі табады. Қармыс жаудың әлі Қызылойдан өтпегенін, жау ішіндегі жас батырды қауіптісі деп айтып қош айтысады. Бұлттай түнерген батырлар жау соңынан қуып, қырғынға ұшыратады. Төлеп Қармыс айтқан батырды өлтіреді. Жесір мен малды айырып алып, тірі қалған дұшпанды алдарына салып айдайды. Жаралы қалған Қармысқа қайтып келеді. Қармыс: “Мендей бала бір туар. Қанды киімімді жумай Қыземшекке қойындар. Қабірімді терең ойып, астымдағы күрең атты асыма сойындар”, – деп тілегін айтып, жан тапсырады.

Нұсқасы. 8 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (1-6.):

Бұрынғы өткен заманда,
Сегіз арыс Сейілхан...

Соңғы сөзі (23-6.):

Не айтайын, жігіттер,
Қош, аман-сау болыңыз!

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Нөмірленбеген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. 5-бетте және 17-бетте бір сөз бен бір өлең жолы сызылған.

Библиографиясы. Облыстық “Маңғыстау” газетінің 1991 жылғы 26 шілдедегі нөмірінде (Дайындаған – Қ.Қазтуғанов) жарияланған.

Папка. 1125 (ӨӨИ). 156-дәптер.

Ш. 920/51 (ӘӨИ)

П. 8; Б. 8; Ж. 38.

30x20; 26,5x10

Ер Қармыс

Аталуы. Ер Қармыс (1-бет).

Айтушы. Оңғарбаев Орынбасар. Қарақалпақстан республикасы, Шоманай ауданы, Гагарин совхозының тұрғыны.

Жинаушы. Саттаров Қыдырәлі, Қожабаева Шолпан.

Тапсырушы. Қ. Саттаров.

Аннотациясы. Қазақ жерін жаулап алу ниетімен түрікпендер Маңғыстау қасындағы Ыстаубай мен Сарының еліне келеді. Олар үйлерді қиратып, елді шауып, тас-талқанын шығарып кетеді. Ши түбіне жасырынып қалған бір бала жау кеткен соң, атқа мініп, жан-жағына барлай қарайды. Сонда бір қыздың Қармыстай батырды көмекке шақырып зарлаған даусын естиді. Бала батырды іздеп, жолға шығады. Сол түні Қармыс ұйықтап жатқан жерінде бір дауыстан оянып, елді жау шапқанын аңдап, атқа мінеді. Бір жерге келгенде, жау қарасы көрініп, Қармыс жалғыз өзі жәумітке қарсы тұрады. Үш мың жәуміттің екі кіргенде, он сегізін құлатып, үшінші кіргенінде, аты кібіртіктеп, жау қолы Қармысты аттан аударып тастап, жарадар қылады. Сол кезде Әнептің ұлы Ер Төлеп жетеді. Қармыс батыр: жанындағы жолдастарын, Төлеп: “Белгілі де Бегей бар, бес сауығты Жанат, Исаның ұлы Сары, Қойсары ұлы Қонай, он бес жасар Шабай бар”, – деген екен. Түрікпендерге қарсы шапқан Төлеп жәуміттің батыры Қара Бақыны өлтіреді. Ол өлген соң түрікпендер қашып, Ер Төлеп әскерімен сондарынан қуып, қырып салады. Жаралы Қармыс жолдастарымен қош айтысып, демі үзіледі.

Нұсқасы. 8 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (38-б.):

Ей, сегіз арыс Сейілхан,

Сейілханның баласы...

Соңғы сөзі (45-б.):

Не айтайын, жігіттер-ай,
Қош, Алла разы болыңыз-ай.

Қағазы, әріп-сиясы. Үлкен дәптерге қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. 1990 жылы 20 шілдеде Қарақалпақстан республикасы, Шоманай ауданында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтінің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папка. 920/51. “Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиетін жинау” экспедициясының материалдары.

76

Ш. 1051 (ӘӨИ)

П. 25; Б. 23; Ж. 30
30,5x22; 25x11

Ермек батыр

Аталуы. Ермек батыр (1-бет).

Айтушысы. Қанапиянов Бекеш. Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Пушкин атындағы совхоздың тұрғыны, әнші.

Жинаушысы. Бәделханов Айтжан. Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Пушкин атындағы совхозда дүниеге келген. ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Отыз алты жылдай баспасөзде қызмет атқарған. Павлодар облыстық Әдебиет және өнер музейінің ғылыми қызметкері.

Тапсырушы. Бәделханов Айтжан.

Аннотациясы. Кіріспе сөзінде Бәделханов Айтжан: “Н.Жиреншин, Қ.Шабдарұлы, Н.Қанғожин, Бекеновтердің тапсырған нұсқаларынан мұның бір ерекшелігі бар. Ол – Ермектің өзінің әкесін өлтірген Көлебе батырмен жекпе-жегі” деп жазады.

“Ермек батыр” жыры Павлодар, Көкшетау, Омбы облыстарына

кең тараған. Дастанды айтушылар да көп. Олардың бірі: әнші Шәкіров Әлихан, зағип әнші Есмағамбет.

Ермек батыр Еңлік-Кебектің тау басында қалған тұқымы. Оны нағашысы тауып алып, атын Ермек қояды. Ермекті шал мен кемпір асырап алады. Ермек өте күшті, қайратты болып өседі. Күрескенін жықпай қоймайды. Жанындағы балалардың бәрі оның айтқанын тыңдап, бағынатын болған.

Бір күні бір кемпірдің Қойбақ деген баласы Ермектен таяқ жеп қалады. Кемпір “көмусіз ата-анаң қалды, кебіні жоқ, көрі жоқ Еңлік-Кебек” деп өлген ата-анасынан қозғап, ұрысып тастайды. Кемпірдің сөзі өзектен өтіп, Ермек жылап үйіне келіп “мен кіммін, қайдан тудым, қайда болдым?” – деп сұрай бастайды. Шал Ермекке болған жайды басынан баяндап береді. Аяусыздықпен арманда өлген ата-анасының әңгімесін естіп, Ермек батыр оларды өлтірген есер найманға кектенеді. Ермек атасы Қабанбайдың ақ сауытын киіп, жанына бес жүз кісі ертіп, Шыңғыс тауын бетке алып жауына қарсы аттанады. Батасын беріп шал қалады. Ермектің келе жатқанын қалың найман естіп, олар да қамдана бастайды. Ермек наймандарды жеңіп, ата-анасының кегін алып, наймандармен бітім жасайды.

Жыр мазмұны тартымды әрі түсінікті жазылған. Әсіресе Ермек батырдың астындағы аты шебер суреттеледі.

Басқы сөзі (3-б.):

Өтіпті бізден бұрын Еңлік-Кебек,
Ғашықтық ажалына болған себеп.

Соңғы сөзі (25-б.):

“Қысқасы қияметке кетпес” деген,
Таралып осы мақал содан қалды.

Қолтаңбасы. Машинкаға терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Бұл нұсқа Қанапиянов Бекештің айтуынан 1991 жылы, 17 шілдеде жазылып алынған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. Ш. 1051 (ӘӨИ), 5-дәптер.

77

Ш. 354 (ОҒК)

Б. 1-12; Ж. 19
30x20; 19x6

•رنازار- بېكەت

Аталуы. •رنازار - بېكەت Ерناзар – Бекет (1-б.).

Авторы. قايروللا شابدارولى (Шабдарұлы Қайролла). Ол 1840 жылы болған оқиғаны 1916 жылы дастанға айналдырдым десе, Ахмет Мыңбайұлы 1936 жылы жазып тапсырдым деп жазған.

Аннотациясы. 1840 жыл шамасында болған оқиға. Кіші жүздің Тілеуқабақ деген елінде Бекет батыр деген ер болады. Оның серігі Ерназар басқа жақтан келген жалғыз жігіт екен. Бекет батырға арқа сүйеп, ойына келгенін істейді екен. Сол заманда қазақтың Арыстан деген ханы болыпты. Қазақты орыс патшасына бодан етіп, орыстан шенді шекпен алып, қазақ ар-намысын сатып дәурендеп тұрады. Бекет оған наразы болса, патшаға жамандап, Бекетке қуғын түседі. Осыған кектенген Бекет батыр Арыстан ханды ордасынан сүйреп шығып бауыздап өлтіріп, талтүсте ордасын шағып, малын талап алады. Бұл хабарды естіген Жандарал губернатор Бекетті ұстауға адам жібереді. Олармен соғысқан соң, араға елші салып “өзі келіп бағынса кешіреміз” деген соң, нанып, Орынборға өзі барады. Соғысып әскер жіберіп қолға түспеген Бекет өзі келген соң, жау қуанып қол-аяғына кісен салып абақтыға жабады. Губернатор айтқанына көндіре алмай, Петербургқа айдатады.

Дастанда осыдан былайғы жерде өз өміріне өкініш айтылады. Анасына, жарына дұғай сәлем жолдайды. Ерназармен қоштасады. Петербургте орыс бастыққа анасы жылап шағым айтады. Бастық жаны ашып баласымен көрісіп, қоштасуға рұқсат береді. Бекет пен анасының қоштасу зарына қатты қайғырған Ерназардың жүрегі жарылып өледі. Шешесі Бекеттің әйеліне жазған хатын әкеліп табыс етеді.

Дастанның негізгі мұраты – орыс отаршылдығына қарсы тұрып, Арыстан сияқты сатқындарды жазалаған Бекеттей батырдың ар-намыс туын биік көтеруі. Дастан оқиғасы қызықты, көркем тілмен жазылған.

Басқы сөзі (1-б.):

1840 بشی جنل شاماسندا بولغان،
ەرنازار بەкет қисасы.

Соңғы сөзі (12-б.):

وسئمەنەن اياغى، تامام بولغان جەر ەدى.

Қолтаңбасы. Мыңбайұлы Ахметтікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Қолжазба Көкшетау облысында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 354 (ОҒК), 1-дәптер.

78

Ш. 354 (ОҒК)

П. 6; Б. 1-12; Ж. 19
17x21; 12x17,5

ەرنازар – بەкет

Аталуы. ەرنازар - بەкет. Ерназар – Бекет (1-б.).

Жинаушысы. احمدت منگبايولى (Мыңбайұлы Ахмет. Ол туралы мәлімет кездеспеді).

Аннотациясы. ХІХ ғасырдың 50-жылдары патша үкіметінің отаршылық қысымына қарсы Кіші жүз қазақтарының күресін басқарған Ерназар Кенжалин мен Бекет Серкебаевтың ерліктері суреттелген жырлардың бір нұсқасы. Қазақ руларын бағындыру үшін патша әкімдері Арыстан ханды әскермен елге шығарады. Бекет батыр халықпен бірге қарсы шығып, Арыстан Жантөринді өлтіріп,

оның қазына-мүлкін халыққа үлестіріп береді. Бекет батыр Есет батырдың баласы Ерназармен Орынборға барған жерінде қолға түседі. Сібірге айдалып бара жатқан Бекет өзі шығарған толғауында қапыда қолға түскенін, хандармен қас болғанын, артында кәрі әкешесі, жалғыз баласы, жас әйелі қалғанын жырлайды. Оқиға қара сөзбен басталып, өлеңмен аяқталады. А.Мыңбайұлы жинаған бұл нұсқа бұрын жарияланбаған, тарауға бөлінбеген.

Басқы сөзі (1-б.):

1840 یشی جنل شاماسندا بولغان،
مرنازار بهکت قیساسی.

Соңғы сөзі (12-б.):

اکملنپ ایملگه یپردی،
وسنمنن اینی تامام بولغان جمر هدی.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Жол дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Қолжазба 1936 жылы жазылған. Орны белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен, ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. 354 (ОҒК), “Ерназар – Бекет”.

79

Ш. 354 (ОҒК)

Б. 1-6; Ж. 32
30x20; 17,8x14

Есет батыр

Аталуы. Есет батыр (1-б.).

Жинаушысы. Шамшатова Айнаш. Қызылорда педагогикалық институтында аға оқытушы қызметін атқарған. 1964 жылы Сыр өңіріне жүргізілген фольклорлық-этнографиялық экспедицияға

белсене қатысып, көптеген жыр, дастан, айтыс үлгілерін жазып алған.

Аннотациясы. Елек бойындағы Бестамақ болысында туған Есет әкесі Көкі дегеннің тәрбиесінде болады. Есеттің өзінен басқа тоғыз аға-інісі болады. Жастайынан жетім қалады. Бірталай жыл қой бағып күнелтеді. Ержетіп келе жатқанда, ауылын қалмақ шауып, мал-мүлкін, жас келіншек, қыздарын алып кетеді. Бұны естіген Есет ар-намыс үшін қалмаққа қарсы аттанады. Жау бейқам жатқанда айласын асырып, жауды шауып көп мал әкеліп халыққа береді. Жорықта қалмақтың Қондыжап деген батырын өлтірген жерін – “Қондыжап өлген”, бұрыла қашқан жерді – “Бұрылма”, жау қорқып екіге жарыла қашқан жерді – “Жарылма” деп атайды. Есет қалмақты Електен, Ойылдан, Бөкей аумағынан қуып, азаттық әпереді. Сондықтан қазірде “Есет тауы”, “Есет ауданы”, “Есет өзені” аталады.

Есетпен тұстас Сарке Тауша, Саран, Жәнібек, Бөкенбай деген батырлары болған. Өзінен жалғыз бала болған, аты – Ақмақтадай. Есет соңғы бір соғыста жеңіліп, бірге соғысқан баласы екеуі қолға түседі. Қалмақ ханы Есетті зынданға салып, одан ұрық алып қалуға бұйырады. Есет көнбей баласын қашырып жібереді. Есетті өлімге бұйырады. Мұны естіген Бөкен мен Жәнібек батыр қалмақ ханынан жеті күндік ғұмыр тілеп алады. Қалмақтың бір батыры “Есет қашсын, мен көрсетем” деген соң, ханның Сұрбедеу деген жүйрігімен қашады. Келсе баласын алдап, қалмаққа жіберіпті. Есет батыр тоқсан жасқа келгенін біліп, жау шабуыл жасайды. Есет атына мініп қара тау басынан тосады. Есет айғайлап алдында жатқан қара тасты атқанда, садақ оғы біртұтам кіргенін көрген қалмақ қашып кетеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Бұдан 170 жыл бұрын бұрынғы Елек өзені бойында, Бесбармақ болысында Есет туған әкесі Көке деген кісінің тәрбиесінде болған.

Соңғы сөзі (6-б.):

Осы күнгі Есет бейітінен бес жүз метр жерде ақ тас бар. Соңғы соғыста жауға шауып өлтірген екен. Сол таспен Есет қорғаны тұрғызылған екен.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. Сыртында Жамбылдың суреті бар көк дәптерге қара көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. 1-беттегі соңғы 3 жол жыртылған, соңғы беттің жазуы өшкен.

Папкасы. 354 (ОФК), 4-дәптер.

80

Ш. 1140 (ӘӨИ)

П. 129; Б. 127; Ж. 34
31x22; 27,5x11

Жапал батыр мен Таңшебер қыз

Аталуы. Жапал батыр мен Таңшебер қыз (1-бет).

Жыршысы. Тұтқышұлы Әбділла (1900 – қ.ж.б.) – ақын, бұрынғы Торғай уезінде туып-өскен. 1920 жылы Ташкенттегі Заң мектебін бітіргеннен соң, Шымкент уезінде судья (қазы) қызметін атқарып жүріп, жазаға ұшырайды. Институт қорында ақынның жаңғырта жырлаған “Жапал батыр мен Таңшебер қыз” дастаны және бірнеше насихат өлеңдері сақталған.

Нұсқасы. Әбділла Тұтқышұлының нұсқасы.

Аннотациясы. Арғында тобықтыдан Қожаберген деген батыр болады. Ол елін үнемі жаудан қорғап жүріпті. Ақылы көркіне сай Таңсұлу деген қызға үйленіпті.

Қалмақтардың Ұлалы деген батыры болады. Жекпе-жекте қазақтың Қожаберген батыры Ұлалының қолынан қаза табады. Қалмақтар қазақтың қол бастаған батыры өлгеннен кейін, елді әбден басынып, қыздарын олжа қып, Қожабергеннің әйелі Таңсұлуды да өздерінің еліне алып кетеді.

Таңсұлу “қалмаққа қалай қатын болам” деп өз мұрнын өзі кесіп “пұшық күн” атанады. Өзін өлімге қиса да, бірақ ішіндегі баласын

қимайды. Ішімдегі ұл болса, Ұлалыдан атасының құнын алар деп ойлайды. Таңсұлу Ұлалының үйінде күң болып жүріп, үш айдан соң ұл босанады. Ұлының атын Жапал деп қояды. Жапал бала жасынан өз қатарындағы балалардан ерекше, ақылды, батыл, өжет болып өседі. Таңсұлу азап шегіп, қиындық көре тұра жасында алған білімін баласы Жапалға үйретіп, оны хат танитындай етіп сауаттандырады. Жапал да анасына көмектесіп, Ұлалы үйінің құлы болып кетеді. Жапал жасы он сегізге келіп, Ұлалының жылқысын бағады. Ол көздері өткір, денелі, ақыл-парасаты мол, батыл болады. Қолына жалаң найза алып жауға шапқанда, ескі қарттар ескі кегін куа ма деп сескеніпті. Анасы Жапалға жылқының ішіндегі күрең бестіні мініп, баптауын айтады.

Бір күні Жапал әкесін Ұлалы өлтіргенін анасынан естіп, кегін алмақшы болады. Еліне барып, әкесінің бауырларымен қауышады. Өзіне қол жинап алып жауларымен соғысады. Сөйтіп жекпе-жекте Жапал батыр Ұлалыны жеңіп, әкесінің кегін алады. Өзі кейін қалмақтың ақылды да сұғу Таңшебер деген қызына қосылады.

Жыр мәтінінде Жапал батырдың үлкен ерліктері, ержүрек батырлығы, ақылдылығы, тапқырлығы шебер суреттеледі. Жыр мәтіні өте қызық, әрі тартымды.

Жырда қалмақтар мен арғын, найман арасындағы шапқыншылық суреті 52 шумақты құрайды. Мұнда Қожаберген батырдың жаужүрек тұлғасы ерекше сомдалған және оның қалмақ батыры Ұлалымен жекпе-жегіне де көлемді жыр арналған. “Жапал батыр мен Таңшебер қыз” жырының сюжетіне бірқатар тың мотивтер мен соны сарындар енгізілген.

Басқы сөзі (1-б.):

Бастайын бисмилла деп дастанды бұл,
Сауында қаусырма жақ, сайрашы тіл.

Соңғы сөзі (127-б.):

Шораяқ аттай болып бұл уақытта,
Жарамай жортуға да аяндадым.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе парағына кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1987 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі қыстағында араб әрпінен кирилл әрпіне түсірген – Қасымұлы Нұрмахан.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Папкасы. Ш. 1140 (ӘӨИ), 2-дәптер. “Жапал батыр мен Таңшебер қыз” жыры.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 61-том: Тарихи жырлар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әкімова (жауапты шығарушы), Т.Әлбеков, С.Қосан, Ж.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2010. – 390 бет.

81

Ш. 1140 (ӘӨИ)

П. 86; Б. 133; Ж. 34
29x15,7; 17x8

جاپال باتئر مەن تاڭشەبەر قىز

Аталуы. جاپال باتئر مەن تاڭشەبەر قىز Жабал батыр мен Таңшебер қыз (1-б.).

Авторы. أبينوف شاكئر (Әбенев Шәкір) (1900-1994) – халық ақыны, фольклоршы, сазгер. Мұсылманша сауатын ашып Семейдегі мектепте 3 жыл оқыған. С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиндермен жақын таныс болған. С.Сейфуллинге атқосшы болып, ақынмен бірге Қазақстанның көп жерлерін аралаған. Ақынның тарихи-танымдық тақырыстарды қозғаған “Кейпін батыр”, “Таңшебер – Жапал”, “Ортақ арал”, “Қорқыт қобызы”, “Пәрмен”, “Алданған қыз”, “Патша мен байғыз”, “Ана махаббаты”, “Тоқтамыс батыр” атты дастандары “Шыңғыстау” (1980), “Шыңғыстау сазы” (1985), “Дастандар” (1991) деп аталатын жыр жинақтарына енген.

Жазушысы. Тұтқышұлы Әбділла.

Тапсырушы. Өмірбеков Аспандияр.

Экспедициясы. 1998 жылғы ӘӨИ ұйымдастырған Қызылорда фольклорлық-этнографиялық экспедициясы.

Нұсқасы. Әбділла Тұтқышұлының нұсқасы.

Аннотациясы. Жыр мазмұны (Ш.1440 ӘӨИ) машинкаға басылған нұскасымен ұқсас. Қолжазбада Жабал батыр деп аталса, машинкаға басылған нұсқасында Жапал батыр деп аталады.

Басқы сөзі (2-б.):

باستاين بيسميلا دهې داستاندې بول،
ساۋنندا قاۋسنرما جاق، سايراشى تىل.

Соңғы сөзі (133-б.):

المۇمەت، ريزا بولنېپ بىر سەك باتا،
وستىمەن سوز اياغىن تامامدادىم.

Қолтаңбасы. Автордікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Қолжазба қалың дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Көшірілген уақыты “Алматы, 1971 жылдың 15-мамыры” деп көрсетілген. 1987 жылы Өмірбеков Аспандияр тапсырған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Папкасы. Ш. 1140 (ӘӨИ). “Жабал батыр мен Таңшебер қыз” жыры.

Ақауы. Қолжазбаның парақтары сарғайып, дәптердің шеттері мүжілген. Арасындағы кейбір парақтары ажыраған.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 61-том: Тарихи жырлар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әкімова (жауапты шығарушы), Т.Әлбеков, С.Қосан, Ж.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2010. – 390 бет.

Жанқожа батыр

Аталуы. Жанқожа батыр (1-б.).

Жинаушысы. Себепов Ғұлама – Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданынан. 1886 жылы туған, қайтыс болған жылы белгісіз. Ұзақ жыл ұстаздық еткен. Тіл және әдебиет институтында істеген. Бірнеше рет экспедициялар құрамында болып, ауыз әдебиет үлгілерін жинауға көп еңбек сіңірген.

Аннотациясы. Жанқожа шекті руының Кішкене деген тайпасынан Құттық деген атадан. Жанқожаның әкесі Нұрымбет ел әулиетұтқан адам болған. Нұрымбеттің бес баласы болған: Ақмырза, Жанқожа, Жауғашар, Бек, Шөже. Үлкен ұлы Ақмырза бұқарашыл, батыр болады. Сол кезде Хиуадан келген Бабажан деген бек елге көп қысым көрсетеді. Хан болған Жанғазы төренің тек аты ғана. Оның орынбасары Құттықтан шыққан Рахманқұл деген кісі елге қадірлі, беделді кісі болады. Осы Рахманқұл Бабажанға Ақмырзаны шағыстырады. Бабажан Ақмырзаны қонаққа шақырып, байлап дарияға тастап жібереді. Ауылды шауып, баласы Жолмырзаны да өртеп өлтірмекші болғанда, Жолмырза аман қашып шығып, Арқа ауып, Жанқожа батырға хабар береді. Жанқожа Кенесарыға барып болған жайтты баяндайды. Кенесары күзде келетін болып қала береді. Жанқожа жанына төрт кісі ертіп алып Сырға келеді. Бабажан сақтанып, Арқа жақ бетке отыз батырды қарауыл қойған. Оның ішінде Аймағамбет батыр бар. Жанқожа осылардың дәл үстінен түседі. Жекпе-жекте Аймағамбетті өлтіріп, аман қалған сегізі Хиуа асып кетеді. Қалаға келсе, қаракесек Ақтан батыр көп қолмен қаланы қамап алып Бабажанды өлтіріп, Рахманқұлды Жанқожаның қолына тапсырады. Жанқожа оны босатып жібереді. Жанқожа Созақ қаласындағы Қоқан хан әскерін шабады. Қамалын жаяу бұзып, елді азат етеді. Орынбордан Райым қорғанына патша әскері келеді. Жанқожа қалың қолмен шабуыл жасайды. Асан патша әскерімен байланысып, “жау қашты” деп қолды ертіп кетеді. Жанқожаның атына оқ тиіп, Бердібай атын тосады. Елдің көбі патша үкіметіне бағынып, Жанқожа шығарға амал таппайды. Ақтайлақ деген жерде патша әскерімен жалғыз соғысып, шаршап, төбе басында отырған Жанқожа сатқынның оғынан қаза табады.

Басқы сөзі (1-6.):

Жанқожа шекті руының Кішкене деген тайпасынан. Кішкене ішінде Құттық деген атадан.

Соңғы сөзі (6-б.):

Осы оқиғаға байланысты болса керек, қаракесек Ақтан батырды шөмекей Тоғанас батыр өлтіреді.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкамен терілген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке толық қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Түптеліп, сырты ақ қағазбен қапталған.

Ақауы. Машинкамен терілгендіктен орфографиялық қателіктер кездеседі.

Папкасы. 658 (ОФК), №6.

83

Ш. 658 (ОФК)

П. 25; Б. 50; Ж. 40
21x17; 20x8,5

Жанқожа

Аталуы. Жанқожа Жанқожа (1-б.).

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Нарымбетов Әзілхан. (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Қарақалпақ елінің Хиуа қаласын басқарушы Ережеп деген хан болады. Ережеп хан шарап пен араққа мас болып, биліктің буына семіріп отырып, бір күні Бабажан деген әскербасы батырын бір баладан шақыртып алып, оған қазақ халқын шауып, мал-мүлкін талап, *Орам* құрып хан болуын талап етеді.

Бабажан хан бұйырығын алған соң, екі мың әскер алып қазаққа аттанады. Сыр өңірін бетке алып, ұзақ сапар шегіп Күйікқалаға жетеді. Сонда тыныш жатқан ауылды шауып, жас батыр Бекжанды өлтіреді. Халыққа хан болып мал-мүлкін талап сүліктей сорады. Халқын құтқаруға келген Ақмырзаны шараппен алдап қолға түсіріп,

мойнына тас байлап суға атып өлтіреді. Ел ақсақалдары жиналып, кеңес құрып, бір баланы Жанқожаға Ақмырзаның өлгенін естіруге жібереді. Алыста жатқан Жанқожа бұл хабарды естіген соң, келесі көктемде қасына жеті батырын және Ақтан батыр елу жігітімен қосылып Бабажанға аттанады. Жорықта Жанқожа қаланы шауып, Бабажанның баласы Байқадамды одан соң Бабажанды өлтіріп, ағасы Ақмырзаның кегін алып, халықты бұғаудан азат етеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Erterekte han zamanьnda Qaraqalpaq elьnde hiua degen halьq boryь.

Соңғы сөзі (50-б.):

Eki-uc kun manaida bolьp, elu jьgьtьmen Aqtanda jetь joldasьmen Janqoja da demьn alьp, tusken oljanь ac-arьqqa, jalanac jetьmge bolьp beгьp tугan elьne, jьrgen jегьne qaitь.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке кейде бір, кейде екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ парақпен қапталып, дәптер ақ жіппен тігілген. Басқа қолжазбалармен арнайы папкаға салынған.

Ақауы. 13, 14, 17, 39-беттерде шимайланған жерлер бар. Басқа ақауы жоқ.

Папкасы. 658 (ОҒК).

Жанша батыр мен Айжан қыз

Аталуы. Жанша батыр мен Айжан қыз (1-б.).

Жинаушысы. Қоржынов Қанен. (Ол туралы сипаттама берілген).

Аннотациясы. Бұрынғы заманда Манап деген қартаң ханның қарамағында саятшы Түмен деген мерген жаяуға атан берген жомарт шал болады. Манап хан: “Он күнде тоқсан қара түлкі әкеліндер!” – деп бұйырады. Аң аулап жүргенінде бір сұлу қызды көреді. Ол Нұралының қызы Айжан екі жүзді үш құлаш семсері, шаңырақтай садағы, тоғыз қабат сауыты бар дәу Мөңке мергеннің қолына түскен екен. Соғысып, дәуді өлтіріп, Айжан қызды алып шығады. Ол өзі айтуынша, қызыақ деген ел қырық шора, қырық садақ деген ноғайлымен көп шабысқан. Әкесі отыз жасында ноғайлыны шабам деп қол жинап барған екен, Нұралы қолға түсіп жалғыз қалады. Сонда сол елдің Баттал деген батыры бұны қорғап достасады. Аралары айшылық болса да, Баттал мен Нұралы қатынасып тұрады. Батталдың Айжан қызбен бір жылы туған жалғыз ұлы Жанша деген бар екен. Айжан қыз Түмен мергенге Жаншамен қалай кездескені туралы айтып береді. Олар белгісіз жағдайда орман арасында кездескен екен. Айжан Жаншаны әке-шешесіне ертіп апарады. Баттал қайтыс болған екен. Сонда елдегі бай, бек мырзалар қосылып, Жаншаны өлтірмекші болады. Араларында Мәтбек деген қарақшы бар, соған сен Айжанды аласың деп айдап салады. Жанша ата-енесінің батасымен Айжан қызды еліне қарай алып шығады. Жолда Жанша батыр қалмақтарға кездесіп, қалмақтың Қараман баласы Нәдірмен кездесіп, қазақтың қанын төгіп жүрген Нәдірді жекпе-жекте найзамен шаншып өлтіреді. Қалмақтармен шайқасып жүргенде, Жаншаны жаулары қолға түсіріп, Қараман ханға апармақшы болғанында, Мөңке дәудің уысына түседі. Жанша жауды жайратып, Айжанды іздеп шығады. Айжан қызды Манаптың шабармандары ұстап алған екен. Жанша өзен жағасында жаралы Түмен мергенге кездесіп, одан Айжанды манаптың адамдары ұстап әкеткенін біледі. Ханның аймағына келіп, уәзірі ханға апарғанда Жанша батыр Манаптың мойынын шауып алады. Әскерін қырып, ордадан Айжанды тауып алады. Екеуі қосылып, Түмен шалға барып, оның батасын алады. Ол: “Нұралының батасын ал, қуанышын бассын”, – деп ақыл айтады. Ауылында Нұралы түс көреді, оны қуаныш деп жориды. Артынша екі жас келіп қауышып, ойлаған армандары орындалып, соңы тойға ұласады.

Басқы сөзі (3-б.):

Басталық әңгімені өлеңдетіп,
Көңілді көтеріңкі елеңдетіп.

Соңғы сөзі (67-б.):

Жиналып келіп жатыр ауыл аймақ,
Болар ма қуанышқа көңіл тоймақ.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көзді қалың оқушы дәптеріне кейде көк, кейде қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қорға түскен жылы. Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазба қорына 1984 жылы түскен.

Беттелуі. Беттелмеген (1-140-бет).

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. 884/1 (ӘӨИ), №2. 2-дәптер, 1-140-бет.

Қосымша белгілері. Дәптерде тор көзді бір парағында жинаушының (2 бет) М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлеріне жазған хаты бар. Соңына “Қанен” деген белгі қойылған.

Соңында “қысқаша мысал” деген жарты бет және 4,5 беттік насихат өлең сияқты жазбасы бар. Авторы көрсетілмеген, жазуы жинаушынікі.

85

Ш. 369 (ОФК)

П. 33; Б. 64; Ж. 37

16x 21,2; 6x17,2

Janbyrgs uly Telagus

Аталуы. Janbyrgs uly Telagus. Жаңбыршы ұлы Телағыс (1-бет).
Айтушы. Mırǵn jǵau Mұрын жырау. (Ол туралы мәлімет 18-сипаттамада бар).

Жинаушысы. Мұрынның баласы.

Аннотациясы. Телағыс он бес жасында қалмақ батыры Бегенге қарсы аттанады. Оны жеңген соң, Телағыс әкесі Жаңбыршы бидің

кеңесімен Мамай ағасына “өкіл бала” болады. Сөйтіп жүргенде, Телағыс өзінің немере ағасы Мамайдың қарындасы Ақбілекті әйелдікке алмақшы болады. Бұған Мұса бидің барша балалары қарсы шығады. Ақырында бұл іске Сыпыра жырау, әкелі-балалы Асан қайғы мен Абат батыр арағайын болып, туыстарға басалқы сөз айтады, татулыққа шақырады. Сондай-ақ бұл топтың арасында Айсаның ұлы Ахмет, Шынтасұлы Төрехан т.б. белгілі батырлардың есімдері ұшырайды.

Басқы сөзі (1-б.):

Qirik tanbaly Qirimda,
San tanbaly saraida.

Соңғы сөзі (33-б.):

Artik kyldy otaudy
Sigiz kistau saraidan.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне қара сиямен латын әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қосымша белгілері. Сырты жұқа ақ қағазбен қапталған.

Библиографиясы. Батырлар жыры. 6-том. – Алматы, 1990; Бердібаев Р. Қырымның қырық батыры. – Алматы, 2005; Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 51-том: Батырлар жыры. / Құрастырып және түсініктемелерін жазғандар: Алпысбаева Қ., Қосан С., Сәкенов С., Тастанов Қ. – Астана: Фолиант, 2008.

Авторы. اخمەتبەكوف نورقان (Ахметбеков Нұрқан) (1903-1964) – көрнекті халық ақыны. Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Жаркешу ауылында дүниеге келген. Нұрқан – халық ауыз әдебиетінің үлкен жанашыры, жырлаушысы, жеткізушісі.

Аннотациясы. Жәнібек батыр тегі мен ұрпағы туралы: Жаншорадан Ақжол, одан Арғын, одан Мейрам сопы, одан Өтірік сопы, одан Елемес, одан Шағыр, одан Аманжол, одан Шақшақ. Шақшақтың Ақназар, Есназар, Бақай, Жүзей, Томай, Көшей деген алты баласы болған. Көшейден Қошқар туады. Қошқардан Жәнібек туады. Жәнібектен Дәуітбай, Жауғашар, Тоқтамыс деген үш ұл туады. Дәуітбайдан Мұса, одан Шеген, Патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы болып түрмеде өлген.

Жауғашардан Жайсаңбай, одан Арқай, одан Шолак, одан Оспан. Оспан Амангелді батырдың серігі. 1916 жылы алты болыс Арғыннан сегіз мың сарбаз жиып, Торғай облысына ту ұстап, қол бастап кірген батыр.

Жәнібек ұрпақтары қазір Торғай ауданының Тосын, Бестау, Қошалақ, Амангелді ауылдығының “Жәркесу”, “Тұшмойнақ”, “Қара қамыс”, “Шилі”, “Қошалақ”, “Қызылқоға” қыстақтарында тұрады.

Жәнібектің батырлығы туралы тарихи әңгімелерді айтқан Бекболатов Ахмет, Бекбосынов Ілияс дегендер сол Торғайда тұрады.

Жәнібек батыр бала күнінде ақыл, білім үйрену үшін Қаракерей Соқыр Абыз дегенді іздеп келген екен. Сәлем беріп кіріп келсе, қарттықтан жағын жібекпен таңып отырған адам екен. Жәнібекті көріп: “Сен қай ұлсың? – депті. “Қошқарұлымын”, – деді. “Қошқардың адам есті бір ұлы бар деп еді, сол боларсың”, – деді. “Болармын”, – деді. “Балам, не жұмысың бар бұл жақта, неғып жүрсің?” – деді, “Осы жақта қарт атам бар дегенге, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл, білім алайын деп жүр едім”, – дейді.

“А, а! Ел бастап, жұрт болайын деген ұл екенсің, сөз бастап, би болайын деген ұл екенсің. Алдыңа келсе әділдігінді аяма, аямағың кетпес алдыңнан. Қол бастап, жол алайын деген ұл екенсің, жолдастың мыңын алма, бірін ал. Мың кісіге бір кісі олжа салатұғын олжанды аямасаң, жолдасың қалмас жапыңнан. Жүз жиырма алтыға келіп отырмын, жас күнінде қалың бер де,

қатын ал. Жігіттің хан болатын, қыздың ханым болатын уақыты. Қартайған соң өкінбе, ұлым, қару жисаң, мылтық жи. Жаяу жүрсең таяғың, қарның апса тамағың”, – деген екен.

Басқы сөзі (1-б.): جانشورادان اقجول، ودان ارغئن، ودان معيرام سوپی.

Соңғы сөзі (2-б.): جاس كوننده قالناڭ بىر ده، قاتئن ال.

Қолтаңбасы. Ахметбекұлы Нұрқандікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Көк дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылы Торғай облысында жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Сырты ақ қағазбен қапталып, түптелген.

Папкасы. 833 (ОҒК), №5

Библиографиясы. А.Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш // Шығармалары. – Алматы, 1989.

87

Ш. 1035 (ӘӨИ)

П. 192; Б. 192; Ж. 24
20,2x29; 9,5x24

Жоңғар жорығы жылдарында

Аталуы. Жоңғар жорығы жылдарында (1-б.).

Авторы. Әзімбаев Мәмбет – халық ақыны, жыршы. Ол туралы қандай да бір құжаттық деректер сақталмаған. Жазушы, әрі зерттеуші С.Бегалиннің мәліметтеріне қарағанда, Мақсұттың түп тегі тобықты руынан тарайды және “Жоңғар жорығы жылдарында” жырында кездесетін Айпара, Мамай, Айдос т.б. кейіпкерлер – ақынның аталары. Осы деректерге сүйене отырып, М.Әзімбаевтың Семей өңірінде туып-өскендігіне болжам жасауға болады.

Аннотациясы. Екі бөлімнен тұратын жырдың басты кейіпкері “Ақтабан-шұбырынды”, “құба қалмақ жорығы” заманында Жетісу мен Оңтүстік өңірлеріне даңқы шыққан Мырқы батырдың жастық,

ерлік, отансүйгіштік, адамгершілік өмірі баяндалады. Алғашында айлалы, опасыз Қорлыға қыздың жат қылықтарынан опық жеп, өмір тұңғығының тереңіне батып, ауыр өкініш, ұмытылмас күйіктен кейін Айғанымды кездестіріп, бақыт табады. Екеуінің жарасты өмір сүруі Мырқы өмірінің ең қуанышты кезеңі болғанмен, аяғы баянды болмайды. Елін жоңғарлар шауып, бақытсыздыққа, апатқа ұшырайды. Айғаным жас баласы Қорамжанмен қаңғып, басынан ауыр азапты күндерді өткереді. Күң болып, еріксіз ерге шығады. Кейін туған жері Сарыарқаға қайта оралып, ұлы Қорамжан мен қызы Балбикені ел қатарына қосады. Жырдағы Айғанымның басынан өткен бұл жағдайлар “Ақтабан-шұбырындыдан” соң еңсесін көтере бастаған бүкіл бір ұлттың бейнесін елестетеді. Туындыда кездесетін Абылай, Жәнібек сынды тұлғалардың бейнесі – жырдың тарихилығын бекіте түсетін негізгі айақтардың бірі.

Нұсқасы. Қолжазбаның бас-аяғы түгел, туынды 10-11 буын қара өлең үлгісіне құрылған.

Басқы сөзі (1-б.):

Екі бай араздасып көп дулаттан,
Барымта, шабыс болды ел шулатқан.

Соңғы сөзі (190-б.):

Түсе алмай арашаға қапы болған,
Опықты, арманы еді баласының.

Қағазы, әріп-сиясы. Жолсыз сарғыш қағазға кирилл әрпімен машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қолжазба 1953 жылы Алматы қаласында, Қазақстан Жазушылар одағында хатқа түсіп, институт қорына 1985 жылы қабылданған.

Беттелуі. Еуропалық цифрмен нөмірленген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Машинка қағаздары түптеліп, қолмен тігілген.

Қосымша белгісі. Қолжазбаның алғашқы беті жыртылып, аяқ шені сөгілген, қайта қалпына келтірілмеген. Шығарма көп жылдар “Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет” баспасында жатқандықтан,

әдеби қызметкерлердің тарапынан редакцияланып, жасыл сиямен өңделген. 98 “а”, 98 “б” беттері қолмен жазылып, кейін машинаға терілген.

Папкасы 1035 (ӘӨИ), 2-дәптер. Әзімбаев Мәмбет шығармасы.

Библиографиясы. Қазақ қолжазбалары: Он томдық. Т.2: Авторлық тарихи жырлар. – Алматы: Дайк-Пресс. 2010. 4-133-бб.

Ш. 351 (ӘӨИ)

П. 34; Б. 32; Ж. 46
29х16,5; 20х8

Жосалы батыр мен Қармақшы ата

Аталуы. Жосалы батыр мен Қармақшы ата (1-б.).

Авторы. Сейтқасимов Миналадин 1934 жылы туған. “Жосалы мен Қармақшының өмірін, кім болғанын Қызылорда облысына қарасты Қармақшы ауданындағы жасы 70-80-ге келген қариялардан сұрап тексергеніме 5 жыл болды. 1960 жылы 1-қаңтарда жазуға кірістім” деп қолжазбада автор көрсеткен.

Жинаушысы. Байділдаев Мардан – фольклортанушы, қазақ рухани мұраларының жанашыры. Ұзақ жылдар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болып істеді. Қырық жыл бойы халық қазынасын жинап, көпшілігін жеке кітап етіп шығарды (Тұрмағамбет, Омар, Нартай т.б.). Тұрмағамбет Ізтілеуов аударған “Шахнамені” көп ізденістен кейін ақынның баласы Әбдірауықтан тауып, ақынның өз қолымен жазылған 35 дәптерден тұратын 815 беттік қолжазбаны М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорына тапсырған.

Аннотациясы. Жастайынан ата-анасынан айырылып жетім қалған бала әркімнің есігін сығалап, тамақ іздеп, талай жерді кезіп, тоғайдан жиде жеумен күндері өтеді. Баланың ары-бері шапқылап жүргенін көрген жолаушылар бұған Жосалы деп ат қояды. Он бір жасқа толғанда, өз қатарынан артық күші бар, ақылды жігіт болып өседі. Жосалы бір ұстамен дос болады. Оған мылтық жасатып аң аулады, мергендікті кәсіп қылады. Бір күні екі мергенге кез

болып, олармен бірге аң аулауға шығады. Үшеуі аң аулап жүріп бір қармақшыға кезігеді. Қармақшыдан жөн сұрасып, кім екенін, қайдан келе жатқанын сұрайды. Қармақшы өзінің өмірбаянын, шын аты кім екенін білмейтіндігін, кәсібі қармақшы болғаннан кейін Қармақшы атанып кеткендігін, бір байда ақысы бар екенін айтады. Жосалы өзінің ешкімі жоқ екенін айтып, Қармақшыны әке болуын өтінеді. Кейін ақысы кеткен байдан кегін алып беретінін уәде етеді. Екеуі сөйтіп көрісіп, әкелі-балалы болады. Қармақшы Жосалыны тәрбиелеп бағады.

Жосалы атақты батыр болып, Күлзира атты әйелі болады. Қармақшы әкесінің бар арманы орындалып, жүзге келгенде қайтыс болады. Әкесін күнделікті қармақ салатын жеріне жерлейді.

Басқы сөзі (1-6.):

Бір бала әкесі өлген жетім қалды,
Анасы жылап еңіреп жесір қалды.

Соңғы сөзі (32-6.):

Қорқытып мені қоймады,
Қолында бар таяғы.

Мәтінің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қағазы, әріп-сиясы. Сары қағазға машинкамен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты сары қағазбен тысталып, ақ жіппен тігілген.

Қосымша белгілері. Соңғы бетінде автордың мекен-жайы көрсетілген. Кейбір жолдары көк сиямен түзетілген.

Папкасы. 351-бума (ӘӨИ), 24-дәптер.

Басқы сөзі (3-б.):

جەرى ئىلدى، بىر جەرى قىر، بىر عالامىننىڭ

Соңғы сөзі (83-б.):

بولمايدى ونشا بارقادارى. سوزدىڭ كوپ

Қағазы, әріп-сиясы. Араб әрпінде көк сиямен үлкен дәптерге жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. Көрсетілмеген.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Дәптердің беттері сарғайған.

Папкасы. 917/7 (ӘӨИ). Ә.Қайнарбаевтың жинаған ауыз әдебиет үлгілері.

Библиографиясы. Жүсіп – Ахмет // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 47-том: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2008. 111-177 беттер.

92

Ш. 97 (ӘӨИ)

П. 52; Б.103; Ж. 22
27,3x20; 23,5x11,5

جوسف احمەت

Аталуы. جوسف احمەت قيساسى Жүсіп – Ахметтің киссасы (1-б.).

Айтушысы. قوربانقوجا منرزاقولقوجاولى (Мырзақұлқожаұлы Құрбанқожа).

Жинаушысы. Жүсіпов Мұзарап (1905-1972) – ақын, композитор, әнші, ауыз әдебиеті, музыкалық мұраларын жинаушы. 1915-1920 жылдары Қармақшыдағы мектепте Тұрмағамбет Ізтілеуовтен оқып, білім алады. Оның ақындық, әншілік, күйшілік, жыраулық өнер жолын таңдауына ұстаздары – ақын-жыраулар Жиенбай, Тасберген, Омар, Тұрмағамбет, әсіресе Сыр елінің әйгілі айтыс ақыны, асқақ әншісі, өз әкесі Кете Жүсіп Ешниязов. Мұзараптың атасы Ешнияз сал ХІХ ғасырда өткен қазақтың көрнекті ақыны

әрі халық композиторы. Мұзараптың алғашқы шығармаларының тақырыбы той бастау, ат сынау, қызбен қалжың айтысу болды. Мұнан кейін халық ертегі, аңыздарының оқиғасын негізге алып, бірқатар дастандар шығарды (“Тамшы”, “Үш насихат” т.б.). Көптеген ақындармен (М.Құлмырзаев, Ә.Тұрмағамбетов, Н.Айтуаров т.б.) айтысты. Мұзарап шебер орындаушы, өнерпаз болумен бірге өз жанынан бірнеше әндер шығарған халық композиторы. 1962 жылы Мұзараптың орындауындағы 34 ән-күй арнаулы үн таспаға жазылып алынды. Ол халық шығармаларынан он мың жолға жуық өлең-жыр жинап, қолжазба қорына тапсырды.

Тапсырушы. Байділдаев Мардан (Ол туралы мәлімет 88-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Бұл нұсқа бұрын-соңды жарияланбаған. Жыр мазмұны Базар жыраудың нұсқасымен бірдей.

Нұсқасы. Нұсқа толық, 10-11 буын қара өлең үлгісінде жырланған.

Басқы сөзі (1-б.):

شېقېدى غارازىمىنان يوسوف آخ،
ايسى اوشكىن باستارينان كوب قاپىلات.

Соңғы сөзі (103-б.):

وسىمىن سوز اياغىن تو غاراين،
ايتىسنن دەپ ايلدى كه اير لير سوز نازاسنن.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың жол дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1957 жылы 18 қыркүйекте Қызылорда облысында жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Дәптердің сырты ақ қағазбен тысталған.

Ақауы. Дәптердің сырты кірлеп ескірген, кей беттерінің шеті майысқан. 120-129-беттер ажыраған, 12-43-беттердің сиясы жайылып кеткен.

Папкасы. 97 (ӘӨИ). 1-тізім. Жүсіп-Ахмет. 2-тізім. Жүсіп-Зылиха.

Ш. 528 (ОҒК)

П. 4; Б. 3; Ж. 42

29x19,5; 27x19

Исатай мен Махамбет

Аталуы. Исатай мен Махамбет (1-6.).

Жинаушысы. Ақынжанов Мұсатай. (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында бүгінгі Батыс Қазақстан менен Гурьев облыстарының қазақтар екі тепкінің: бір жағынан хан, сұлтандардың, екінші жағынан патша чиновниктерінің қыспағында болды. Әсіресе бұл қыспақтың күшті жері Бөкей ордасында болды. Бөкейдің ханы Жәңгір помещиктердің шаруаларға қолданып отырған басбайлық қанау тәртібін Бөкей қазақтары ішінде орнатпақ болды. Халық пен хан отрядының бірінші үлкен соқтығысы 1837 жылы 15 қыркүйекте “Тасмола” деген жерде болды. Бұл жолы Тасмола соғысына хан мықтап дайындалған еді. Себебі бұдан бұрында Исатай, Махамбет бастаған қолға бірнеше рет кездесіп, жеңіліп қалған, тіпті, өзі де қолға түсіп қала жаздаған. Сонан Орынборға қашып барып Гекені басшы етіп қарулы әскермен келіп шайқасқан кезі еді. Халық үлкен ерлік көрсетті. Әрбір сүйем жерді көзінің жасын төсей қорғады. Ақыры бораған оққа төтеп бере алмай, кері шегінді. Жайықтан бері өткен соң, Исатай тобына бүкіл Батыс Қазақстан көмек берді. Күші күн санап нығая берді. Сондай-ақ Кенесары, Наурызбай, Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілісшілермен қоян-қолтық араласып кетеді. Ер Махамбеттің жалынды от жырлары жауынгерлерге дем беріп, көтеріліс туын биікке көтерді. Мәселен, “Мен, мен едім, мен едім” деген өлеңі халықтың ұранына айналды.

Исатай – Махамбет бес жүз сарбазымен үш мың әскердің қоршауында қалса да, аянбай ұрыс салады. Исатай бір қолынан жаралы болып, астындағы аты оққа ұшса да жауына тірі берілмейді, жау әскерінің басшысы атуға бұйрық беріп, Исатай халық үшін қаһармандықпен қаза табады.

Басқы сөзі (112-б.):

Қазақ халқының жауынгерлік тарихында Исатай мен Махамбеттің алатын орны өте зор.

Соңғы сөзі (114-б.):

Сол жерде ер Исатай халық үшін қаһармандықпен қазаға ұшырайды.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1941 жылы “Ленин жолы” газетінде басылған мәтіннен көшірілген.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қара сөзбен әр бетке толық жазылған. Ішіндегі Махамбеттің өлеңдері де бір қатар емес, қарасөз сияқты тізбектеліп орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптелген, сырты ақ қағазбен қапталған.

Ақауы. Жазылған беттер сарғайып кеткен, шимайланған жерлері бар.

Папкасы. 528 (ОФК), №9.

Исатай – Махамбет

Аталуы. Исатай – Махамбет (1-б.).

Жинаушысы. Қыдырбаев Хаджи-Мұрат (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Жазып алған. Қадиев Қизат. Ол бұл жырды 1910 жылы Ордада жазып алып, Олжабаев Балапанға әкеліп берген. Қолжазба Балапанның баласы Түсіпқалида 1942 жылға дейін сақталған.

Жыршысы. ماراباي جنراؤ (Марабай жырау). Марабай Құлбайұлы (1841–1898) – ақын, жырау. Қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, “Жаңа қоныс” деп аталатын жерде туған. Жігіт кезінен өлең айтып, домбыра тартып, асқан әнші, домбырашы атанады. Өз тұсындағы атақты ақын-жыршылардың қасына еріп, сөз өнерін үйренеді. Кейінірек өзі де айтысқа түседі. Марабайдың әрі ақындық, әрі жыршылық даңқы оның халық сүйіп, құмарлана тыңдайтын батырлық жырларын айта бастаған кезінен бастап жайылады. “Қобыланды батыр”, “Ер Тарғын” жырларының ең толық, ең көркем түрі осы Марабайдан қалған мұра.

Жинаушысы. Хакімжанова Мәриям (Ол туралы мәлімет 51-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Ноғайлы елінде Қарадөң деген 94 жасқа келген батырының 10 жасар баласы Жұбаныш батыр ата жауы қалмақ пен үндіске жорыққа аттанады. Жұбаныш жорыққа кеткенде, қалмақ ханы Қылыш ноғайлыны шауып, Қарадөң батырды өлтіріп, пешесін күндікке алып кетеді.

Жұбаныш үндіс еліне барып, тау басында жатып, барлау жасап, осы елдің қойшы, түйешілерімен жолықса, Қылыш хан мың адаммен ноғайлыға кеткенін естиді. Жұбаныш Қылыш ханды осы тауда жатып екі ай тосады. Қайтар жолын кесіп, соғысып, Қылыш ханды өлтіреді. Әскерін жойып, қаласын талқан етіп, анасын ажыратып алады. Ана зарын естіп, өзі қатты күйзеледі. Қылыш ханның қызы Жамшаға үйленіп, қайта еліне келіп, әкесі Қарадөң батыр орнына хан болып мұратына жетеді. Анасы баласына қатты риза болып, келіні Жамшаға батасын береді.

Басқы сөзі (50-б.):

جۇيانىش ونعا كەلگەندە،
قارادوڭ كەلدى توقسانعا.

Соңғы сөзі (73-б.):

جاڭىنر بنزگە بەردى دەپ،
بالام پاتشا بولدى دەپ.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Ақауы. 1-беттен 6, 8, 14, 19-жолдар, 52-беттен 13, 16-жолдар, 53-беттен 4, 6, 8, 12-жолдары, 58-беттегі 8, 12, 14 жолдар өшірілген.

Папкасы. 330 (ОФК), №2.

90

Ш. 26 (ОФК)

П. 26; Б. 46; Ж. 28
13x30; 6x27

Қарадөң батыр ұрпағы Жұбаныш батыр

Аталуы. Жұбаныш батыр (1-б.).

Жыршысы. Мұрын жырау. (Ол туралы мәлімет 18-сипатта-мада бар).

Аннотациясы. Қарадөң батырдың қартайғанда көрген баласы Жұбаныш ержетіп, сыртқы жаудан кек қайтаруға асығады. Әкесі ноғайлы хан атанып, елін, жерін қорғауды ойласа, Жұбаныш қалмақ ханы Қылыш ханға қарсы қара атын мініп, әке сауытын киіп, сайман алып тауға аттанады. Қалмақ ханы Жұбаныш қалмаққа аттанғанда, ол ноғайлыға мың әскермен аттанып, тоқсан төрт жастағы Қарадөңді өлтіріп, әйелін алып, мал-жанын шауып алады. Жұбаныш қалмақ еліне барып барлау үшін бір жауға бекінеді. Қойшылармен сырласып Қылыш ханның қаталдығын, халық оны жек көретіндігін біледі. Сонымен, Жұбаныш өз еліне қайтар жолда елін шауып, анасын күң етіп, халқын құл етіп айдап келе жатқан Қылышқа жолығады. Қылышпен соғысып, оны өлтіріп, әскерін қырып әкесінің кегін алады, анасын тауып алады. Еліне келіп Сұлтан деген адамды уақытша хан сайлап, өзі Тобылғы деген қалмақ елін шабуға жорыққа аттанады. Жауды жеңіп, қайта келсе, өзі жоқта туған баласы бес жасқа келіпті. Жұбаныш баласына ақылын айтып тәрбиелейді.

Нұсқасы. Мұрын жырау жырлаған “Жұбаныш батыр” нұсқасы жыр үлгісіне құрылған. Жырды қағазға түсірген – М.Хакімжанова. Оны қарап, салыстырған Мұрын жыраудың баласы Дәуіт Сеңгірбаев.

Басқы сөзі (1-б.):

Қарадөңнің баласы болып,
Жасы жетіге толып...

Соңғы сөзі (78-б.):

Аттан түсіп жазыққа,
Ат байлады қазыққа.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. Үлкен ақ қағазға қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1942 жылы Алматы қаласында Мұрын жыраудың айтуынан жазылып алынған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Папкасы. 26 Д (ОҒК).

91

Ш. 917/7 (ӨӨИ)

П. 40; Б. 80; Ж. 29
29x20,5; 26,5x11

جوسف اخمەت حكاياسی

Аталуы. جوسف اخمت حكاياسی Жүсіп – Ахмет хикаясы (1-б.).

Жыршысы. وگداسولی بازار (Оңдасұлы Базар) – ақын, жырау, жыршы. 1840 жылы бұрынғы Сырдария облысы, Қазалы деген жерінде (қазіргі Қызылорда облысы Қармақшы ауданының маңайы) өмірге келген. Базар – халық ауыз әдебиетінің асыл үлгілерінен нәр алған кемел талант. Базар Оңдасұлы – қазақтың көптеген дарынды ақындарының көзін көріп, Шернияз, Абыл, Мұрат, Қашаған, Өске, Орынбай, Бұдабайлардың біріне шәкірт, біріне замандас өскен дәстүрлі жыр мектебінің бірегей өкілі. Ақын толғаулары Шалкиіз, Бұқар, Ақтамберді, Махамбет жырларымен үндес келуі оның көнеден келе жатқан кемел де кемеңгер һәм жауынгерлік поэзиядан мол өнеге алғанын айқын аңғартады. Ақынның “Жүсіп-Ахмет”,

“Мақпал-Сегіз”, “Айман-Шолпан” сияқты халық эпостарын жаңғырта жырлауы оның фольклор мұрасын насихаттап, таратуға және дамытуға зор үлес қосқанын көрсетеді.

Жинаушысы. Қайнарбаев Әлқуат (Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар).

Тапсырушы. Ә.Қайнарбаев.

Аннотациясы. Бозұтлан ханның екі жиені Ахмет, Жүсіп түрікпеннің батырлары болады. Бір күні Қиуа ханы Көзалша түс көреді. Түсінде екі жолбарыс өзіне шеңгел салып, денесінен бір қара құс көтеріледі. Басындағы телпегі жерге түсіп, босағасы құлап, һауызынан әр мақұлық келіп су ішеді екен. Хан шошып, халқын жинап алып, түсін жорытады. Сол кезде Шын-Машыннан Ғалидің шәкірті, кітап сатқыш баба Қамбар келеді. Ол патшаның түсін былайша жориды: “Еліңе күншығыстан жау келеді. Екі жолбарыс дегенің Ахмет-Жүсіп, құс боп ұшқан сенің жаның. Әр мақұлықтың су ішкені, қалаңа әр тұстан ат шабылады. Бұқараңа жылағанын, өз елің өзіне дұшпан болады. Телпегіңнің жерге түскені, бақытыңның тайғаны”, – дейді. Хан Қамбарды зынданға тастайды. Көзалша Көкше деген жансызын Ахмет, Жүсіпке жібереді. Көкше: “Көзалша ханның қысымына шыдамай, сіздерге бас сауғалап келдім”, – деп олардың сеніміне кіріп алады. Бір күні екі батырды алдап, торға түсіреді де, зынданға тастатады. Баба Қамбар, Ахмет, Жүсіп үшеуі қапаста жатады. Кішкентай кезінен күндікке келген түрікпеннің қызы Бибінияз екі бек туралы естіп, оларға көмектесіп тұрады. Жүсіп Бибінияздан дудар әкеп беруін сұрайды. Бибінияз базарға келеді. Онда ақ сәлделі ақсақал дудар сатып жүреді. Әркім келіп қызыққанымен, ешқайсысының ақшасы жетпейді. Сонда Бибінияз ақсақалға келіп: дударды сатуын сұрайды. Ақсақал дударын не үшін тілегенін сұрағанда: “Дудар қапаста жатқан ерлерге қажет. Өзім теке-жәуміт түрікпеннің қызымын. Отыз жылдан бері ел-жұртымды сағынып, құса болдым. Қараңғыдан жарыққа шығатын күн бар ма екен?” – деп Бибінияз мұңын айтады. Ақсақал дударды тегін береді.

Одан кейінгі сюжет желісі басқа нұсқалармен бірдей: Жүсіп пен Көкшенің айтысы, Өшір сардардың Бозұтланға жазған хаты, Бозұтланның әскер жинап әкеліп, Көзалшаны өлтіруі, баяндалады.

Түсіпқали Ұлы Отан соғысына кетіп, соғыстан оралғанда, қолжазба жоғалып кетеді. Бұл жыр Түсіпқали қарттың есте сақтауы бойынша 1967 жылы қайтадан жазылып алынды. Жырдың кей жерлері ұмытылған, толық емес.

Аннотациясы. Жыр Исатай мен Махамбеттің арғы тегінен (ұранға шыққан батырлары) қозғай келіп, хан Жәңгірге келіп тіреледі. Жәңгір хан сайланған соң, бұрынғы он екі уәзір орнына әр рудан он екі би сайлайды. Халқым деп қажып, елім деп еңіреп жүрген ерлер Исатай мен Махамбет шетке қағылып, оның орнына ас ішіп, аяқ босатар надандардан би сайлайды. Бір басқосуда Исатай мен Жәңгір хан сөзге келіп қалады. Исатайдың сөзіне шыдай алмаған Жәңгір Исатайды тұтқындауға бұйырады. Кейін беріштен айыбына 60 атан алып, Исатайды босатады. Бұл қорлыққа шыдай алмаған Исатай Махамбетпен бірігіп Нарыннан қол жинап, хан ордасын шабады. Орда әскерін қамыстай жапырып, хан ордасына таянған кезде, Шыман төре, Балқы би қатарлылар сауға сұрап, тарту-таралғысын алып Исатайдың алдынан шығып, бітім жасап, алдап қайтарады. Кейін патшадан солдат алып Исатай мен Махамбетті тұтқындап, көтерілісті жаныштауға аттанады. Бекетай құмында найза, қылыш, садақпен қаруланған патша әскеріне төтеп бере алмай, көп адамдарынан айырылып, Жайықты кешіп өтіп, өрең құтылады.

Басқы сөзі (1-б.):

Арғы атаң Беріш, Байсейіт,
Жайық, Наурыз, Тілеулі.

Соңғы сөзі (18-б.):

Алды-артынан қамаудан,
Аманда кеттік құтылып...

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1967 жылы Гурьев қаласында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Жырдың түпнұсқасы жоғалып тек есте қалғаны бойынша жазылғандықтан кейбір жыр жолдары (16, 18 бб.) түсіп қалған. Сондай-ақ жырдың соңы жоқ, аяқталмаған.

Қосымша белгілері. Мәтінде кездесетін кейбір жергілікті сөздердің анықтамасы беттің соңына жазылып отырған.

Папкасы. 1148 (ӨӨИ).

95

Ш. 176 (ӨӨИ)

П. 19; Б. 30-51; Ж. 32
30x21; 26x5.5

Кенесары

Аталуы. Кенесары (1-6.).

Жинаушысы. Белгісіз.

Жырлаушысы. Әлімбаев Доскей (1850-1946) – ақын, айтыскер. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген қайраткері. Жастық шағында Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Біржан сал тәрізді Арқаның ардагер әнші-ақындарының қасында жүріп, тәлім алған. Байларды, қожа-молдаларды мысқалдап сықақ өлеңдер шығарды. Қазан төңкерісінен кейінгі шығармашылығының негізгі арқауы – әлеуметтік тақырыптар. Ақын шығармалары 1930 жылдардан бастап жергілікті баспасөзде жарияланып, халық ақындарының жинақтарына енді.

Аннотациясы. Бұл жыр Абылай ханның немересі, Қасым сұлтанның баласы Кенесары мен Наурызбайдың ерлігі жайында болады. Патша үкіметінің қазақтың шұрайлы жерін тартып алып, жайылымнан тарылтып, қонысынан қуады. Ел тізгінін ұстаған біраз адамдар шен үшін, өзінің қара басының қамы үшін орысқа сатылып, қазақтың өзіне жау болып шығады. Бұған шыдай алмаған Кенесары айналасындағы барлық батырлардың басын қосып, патшаға қарсы қол жинайды. Алғаш Наурызбай бастаған қосын Ақтөбе қаласын басып алып, өртеп жібереді. Кенесары жалпы қазақ халқын бір тудың астына шоғырландыру мақсатымен 12 мың қолымен Көкшетау, Омбы жерін дүрілдетіп, Балқашты

басып өтіп, ұлы жүз үйсін, дулатқа жетеді. Үйсін, дулатты ауызына қаратқан соң, патша бодандығына бірігіп, қарсы шығу мақсатында қырғызға елші жібереді. Бірақ қырғыздың да Жантай, Жанқараш сияқты манаптары патшаға сатылып кеткен болып шығады. Бұған шыдамаған Кенесары қалың қолмен қырғызды шабады. Сонда қырғыздар дулаттарға, патшаға адам салып, Кенесары қолының әрекетін жамандап жеткізеді. Дулаттар ұлы жүздің қолын бастап шегініп кетеді де, онысын қырғыздарға хабарлайды. Мұны естіген қырғыздар тұтқиылдан түнде келіп Кенесары қолын айуандықпен басып алады. Кенесары, Наурызбайдың сарбаздары оңайлықпен берілмей, осы жерде тоғыз ай соғысып, ақыры ерлікпен қырғыз жерінде қаза табады.

Басқы сөзі (30-б.):

Сөз шығады ақылдан,
Ақыл айтар жақсы ғой.

Соңғы сөзі (51-б.):

Кенесары, Наурызбай,
Қырғызда қалып өледі.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Жоқ.

Папкасы. 176 (ӘӨИ).

Айтушысы. نارمامبەتولى ماھمۇت (Нармамбетұлы Махмұт. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Жинаушысы. مىشانوف Мышанов М. (студент).

Аннотациясы. Абылай Ғалданды соғыста жеңіп, оның қызын алады. Қалмақ қыздан Қасымхан туады. Қасымханнан туған Кенесары мен кенже інісі Наурызбай отаршылдыққа қарсы қазақ қолын бастайды.

Қырғыздарға елші жіберіп, отаршылдыққа қарсы бірігуін сұрайды. Бірақ қырғыздар “патшадан бізге Кенесары жаман” деген сөзді айтады. Ашуға мінген Кенесары батырларын ертіп, қолын бастап қырғыз жеріне басып кіреді. Камалын бұзып, елін шабады. Батыр деген Бередінді Наурызбай жекпе-жекте өлтіреді. Рүстем мен Спатайдың опасыздығынан Кенесары жау қолында қалады, артынан Наурызбай өзі келіп қолға түседі. Кенесары да, Наурызбай да қырғыздың қолынан қаза табады.

Басқы сөзі (3-б.):

غالدان حان بورتىغى وتكىن قالماق مەكىن،
كوكشەتاور بورتايدى قىلغان مەكىن.

Соңғы сөзі (4-б.):

نە كەرەك قازا بولدى قايران باتىر مەدى،
مەكى مەلدنڭ ار استىندا بولغاننان داۋ.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сары қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалыпқа келтірілуі. Қолжазба түптелген, сары түсті қатты қағазбен қапталған.

Ақауы. Жоқ.

Папкасы. 1338 (ОҒК).

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 40; Б. 81; Ж. 38

30x23; 27x18

Кенесары Наурызбайдың өлеңі

Аталуы. Кенесары Наурызбайдың өлеңі (1-б.).

Жыршысы. Қашқынбай (Қашқынбай). Қашқынбай Қожамбетұлы (1830-1870) – ақын. Жас кезінен Еділ, Жайық, Атырау өңіріндегі ақын-жыраулар мұрасын жаттап өскен. Қашқынбайдың “Әуелі сөз сөйлейін жүрген жайдан”, “Айналайын”, “Ыбыраш” т.б. толғаулары сақталған. Өлең толғаулары “Ақберен” (А.1972), “Бес ғасыр жырлайды (1984, 2-т; 1989, 1-т) жинақтарында жарияланған.

Жинаушысы. Қашқынбай (Қашқынбай).

Аннотациясы. Абылайдың қалмақ ханы Ғалданның қызынан туған Қасымханнан Кенесары, Құдайменде, Ержан, Наурызбай сияқты төрт ұл болды. Наурызбай он жеті жасқа жеткенде, күшқайраты тасып қатарынан асады. Кенесары, Наурызбай бастаған бес жүздей қол Омбыны барып шауып, олжалап қайтады. Қасымхан бұған наразы болады. “Орыспен жауласып бұл жерде тұра алмассың” дейді.

Қасымхан қайтыс болған соң, Кенесары Арқадан ауып Шегенге келеді. Шеген хан деп сыйлап жер бөліп береді. Кене енді ел шабуын тоқтатып, зекет жинатқызады. Сол тұста Наурызбайдың қысымы елге өтіп, Жанғабыл батырдың қолы төлеңгітті қырып салады. Наурызбай сегіз батырымен аман қашып құтылады. Кене Арқадан Алатауға ауып, Қоканнан қысым көрген дулаттар Байзақ батырдың бастауымен Кенесарыға келіп қосылады. Бір күні Наурызбайдың Топжарған тұлпарын қырғыздар ұрлап әкетеді. Наурызбай сегіз кісімен барып қырғызды шауып, олжалап қайтады. Хан Кененің ойы ендігі жерде Абылай аспас асудан асып, қырғыздың жері Құмбелден жай алуға көшеді. Кенесары және Байзақ батыр бастаған дулаттың он екі мың қолы үш жылдай қырғыздарға қиян-кескі соғыс салады.

Соңында Ержан қырғыз қолына түседі. Бұғыдан Орман хан қырық мың қолмен келеді. Рүстем мен Сыпатай батыр Дулат

әскерін шегіндіріп әкетіп Кенесары қолға түседі. Ағыбай, Байзақ т.б. Кененің бас батырлары Наурызбайдың айтқанына көнбей, кейін шегінеді. Наурызбай жалғыз бір барып шауып, артынан өзін-өзі барып ұстап береді. Бұларды қырғыздың белді адамдары бір-біріне қоспай, бөлектеп алып кетеді. Кенесарыны қырғыздар өлтірген соң, Наурызбайға жеке шатыр тігіп, сыйлап, тұқым алып қалуды көздейді. Бірақ Ер Науан еш нәрсеге көңіл бұрмай, еш жаракатсыз күйіктен өледі.

Басқы сөзі (1-б.):

كەل قاشقنباي، قلام ال،
ونەرنگ جورقا شاشلسن.

Соңғы сөзі (81-б.):

وز بتمەن ولەدى،
كوپ جاساعان قاريا.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1922 жылы жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты көкшіл қатты қағазбен тысталған.

Ақауы. 1-бет пен 4-бетте аздап сия тамған жерлер бар.

Папкасы. 1338 (ОҒК).

Жинаушысы. Есіркепов Күмісбек – Созақ аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болған.

Айтушысы. Мәлік, Өмірқұл. Бұл екі адам Созақ ауданы, Қазылыкөл, Құрсай колхоздарының тұрғындары.

Аннотациясы. Әбілпейіз деген кісі Бұқарада хандық құрып тұрған. Оның бас уәзірі Мәрәйім деген болған. Мәрәйім уәзір ханға қарсы адамдарды жинап, Әбілпейізді үйіне қонаққа шақырып, мас қылып өлтіреді. Өзін хан деп жариялап, Әбілпейіздің үйін “ханталандыға” салады. Сол кезде 5 жасар Абылайды Әбілпейіздің әйелі алып қашып, Ораз деген шалға береді. Ораз Абылайды алып Түркістанға, одан Сарыарқаға келеді. Ораз бір бай шалға жалшы болады. Ал Абылай жылқышы болады. Қатарынан суырылып алға шығады. Мұны көрген Аталық бай өзіне өкіл бала етіп алады да, Оразды бір кемпірге қосып, жеке шатыр тігіп береді. Сол тұста Жәнібек хан қалмаққа аттанамыз деп жар салады. Абылай түнде келіп қалың қолға қосылады. Сол ұрыста алдына жан шықпаған Шырышты өлтіріп, Қалдан ханның қызын алады. Кейін Жәнібек Абылайды өз орнына хан сайлайды. Сол Абылайдың қалмақ қызынан Қасымхан туылады. Тағы бір әйелінен Уәлихан туылады. Абылай дүние салған соң, оның ұрпақтары арасында жік туындайды. Қасымханды “қалмақсың, хан бола алмайсың” деп шеттетеді. Уәлихан Абылайдың тағына отырған соң патша солдаттары Қызылжар, Ақмешітке келеді. Мұны естіген Қасымның ұлы Кенесары Түркістанға көшіп “қазақ данын” шақыртатынын жариялайды. Мақсаты – патшаға сатылған Уәлиханның көзін жойып, отаршылдыққа қарсы күш біріктіру еді. Уәлихан бұл хабарды естіп, көшіп бара жатқан Кенесары, Наурызбайдың көшін шауып, Кенесарының ең жақсы көретін әйелі Күнімжанды алып кетеді. Күнімжанды босату үшін Кенесары қол жинап, Ақмешітке барады. Айламен от қойып, патшаның 500 солдатын жеңіп, ұлықтардың қатын-қыздарын алып кетеді. Соңында Күнімжанмен айырбас жасалады.

Патшаға қарсы Кенесары өзбекке, қырғызға елші жібереді. Өзбектер Кенесары қолына қосылып, бірнеше дүркін соғысқа қатысады. Ал қырғыздар бірігуден бас тартады. Кенесары қырғызбен соғысып, ақыры 1849-1850 жылдары Наурызбай екеуі де қырғыз қолынан опат болады. Кенесарының ұлы Сыздық

патшаға қарсы болып, Бұқар мен Тәшкенге, онан Хиуа, Қашқарға барады. Кейін қолынан оқ тиіп Үндістанға өтіп кетіп, сонда қытай қызына үйленеді. Кейін еліне оралып, ауылында қайтыс болады.

Басқы сөзі (1-6.):

Әбілпейіз деген Бұқарада хандық құрып тұрған. Оның Мәрәйм деген бас уәзірі болады.

Соңғы сөзі (8-6.):

Кенесары—Наурызбай патша өкіметіне қарсы күрескен қазақтың шын ұлы. Кенесарының әкесі Қасымхан. Оның баласы: Есенгелді, Саржан. Саржанның баласы Әлжан патша жендеттерінің қолынан өлген.

Қолтанбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға қара-көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1941 жылы 20 сәуірде Созақ ауданында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптелген. Сырты қатты қағазбен қапталған.

Ақауы. 1, 116-беті шимайланған.

Папкасы. 1338 (ОҒК).

Кенесары туралы

Аталуы. Кенесары туралы(1-6.).

Тапсырушысы. Бекмаханов Ермахан (1915-1966) – ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор. ҒА-ның корреспондент мүшесі. “ХІХ ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан” атты

кітабында Кенесары Қасымұлының көтерілісін (1837–1847) қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағалағандығы үшін саяси құғын-сүргінге ұшырайды. 1952 жылы 25 жылға бас бостандығынан айырылып, 1954 жылы ақталып шығады. Қазақстанның XVIII–XIX ғасырлардағы саяси, әлеуметтік экономика тарихы туралы терең мазмұнды бірнеше ғылыми еңбектер жазды.

Аннотациясы. “Кенесары” туралы шағын әңгімеде төрт түрлі оқиға баяндалады. Бірінші оқиғада: Абылай хан Уса-Зеренді шапқанда, ханның екі қызын алып кетеді. Сонда қыздың шешесі қуып жегіп, Абылайға: “Бір қызымды өзің ал, екінші қызымды өзің теңдес жақын досыңа бер. Екі қызымның бірінен батыр, бірінен әулие туады”, – дейді. Абылай бір қызды өзі алады, онан Қасым батыр туады. Екіншісін Құрман батырға береді. Одан кейін Кенесарының көтерілісіне қатысқан Марал туады.

Екінші оқиғада: Наурызбай Жаппастың елін шауып, түнде сол елдің бірінде жатқанда, Жанғабыл батыр келіп Наурызбайдың тоқсан адамын өлтіреді. Кенесары қалған қолын алып аман шығады. Алдын орай қуған жаудың жетеуін Наурызбай найзамен түйреп өлтіреді. Ал Жанғабыл қолы Наурызбайдың батыры Байтабынды жалаңаш сорға қамап өлтіреді.

Үшінші оқиғада: Наурызбай бір қол бастап келе жатқанда, жолдастары: “Ер қаруы – бес қару, соны түгел жұмсайық па?” – деп сұрайды. Наурызбай: “Біреуі артық болып жұмсай алмасам неге алып жүремін”, – дейді де, қолындағы садағымен аспанда ұшып жүрген бозторғайды атып түсіреді де, найзамен шаншып, қылышпен шауып өлтіреді. Тағы бірде жолдастарын екіге жарып қойып денелеріне найза дарытпай, ат үстінде шауып бара жатып кезек-кезек шаншып өтеді. Және де Наурызбайдың кіші кезінде төмен қарап отырып пышақты лақтырып жіберіп, жерге түсірмей, ұшынан ұстап алатындығы әңгімеленеді.

Төртінші оқиғада: орыс патшалығы Құсмұрын дуанын салады. Дуанбасы Кәпір Шодыр болады. Наурызбай осы бекініске шабуыл жасап, ақыры талқандайды. Кәпір Шодырды өлтіреді. Сонымен орыс әскері бұл жерден біржолата қашып кетеді. Кейін бұл жер Шодыр сайы деп аталып кетеді.

Басқы сөзі (136-б.):

Абылай хан Уса-Зеренді шапқанда, ханның екі қызын алып кетеді.

Соңғы сөзі (137-б.):

Күні бүгінге дейін сол жерде Шодыр сайы деген жер бар. Қазір сол жерде Киров колхозы бар.

Қолтаңбасы. Машинамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Көкшіл қағазға қара сиямен кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Олең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, қызғылт қатты қағазбен қапталған.

Ақауы. Қолжазбаның екі беті аздап шимайланған. Жөндеуден өткен.

Папкасы. 1338 (ОҒК).

100

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 2; Б.2; Ж. 17
26,5x18; 21x14

кенесары тұсында

Аталуы. كەنەسارى تۇسندا Кенесары тұсында (1-б.).

Жинаушысы. بابەنۇلى بەكقوجا (Бабенұлы Бекқожа. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Кенесары түсінде бір сарт Бұқардан есекке бұл артып Кенесары ордасына түсіпті. Кенесары екеуі әңгімелесіп отырып, бәстесіп қалады. Олар мынандай шарт қояды: егер Кенесары садағының оғын қырық кез бұлдан өткізе алса, сарт бір тиын алмай бұлды Кенеге береді. Егер өткізе алмаса, сарттың бұлымен қоса қырық кез бұлдың құнын қоса төлейді.

Ертесі таң намазынан соң қырық кез бұлдың арасын ашып қойып, Кенесары жирен жорға атқа мініп шапқылап келіп, шіреніп тұрып тартқанда, садағының оғы бұлдан төрт елі тесіп өтіп кетеді. Сарт уәдесі бойынша бұлды Кенесарыға береді. Саржан төреге Сақау ақынның қырық кез бұлдан оғың өтті дейтіні осыдан екен. Саржан Кенесарының туысы.

Басқы сөзі (3-б.):

بۇحاردا تايلاپ سەمكەكە بۇل ارتقان باي سارت، كەنە اۆلننا جاتتېپ، كەنەسارنەن
گەگنەلسېپ وتراى.

Соңғы сөзі (4-б.):

قنرق كەپ بۇلننان ساداعننڭ وعى تور تەلى شەنېپ، سارت وادەسئەن قنرق كەپ بۇلن
بەرئېتې.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1935 жылы жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты сұрғылт қағазбен тысталған.

Папкасы. 1338 (ОФК) №21.

Аталуы. Кенесары (1-б.).

Жинаушысы. Бабенұлы Бекқожа (Бабенұлы Бекқожа).

Аннотациясы. Бір күні Кенесары нөкерлерімен аңға саятшылыққа шығады. Жолда бір жасөспірім жігітке кездеседі. Жігіт бұларды жау деп ойлап, “тоқта” дегеніне қарамай, каша жөнеледі. Кенесары оны қуып жетіп, адамдарына қылышпен

– Қарағанды облысы, Нұра ауданында туып-өскен. 1943 ж. СССР Жазушылар Одағының мүшесі, 1928 ж. “Қырдың қызыл гүлдері” атты дастандары газетте, 1951 ж. “Өлендер”, 1955 жылы “Шығармалар” атты жинақтары шыққан.

Айтушысы. Бекайдарұлы Дәуіт (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Кенесарының бір әйелі орыс патшасының қолына түсіп қалады. Бұған кектенген Кенесары Атбасар қаласын шауып, екі жүз орысты тірідей ұстап алады. Бірнеше күн жол жүріп, кең далаға келгенде, орыстарды босатып, су тасытқызып, отын алдырады. Басы айналған орыстар қашып кете алмайды.

Бір күні хан Кене бір орысты шақырып алып, патшаға хат жаздыртады. Хатта “әйелін аман-есен босатып жібермесе, екі жүз орысты бірін қалдырмай қырамын” деген. Сонымен әлгі орысты хатты жеткізуге жібереді. Патша хатты оқып көріп, Кенесарының әйелін арнайы арбаға отырғызып, сәлем-сауқатын салып жібереді. Кененің әйеліне бір көк сандық әкеп, кілтін қолына тапсырып: “Бұл сандықты Кенесарыдан басқа ешкім ашушы болмасын”, – дейді. Кенесарының әйелі ордаға аман-есен жеткен соң, патшаның аманатын тапсырады. Кенесары кілтті алып сандықты ашайын дегенде, қасында отырған Ахметжан қолын ұстай қалып: “Тақсыр, ашнай тұра тұрыңыз, Патша бізбен қас еді ғой”, – дейді. Кенесары сандықты есік алдындағы төмпейдің үстіне қойғызып, өзі садақпен көздеп тұрып атқанда, тарс еткен дыбыс шығып, төмпейді көтеріп тастап, өзі жоқ болып кетеді. Орыстың патшасы Кенесарыны ұстап берген кісіге елу мың сом, Ахметжанды ұстап бергенге жиырма бес мың сом бәйге жариялаған екен.

Басқы сөзі (16-б.):

كەنەسارنىڭ بىر ئايالى ورسىڭ پاتشاسىنىڭ قولىغا تۇسۇپ قالدى.

Соңғы сөзі (19-б.):

ورسىڭنىڭ پاتشاسى كەنەسارنى ئۇستاپ بەرگەن كىشىگە ەلو مىڭ سوم، احمدجاندى ئۇستاپ بەرگەنگە جىنرما بىس مىڭ سوم، بايگە جاريلاغان مەن دەپ، جاس كىزىمدە تەمش بەگایدارۇلى داوت دەگەن كىشىدەن مىڭلىدىم.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1945 жылы жазылып алынған.
Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөзбен жазылған.
Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты жасыл түсті қатты қағазбен тысталған.

103

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 8; Б. 15; Ж. 19
22,3x15,5; 20x14

кенесары мен отыншы

Аталуы. **кенесары мен отыншы** (Кенесары мен Отыншы) (1-б.).

Жинаушысы. **айнабеков қайып** (Айнабеков Қайып. Ол туралы мәлімет алдыңғы сипаттамада бар).

Айтушы. Көбек батырдың тұқымы Әлші.

Аннотациясы. Жыр біздің жақта “дос болса, Тама-Танашпен дос бол” деген мақал бар деп басталады. Кенесары заманында бір өзбек саудамен қырғызды аралап жүргенде, бір панасыз баланы өзіне қызметші қып алады. Баланың аты Отыншы екен. Ол қызметімен өзбекке жағады. Өзбек бұл баланы оқытып, тәрбиелеп өсіреді. Кейін бұл бала өзбектің беделді адамының біріне айналады. Кенесары қаланы үш рет шапқанда, осы Отыншы мұқатып қайтарған екен.

Отыншы сөзге шешен, өте мықты батыр екен. Кенесары әбден сайланып, төртінші рет шаһарға шабуыл жасайды. Кенесары: “Отыншыны өлтірмей, тірі қолға түсіріндер, түсірген адамға бәйге беремін”, – деп жария етеді. Әрі қалаға тиіп қашындар. Ұзап шығып шөлге келгенде, қайта шабындар, себебі қаланың аты да, адамы да шөлге шыдамсыз келеді”, – дейді. Ол Отыншыны қолға түсіріп, оны өзінің қарамағына алуды ойлайды.

Кенесарының айтқанындай өзбектер жеңіліп, Отыншы тірідей қолға түседі. Қолға түсірген Баубек деген жас бала еді. Отыншыны кім кепілге алады дегенде, бәрі қашады. Сонда Тама, Танаш деген батыр “мен алайын” деп кепілдікке алады. Отыншының сұлу әйелі бар екен. Ол Отыншыны іздеп келіп, Танашқа жолығады. Әйелдің

сұлулығына көзі түскен Танаш ханға барған сайын Отыншыны жамандай береді. Ақыры Кенесары батырларын жиып алып, Кенже деген баскесерін “Отыншыны өлтіріп кел” деп жұмсайды. Және “атам Абылайды тілдесе де айтып кел” деп тапсырады. Кенже келеді. Кене: – Отыншы өлер алдында не деді? – дейді. Кенже: “Хандарың хан емес, шіркін-ай, қам екен ғой деп айтты” – дейді. Кенесары бармағын шайнап отырып қалады. Біреулер қолын таңып жатқанда, Кенесары ортада отырған Танашқа қарап: “Жігіттер, дос болсаң, Тама, Танашпен дос болыңдар”, – деп үш қайталап айтады. Кейін бұл елге таралып мақалға айналып кетіпті.

Басқы сөзі (1-б.):

بىز دىڭ جاقتا دوس بولساڭ تاما، تاناشپەن دوس بول دىگەن ماقال بولدى.

Соңғы сөзі (15-б.):

وز ئىمىننىڭ شەشمىنىڭ نىنىسى: مايلنىكويەك باتىردىڭ تۇقنىمى: ناعاشم الشى دىگەن كىسەندەن
مىستىپ دىم.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1945 жылы жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты жасыл қатты қағазбен тысталған.

Ақауы. 1-бет пен 4-бетке аздап сия тамған.

Папкасы. 1338 (ОҒК).

104

Қ. 330 (ОҒК)

Б. 14; Ж. 28

22x2; 30x17

كوركەباي باتىر

Аталуы. Күркебай батыр (1-б.).

Авторы. نورالين ساعيدوللا (Нұралин Сағидолла) – Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Сұңқар ауылында туған. Жасынан арабша оқып, сауатын ашқан. 1916–1926 жылдары Шығыс

Түркістан өлкесінің Алтай аймағында (Қытай Халық Республикасы) әкімшілік-шаруашылық қызметтерде болған. Алғашқыда ауыз әдебиеті мұраларын, халық ақындарының шығармаларын жаттайды, кейіннен өзі де өлең шығаруға машықтанады. Халық арасына тараған өлең-жыр, аңыз, дастандарды жинайды. Сол жинағандары мен өз өлеңдерін қосып, 1920 жылы “Мұра мен толғау” деп аталатын қолжазба жинағын шығарып, таратады.

Аннотациясы. Күркебай Байдосұлы – найманның саржомарт руының сайеке тайпасынан шыққан адам. Ол мөлшермен 1831 жылы туып, 1916 жылы 85 жасында қайтыс болған. Күркебай жастайынан патша әкімдерге қарсы болған. Сол үшін қудаланып, өзіне қарасты сайеке ішіндегі жанұзақ аталы ауылымен Қытайға қашқан. Сол кездегі саржомарт ру бастығы Жиынды деген адам Зайсандағы оязға хабарлап, 50 солдат алып, орыс – қытай шекарасындағы “Алқабек” деген жерге барғанда, қуып жетіп, қашқан халықты қырғындаған. Халық қолында қарсыласар қару жоқ. Күркебайда жалғыз мылтық бар екен. Күркебай бұзылған дуалдың қалқасына тұрып 49 солдатты атып өлтіріп, бірін қоя береді. Күркебай еліне 30 неше адам қырғындалыпты, қалғаны шекарадан қашып өтіп, Үрімші қаласының шығысындағы Боғда тауын паналайды. Ол жерде абақ-керейдің молқы руынан шыққан жырғалаң баласы Бөке батыр бұларға қамқор болады. Бөке өлген соң, орыс үкіметі қытай үкіметіне: Күркебай 50 солдатты өлтіріп, елімізді алдап, Қытайға қашып кетті. Соны ұстап беріндер деп өтініш жасайды: Ақыры қытайлықтар ұстап, түйеге таңып, орысқа өткізіп береді. Күркебай Омбы түрмесінде 6 жыл болады. Өзінің мергендігімен тұтқыннан босап, 55 жасында қайта еліне келіп, 30 жыл өмір кешеді. Бейіті Шығыс Қазақстанның Көшім ауданында, Көшім ауылында орналасқан.

Басқы сөзі (3-б.):

نايماندا اتالی رو مرگمنکتی،
اتادان سکی آگگنمه بنزگه جمتی.

Соңғы сөзі (14-б.):

وسی مردنآڭ وقیعیاسنن ملدهن مستنپ،
شامامشا ولگمنمننن منتنم مالنم.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. Көк дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1974 жылы ШЫҒЫС Қазақстан облысында жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Жоқ.

Папкасы. Қ. 330 (ОҒК), №12.

105

П.1125 (ӘӨИ)

П.13; Б.26; Ж.23
16,7x26; 18,5x6

Қабанбай

Аталуы. Қабанбай (1-б.).

Жыршысы. Әділбеков Қыдырмолда (1901-1985) – жыршы, ақын. Семей облысы, Мақаншы ауданы, Жарбұлақ ауылында өмірге келген. Солақай саясаттың салдарынан қырық жылдай Қытайдың Шыңжаң өлкесінде болып, 1962 жылы туған елге оралады. Әсет Найманбаевты ұстаз тұтып, тәлім алады. Өз жанынан шығарған өлең, толғаулары мен “Басбай”, “Сабалақ”, “Қабанбай” сияқты тарихи жырларды әуен-ырғақпен орындайтын болған. 1975 жылы ақынның орындауында Әсеттің бірқатар әндері мен “Қабанбай батыр” жыры Ташкенттің “Мелодия” фирмасында күйтабаққа түсірілді.

Жинаушысы. Ғалымбекұлы Мәкіш.

Аннотациясы. Қабанбай ауылын қалмақ шапты деген соң, Абылай хан бастаған үш арыстың батырлары түгел жиналып, қалмаққа қарсы шаппақ болады. Қалмақпен болған жекпе-жекте алдымен Барақ батыр шығып, қалмақ батырын өлтіреді. Онан кейін Қабанбай қалмақтың қас батыры Жырықпен жекпе-жекке шығып, оны найзамен түйреп, аттан аударады. Сол соғыстан түскен олжаға келісе алмай, батырлар арасында араздық туады. Бұған Бұқар өз шешімін айтып, жөнге салады. Жасы келген қарт батыр

Қабанбай ауырып, халі нашарлайды. Мұны естіген қалмақтар осы орайда қазақтарға қайта шабуыл жасап, кегін алмақшы болады. Бұл қорлыққа төзе алмаған Қабанбай батыр қарттығына қарамай, Кубас атқа ер салып, қалмаққа қарсы аттанып кетеді. Қалмақты қазақ жерінен қуып шығып, өзі де мерт болады. Ер Қабанбай өзінің ісімен ұрпағына ата-баба аманатын қалай қорғау керек екенін көрсетіп өсиет қалдырды.

Басқы сөзі (5-б.):

Әуелі сөз сөйлейін Қабанбайдан,
Атасыз адам пенде туар қайдан?

Соңғы сөзі (5-б.):

...Аруағы батырдың, өзің қолда,
Елге еңбек сіңірген талай жолда.

Қолтаңбасы. Жинаушының қолы.

Қағазы, әріп-сиясы. 12 беттік дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. “Семей таңы” газетінің 1991 жылғы 18 мамырдағы санынан жазылып алынған.

Беттеулі. Нөмірленбеген.

Мәтіннің орналастырылуы. Шығарманың өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған. Басы 158-дәптерге, соңы 159-дәптерде жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сарғыш қатты қағазбен қапталған.

Папкасы. П. 1125 (ӘӨИ), 158, 159-дәптер.

Библиографиясы. “Семей таңы” газеті 18 мамыр, 1991 ж.

106

Ш.1124 (ӘӨИ)

П.12; Б. 26; Ж.23
6,7х26; 18,5х6

Қабанбай мен Дәулетбай жыры

Аталуы. Қабанбай мен Дәулетбай жыры (1-б.).

Жинаушысы. Қайырбаев Әнуархан (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Қалмақ пен қазақ арасында болған соғыста қазақ қалмақты жеңеді. Қалмақ батыры Жырықты Қабанбай жекпе-жекте өлтіреді. Қалмақтан түскен олжаға келісе алмаған Қабанбайдың інісі Дәулетбай өкпелеп ауылын көшіріп әкетеді. Жасы жетіп, халі қиындаған Қабанбайдың жағдайын Дәулетбайға хабарлайды. Дәулетбай ағасының хабарын естіген соң, көңілін сұрап барады. Сол кезде Қабанбайдың аурып жатқанын білген қалмақ батыры Жырық “тірісінде шабамыз” деп үш жүз адаммен келмекші болады. “Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен” дегендей, әбден ызаланған Қабанбай батыр жасының ұлғайып, халінің нашарлап тұрғанына қарамастан, Қубас атқа ер салып, қалмақты қырмақшы болып, соңынан қуады. Қуып жетіп талай қалмақты жер құштырады. Сонда Жырықты ұстап әкелуді Дәулетбайға табыстайды. Алдына сүйреп әкелген Жырықтың басын төпештеп тұрып, Қабанбай батыр дүние салады.

Басқы сөзі (2-б.):

Батырдың бәрі түгел жиылысты,
Қазаққа қуба қалмақ қиын істі.

Соңғы сөзі (23-б.):

...Қалмақтың басын төпештеп,
Қабекең дүние салады.

Қолтаңбасы. Жинаушының қолы.

Қағазы, әріп-сиясы. 12 беттік дәптерге көк қаламмен кирилл әрпінде жазылған.


Қашан, қайда жазылғаны. Қарағанды облыстық “Орталық Қазақстан” газетінің 1991 жылғы 3 қаңтардағы санынан жазылып алынған.

Беттеулі. Нөмірленбеген.

Мәтіннің орналастырылуы. Шығарманың өлең жолдары әр бетке шұбыртпалы ұйқас үлгісі бойынша орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сары түсті қатты қағазбен қапталған.

Папкасы. П. 1124 (ӘӨИ), 114-дәптер.



Библиографиясы. Қабанбай мен Дәулетбай жыры. “Дидар” газеті 4,5 маусым, 1991 жыл.

107

Ш. 663 (ӘӨИ)

П. 47; Б. 95; Ж. 20
20x16; 17,5x13

قازاق باتتىرلارى اجنباي، وتمگن جانە باسقалار

Аталуы. قازاق باتتىرلارى اجنباي، وتمگن جانە باسقалار (Қазақ батырлары Әжібай, Өтеген және басқалар).

Жырлаушысы. أبزمیئت مالنگمولی (Мәлікеұлы Әбзейіт) (1898-1971) – қазіргі Алматы облысы, Іле ауданының Жетіген аулында туған ақын, ағартушы. Сүйегі дулаттың жаныс-жанту тармақтарынан тарайды. Әкесі Мәліке – қажы, Іле атырабына белгілі дін өкілі болған адам. Әбзейіт бала кезінен әкесінен қолынан сауат ашып, Бұхар, Уфа, Қазан қалаларындағы діни оқу орындарында білімін толықтырады. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік меңгеріп, шығыс әдебиетіне ден қояды. Отызыншы жылдарға дейін ауылда мешіт ұстап, бала оқытумен шұғылданған. Әбзейіт ақынның 1967 жылы өз қолымен өткізген қолжазбалары институт қорында жинақталған. Осы жазбалардың ішіндегі “Ер Әжібай”, “Рысқұл Жылқыайдарұлы”, “Т.Рысқұлов”, “М.Масанчи” сынды дастандары нәрлі тілмен жырланған көркем туындылар. Бұлардан “Ер Әжібай” тарихи жырынан өзгесі баспа жүзін көрген емес. Ақынның үлкен ұлы Рақымжан ақсақалдың айтуынша, әкесі көз жұмар алдында жазбалары салынған әскери сумканы өзімен бірге көмуді тапсырады. Әке аманатын орындаған балалары ақынның туындылары мен көне кітаптарын қоса жерлейді.

Тапсырушы. Мәлікеұлы Әбзейіт.

Аннотациясы. Шығармадағы баяндалатын оқиғалар, соғыс кимылдары Жетісудың оңтүстік-шығысында өтеді. Оған Шелек, Түрген, Қорғас, Қаракемер, Кеңсу, Күрметі т.б. жер-су аттары айғақ болады. Туындыда өзге тарихи жырларда кездесе бермейтін жәйттар байқалады. Мысалы, Әжібай жоңғарларды шағын ғана топпен өзі ізденіп барып шабады. Сондай бір жорықта Зон деген

батырды өлтіріп, оның ерлігіне риза болғаны сондай, арнайы ас беріп, басына атын жазып тас белгі қояды. Жоңғарларды Қатын төре деген әйел адам басқарады, оған ірілі-кішілі батырлардың бәрі бағынады. Бірде Қатын төренің қолына түсіп, екі жылдай азап тартқан Әжібайды қалмақтың Қора деген батыры еркіндікке шығарады. Жырдың соңында жоңғарларға қарсы үлкен соғысқа Ташкенттен Сардар, Омар гангун, Мамыт кебек деген өзбек, қанаттас жатқан қырғыз батырлары шақырылып, тізе қоса отырып жеңіске жетеді. Бұл кеңестік идеологиясының, интернационализм қағидаларының әсерінен болғаны сөзсіз.

Жырда жоңғар шапқыншылығы кезінде Жетісу жерін сыртқы жаудан қорғап, елдікті сақтап қалған батырдың бірі Әжібайдың бейнесі жан-жақты ашылған. Шығарманың басты қаһарманы Әжібай Найманбайұлы 1699 –1778 жылдар аралығында өмір сүрген және атақты Өтеген батырмен жасы қарайлас, замандас. Жырда Әжібайдың жігіттік шағы баяндалады. Ендеше, негізгі оқиғалар ХҮІІІ ғасырдың 30-40 жылдары өткен деп болжауға болады. Қолжазбалардағы, кейінгі жылдары басылым көрген шежірелерге жүгінсек, Ә.Мәлікеұлы ер Әжібайдың ата-тегін жақсы білген және оларды қажетінше орынды пайдаланған. Жыршы өз бабасы әйгілі Өтеген батырды қосалқы кейіпкер ретінде ғана бейнелеп, негізгі оқиғаны ер Әжібайдың маңында өрбітеді. Бұл Ә.Мәлікеұлының ерекше тазалығын, шынайылығын байқатады. Онда ақиқат пен аңыз-әңгіме аралас келіп отырса да тарихи шындықтан алшақтамаған.

Нұсқасы. Нұсқа толық, 10-11 буын қара өлең үлгісінде жырланған.

Басқы сөзі (1-б.):

قوللنا قلام الدى اېزمت ائتن،
جازباق بوپ، باترلار دىڭ حىكاياتن.

Соңғы сөзі (103-б.):

كوز نىڭنىڭ ماين تاوئىنىپ، شارشادىڭ دەپ،
كەمپىر دە اشولانئىپ، كوپ ورساتن.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың жол дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Қолжазба 1965 жылы 12 қазанда

Алматы облысы, Талғар ауданының Жетіген ауында хатқа түскен.

Қолтаңбасы. Автордікі.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Дәптердің сырты жасыл қағазбен тысталып, алғашқы өңдеуден өткен.

Ақауы. Дәптердің сырты ескіріп, кей жерлері мүжілген. Сақталуы — қанағаттандырылдық. Беттері қарындашпен таңбаланғанмен, түзетулер жасалмаған.

Папкасы. 663 (ӘӨИ). 1-дәп. Қазақ батырлары Әжібай, Өтеген және басқалар.

Библиографиясы. Ер Әжібай / Құрастырып, алғы сөз, ғылыми түсініктерін жазған — Т.Әлбеков. — Алматы: Журналист, 1997; Ер Әжібай // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры 61-том / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: С.Қосан, Т.Әлбеков, Ж.Салтақова, Т.Әкімова. — Астана: Фолиант, 2006. 151-203-бб.

108

Ш. 657 (OFK)

П. 4; Ж. 24
30x21; 28x20

قازاق نیشندهگی قترغزداردنڭ كملۇى

Аталуы. قازاق نیشندهگی قترغزداردنڭ كملۇى (Қазақ ішіндегі қырғыздардың келуі).

Жинаушысы. جاتيپاه بوزتاي (Жақыпбаев Бозтай. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада бар).

Экспедициясы. 1946 жылғы Ақмола экспедициясы.

Аннотациясы. Абылай ханның заманында қырғыздың ханы Садырбала қазақ елінің шетінен келіп, шауып, маза бермейді. Ел-жұрт жиналып, Абылай ханға келіп жағдайды айтады. Абылай мән-жайға қаныққан соң, үш мыңдай қолын бастап бірнеше күн жол жүріп, қырғыздың Жекетауына келіп түседі. Қырғыздар Абылайдың қолы екенін біліп, Садырбала ханға хабарлайды.

Ол бірінші күні бірдей түсті киім киген, бірдей ат мінген, кару-жарағы бірдей екі елшісін Абылайға жібереді. Елші: “Бұдан кейін жауласпайық, қан төгіспейік, қайтсын”, – дейді. Абылай жауап бермейді. Екінші күні төрт адам, үшінші күні алты адам елші жібереді. Бәрінің айтатыны сол сөз. Бәрі де бірыңғай киім, бірдей ат, бірдей қару жарақтанған. Абылай сол баяғы қалпы елшілерге жауап бермейді. Енді сарбаздар арасында күңкіл шыға бастайды. “Хан неге елшілерге жауап бермейді, не ойлағаны бар екен”, – дейді. Абылай жұртын жинап алып, не үшін тіл қатпағанын былай түсіндіреді: “Бұлар елші емес, Садырбаланың бізге көрсеткен қыры, бірінші күні екі жас жігіт келді, киімі де, аты да, сөздері де бірдей. Ол Садырбаланың менің әскерім де, күшім де сенен екі есе көп, ал екінші күні төрт есе, үшінші күні алты есе көппін, бос қырылмай қайт дегені дейді. Осы жерден қайтамыз ба?” – дегенде, батырлар сөздің мәнісін түсініп, бірден соғыс жоспарын жасайды. Абылай соғысты ұзаққа созбай, үш күн ішінде бекіністі талқандауды бұйырды. Себебі ұзақ соғысқа азық-түлік жетпейтін-ді. Абылай хан өзі де ұрысқа шығады. Үш күн, үш түн сұрапыл соғыс болып, қырғызды тас-талқан етіп, Садырбаланы қолға түсіреді. Бұрынғы қырғыздардың шауып кеткен мал-мүлкі мен адамдардың бәрін қайтарып алады. Сондай-ақ қырғыздан тандап тұрып қырық жігіт алады (кілең басшы, бектерінің балалары). Қырық жігітке тандап қырық қыз алады. Оларды Садырбаланың өзі отаулап, ұзатады. Енді бұдан былайғы жерде жауласпауға анттасады.

Осы уақиғадан соң Кенесары, Наурызбайдың заманына дейін екі елде тыныштық орнайды. Қырғыздың кейбір ақсақалдары: “Біз атасы Абылаймен анттасып едік, Кенесары мен Наурызбайды сол ант соқты” – деп айтады екен.

Басқы сөзі (1-6.):

ابلاي خان واقتىندا قىرعىزدىڭ سادىربالا دىگەن خانى قازاق ملنىڭ شىختىنە كەلىپ، شاونېپ كەتكەن مەكەن.

Соңғы сөзі (4-6.):

كەنەسارى ناورىبايدى سول انت سوقتى، دىيدى.

Қолтаңбасы. Шаханов Дәулеттікі. Ол 1887 жылы туған. Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданы, Ақсу ауыл советі, Жаңаталап колхозында есепші болып қызмет істеген.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1946 ж. қыркүйек айында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке толық қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. 657 (ОФК).

109

Ш. 1338 (ОФК)

П. 3; Ж. 20

22,3x15,5; 20x14

قالقامان اجنباي باتردنگ ايتقان سوزننەن

Аталуы. قالقامان اجنباي باتردنگ ايتقان سوزننەن (Қалқаман Әжібай батырдың айтқан сөзінен) (1-б.).

Жинаушысы. اينابەكوف قايپ (Айнабеков Қайып). (1885-1955). Қарағанды облысы, Нұра ауданында туған. 1943 жылдың СССР Жазушылар одағының мүшесі. 1928 ж. Қызылордада “Қырдың қызыл гүлдері” атты жинағы шыққан. “Қолаң шаш”, “Алып туралы аңыз” атты дастандары газетке, 1951 жылы “Өлеңдер”, 1955 жылы “Шығармалар” атты жинақтары шықты.

Айтушысы. Әжібайұлы Арыстан (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Бірде Кенесары ерігіп отырып балуан күрестірсе, Әжібай батыр бәрін жыға береді. Сол кезде Наурызбай жасөспірім жігіт, ол қайта-қайта Әжібайға тап-тап береді. Әжібай: “Мен сенімен күреспеймін”, – деп екі рет қайтарғанына қоймаған соң, “төренің баласы” деп аямай, алып ұрады. Сонда ғана Наурызбай топтан шыға береді. Кенесары Ақмола қаласын шапқанда, Басқара батырын солдаттар атып өлтіреді. Сарбаздан сүйекті алып, шегініп қашып келе жатқан Кенесары атына оқ тиіп, жығылып отырып қалғанда, Наурызбайдың Әжібай батырға артынан келіп найза салғанын көреді. Кенесары осыны ойында ұстап, ордаға келген соң, батырларын жиып алып: “А, жұртым, таршылықта жауды

андудың орнына, біздің кейбір/ерлер бірін-бірі андиды. Осымен жұрт бола ала аламыз ба?!” – дегенде, Наурызбай орнынан тұрып, Әжібай батырдың қолын алып, кешірім сұрайды. Сонан былайғы жерде Әжібай Наурызбай бар жерде алаңсыз ұйықтайтын болады.

Басқы сөзі (19-б.):

بىز كۈنى كىمەسارى مەنگەپ وتەنپ، بالوان كۆرەستىرسە، اجنباي باتر جنعا بەرمەدى.

Соңғы сөзі (24-б.):

سول ۇستاعاننان كەين، ناورزباي بار جەردە، الاكسز بەل شەشەنپ ۇيقتايتىن بولدىم دەگەن مەكەن.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Шағын ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1945 жылы жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтінің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты жасыл қатты қағазбен тысталған.

110

Ш. 656 (OFK)

П. 6; Б. 4; Ж. 35

33x21; 29x18

Қандының соғысы

Аталуы. Қандының соғысы (1-б.).

Жинаушысы. Торайғыров Сұлтанмахмұт (1893-1920) – ақын, жазушы, журналист. Омбы уезінің Шағырай болысында Қарауыл Шабар ауылында (қазіргі Көкшетау облысының Қызылту ауданы) туып-өскен. Сұлтанмахмұт “Туған еліме”, “Шәкірттерге”, “Алтыаяқ”, “Тұрмысқа”, “Ләнет бұлтты шатырлап”, “Шәкірт ойы”, “Неге жасаймын” т.б. өлеңдерін, “Кедей”, “Адасқан өмір” поэмаларын, “Қамар сұлу” романын жазған.

Аннотациясы. Қарауыл елінде Қанды, Мәңтік деген екі ру және солармен туыс Шабар – Шаншар деген бір ру ел болады. Шабар

– Шаншар – басқа руларға өз дегенін орындатқызып, үстемдік жүргізіп отырады. Шабар–Шаншар жүз шақты кісісін жіберіп, Қанды, Мәндіктің пішенін шапқызады. Бұл қорлыққа шыдамаған Қанды, Мәндіктер жиылып барып пішеншілердің сазайын беріп, бастығы Әнәпияның басын жарады. Әнәпия Шабар – Шаншардың азаматын атқа қондырып, Дүйсенбай мен Шоқпытты бас етіп, кек алуға аттанады. Екі жақ жазық далада кездесіп, сойылдасады. Қанды, Мәндіктер жеңіледі. Шабар – Шаншарлар олжаға түскен малын айдап, жаралыларын сүйреп еліне қайтады.

Басқы сөзі (216-б.):

Қарауыл елінде Қанды, Мәндік деген екі рулы ел бар. Олар атақты Шабар – Шаншармен арғы жағынан аталас болады.

Соңғы сөзі (220-б.):

Шоқпыт пен Дүйсенбайдың сойылы жандарына батқан, бастарына қызыл тақия киген.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1946 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты қапталған.

Ақауы. Мәтінде орфографиялық қателер көп. Қолжазбаның парақтары сарғайып, ескірген.

Папкасы. 656 (ОҒК).

111


Ш. 398 (ОҒК)

П. 15; Б. 30; Ж. 41
20х16,5; 19,5х15,5

Қарасай – Қази

Аталуы. Қарасай –Қази (1-б.).

Жыршысы. Күржіманұлы Қашаған (1841-1929) – атақты ақын әрі жыршы. Ол “Қырымның қырық батыры” эпопеясының біздің дәуірімізге сақталып жетуіне үлес қосқан жыршы, Мұрын



жырау Сенгірбайұлын тәлімгерлік жасаған өнерпаздардың бірі. Оның репертуарында халықтық жырлармен қатар “Адайтегі”, “Атамекен”, “Топан” атты өзі шығарған эпикалық туындылар болған.

Жинаушысы. Үсембаев Ә. (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Ноғайлы дәуірінде Құрмамбай деген байдың баласы болмай, көп жылдан соң әйелі жүкті болып, бір ұл бала туады. Қуанышқа үлкен той жасап қазақ, ноғайдың бәрін шақырады. Орақ батырмен бірге Қырымның қырық батыры да келеді. Осы той үстінде патшадан хат келеді. Хатта мұсылманның Қондыкер деген ханына қалмақтың Күзбан деген ханы: “Бүкіл елімен соғыс ашпай бағынуын, егер бағынбаса, елін шауып, қатын-баласын күң етемін” деген шарт қояды. Сонан Қондыкер қалмаққа бағынғысы келмейді. Қырымның қырық батырынан көмек сұрайды.

Жетім бала Қарасайдың барайын десе, аты жоқ, намыстанып жылағанын көрген шешесі оны жұбатып, тұлпар іздеп, ақыл айтады. Қарасай талай жерді аралап, ақыры Қосай батырдан тұлпарды алып қайтады. Қарындасы Қибат: “Мені жалғыз тайға сатып, қайда аттанып барасың?” – деп жалынады. Қарасай намыстанып, аттан қарғып түсіп, жаяу кетеді. Артынан інісі Қазі қуып жетеді. Екеуі ен далада отырғанда, Қибат көк тарланды алып келеді. Қазиды қайтарып, Қарасай көк тарланға мініп, жауға аттанады. Қырымның қырық батырын қуып жетеді. Сөйтсе, олар кімді хан сайларын білмей дауласып келеді екен. Қарасай олардың қателіктерін бетіне баса айтады. Батырлар бірігіп: “Жас та болса әруақты Орақтың тұқымы еді, осыны хан сайлайық”, – дейді. Қарасай хан сайланады. Екінші қолға Бүркіт ханның ұлы Әділ хан сайланады. Бұлар Қиғаш тауының ар жағы дария, оның ар жағында үйілген таста Орақ батырдың жазып кеткен жазуы арқылы қалмаққа өтетін жолды табады. Соғыс дабылы қағылып, үлкен ұрыс басталады. Әділ хан аяқ асты жоғалып кетеді. Қарасай қалаға тоғыз рет кіріп, таба алмай, елге қайтады. Батырлар тарап кетеді. Кейіннен Қарасай, Қазі екеуі аттанып қалмақ қолын жеңіп, Әділді жеті қабат темір тордан босатып алып елге оралады.

Қибатты уәде бойынша қарт Қосайға қосқалы жатқанда, Қосай өз келісімімен Қибатты Әділге қосады.

Басқы сөзі (1-б.):

Ертеде ала тайлы Аңшыбай деген болды. Одан Баба Түкті Шашты Әзиз туды.

Соңғы сөзі (30-б.):

Сосын Қибат сұлуды Әділге некелеп берген екен.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы 1 шілдеде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, ақ жіппен қайта тігілген.

Ақауы. Қолжазба қазақша жазылғанымен оқуға қиындық тудырады. Сызылған, шимайланған жерлері көп.

Библиографиясы. Қарасай, Қазі // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры 41-том. Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған – С.Сәкенов. – Астана: Фолиант, 2007. – 41-83-беттер.

112

Ш. 363 (ОҒК)

П. 102; Б. 204; Ж. 21
21x17; 19,5x9

Qarasai – Qazi

Аталуы. Qarasai – Qazi. (Қарасай, Қазі) (1-б.).

Жыршысы. Baitabyнов Aisa (Ол туралы мәлімет 19-сипаттамада бар).

Жинаушысы. Байтабынов Айса.

Аннотациясы. Орақ, Мамай өлген соң Қарасай он бесте, Қазі он үште әкесінен қалып, қос жетімнің дұшпаны көп болады. Сонда

Қараулектей ана немере екі баласын қолына алып, елін жинап, перзентсіз бай шал Шынтемірді Мамайдың орнына хан сайлайды. Шынтемір хан болған соң, Мамайдың тоқал шешесінен туған Смайыл мен Тобаяқ, Әли менен ер Сидак “мирасымды бермеді” деп өкпелеп елден кетеді. Сол тұста қалмақтың ханы Темір ханнан қырық кісі келеді. Соның ішінде сөзге шешен ханның Ханбегі деген адамы болады. Келе сала Шынтемірге сәлем беріп, былай дейді: “Орақ, Мамай өліп, хан болған екенсің. Жеті атамды өлтірген соның кегін алар күн туды. Орақ, Мамай тұсында бұрымдымызды күн, айдарлымызды құл етіп, еліміздің берекесін қашырып, басымызға лаң салып еді. Енді сол істегенін өзіне істеймін, бірақ Орақтың қызы Қымбатты ханымызға қатындыққа, Қарасай, Қазі қос жетімді құлдыққа, Қараулек кемпірді күндікке берсең, еліңді шаппаймын, кеңшілік беремін”, – дейді. Шынтемір он бес күн ішінде жауабын айтпақшы болып, қалмақ адамдарын қайтарады. Елін жинап ақыл сұрайды, ел не дерін білмей дағдарады. Сонымен Қарасай не дер екен деп Қарасайдан сұрағанда, ол бағынбайтынын, қол бастап соғысуға даяр екенін айтады. Дәл осы жерде баяғы хандық үшін өкпелеп жүрген Тобаяқ пен Смайыл ортаға іріткі салып: “Жас баланың сөзіне сенбеңдер, босқа қырыламыз. Онан да бұларды тастап көшіп кетелік” деп ақыл салыпты. Сол күні Қараулек пен Қарасай, Қазі қос жетімді жұртқа тастап көшіп кетеді. Таңертең тұрса, ел жоқ, Қараулек Қарасайға “атаға тартып тумадың” деп кейістік білдіреді.

Қалмақ қолы келіп, Орақ, Мамайдың үйірлі жылқысын айдап жөнеледі. Әкесі мінген Тайқара ат бөлініп кейін қашып, Орақ, Мамайдың моласының басына барып тоқтайды. Қарасай Тайқараға мініп, жау соңынан қуып жеткенде, қалмақтың Қараман атты батыры Орақ екен деп қатты сасады. Жылқыны жаудан айырғанымен, соғыспай кеткенді намыс көреді. Қолында құрықтан басқа қару жоқ, соғысқа кіреді. Неше күндей соғысып, ақыры қалың қолдың қоршауында қалып қояды. Қараулек түс көріп, Қазиды соңынан жібереді. Сөйтіп Орақтан қалған қос бөрі жауын жапыра жеңіп, қалмақтың ақылды батыры Көкеманмен келісімге келіп, не десе де айтқанына көнуге мақұл болады. Сонымен бұлар Қараулек кемпірден ақыл сұрап он екі баулы ноғайлы Шынтемірді көшіріп келуге аттанады. Қалмақтан қорқып бармаймын деген елімен қосып, көшіріп өз орнына алып келеді. Шынтемірге Көкеманды

алып кеп, жыл соңына дейін бір ұл, бір қыз беретін қылып екеуін ақыреттік дос қылып табыстырады.

Қараулек кемпір Орақ, Мамай моласының басында Орақ, Мамайдың ерлігін тізіп жоқтау айтып, Құдайдан тілек тілейді. Жасы сексенге келген Шынтемір жиырмадағы жігіттей, әйелі Ақтолқын он бес жастағы кезіндеі болып қайта жасарады. Ақтолқын екіқабат болып бір ұл, бір қыз туады. Қыздың атын Ілия, ұлдың атын Әділ қойып, ұланасыр той жасайды. Әділ алты жасқа шыққан жылы Шынтемір хан қайтыс болады да, орнына Әділ он бес жасқа шыққанда хандық таққа отырады. Сонымен Әділ әкесіне ас бермекші болып ұланасыр той жасайды. Бұл асқа алыс-жақын бәрі шақырылады. Қырымның қырық батыры келеді. Осыны көздеген алыстағы қалмақ ханы Темірхан хат жібереді. Хатта: “Қызылбастың елі мені шапқалы жатыр. Төс қағысқан дос едік” деп жаудан араша сұрапты. Бұл Темірханның өтірік айласы еді.

Әділ хан бастаған қол Қызылбасқа аттанады. Болаттау деген тауға келгенде, сөзге келіспей әскер үшке бөлінеді. Жеті батыр бөлініп бірінің артынан бірі кіреді. Бұлар – Қарасай, Қазі, Қобыланды, Құбығұл, Әуез, Ахмет, Әділ. Бұлар Болаттаудағы тесікпен өткен соң, он екі қабат орыннан, құрып қойған торынан секіріп өтіп жауға кіреді. Әділдің күрең атының өмілдірігі үзіліп, ордың ішінде қалады. Неше күн, неше түн соғыс болады. Батырлардың бірталайы жаралы болып, кері қайтады. Қарасай, Қазі Әділді іздейді. Қобыланды жау торын бұзып шығып, ол да елге қайтады. Қарасайдың жарасы ауыр болып, Қазі тышқанның шөбімен емдеп жазады.

Қарасай, Қазі қос бөрі елге келіп тынығып жатып қалады. Қызылбастар Әділдің он саусағын қарымен кесіп алып, терімен, оның үстін темірмен торлап арба сүйреткізіп қояды. Әділдің пірі қарақұс болып елге хат апарады. Сонан соң Қарасай, Қазі тағыда жорыққа аттанады. Ақыры Әділді тауып құрсаудан босатып алады. Қанжарбек деген Қызылбастың ханын ұстап, Әділдің он саусағы мен екі қарын орнына келтірсе, дос болуға уәде етеді. Қанжарбек мыстан кемпірін алғызып Әділді жазып береді. Үшеуі елге келеді. Қарасай Ақтолқын анасынан сүйінші сұрап бұрын келеді. Сүйіншіге Ілияны береді, Әділ аман келгенін көріп жыласып көріседі. Сыпыра жырау келіп басу айтып, жыр толғайды. Қарасай Ілияны алады. Әділ хандық тағына отырып мұратына жетеді.

Нұсқасы. Айса Байтабынов нұсқасы толық, жыр үлгісіне құрылған.

Басқы сөзі (1-б.):

On tanbalъ urъmda,
Qығq tanbalъ qығmda.

Соңғы сөзі (204-б.):

Adjl attъ hanъndъ,
Degenge Qudai jetkјzдж.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Қолжазба шақпақ дәптерге күлгін сиямен латын әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылы Ақтөбе облысы, Қобда ауданында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Дәптердің бірінші бетіне өлең жолдары екі қатар, басқа беттерінде бір қатардан жазылған.

Қалпына келтірілуі. Бес дәптерді бірге қосып түптеп, сырты жұқа ақ қағазбен тысталған. Қолжазбасы көк түсті қалың буманың ішіне салынып, желімделген.

Папкасы. 363 (ОҒК), 3-дәптер. “Қарасай – Қази” жыры, қорға 1941 жылы түскен.

Библиографиясы. Қарасай, Қази // Бабалар сөзі. Жүзтомдық Батырлар жыры. 42-том. Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: С.Қосан, Б.Тұрлымбеков. – Астана: Фолиант, 2007. – 9-116-беттер.

Аннотациясы. Он екі баулы ноғайда Орақ атты ерден Қарасай, Қазі есімді қос жетім қалады. Әкесінің туысы Мамай хан да қайтыс болып, күнкөрістері нашарлап кетеді. Таққа Шынтемір шалды отырғызғанда, Смайыл мен Тобаяқ “бізді хандыққа отырғызбадыңдар” деп теріс қарап кетеді. Қалмақтың ханы Темірхан ноғайлы еліне “біздің айтқанымызға көнсін, көнбесе соғысуға келсін” деп жаушы жібереді. Смайыл ел арасына іріткі салып, Қарасайға қарасты ел мен жұртты тастап кетіп қалады. Қарасай Шынтемір ханда іздеп тауып, қайтып еліне көшуіне ықылас білдіреді. Қарасай мен Қазі Көкеман атты қалмақ батырын жеңіп, бөлініп кеткен елін қосып алады. Ханның әйелі екіқабат болып, айдаһардың жүрегіне жерік болады. Ханның өтінішіменен Қарасай айдаһардың жүрегін әкелуге алпыс күндік жолы бар, алты күндік шөлі бар Күйген таудың басына сапар шегеді. Айдаһарды тауып алады. Айдаһар Қарасайдың мықтылығын сезіп, екеуі келісімге келіп, бір елі құйрығын кесіп береді. Сол құйрықты жеген әйелдің жерігі қанып, бір ұл мен бір қыз туады. Баланың атын Әділ, қыздың атын Ілия қояды. Әкесінің тағына Әділді отырғызады. Қалмақ ханы Темірхан хат жазып, ноғай елін соғысқа шақырады. Ноғай елінің белді-белді батырлары жиналып жолға шығады. Қалмақ еліне барып соғысып жүргенде, Әділ, Қарасайлар жаудың қолында қалды деген хабар жетеді. Мұны есіткен құлдар есіріп, Ілияға, шешесіне қол сала бастайды. Бұлар елден қашып кетеді. Соғыс алаңында жүріп Әділ жау қолына түсіп қалады. Әділ ханды әбден қинайды, суға, отқа салады. Мұны да бабалар қолдап, өлмей қалады. Әруағы құс болып ұшып, Әділ жазған хатты Ілияға апарып береді. Әділдің тірі екенін білген Ілия Қарасай мен Қазіге айтады. Қарасай мен Қазі Әділдің қамалып жатқан торын тасталқан етіп, құтқарып алады. Үшеулеп қалмақ елін жеңіп, кегін алады. Әділ қарындасын Қарасайға қосады. Әділ қайтадан хандығын құрып, мақсат-мұратына жетеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Otken zamanda Musa degen bol'p'ty. Musa biden ot'z ul qalad's.

Соңғы сөзі (43-б.):

Qaigynyn barin ketirdi

Ducpandary okindi.

Қағазы, әріп-сиясы. 12 беттік оқушы дәптеріне қара сиямен латын әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары бірінші бетінде екі қатардан, қалған беттерінде бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Алты дәптерді бірге түптеп, сырты жұқа ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. 363 (ОҒК), 3-дәптер. Қарасай – Қази.

114

Ш. 363 (ОҒК)

Б. 204; Ж. 20
21x16,5; 20x10

Аталуы. Qarasaı – Qazi (Қарасай – Қази) (1-б.).

Аннотациясы. Бұрынғы өткен заманда, ноғайлы елінде Аушыбай деген пір өмір сүріпті. Аң аулап жүріп, үш аққуды кезіктіреді. Атайын десе, үш аққу үш қызға айналып кетеді. Аушыбай ұстап алғанда, қыздар шарт қояды: “Біріншісі, түнде далаға шыққанымды көрме; екіншісі, от жаққанымды көрме; үшіншісі, бас жуғанымды көрме. Аушыбай кейін осы шарттарды бұзғандықтан су перінің қызы кететінін айтып, ішінде баласы барлығын, қалмақ жеріндегі бір бәйтеректің басына туып, тастап кететінін айтады. Сол баланың атын Едіге деп қояды. Аушыбайдан тарқаған ұрпақтар шетінен батыр болып, ел басқарады.

Орақ өлерінде әйеліне үш арманын айтады: біріншісі, туысы Мамайдың баласы жоктығынан күлмейді; екіншісі, Ер Көкшенің қызыл атын міне алмай бара жатқандығы; үшіншісі, Қиғаш тауындағы қызылбасты бағындыра алмай қалғандығы.

Қарасай, Қази, Әділ хан, Ахмет секілді батырлар қырық мың қолмен қызылбас елін жаулап алу үшін аттанады. Барар жол бір аяқты тар жол болғандықтан, бүкіл әскерді үшке бөледі. Он төрт мыңын Қарасай, Қази, он төрт мыңын Әділ хан, он үш мыңын Ахмет басқарады. Қарасай, Қази Қазбан қаласын басып алады. Әділ әскерін тар жолда қысылтаянда жеңіп, Әділдің өзін ұстап алады.

Талқандалған қалаларын Әділге алты арбаны жектіріп, алты айда қалаларын тұрғызып алады. Әділ уақытында келмеген соң, Омар, Оспан деген құлдары анасына, қарындасына күн көрсетпейді. Жаудан келе жатқан Ахметтен, кейін Қарасай, Қазиден Әділдің қайда қалғандығын қарындасы Ілия сұрайды. Бұлар анықтап жауап бермейді. Әділді қызылбастар әбден жәбірлейді. Әділ Жаратқан иесіне, пірлеріне жалбарынады. Әділдің қысылғанын сезген пірі қара құс болып ұшып, қасына қонады. Әділ тісіменен хат жазып, еліне жібереді. Қара құс хатты алып келіп, анасы мен қарындасының қасына қонады. Оқып қараса, жау қолында отырған Әділден келгенін біледі. Хатты Ілия Қарасай, Қазига алып барады. Әділдің тірі екенін білген соң, жауға қайта аттанады. “Атамыздың үшінші арманын осы жолы орындап қайтайық” деп жолға шығады.

Қызылбастар Қарасай, Қазиге келер деп қаланың жақсылап қорғанын мықтылап алыпты. Қарасай, Қазиге келді де жауын қыра бастайды. Дербант қаласын басып алады, бірақ Әділді табу қиынға соғады. Көрінгеннен сұрайды, білмейді. Қысылғанда пірі әйел кейпінде келіп жәрдем беріп, зынданға алып келеді. Зындандағы Әділ Қарасайға ішіндегі шерін айтады. Үшеуі қызылбас елін жеңіп, қолға түскен әскерін босатып алады. Жауын мұсылман дініне кіргізіп, еліне аман-есен оралып, бақытты өмір сүреді.

Нұсқасы. М.Мөңкеұлының нұсқасы.

Басқы сөзі (1-б.):

Burıngy otken zamanda, nogailı elinde Ancıbai degen pir omir suripti.

Соңғы сөзі (204-б.):

Gauın jenip, baqıttı omır suredi.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. 12 беттік оқушы дәптеріне қара сиямен латын әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары бірінші бетінде екі қатардан, қалған беттерінде бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Алты дәптерді бірге түптеп, сыртын жұқа ақ қағазбен тыстаған.

Папкасы. 363 (ОҒК), 3-дәптер. Қарасай – Қазі.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық, 41-том. Батырлар жыры / Томның ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға дайындаған: филология ғылымдарының кандидаты С.Сәкенов. – Астана: Фолиант, 2007. – 340 бет.

115

Ш. 363 (ОҒК)

Б. 204; Ж. 20
21x16,5; 20x10

Qarasai – Qazi

Аталуы. Qarasai – Qazi (Қарасай – Қазі) (204-б.).

Жыршысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Еділ, Жайық өзендерінің бойын жайлаған ноғай елін басқарған Мамай, Орақ атты ерлер болады. Орақ әйеліне үш арманы бар екендігін айтады: – Біріншісі, туысым Мамайды күлдіре алмай барамын, өйткені артынан ерген ер бала болмады. Қарасай ержеткен соң қайғылы Мамай атасын бір күлдірсін. Екіншісі, Орал тауының басында жүрген Ер Көкшенің қызып атын міне алмай барамын, соны мініп алсын. Үшіншісі, бабамыз – Баба Түкті Шашты Әзіз бара алмаған, мұсылман ері бара алмаған Қиғаш деген биік тауда қызылбас есімді мықты жау бар, мен соны ала алмай дүниеден өтудемін, Қарасай соны алсын, – дейді. Қарасай атасының екі арманын орындап, соңғысына жол тартады. Қызылбасқа бару үшін Қырымдағы Әділ хан Қарасайға қырық мың қол жинап береді. Әскер ішінде Әділ хан, Ахмет, Көмек, Сүлеймен батырлар бар. Әділдің анасы түс көріп, уайым-қайғы жейді. Қызылбастың еліне бару үшін алты айшылық жол жүру керек, барар жол бір аяқ жол, арғы жағы құмды, шөлді жер болатын. Жаулап алу өте қиынға соға бастайды. Баратын жол жалғыз аяқ жол болғандықтан қырық мың әскер үшке бөлінеді. Он төрт мыңды Қарасай, Қазі, он үш мыңды Әділ, он үш мыңды Исаұлы Ахмет басқарды.

Қарасай, Қазі қызылбастың Қазбан деген қаласын алады. Әділді қоршауға алып, қиян-кескі соғыс болады. Осында Әділ

орға жығылып, қолға түсіп қалады. Қарасай, Қазі екеуі қалмақ қаласының тас-талқанын шығарып, Әділді іздей бастайды. Алты күн іздейді. Қарасай жаралы болып, Қазі оны он күн емдеп алып, амалсыздан еліне қайтады. Әділді ұстап алып, алты арбаны жегеді. Қарасай бұзған қаланы Әділді жегіп, түзейді. Әділге күні бойы тасты арбаны сүйреткізіп, әбден қинайды. Омар мен Оспан құл Әділдің жоқтығын пайдаланып, барлық дүниеге билік ете бастайды. Анасы мен қарындасына күн бермейді. Әділге пірі қара құс болып келіп, жазған хатын алып, Қырымдағы анасының алдына әкеліп береді. Хатты оқып қараса, баласының жазғанына көздері жетіп қуанып қалады. Хатты алып Қарасай, Қазіге әкеледі. Досының тірі екенін біліп, ханнан әскер сұрайды. Ханнан көмек болмаған соң, Қарасай мен Қазі өздері аттанып кетеді. Қарасай Әділді іздеп қаладан таба алмай тұрғанда, өзінің атасы пір болып ұшып келіп, Әділдің жатқан жерін көрсетеді. Әділді зынданнан босатып алып, қызылбас елін қырып, бағындырып алады. Илияны Қарасайға қосады. Әділ хан болып, мұратына жетеді. Қарасай әкесінің үш арманын орындап, бақытты болады.

Басқы сөзі (1-6.):

Edil, Jaıyq ozenderinin boıyn jailagan, nogai elin basqargan Mamai, Oraq erler bolady.

Соңғы сөзі (204-6.):

Osımen tamam ettik bul kenesti.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. 12 беттік дәптерге қара сиямен латын әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары бірінші бетінде екі қатардан, қалған беттерінде бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Алты дәптерді бірге түптеп, сыртын жұқа ақ қағазбен тыстаған.

Папкасы. 363 (ОҒК), 3-дәптер. Қарасай – Қазі.

Ш. 920/11 (ӘӨИ)

Б. 5-86; Ж. 26

20x30; 5x21

Қарасай – Қазі**Аталуы.** Қарасай – Қазі.

Жыршысы. Иманғалиұлы Қайролла – атакты жырау, жыршы. Амудария күйылысындағы Қожелі ауданы, Қожелі қаласында тұрған. Ол 1907 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданындағы қазіргі Саралжын совхозында туған. Қайролла жастайынан тума дарынымен ауыл арасында көзге түсіп, “жас жырау” атанған. Ол қай салада қызмет атқарып жүрсе де, ауыз әдебиеті үлгілерін насихаттаудан жалықпаған. Қайролла арнау, өсиет, беташар, тойбастар, шежіре және көлемді эпостық жырларды жырлаған. Ел аузында сақталған халықтың рухани мұрасын өте көп білген.

Жинаушысы. Айтжанова Моншақ.

Аннотациясы. Ертеде Орақ деген батыр болады. Орақ өлген соң, Қарасай мен Қазі жетім қалады. Орақтың шешесі: “Немерелерім болса жас, елім басшысыз қалмасын” деп елін жинап, кеңес өткізеді. Сол елде Шынтемір деген шал бар екен. Соны хан Мамайдың орнына таққа отырғызады. Шынтемір хан болғанымен, бір перзентке зар екен. Қалмақтың ханы Темірхан бұларға “бізге бағынсын” деп елші жібереді. Он беске келген Қарасай оларға бағынбайтындығын айтады. Смайыл-Тобаяқ осы он бес жастағы баланың қолынан не келуші еді деп көп адаммен елінен көшіп кетеді. Қарасай соңынан қуып барып “қайтадан елге көшіндер” деп өтініш жасайды. Үркіп көшкен ел қайта еліне оралады.

Ауылына келгенде, шешесі Шынтемірдің әйелі жеті басты айдаһардың жүрегіне жерік екенін хабарлап, Қарасайды Күйген деген тауға жұмсайды. Қарасай көп қиындық көріп, Күйген деген тауға жетеді. Айдаһарды тауып онымен ұзақ алысады. Бір кезде жыланға тіл бітіп: “Менің жанымды қой, құйрығымның ұшын кесіп берейін”, – дейді. Құйрығынан бір елі кесіп алса, салмағы он пұттай болады. Соны алып Қарасай елге қайтады. Айдаһардың құйрығын жеп Айтолқынның жерігі қанып, мезгілді күні болғанда, Шынтемір хан Қараүлекті шақыртып ақыл сұрайды. Қараүлек туатын баланың ерекше ер болып, ел билейтінін айтады. “Баланы

туғызу үшін алыс жердегі Жайшы деген кемпір келмесе, баланың тууы қиын болады” деп, Қарасайды соған жұмсайды. Ол кемпір Қарасайға: “Әскерді жи дағы Аллалап ұран сал”, – дейді. Қарасай кейін қайтып, кемпірдің айтқанын жасайды. Толқын Әділ атты ұл, Ілия есімді қыз туады.

Арада біраз жыл өтеді. Балалар он беске келеді. Шынтемір өлер алдында екі баласына қамқор бол деп Қарасай мен Қазига тапсырады. Қалмақтың ханы Темірхан Қырымның қырық батырын алдамақшы болып: “Біз мұсылмандыққа көндік, Қызылбас мазамызды алды, дос болсақ, Қарасай, Қазі сол жауымды алып берсін” деп хат жазады. Қарасай, Қазі Қырымның қырық батырымен жауға аттанады. Әділ де олардың соңынан кетеді. Әділдің шешесі түс көріп баласының басына бір қауіп-қатердің түсетінін біліп, баласын жолдан қайтармақшы болады. Батырлар Қызылбасқа баратын жолдың қауіп-қатері мол жалғыз аяқ жол екенін көріп, кері қайтпақшы болғанда, Әділ көнбей өзі аттанады. Әділ жаудың қолына түсіп қалады. Оны құтқаруға Қарасай мен Қазі аттанады. Үшеуі жауды жеңіп, бәрін мұсылман дініне кіргізіп, елге оралады.

Бұл нұсқада қиял-ғажайып элементтер көп кездеседі. Жырдың біраз жерлері қағазға түспей қалған.

Басқы сөзі (5-б.):

Он таңбалы Үрімде,
Қырық таңбалы Қырымда...

Соңғы сөзі (86-б.):

Қалғандарын қалмақтың
Мұсылман қылып көндіріп...

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1979 жылы Қожелі қаласында Қайролла Иманғалиұлының айтуы бойынша жазылып алынған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папқасы. 920/11 (ӘӨИ).

Ш. 920/12 (ӘӨИ)

Б. 72-112; Ж. 23

20 x 30; 5 x 20

Қарасай – Қазі қиссасы**Аталуы.** Қарасай – Қазі қиссасы (1-б.).**Жыршысы.** Иманғалиұлы Қайролла. (Ол туралы мәлімет алдыңғы сипаттамада бар).**Жинаушысы.** Қ.Саттаров, М.Айтжанова.

Аннотациясы. Ертеде Мұса деген биден отыз ұл қалады. Отыз ұлдың ішінде Мамай би болып, ел биледі. Орақ батыр болып, ел қорғайды. Мамай мен Орақ билікті, батырлықты қатар жүргізіп, еліне өте қадірлі болады. Мұса бидің қалған балалары басы Қарабатыр Тілеке, Алшы, Смайыл – Тобаяқ дегендер болып бұларды күндейді. Бұлар Орақтың алмас қылышын жасырып алып, түнде Орақ жатқан үйдің есігіне көлденең құрық қойып, ауылды айнала жылқыны қуып “Жау келді! Аттан, Орақ, аттан!” деп айқай салады. Төсекте жатқан Орақ сыртқа шығамын дегенде, есіктегі құрулы алмасқа ұшырап жараланады. Осы жарадан Орақ өледі. Орақтың артында Қараүлек деген шешесі, бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр әйелі, Қарасай, Қазі деген екі баласы және Қибат деген бір қызы қалады. Орақтың жауы бар екен, Орақ жауына бармастан бұрын өліп кетеді. Орақты өлтіргендер “Орақтың жауын жаулап аламыз” деп қол жиып аттаныпты. Сол кезде Қарасай он жеті жасар екен, жауға бармай үйде қалыпты. Жауға бармай үйде қалғандығына ыза болған анасы Қарасайды қайрайды. Қарасай жауға мінуге ат іздейді. Сол заманда ноғайлының Көкше деген батыры бар екен. Оның көк бура аты болады. Қарасай Көкшеден көк бура атты саудалайды. Көкше: – Атымды бір қызға беремін, – дейді. Қарасай жаудан төрт қыз әкеліп беретінін айтады. Көкше Қарасайдың өз қарындасы Қибатты сұрайды. Қарасай шешесімен ақылдасады. Қарындасы “мені жалғыз тайға саттың” деп ренжиді. Қарындасы ренжіген соң, Қарасай атты тастап, тауға қарай жаяу жүре береді. Сонда Қибат шыдай алмай, Қарасайдың артынан келіп, атты береді. Қарасай кеткен қолды қуып, жауға қарай

жөнеледі. Жаудан қорқып Алшы, Смайыл – Тобаяқ, Тілеке еліне қайтпақшы болады. Өздерінің қайтқанымен тұрмай, Қарасайға да қайтайық дейді. Қайтпаймыз деген Қарасайдың сөзін тыңдамайды. Көп қолмен қайтып кетеді. Қолдың ішінде Естерлі Ер Тарғын бар екен, ол Қарасайдың қасында қалады. Ағасының соңынан Қазиге шығады. Ағасы “қайт” деп қанша өтінсе де, Қазиге қайтпайды. Осылай сөйлесіп келе жатқанда, бұлардың алдынан қалмақтың Бөріхан деген әрі батыры, әрі ханы шығады. Қазиге Бөріханмен айқасып, оны құлатады. Мұны көрген қалмақтар бұларға жабыла кетеді. Қарасай, Қазиге, Ер Тарғын бір топ жауды жеңіп, еліне аман оралады.

Басқы сөзі (72-б.): Өткен заманда Мұса деген би болыпты.

Соңғы сөзі (112-б.): Еліне аман қайтады.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1984 жылы Ташкент қаласында жазылған. Машинкада терген – Гүлсін Сабырханова.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 920/12 (ӘӨИ).

118

Ш. 784 (ОҒК)

П. 114; Б. 228; Ж. 22
25,7x20,5; 23,5x10

Қарасай – Қазиге дастаны

Аталуы. Қарасай – Қазиге дастаны (1-б.).

Жыршысы. Шоқаев Құдайберген (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Жинаушысы. Ұйықбаев Иманбек (Ол туралы мәлімет 18-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Қарасай – Қазидың атасы Орақ батыр бір жолғы жорықтан оралғанда, көп олжамен келеді. Жорықтан түскен олжаны елдің игі жақсыларына бөліп береді. Орақ батырдың жиырма сегіз інісі бар еді. Мұны естіп, “олар бізге олжа бермей, елге таратты” деп, жиырма сегіз қосылып Орақты өлтірудің жоспарын жасайды. Сонда Тобаяқ деген інісі: “Орақта әруақ бар. Оны өлтірудің әдісі мынау: әйелінің қасына жатқан уақытта, үстіне ғұсыл суын құймаса, оған әруақ қонбайды. Мен барып еншілес болам да, ол ұйқыға кеткенде, алмас қылышын ұрлап алып жүзін төрге қаратып есікке керіп қоямын да, жылқыны дүркіретіп қуалай жөнемін. Орақ ғұсыл суын таппай, есікке жүгіргенде, алмас қылышқа соғылып, бөлініп өледі”, – дейді. Шынымен де Орақты осылай өлтіреді. Орақ батыр өлерінде анасы Қараүлек кемпірге үш арманын айтады: “Біріншісі, Орал таудың етегінде бес тұлпар бар. Иесі мұның Көкше қарт. Сондағы Қызыл атты бір ұстап мінбедім. Екіншісі, ағам Мамайды бір күлдіре алмадым. Үшіншісі, Қиғаш тауының тас қақпасы, оның ар жағында қызылбастың он екі қақпа хандық елі бар, соны бағындырсам деп едім. Қарасай, Қазидың ержетсе, осы арманымды орындасын”, – деп Орақ батыр көз жұмады.

Қарасай, Қазидың ержетіп, Шыңтемір хан өліп, орнына он бір жасар баласы Әділ хан болады. Әділ Қарасай, Қазидың досы еді. Бір күні Әділ Қарасай, Қазиды шақырып алып сұрайды: “Осы сенің аталарыңның барлығы батыр болған. Бара алмаған жері, ала алмаған жауы бар ма екен?” – дейді. Жастай жетім қалған Қарасай, Қазиды білмейді екен. Үшеуі келіп әжесі Қараүлек кемпірден сұрайды. Кемпір өлер алдындағы Орақтың үш арманын айтып береді. Қайтып кеп үш дос ақылдасып, осы орындалмай кеткен армандарды орындауға бел байлайды. Қарасай Көкше қарттың сынағынан сүрінбей өтіп, Қызылды ұстап мініп, еліне келсе, Әлеукенің қолы елін қоршап алыпты. Ел басқа жақа көшіп кетеді. Мамай жалғыз тарығып тұрғанда, Қарасай келіп қаптаған жауды жайпап салады. Сонда Мамай езу тартады. Сонымен Орақтың бірінші, екінші арманы орындалады. Әділ хан қырық мың әскер жиып Қиғаш тауына аттануға дайын екен. Қол аттанды. Әділ қолды, Қарасай, Қазиды жолды бастайды. Ешкім аша алмаған тас қақпаны Қарасай ашады. Әскер үш бөлікке бөлінеді. Қызылбас елінде жойқын соғыс болады. Қызылбастың халқы қаланы тастап,

далаға қашады. Әділ қолға түседі. Қарасай жараланып, Қазі оны ақ аюдың дәрісімен жазып алады. Бұлар Әділді таппай, ақыры елге қайтады. Қызылбастың ханы Әділді арбаға жегіп тас тасытқызып, тісімен тезек тергізеді. Анасы мен қарындасы Ілия елде зар еңірейді. Әділдің пірі бар екен. Әділдің қиын күнде қалғанын көріп, Қара құсын жібереді. Әділ құстың қанатының астына хат қысып, еліне жібереді. Хатты анасы мен қарындасы көріп, Қарасай, Қазіге апарады. Әділден хабар алған соң, Қарасай, Қазі жауға аттанады. Жиырма күнде Әділді алып елге келуге уәде береді. Олар Қызылбасты шауып, жеті қабат зынданнан Әділді құтқарып алады. Үшеуі бірігіп Дербент деген қаласын шауып, қызылбас елін бағындырады. Әділ өзін құл еткен Қарғаса ханын өлтіріп, еліне аман-есен оралады. Әділдің анасы Қарасайға Ілияны қосады. Өкіл ата деп жүрген Ақтайша хан тағынан түсіп, Әділге хандық орнын береді.

Басқы сөзі (1-б.):

Сөзді бастап көрейін,
Қайырман көптің мерейін.

Соңғы сөзі (228-б.):

Он екі перне, екі ішек,
Дұрыстап тартқан қолда аға.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Олең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты ақ парақпен тысталған.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 41-том. Батырлар жыры / Томның ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға дайындаған: С.Сәкенов. – Астана: Фолиант, 2007. – 340 бет.

Ш. 920/24 (ӘӨИ)

Б. 2-184; Ж. 27
20x30; 9x24**Қарасай – Қази, хан Әділ дастаны****Аталуы.** Қарасай, Қази, хан Әділ дастаны (1-б.).**Жыршысы.** Қалбаев Өмірзақ. (Ол туралы мәлімет 13-сипаттамада бар).**Жинаушысы.** Саттаров Қыдырәлі, Ерімбетова Дүрия.

Аннотациясы. Қарасай әке арманын орындау үшін анасынан рұқсат сұрағанда, ол “жауға жалғыз аттанбай, қолыңа әскер ал” деп ақыл береді. Қарасай Қырымдағы Әділ ханға, Қырымның қырық батырына хабар беріп, көп әскермен сапарға аттанады. Қызылбасқа баратын жолды барлап қайтқан Қоянақ қарт жолдың ауырлығын айтып, Әділді кері қайтармақшы болған әрекетінен ештеңе өнбейді. Қарасай, Қази қызылбасқа баратын жолды көріп келеді де, жалғыз аяқ тар жолдан әскер өте алмайтынына көздері жетеді. Әділ мен Қази соғыс тактикасына тұрғанда, Қоянақ екі батырды татуластырып жібереді. Олар Қырық мың әскер тар жолға симайтын болғандықтан, әскерді үшке бөліп, он төрт мыңына Қарасай, Қази бас болып, он үш мың қолға Әділ хан және он үш мың қолға Исаұлы Ахмет бас болып аттанады. Қарасай мен Қази жауды жеңіп, еліне қайтады да, Әділ жау қолына түсіп қалады. Әділ жауға кеткенде, шешесі мен қарындасына Омар мен Оспан деген құлдары қорлық көрсетеді. Екі құл өзара Ілияға таласып бірін-бірі өлтіріп тынады. Қарасай, Қази жау қолында қалған Әділді таба алмай жүргенде, анасы пір болып, оның жатқан зынданын көрсетіп кетеді. Қарасайлар досын жау қолынан босатып, қызылбасты жеңіп, аман-сау еліне оралады.

Басқы сөзі (1-б.):

Әлеумет айтам әріден,

- Ұлы нұсқа желіден.

Соңғы сөзі (184-б.):

Халықтың асыл мұрасын

Мен Өмірзақ жинақтап...

Қолтаңбасы. Ерімбетова Дүрия Өмірзақ Қалбаевтың қолжазбасынан жазып алған.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтінің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 920/24 (ӘӨИ).

120

Ш. 894 (ӘӨИ)

Б. 180; Ж. 18

14x20; 10,5x18

Қарасай – Қази

Аталуы. Қарасай – Қази (1-б.).

Жыршысы. Кәрібаев Таңатар.

Жинаушысы. Абдиева Дәметкен – Нөкіс мемлекеттік университеті сырттай оқу бөлімінің қазақ тілі мен әдебиет факультетінің 3-курс студенті. 1977 жыл.

Аннотациясы. Орақ, Мамай өлгенін естіген қалмақтың ханы Қондыкер: “ноғайлыда кегім бар, Қарасай, Қази жас, елін шауып алам...” деп әскер жинап, шабуылға дайындалып жатқанда, кемпір: “Қарасай, Қази жас деп басынба, арғы аталары батыр болған, елін алдырмайды, одан да Қырымға бар”, – деп ақыл айтады. Қондыкер Қырымға елші жіберіп: “Әділ хан, ноғайлы менің қоластыма кірсін. Кірмесе, соғысуға Қиғаш тауға келсін” деген шарт қояды. Қырым ханы Әділ сұлтан бодандыққа келіспей, Қарасайдан көмек сұрайды. Ол Қарасай, Қазиды жассынып, Қырымның қырық батырын алып, білдірмей жауға аттанады. Мұны білген Қарасай, Қази олардың соңынан қуып жетіп, шайқаста ерлік көрсетеді. Олар Әділдің жаудың қолына түсіп қалғанын біліп, оны құтқаруға аттанады.

Басқы сөзі (1-б.):

Бұрынғы өткен заманда,

Дін мұсылман аманда...

Соңғы сөзі (180-б.):

Шұбар атқа мінетін,
Шұбалаңдап желетін.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көз қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. 894 (ӘӨИ), 4-дәптер.

121

Ш. 920/50 (ӘӨИ)

Б. 1-139; Ж. 33
20x30; 10,5x25

Қарасай – Қази

Аталуы. Қарасай – Қази (1-б.).

Жыршысы. Сейілханұлы Әмір – Қарақалпақстанның Қоңырат ауданы, Раушан совхозының тұрғыны. Руы – табын, қарақойлы. Бұл жырды алғаш рет 1914 жылдан бастап атасы Тілеумағанбет жыраудан естіген. Жырды Ахмет және оның баласы Мұстажат деген кісілер де той-жиындарда айтып жүрген. Оларда Тілеумағанбеттен жазып алған қолжазба бар екен, Әмір жырды сол қолжазбадан жаттап үйренеді.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі, Құлпыбаева Қадияша.

Аннотациясы. Орақ батырдың өлер шағында әйеліне айтып кеткен үш арманын естіген Қарасай әке арманын орындауға аттанбақшы болады. Қырымның ханы Әділден көмек сұрайды. Ол кезде Әділ он бір жаста еді. Әкесі өлген соң, таққа отырады. Ноғайлыда Ысмайыл деген ер болады. Ол Әділді жамандап түріктің патшасына хат жазады. Патшадан: “Әділ деген Қырымның патшасы болса, қызылбас деген жауды бағындырып алсын, менің әлім

келмейді” деген хат келеді. Әділ Қарасай, Қазі т.б. батырлармен жауға аттанады. Әділ хан қолға түсіп қалады. Қарасай, Қазі Әділді тұтқыннан босатып, үшеуі жауын жеңіп, еліне оралады.

Басқы сөзі (1-б.):

Батыр Мамай, қанды Орақ
Ел қамдаған ер еді.

Соңғы сөзі (139-б.):

Осымен жырым тамам-ай,
Көне архивтен аударып...

Қолтаңбасы. Құлпыбаева Қадишанікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1977 жылы Әмір Сейілханұлының айтуынан жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 920/50 (ӘӨИ)

122

Ш. 920/37 (ӘӨИ)

Б. 73-162; Ж. 28
20x30; 8x22

Қарасай – Қазі

Аталуы. Қарасай, Қазі (1-бет).

Жыршысы. Бейсенбаев Тұрлан – белгілі жырау. Қарақалпақстанның Қоңырат қаласына жақын Алтынкөл поселкісінің тұрғыны.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі, Жұмаділова Рахия.

Аннотациясы. Әділ, Қарасай, Қазі Айсадан туған бес батыр Қоянақ қартты басшы қылып, Қарасай мен Қазидың атасының арманын орындау үшін Қызылбасқа аттанады. Осы сапарда Қарасай,

Қази жаудың көп әскерімен соғысып, Қазбан деген қаласын алады. Әділдің әскері жалғыз аяқ тар жолмен келе жатқанда, Қорғасынның көп әскері жолдың екі жағын қоршап алады. Әділдің аты сүрініп, терең орға құлайды. Жыр аяқталмай қалған.

Басқы сөзі (73-б.):

Бұрынғы өткен заманда,
Сол заманғы адамда...

Соңғы сөзі (162-б.): Жалғыз аяқ тар жолдың екі жағы ор болады, әскерлер жүре алмай, қор болды.

Қолтаңбасы. Жұмаділова Рахиянікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Жыр 1987 жылы 8 шілдеде Тұрлан Бейсенбаевтың қолжазбасынан көшіріліп жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 920/37 (ӘӨИ).

123

Ш. 920/50 (ӘӨИ)

Б. 1-142; Ж. 26
20x30; 10x27

Қарасай – Қази

Аталуы. Қарасай – Қази (1-б.).

Жыршысы. Жақып жырау. Ол – қазақтың “Қырық қыз” дастанын жырлаған талантты жырау.

Жинаушысы. Жақыпов Парақат – атақты Жақып жыраудың баласы. Қарақалпақстанның Елікқала ауданы, “Қырық қыз” совхозының тұрғыны. Мұғалім болып қызмет еткен.

Көшірушісі. Ахметова Зүһра. Парақат Жақыповтың қолжазбасынан 1990 жылы көшіріп алған.

Аннотациясы. Мазмұны алдыңғы сипаттамалармен бірдей.

Басқы сөзі (1-б.):

Дүниенің жүзі дөңгелек,
Тіленіш деген бір кезек.

Соңғы сөзі (142-б.):

Некесін қыздың кидырып,
Қарындасы Ілияны...

Қолтаңбасы. Ахметова Зуһранікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 920/50 (ӘӨИ).

124

Ш. 920/8 (ӘӨИ)

Б. 27-160; Ж. 31
20х30; 13х24

Қарасай – Қазі

Аталуы. Қарасай – Қазі (1-б.).

Жыршысы. Мәмбетұлы Атаубай (1932-1973) – ақын, жыршы. Қарақалпақ АССР-і, Қоңырат қаласында туып-өскен. Жас кезінен өлеңге, жалпы өнерге үйір болып, өмірінің серігі еткен. Ол Қоңырат қаласындағы қазақ орта мектебінде белгілі ақын Төлеген Айбергеновпен бірге оқыған. 1952 жылы Нөкістегі қарақалпақ педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түсіп, оны үздік бітіреді. Институттан соң Қоңыраттағы М.Горький атындағы орта мектепте мұғалім болып, кейін кәсіподақ ұйымында қызмет істеген. Мәмбетұлының “Жаралғалы бұл дүние”, “Қалам алып хат жаздым”, “Досыңнан жазатайым сөз естісең” т.б. термелері және сөзін де, әнін де өзі шығарған “Шынар-ай!”, “Көкшетау”, “Іңкәр-ау!”, “Дейді екендер, дейді екен!” деген шығармаларын және бірнеше көлемді жыр үлгілерін қалдырған.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі, Көрпеев Айтмұрат.

Экспедициясы. “1975 жылғы Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау” экспедициясы.

Аннотациясы. Жыр оқиғасы Қарасай мен Қазидың Орақтың өлер алдында айтып кеткен армандарын іске асыру жолындағы ерліктерін сөз етеді.

Мазмұны (Ш. 894, 1-дәптер) “Батыр Мамай қанды Орақ” жырымен бірдей. Бұл нұсқа туралы біраз ой-пікірлер Р.Бердібаевтың еңбектерінде ұшырайды.

Басқы сөзі (27-б.):

Батыр Мамай қанды Орақ
Ер Мұсаның ұлы еді.

Соңғы сөзі (160-б.):

Қарасай, Қазі екеуі
“Үһ” деп демін алады.

Қолтаңбасы. Көрпеев Айтмұраттікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Шығарма кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпіңде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 920/8 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Қарасай, Қазі // Қазақтың батырлық эпосы. / Құрастырып, түсініктемелерін жазған – С.Дәуітов. – Алматы: Рауан, 1992. – 53-98-беттер. Батыр Мамай – қанды Орақ // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры. 40-том. Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, С.Қосан, Қ.Тастанов. – Астана: Фолиант, 2006. – 313-425-беттер.

Жыршысы. Қылышұлы Қартбай. (Ол туралы мәлімет 54-сипаттамада бар).

Жинаушысы. Қолжазбаны Қартбай Қылышұлы 1992 жылы 12 тамызда ӘӨИ-дің ғылыми қызметкері М.Шафиғиға жіберген.

Аннотациясы. Арғы атасы – әулие, шейх, пір Мәулімнияз, одан Едіге, одан Нұрадин, одан Мұса тарайды. Мұсаның тоқалынан туған 30 шақты ұл-қыздары Қараұлек деген үлкен әйелінен туған балалары Орақ, Мамайды күндейді. Басы Алшы Смайыл – Тобаяқ, Қалу, Сидактар бірігіп, Орақтың алмас қылышын ұрлап алады да, оны есікке құрып, андаусызда Орақты өлтіреді. Орақ өлер алдында әйеліне өмірдегі үш арманын аманат етеді. Қарт шешесі Қараұлектің айтуымен Орақтың бір арманы деп үлкен ұлы Қарасай әкесінің досы Ер Көкшеден Қызыл атты ұрлап алып, әкесінің ағасы Мамай ханның жеңе алмай жатқан жауы Алауса қалмақты шауып, жеңеді. Орақтың Қызыл атын мініп “Орақ” деп жауға шапқанын, елін жаудан қорғайтын ер болғанын көрген Мамай хан өмірінде бірінші рет күледі. Мамайдың күлгенін ел көреді. Осымен Орақтың екі арманы бірден орындалады. Қарасай қарт шешесі Қараұлектің тапсыруымен әкесінің үшінші арманын орындау үшін Айсаұлы Ахмет, Ерек серек, Қоянақ батырларды ертіп, Қызылбасқа жорыққа аттанады. Әділдің шешесі үш рет көрген түсін жорытады, түсіне сенбей соғысқа кеткен Әділдің артынан келеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Батыр Мамай, қанды Орақ
Ер қамдаған ер еді.

Соңғы сөзі (96-б.):

Қарасай, Қазі қос батыр әкесі Орақтың үш арманын орындап, мұратқа жетеді. Ер Әділ тағына мініп, әділ болып, халқына адал қызмет етеді.

Қолтаңбасы. Жыршыныкі.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың қатты қағаздан жасалған дәптерге кара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Жамбыл облысы, Мерке ауданы, Сыпатай колхозында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба Қ.Қылышұлының шығармаларымен бірге ақ қатырма бумаға салынған.

Папкасы. Ш. 373 (ӘӨИ), 9-дәптер. “Қарасай – Қазі” дастаны.

126

Ш. 1123 (ӘӨИ)

П. 20; Б. 40; Ж. 23.

21x17; 18x9

Қарқаралы Қазыбек

Аталуы. Қарқаралы Қазыбек (1-б.).

Авторы. Биназаров Иса – халық ақыны. 1898 жылы бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Дегелең елі, 12-ауылда шаруа отбасында дүниеге келген. Ескіше молдадан хат танып, 13-14 жасынан бастап жиын-тойларда өлең, жыр айтады. 1917-1919 жылдары Семей қаласындағы екі жылдық мұғалімдер даярлайтын курсты оқып бітіреді. 1920-1924 жылдары бұрынғы Қарқаралы уезіндегі Ақбота, Дегелең, Абыралы ауылдарында бастауыш мектеп балаларына мұғалім болып істейді. Содан кейін де әртүрлі қызметтер атқарады.

Жинаушы. Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосының тұрғыны Құлпейісов Еркін.

Тапсырушы. Құлпейісов Еркін

Аннотациясы. Қазақтың бейбіт елін Қонтажы қалмақтың қалың қолы шауып кетеді. Халық: “Бұл қорлыққа қалай шыдаймыз?” деп Абылайға барады. Абылай хан: “Ең алдымен елші жіберейік. Елшіміз бітім сұрасын. Бітімсіз құр шабыспен ел де тынбас”, – деп елге басу айтады. Халық Абылайдың сөзін мақұлдап, елшілікке жүз батыр шығады. Олардың ішінде Қабанбай, Бөгенбай, Сүйіндіктің баласы Айдабол, Шақшақұлы Жәнібек, Олжабай, Сіргелі Елшібек, Оразымбет, Жидебай, Өтеген, Малайсары, Сырым, Баян, Көкжал Барақ бар. Сайланған елшілер жеті үйге толады. Абылай ерткен елшілер Келдібектің аулына келіп қонады. Келдібек баласы Қазыбекті елшілерге қосып жібереді. Абылай баланың сөз

шалымын байқау үшін: “Ей, балам, басшы болғың келе ме, әлде атшы болғың келе ме?” – деп сұрайды. Бала ойланбастан: “Жасым кіші, үлкендер тұрғанда, қолдың басы болмай-ақ қояйын”, – дегенде, Абылай хан қарқ-қарқ күліпті. Абылай бір көш жерге шығарып салады. Қонтажының ордасына келген елшілерді қонақ үйге жібермей, басқа үйлерге бөліп-бөліп түсіреді. Түнде Қонтажы уәзірлерін шақырып алып ақылдасады: “Абылай қолды балаға бастатып, мені мазақ қылды. Бәрін де өлтірем. Жүз атын жылқыма қосып аламын”, – дегенде, уәзірлері ханның сөзін құптайды. Қонтажының ханымы бұл сөзді ұнатпай: “Жүз адамын өлтірсе, қазақ елі қарап жатпас. Хан беделіңізді сақтаңыз. Елші өлтірген оңбайды”, – депті. Қонтажы ойланып, бір сыншысын елшілерге жібереді. Сыншы: “Елшілерді барып көрдім. Араларындағы жас баладан шошыдым. Ертоқымның жанында шалқасынан жатыр екен. Сөзі кемеңгерлерден кем түспейтін түрі бар”, – дейді. Қонтажы ойға кетіп, үш күнге дейін елшілермен кездеспейді. Үш күннен кейін елшілерді алдына шақыртып, не жұмыспен жүргендерін сұрайды. Тайкелтір ел шабыншылық көрген соң, теңдік жолын қарастыруға келгендерін айтады. Қонтажы: “Түсте біреуінді шақыртып жауабын айтам, бара беріндер”, – дегенде, Қазыбек бала шыдай алмай: – Ей, тақсыр, ойнап келгеніміз жоқ.

Қазақ, қалмақ баласын

Табысқалы келгенмін.

Табысуға келмесең,

Шабысқалы келгенмін, –

деп ағыза жөнелгенде, Қонтажы Қазыбектің сөзіне мұздай еріп, басын изей береді. Екі ел бітімге келіп, шабылған мал-мүлікті түгел қайтарып, тұтқындағы халық босатылады.

Нұсқасы. 7-8, 10-11 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (1-б.):

Домбыра ой тербетіп азынасын,

Он саусақ аттай шауып жазыласың...

Соңғы сөзі (40-б.):

Естісең осы хатты біз оқиық,

Әлеумет осы отырған ортаға алып.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне кирилл әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Нөмірленбеген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Библиографиясы. Мәтін 1993 жылы тамыз айында “Семей таңы” газетінде жарияланған.

Папка. 1123. (ӘӨИ) 79-80 дәптер.

127

Ш. 671/4 (ОҒК)

П.59; Б.30; Ж.36

17,5x21,2; 20,2x13,5

قصه قمبر

Аталуы. قصة قمبر Қисса Қамбар (1-б.).

Айтушы. جيتپنسبای وسپانولی (Оспанұлы Жетпісбай).

Жинаушысы. منرز اخمت بالزاغولی (Балзақұлы Мырзахмет). “1929 жыл 19 февраль” деген жазу бар. Қорға 1941 жылы түскен.

Аннотациясы. Бұл нұсқада ноғайлының арғынға көрсеткен зәбірі, арғынның бөлек қоныс тебуі, Қамбарды өздеріне басшы етіп тағайындауы, оның ел-жұртын аңшылықпен асырауы туралы сөз болады. Қызына күйеу тандатып, той жасаған Әлімбай өзге жұрттың бәрін жиып, алпыс ауыл арғынға хабар бермейді. Назым сұлу он екі мың адамнан ешкімді ұнатпайды. Бұл хабарды құлағы шалған Қамбар жолында кезіккен Назымға қайрылмай, өте шығады. Назым Қамбарға ғашық болады. Қыз сынынан өте алмаған Келмембет Ақшаханға Назым жайынан хабар беріп, алпыс кісіні мол байлық, қалың малымен жөнелтіп, Назымды алып келуге жұмсайды. Құлақ-мұрнынан айрылған елшісі, Келмембеттің кейпіне ашуланған Ақшахан ноғайлы еліне он бес мың қол аттандырады. Бұрын хан болған Әлім төреден басқасы “қызды Ақшаханға беріп құтылайық” дескенде, Әлім төре бұл қауіптен Қамбар батырдың құтқаратындығын айтып, оны шақыруға кеңес береді. Қамбар өкпесін білдірсе де, ноғайлы еліне көмекке аттанып,

қыз ағалары Алшыюраз, Аққошқармен және жеті құрдасымен бірігіп, он бес мың әскерді қырып, олжа әкеледі. Қамбар әкелген мал мен Назым қызды бөліске салады. Назымға талас туғанымен “қайрат қылған Қамбардың өзіне лайық жар” деп қыз бен батырды қосады.

Басқы сөзі (1-б.):

بنز دەرگه، دستک سويله

Соңғы сөзі (30-б.):

قودايم قتلغن، قسنق
دهگمن بلاسنن. شيطان

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Мәтінің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. 4-ші беттен бастап қарындашпен жазылған жазулар өше бастаған. Қағазы тозып, жұқарған.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 43-том. Батырлар жыры. / Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: – Рақышева Ж., Әкімова Т. – Астана: Фолиант, 2008

128

Ш. 323 (ӘӨИ)

П. 16; Б. 31; Ж. 16
27х16; 18х10

قاراقيشاق قوبلاندی

Аталуы. قاراقيشاق قوبلاندی Қара қыпшақ Қобыланды (1-б.).

Авторы. ايناتاسوف. تاوجي. (Айнатасов Тәужі) (1891-1962) – ақын, халық мұраларын жинаушы. Қарағанды облысы, Нұра ауданында дүниеге келіп, бүкіл саналы өмірін ауылдағы қазақ халқының өмірін, еңбек адамдарын жырлауға арнады. Шығармалары баспасөз беттерінде, ұжымдық жинақтарда жарияланды. Ел арасынан ауыз әдебиетінің түрлі үлгілерін жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорына тапсырған.

Тапсырушы. Т.Айнатасов.

Аннотациясы. Бұл Тәужи Айнатасовтың өзінше жырлаған жыры. Қобыланды 120 жасқа келіп қартайды. Екі көзінен айрылып, соқыр болады. Елі бір бұлақтың басына тастап кетеді. Жанына асы-суын, күтуші жігітті қалдырады. Сөйтіп, кезінде талай жауды қорған батыр осындай күйге түседі. Көркемдігі орташа.

Нұсқасы. 10-11 буынды жыр үлгісінде жазылды.

Басқы сөзі (1-б.):

ایتو عا بر تاریخته سالدنم ویدی بول ویم نرکیلته دی تولا بویدی.

Соңғы сөзі (31-б.):

کارلیک داواسز دهرت قاولا عان ورت، قانداي جان کارلیککه توسلمایدی.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушының жол дәптеріне қара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жыршынікі.

Қашан, қайда жазылған. 1956 жылы 21 тамызда жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Сырты ақ қағазбен тысталған.

Ақауы. 2-бетте 2 жол жазу өшірілген, 11,14,15,16,17,22,25,29-беттердегі “Сайын” сөзі сызылып үстінен “Арыстан” деп жазылған. 16-бетте бір шумақ, 32-бетте бір өлең үстінен сызылған.

Папкасы. 323 (ӘӨИ). Әдебиет үлгілері. Жинап, тапсырған – Айнатасов Тәужи. 3-дәптер, 2-тізім. Қара қыпшақ Қобыланды. Т.Айнатасовтың өзінше жырлағаны. 1957 жылы түскен араб әрпімен жазылған қолжазба.

129

Қ. 178 (ӘӨИ)

Б. 2; Ж. 20

30x30; 30x20

Қойгелді батыр

Аталуы. Қойгелді батыр (1-б.).

Авторы. Әлімбетов Сауарбай. (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Жырда Ұлы Отан соғысы кезіндегі оқиға баяндалады. Қойгелді батыр таңсәріде ақопта жатса, жаудың бір танкісін көреді. Бұл танк үнемі жасырын келіп, көп жауынгерді жаралап, өлтіріп кетуші еді. Әбден өшіккен Қойгелді жау танкісінің келуін тосып, қасына келгенде, астына буылған гранатты жарып, моторын талқандап, танк ішінен төрт жауынгерді суырып алып шығады.

Басқы сөзі (1-6.):

Қойгелділер майданға тағы барып,
Күннен-күнге шынықты дағдыланып.

Соңғы сөзі (20-6.):

Атуына келгенде атып тұрып,
Маторынан тигізді дәлдеп ұрып.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға қара сиямен кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1945 жылы Украина майданы кезінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сарғыш қағазбен тысталып, өңделген.

Папкасы. 178 ӘӨИ, №1010-41 деп таңбаланған.

130

Ш. 612 (ӘӨИ)

П.30; Б.61; Ж.17.
20х16,3; 17х9

Қоржынкөлдегі көтеріліс

Аталуы. Қоржынкөлдегі көтеріліс (1-б.).

Авторы. Мұқанов Серік. 1904 жылы бұрынғы Ақмола облысы, Ереймен ауданында дүниеге келген. Әкесі Шотбай жай шаруа болған. С.Мұқанов ауылдағы молдалардан оқып, ескіше хат таниды.

1931 жылы Петропавлдың педтехникумын бітіріп, мұғалім болып жұмыс істейді. Одан аудандық атқару комитетінде нұсқаушы, хатшы болып істейді. 1936-1965 жылдары аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде меңгеруші қызметін атқарған. Өлеңдері, мақалалары облыстық, аудандық газеттерде жарияланып тұрды.

Тапсырушы. Автор. Қорға 1965 жылы тапсырған.

Аннотациясы. Жырда 1916 жылғы оқиғалар сипатталады. Ереймен болысымен шектес Қоржынкөл болысындағы ауылдардан патшаның жарлығы бойынша қазақтан солдат жинап беру бұйрығына қарсы халықтың наразылығы баяндалады. Жазалаушы отрядтың болыс ауылын шабуы, халықтың олармен айқасы көрсетілген. Жазалаушы отряд ауылды тонап, кедейдің он тоғыз бен отыз бір жас аралығындағы жігіттерді майданға алып кетеді. Байлар мен болыстар балаларын бұл тізімге іліктірмей алып қалады. Сол айқастан кейін Нұрман деген баланы әбден ұрып-соғып, байлар жалшылықта ұстайды. Жазықсыздан-жазықсыз қорлық көрген Нұрман аш-жалаңаш жүріп ержетеді. Ақпан төңкерісінен кейін патша тақтан құлап, халық еркіндікке қолы жетеді, кедейлерге жер беріледі. Байлардың жалшысы болып жүрген Нұрман ауылнай болып сайланады. Бұдан кейін билік үшін тартыс, байларды кәмпескелеу, басқа да қайшылықтар сипатталған.

Жыр он алты бөлімнен тұрады.

Нұсқасы. 6-7 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (1-б.):

Қоршаған тау жүздеген,
Артықсың маған өзгеден.

Соңғы сөзі (61-б.):

Мезгіл жетсе, ұшарсың
Қуыршақтай желменен.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың шақпақ дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Автордыкі.

Қашан, қайда жазылған. 1966 жылы 1 желтоқсанда Ерейментау қаласында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. 4-бетте бір сөз, 6,9,19,20,21,29,30,33,36,38,43,44-беттерде өлең жолдары сызылып, жанынан жаңадан шумақтар жазылған, 7, 8, 10, 13, 14, 15, 17, 22, 24, 26, 28, 31, 35, 37, 42, 45, 46, 47, 49, 51, 52, 53, 54, 56, 59-беттерінде сөздер, жолдар өшірілген.

Папка. 612 (ӘӨИ), 1-дәптер. Мұқанов Серік. Ауыз әдебиет үлгілері және өлеңдері.

Библиографиясы. Қоржынкөлдегі көтеріліс. 1967 жылы “Прогресс” газетінде жарияланған.

131

Ш. 1126/189 (ӘӨИ)

П. 8; Б. 15; Ж. 16
11x16,8; 17,3x20,3

Құм кешуде

Аталуы. Құм кешуде (1-б.).

Авторы. Белгісіз.

Жинаушысы. Смайылов Омарбек. (Ол туралы мәлімет кездеспеді).

Аннотациясы. Жырда “Құм кешу” деген жерде 1916 жылдары болған оқиға суреттелген. Патша солдаттары мен жергілікті еңбекші халықтан шыққан сарбаздар арасындағы қиян-кескі ұрысы баяндалады. Жырда Амангелді Имановтың да аты аталады. Ол қазақ сарбаздарының басшысы ретінде суреттеледі. Патша әскерінің қатігездігі мен қарапайым халықтың жанкештілігі шебер суреттелген.

Басқы сөзі (1-б.):

Келді бізге солдат шығып қаладан...

Соңғы сөзі (15-б.):

Аққан қанын жастық қып,

Теңдік үшін өліпті.

Беттердің нөмірленуі. Беттелмеген.

Мәтіннің орналасуы. Жыр жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Папкасы. Ш. 1126/189 (ӘӨИ).

Библиографиясы. “Құм кешуде” деген атпен “Лениншіл жас” газетінде 1936 жылы, 8, 13 шілдеде жарияланған.

132

Ш. 185 (ОҒК)

П. 17; Б. 23; Ж. 20

20,8x16,7; 19,2x9,5

Qurmanbek batyr

Аталуы. Qurmanbek batyr (Құрманбек батыр) (1-б.).

Жазып жіберуші. Baitabanov Aisa. (Ол туралы мәлімет 19-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Мәді деген кедейдің жалғыз көк сиыры болады. Көк сиыр жылда қысыр қалады. Кедейдің баласы Құрманбек сиырды сату үшін базарға алып барады. Базарға жеткенше кеш болып, ел тарқап кетеді. Бір шал баланы алдап жіберіп, сиырын алып кетеді. Бала шалды тауып алып, өлтіріп, ат басындай алтынын алып кетеді. Ол Патшаның көзін жоюды мақсат етеді. Зұлым патшаны іздеп барып, өлтіреді. Патшаның байлығын халыққа таратып береді. Халық Құрманбекті хан сайлайды.

Басқы сөзі (1-б.):

Кесegi өткен zamanda
Mәdi dегen өzi kedei өzi cal...

Соңғы сөзі (23-б.):

Qan bolыр calьqtadь,
Qalq usin еңбек etuge jalьqpadi,

Қолтаңбасы. Айса Байтабановтың қолы.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы. Мәтін 1941 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке ретсіз орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, түбі желімделіп, жөндеуден өткен.

Папкасы. 185 (ОҒК). Айса Байтабыновтың жазып тапсыруымен.

133

Ш. 920/17 (ӨӨИ)

П. 159; Б. 9-167; Ж. 25
20x30; 11x25

Қырық қыз

Аталуы. Қырық қыз (1-б.).

Жыршысы. Иманғалиұлы Қайролла. (Ол туралы мәлімет 116-сипаттамада берілген).

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі.

Аннотациясы. Ертеде Бақтияр деген хан болған. Мекені ертедегі Бесқала маңындағы Төрткел таудың Көкше жағындағы Қарабұлақ деген жер екен. Бақтияр ханның алты баласы, бір қызы болады. Қызының аты – Қаншайым. Ол он төрт жасында палуандықты меңгерген және сөзге шешен болған. Әкесі қызының сөзін қайтармайтынын білген Қаншайым: “Оймауыттың ойындағы Миялы деген жайлауды маған беріңіз”, – деп өтінеді. Әкесінің рұқсатымен Миялының жайлауын алған соң, отау тіктіріп, айналасына кең қызыл қорған (бүгінде қирап, орны қалған Қызыл қала болса керек) салдырып, Қаншайым ел аралап, таңдап қыздар жинап, қыздар мінетін тұлпарлар мен сәйгүліктерді сыншылардың сынынан өткізеді. Тіпті, алысудың айласын үйретсе, кейде Қаншайым қыздарға құрал сайманмен соғысудың мың түрлі әдісін үйретеді. Қаншайым қырық қызбен тауда тұлпар жарыстырып,

көкпар тартып жүргенде, қалмақтың ханы – Қараша Бақтияр ханның елін шауып, әжесін өлтіріп кетеді. Қыздар жау ізінен қуып, жаудың алып кеткен мал-мүлкін қайтарып, Қараша ханды іздеп барады. Елдің көмегімен Қараша ханнан кегін қайтарады. Қырық қыздың ерлігіне риза болған елі олардың батырлығын ардақтап “Қырық қыз” қаласын салдырады. Қаншайым жекпе-жекте ерлік көрсеткен Алшара батырмен бас қосады. Олардың Білеу атты баласы болады. Сол баланың атына қорған салады. Қорғанның атын “Білеулі” деп атайды. Білеулі қаласының халқы бақытты өмір сүріп, мұрат-мақсатына жетеді.

“Қырық қыз” туралы жыр қарақалпақ халқында да бар. Ол жыр 1956 жылы жеке кітап (“Қырық қыз”. Қарақалпақ халқының қаһармандық дастаны. Нокис, 1956.) болып шыққан. Қарақалпақ нұсқасының сюжеттік құрытымында, кейіпкерлер бейнесінде біраз айырмашылықтары бар.

Басқы сөзі (9-б.):

Өткеннен жырды бастайын,
Кіші жүз Әлім Алшыннан.

Соңғы сөзі (167-б.):

Білеулі халқының халқы бақытты өмір сүріп, мұрат-мақсатына жетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Қолжазба ақ кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1985 жылы қаңтар айында Ташкент қаласы, Литфат көшесі, 95-үйде Қайролла жыраудың айтуынан жазылып алынған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 920/17 (ӘӨИ), “Қырық қыз” дастаны.

Библиографиясы. Қырық қыз // Қазақтың ерлік эпостары / Құрастырып, түсініктерін жазған – Қ.Саттаров. – Алматы, 2005

Ш. 380 (ОҒК)
29х20; 23,5х8,5

П. 5; Б. 10; Ж. 27

Мантық батыр

Аталуы. Мантық батыр (Қырғызға барған батыр) (1-б.).

Жинаушысы. Көпеев Мәшһүр Жүсіп (1857-1931) – ақын, халық мұраларын жинаушы. Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. Бұхарада, Ташкентте оқып, Орта Азия халықтарының әдебиетімен танысқан. М.Көпеев өзі де өлең шығарумен бірге қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, баспасөз беттерінде, кейбіреулерін кітап күйінде жарыққа шығарған. Оның “Мес” деп аталатын төрт томдық қолжазбалар жинағы ҚР Орталық ғылыми кітапханасы қорында сақтаулы.

Жырлаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Бір батыр әкесі Мантық батырдың кегін алуға он бес жігітпен қырғызға аттанады. Әйелі батырдың аман қайтпайтынын біліп, бармауын өтінеді. Бірақ батыр алға қойған мақсатын орындау үшін жорыққа аттанады. Қырғыз еліне келіп жылқысын қуып шығып, он бес жігітке айдаттырады да, өзі тосқауылға қалып, сексен адаммен шайқасқа түсіп, бәрін жеңеді. Ертесі жай кетіп бара жатқан бес жолаушының атын аударып алмақ болып, ат қояды, төртеуін аударып алады. Қалған біреуі батырға айтады: “Сен де жас, мен де жаспын. Менің де бір кісілік шамам бар, жөнімізге кетелік”, – дейді. Батыр оған көнбейді. Ақыры екеуі бірін-бірі өлтіріп тынады. Қалған он бес жігіт жылқыны айдап ауылға келеді. Батырдың өлгенін әйеліне естіртеді.

Қолтаңбасы. Машинкамен басылған.

Басқы сөзі (1-б.). Бір батыр қырғызға барыпты. Әкесі Мантық батырдың кегін алуға.

Соңғы сөзі (10-б.):

Құлағы қыл торы аттың ерек-серед,

Сен он бес ұл жалғыздан жүрдің бөлек.

Қашан, қайда жазылғаны. 1953 жылы жазылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Шығарма ақ қағазға кирилл әрпінде машинкамен басылған.

Қалпына келтірілуі. Шығарма түптелген, қызғылт қағазбен қапталған.

Мөрі. Мәтіннің соңғы бетінде сопақша мөр басылған, онда “КССР Ғылым Академиясы, Центральная библиотека” деп жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы. 380 (ОҒК).

135

Ш. 330 (ӘӨИ)

Б. 2-13; Ж. 20

16x21; 10x18

ماڭىبايدىڭ موڭغول-قىرغىز بولو جايى

Аталуы. ماڭىبايدىڭ موڭغول-قىرغىز بولو جايى Маңыбайдың моңғол-қырғыз болу жайы (2-б.).

Авторы. نورالين ساغيدوللا (Нұралин Сағидолла. (Ол туралы мәлімет 104-сипаттамада бар).

Жинаушысы. Қанағатов Телмұхамет (Ол туралы мәлімет 7-сипаттамада бар).

Экспедициясы. 1963 жылғы Шығыс Қазақстан экспедициясы.

Аннотациясы. Найманның бір бұтағы ақнайман қырықмылтық елінде Қисық деген басшысы руластарынан бөлініп, шет кетіп, жеке қоныстанады. Ол қытайдың губернаторынан шен-шекпен алып, көрші отырған біраз қырғыз еліне зорлық жасап, шектен асады. Жігіттерін жіберіп, қырғызды шауып, 590 жылқысын айдап алады. Оған ызаланған қырғыздың Шәбі деген манабы елін жиып, жүз қолмен аттанып, Қисықтың ауылын тып-типыл қылып, ойран салады, жұртын құлдыққа айналдырады. Мұны естіген найман, керей ағайындары еш көмек бермей, қайта “шоқ-шоқ” деп мәз

болады. Қырғыздар тұтқынға Қисықтың інісі Маңыбайды түсіріп, оны еліне әкеліп, қорлайды. Жас жігіт азап пен қорлықтың неше түрлі айла-тәсілдерін жасаса да мойымай, алған бетінен қайтпай, өзінің рухын әрқашан биік ұстайды. Қырғыздар оны малдың арасына байлап, малмен бірге күндер өтеді. Манаптың Шәрбиік деген қызы оның қайсарлығын көріп, ғашық болып, ақыры шешесі арқылы жігіттің аяқ-қолын босаттырады, үстіне киім бергізеді. Қыздың көңілінің таза екенін түсінген жігіт те оны ұнатып, араларында махаббат сезімі оянады. Бір түні жігітке қыздың өзі келіп, сезіміне жігіттің жауабын алады, бір-біріне деген ашық көңілдерін танытып, махаббат отына оранады. Оны өздерінен басқа ешкімге білдірмейді. Ақыры қыз көңілді шағында әкесінен тұтқын жігітке бостандық беруін сұрайды. Оның жаулық ойы жоқ екеніне көзін жеткізіп, сөзін алады. Манап Шәбі халқын жиып, ламаның қолдауымен ел алдында жігіттен тілегін сұрайды. Сонда Маңыбай қара басына бостандық беріп, қырғыздар арасында қалдыруды, дініне де кіріп, өз сөзін дәлелдейтінін айтқанда, осы расталса Шәбі жігітке қызын да қосатынын жеткізеді. Сөйтіп, Маңыбай басына бостандық алып, будда салтымен қырғыздың дініне кіреді. Манаптың қызына қосылып, ұрпақ таратады. Шәуешек жағындағы ақнайман дейтін бір қауым қырғыз осы тұтқын Маңыбайдың ұрпақтары саналады.

Басқы сөзі (2-б.):

كوپتەگەن وتكەن كوندە تارىح جاتئر،
شەتەننەن ادام تاونپ النپ جاتئر.

Соңғы сөзі (13-б.):

اسئلەن انئق قاراپ تاپپاسام دا،
ولمگەنلڭ سئرت بىەنەسەن كورە بئلەنم.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ұзын жол оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1963 жылы Шығыс Қазақстан облысында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Өңдеуден өткен.

Папкасы. 330 (ӘӨИ), 5-дәптер.

136

Ш. 178 (ӘӨИ)

II. 33; Б. 35; Ж. 30

29x20; 26,5x15

مایر باتئر

Аталуы. مایر باتئر Мейір батыр (1-б.).

Авторы. النعمتوف ساپارغالی (Әлімбетов Сапарғали) (1888-1956)

Семей облысы, Жарма ауданында туып-өскен. 1937 жылдан СССР Жазушылар одағының мүшесі. Он бір жасында әке-пешесінен жетім қалып, өз бетінше оқып, сауат ашады. 1930 жылдары ақын Ілияс Жансүгіровпен танысып, оның кеңесімен бұрын ауыл арасында қисса, дастан жырлап, айтысқа араласып жүрген Сапарғали ақындық жолға біржола ден қояды. Абайға еліктеп “Евгений Онегинді” қазақшалайды, сонымен бірге “Мейір батыр”, “Молдабай палуан”, “Қамбадағы айқас”, “Қойгелді батыр”, “Ақтардың әрекеті”, “Қос жалшының өлімі” дастандарын шығарды. Замандас ақындармен айтысқа түседі. Ұлы Отан соғысы жылдары үгіт бригадасын басқарып, Семей өңірі еңбекшілерінің арасында патриоттық өлең, толғауларын жырлады. “Қызыл жұлдыз” орденімен (1945), медальдармен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Шығармалар жинағы (1962, 1970) жарық көрді.

Аннотациясы. Мейір шамамен 1785-86 жылдары Қалба тауында туып, сол жерде өсіп-өнген шығыс батыры. Руы – найман. Өмірде ешкімге кегін жібермеген, мекені – тастың басы, таудың өрі, үйде емес, түзде ұйықтағанды жақсы көреді екен. Мейір жау жылқысын жиып алмай, тыныш ұйықтай алмайды. Оның қауіпті елі – Қытай, қалмақ пен қазақтың жерге тартыс шағы. Қытайдың бір Қарабас деген батыры болады. Ол қазақтардың малын алып, елін тонап берекетін кетіреді. Бұған Мейір батырдың Қытайдың Қарабасын ұстап алып, кегімді алсам деп іші күйеді. Қытай бегі

Қарабасты айтақтап, қазақ жерін тартып алады. Мұны естігенде, Мейір батыр “Осыдан кегімді алмай жер басып тірі жүрмесің” деп өзіне серт береді. Қоңыр күздің түнгі салқынымен Мейір батыр Қытайға аттанады. Қасына Бақтыбай, Ақдәулет, Құлжым батырларды ертіп, қазақтарды қан қақсатқан Қарабастың басын алмақ болады.

Мейір өткір көзді, басы үлкен бие көнек, кеудесі арыстандай, бұлшық етіне қол батпайтын, кісіге жылы жауап тіл қатпайтын, қолы қорғасындай ауыр, бір ұрса екінші рет ұрылмайтын, келбеті бөлек жаратылған жан еді. Белінен сапқысы мен айбалтасы түспейді.

Мейір қасына ерген жолдастарымен Қытайды бетке алып айсыз қара түнде келе жатып, қалың жыныс ішінен бір сыбдырды естиді. Ат аяғын баспай тұрып қалады. Батырлар аттарының үркіп тұрғанын байқап, Мейір батырдан басқасының зәресі қашады. Олар Мейір батырды кері қайтуға көндірмекші болады. Бірақ, Мейір “Сендердің батыр болғандарың осы ма?” деп алған бетінен қайтпайды. Қолына қаруын алып дайындалып тұрады. Аю ат үстіндегі Мейір батырға қарсы оқтай атылғанда, өткір найзасын аузынан сұғып өлтіреді. Мейір батыр өлген аюдың етін жемекші болады. Оған Құлжым батыр: “Жолы ауыр, арам етті жемендер, кеселі болып жүрмесің”, – дейді. Бірақ бірбеткей Мейір алған беттен қайтпайды. Бұлар келе жатқанда, алдарынан бөкен кездесіп, батырлар оны ұстамақшы болып артынан қуады. Алдарынан жартас кез болып, Мейір батыр бөкенді тасқа қалап ұруға үміттеніп, аты барып тасқа соғылады. Сол жерде өндірішегіне үшкір тас кіріп, аты мерт болады. Құлжым: “Аюдың етін жедің, үлкендік қылып айтып едім, ескермедің”, – дейді. Мейір батыр оған жаман көзбен қарап, үндемейді.

Бұлар Қытайға жеткенше қарлы, жаңбырлы күндерді өткізіп, ұзақ жол жүреді. Жұқа киімдерінен жауын өтіп, олар жолда кезіккен бейітті паналамақ болады. Аттарын бейіттің ығына байлап, өздері ішіне кіреді. Бұлар бір мезгілде қабірден ыңырсыған үнді естиді. Басында құлақтың шыңылдағаны ма, қасқыр ұлып жүр ма деп түсіне алмайды. Олар ыңырсыған адам даусы екенін байқап, үш жолдасы қорқып қашады. Мейір батыр жалғыз қалады. “Адам ба, жын ба, пері ме, қайсысың болсаң да қорықпаймын” деп қабірді ашып, шақпақ шағып жарық қылады. Қабірді ашқанда, сөйлеуге шамасы

жоқ, тілі күрмеу, жүдеу жас жігітті көреді. Мейір батыр терең көрге түсіп жігітті алып шығады. Неше күн ас жоқ, қатып-семген жас жігіттің кол-аяғын жылытып, күтеді. Қорқып кетіп қалған үш жолдасы қайтып келеді. Мейір батыр ас беріп, жас жігітті бірнеше күн күтіп, әлдендіреді. Әл жиып, тілге келгеннен кейін, болған жайды сұрайды. Жас жігіт қыздары бар, ұлдан жалғыз бір байдың баласы екенін айтады. “Қой тоғытып жүріп суға кетіп қалдым. Одан арғысы есімде жоқ, есімді көрдің ішінде бір жинадым”, – дейді. “Шығуға жоғары ұмтылып қанша тырыссам да, тасты итеріп шыға алмадым. Содан әлім құрып, енді болмағанда өлер едім. Ағатай, бар жайым осы”, – дейді. Мейір батыр елін сұрайды. Жігіт: “Тоқта тау сағасында, арғы тегім – Байжігіт, табын мәмбет”, – дейді.

Мейір батыр Құлжым батырды бір жолдасымен қосып, жігіттің елінен сүйінші сұрауға жібереді. Құлжым батыр шауып жігіттің ауылына келеді. Жігіттің ауылы жетісін бергелі жатыр екен. Құлжым батыр сүйінші деп айғайлай келгенде, қалың ел “Мынаның дені сау ма, яки жыңды ма?” деп танырқай қарайды. Құлжым жалғыз ұлыннан айрылған Қалдан байды шақыртып, баласының тірі екенін, бар болған жайды айтып береді. Халықтың бірі нанып, бірі нанбайды. Бай өз қолымен көмген баласының қайтып келгенін көреді. Сол күні жігіттің жетісі тойға айналады. Шешесі боздап, келіншегі өксігін баса алмай, халық қуанғаннан жылап жүр. Қарабас батыр осы тойдан хабар алып, Мейір батырға келеді. Халық бұларға: –Тойдың шырқын бұзбай, кейін күресіндер, – дейді.

Басқы сөзі (3-б.):

جاسنمدا وز آكمننن ۇققان سوزنم،
بمس-التي جاس شامالي مسنم بئلنپ.

Соңғы сөзі (35-б.):

قازاقتاڭ باتئرننا بعتتھي الماس،
كؤندھ كورگمن طئنھ باتئر بولسنن.

Қолтаңбасы. Автордікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Сары кеңсе парағына қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба тозып, парақтары жұқарып, мүжілген. Кейбір беттерде жазулар өшіп қалған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның парақтары қағаздарға желімденген. Жырдың соңындағы 7 жол өшкен.

Папкасы. Ш. 178 (ӘӨИ), 7-дәптер. “Мейір батыр” жыры.

137

Ш. 377 (ОҒК)

П. 29; Б. 18; Ж. 32
21x34; 16,5x32

Мұрат батыр туралы поэма

Аталуы. Мұрат батыр туралы поэма (1-бет).

Айтушы. Отызбаев Шәкен. (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Баяғыда Сарыбай деген бір сараң бай болады. Жер қайысқан малы болса да, соған иелік етер бір перзентке зар екен. Құдай тілеуін беріп, бір ұлды болады. Ат шаптырып, той жасайды. Баланың атын Мұрат деп қояды. Бала сегіз жасқа келгенде, шешесі қайтыс болады. Әйелінен айрылған Сарыбай Ұрқия деген бір жесір әйелді алады. Өгей ене Мұратқа өгейлігін көрсетеді. Мұрат ақылды, зерек болып өседі. Оқу, білім іздеген Мұрат бір медресеге барып бір жыл оқиды. Үйіне келген соң, өгей енесі тағы да түрлі жала жауып, михнат тартқызады. Әйелінің сөзіне ерген Сарыбай соңында баласын дарға асуға дейін барады. Құдай сақтап аман қалған Мұрат қашып кетеді. Қашып жүргенде, Уәлі ханға тап болып, ұсталып зынданға тасталады. Уәлі ханның Мапруза деген бір сұлу қызы бар екен. Жер-жердің байпатшалары сұлудан үміттеніп келіп жүреді. Күндердің күнінде қалмақ ханы Қараман жеті мың әскермен Уәлі ханға келеді. Ол Уәлі ханға кезегімен үш жұмбақ жасырады. Бұлардың жауабын Мұрат шешіп береді. Риза болған Уәлі хан қызын Мұратқа бермек болады. Мұны естіген

Қарамен ашуланып, соғыс ашады. Сонда Уәлі ханды қорғауға кер тұлпарға мініп Мұрат шығады. Қараменмен болған жекпе-жекте оны атып өлтіреді. Батырлығына тәнті болған Уәлі хан Мұратты хан сайламақшы болады. Алайда, ол өз орнын ақылды уәзір Әділ деген жігітке береді. Мұрат өзінің әке-шешесін алдыртып, өзіне көрсеткен қорлығы үшін мал-мүлкін нашарларға таратып береді де, әкесіне қой бақтырып қояды. Сөйтіп, Мұрат батыр арманына жетеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Мәселе бұрынғыдан айтқан өлең,
Көңіліме қиял кіріп әлде неден.

Соңғы сөзі (18-б.):

Ғыйнуар жетісін де бастадым да,
Сөйлеп он бірінде тамамдадым.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. Үлкен тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ жіппен түптеліп, жұқа қызыл папкаға салынған.

Папкасы. 377 (ОҒК), 2-дәптер. “Мұрат батыр туралы поэма”.

138

Ш. 673 (ОҒК)

Б. 22; П. 11; Ж. 21
20x15; 20x10

موسا خان

Аталуы. موسا خان Мұсахан (1-б.).

Айтушы. سەگىنر باەف مورىن (Сенгірбаев Мұрын. Ол туралы мәлімет 18-сипаттамада бар).

Жинаушысы. Хакімжанова Мариям. (Ол туралы мәлімет 51-сипаттамада бар).

Тапсырушысы. Хакімжанова Мариям.

Аннотациясы. Нұрадынның баласы Мұса он бес жасында таққа да, атқа да мініп хан болды. Қырық кісі әскермен Қозанның елін шабамын деп аттанады. Қозанның Қосым деген баласы бар еді. Қосым Мұса ханның аттанып келе жатқанын естіп, алдынан бес жүз кісі әскерін шығарады. Мұса бір адамын Қосымның елін байқап келуге жібереді. Сонда сол адам елді көріп келіп, Мұсаға қалада жеті қатар қазған ор барын, жетеуінің ішінде де жайған торы барын, алты дарбазасы, бір жағында көлденең жатқан биік тау, ар жағында дария, бер жағында қалың ну барын айтады. “Елі мол, қиын болады” дегенде, Мұса хан жаудан қашпайтынын айтады. Мұса хан мен Қосым жекпе-жекке шығады. Екеуінің күші бірдей болып, бір күн, бір түн атысады. Үшінші күні қалмақтар алды-алдына қашады. Мұса Қосымның соңынан қуып, оны өлтіріп, қаласын алады.

Қосымды ноғайлар алғасын, ағасы Оспан қаланы бекітіп, он екі қатар ор қазып, он екісіне тор салып, он екі қатар жебе қағады. Мұса хан енді Оспанға қарсы аттанады. Оспанның шәріне мың кісімен келеді. Алдынан Оспан мың кісімен шығады. Екеуі ат үстінде екі-үш күндей алысады. Екі қол да қарап тұрмай, соғысады. Ноғайлар қалмақтарды қырып, қалмақтар бытырап жан-жаққа қашады. Мұса хан ерлерімен қалаға басып кіріп, қалмақтармен он екі күн соғысады. Мұса хан Қозанның екі баласын өлтіріп, екі қаласын алады. Қалған қалмақты мұсылман дініне кіргізеді. Мұса Асанәзір ханның еліне аттанатын болды. Оның мекен еткен елі Оқ Балқан деген жер еді. Бұл соғыста үш жүз елу кісісінен айрылады. Мұса хан: “Жасым алпысқа толды. Қоятын шағым болды. Ендігісін балалар біледі” деп еліне қайтып, олжасын халыққа бөліп береді.

Нұсқасы. 8 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (1-6.):

نۇرادىننىڭ بالاسى مۇسا ون بە س جاسندا اتقا منگەن

Соңғы сөзі (22-6.):

ەندىگى وزى بلەدى
كەينىگى شوعان بالالار.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. 1942 жылы Алматы қаласында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. 2-бетте соңғы үш жол, 6-бетте бір сөз, 10-бетте екі жол, 15-бетте “даласын” деген сөз “сөз шамасын” деп түзетіліп, соңындағы бір сөйлем сызылған. 19, 22-бетте бір жол өшірілген.

Папкасы. 673 (ОҒК), 6-дәптер.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 50-том. / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған – С.Сәкенов. – Астана: Фолиант, 2008. – 138-157-беттер.

139

Ш. 874 (ӘӨИ)

П. 98; Б.187; Ж. 20
16,5x20,4; 10,5x18

منرزش باتر داستانی

Аталуы. مرزش باتر داستانی (Мырзаш батыр, 1-бөлім) (1-б.).

Айтушысы نیازبک قندرمولاولی (Қыдырмоллаұлы Ниязбек).

Аннотациясы. Бұл Н.Қыдырмоллаұлы жырлаған “Мырзаш батыр” жырының бірінші бөлімі. Онда қалмақ батыры Жарғылдың қазақ елін шауып алам деген ниетіне Мырзаштың тойтарыс бергені баяндалады.

Жыршы жыр оқиғасын Мырзашқызы Шәкежан әжеден естігенін айтады. Бала Мырзашқа түсінде Қызыр келіп аян беріп: “Саған батырлық берем, байлық бермеймін. Елді жаудан қорғайсың, үш рет дұшпаныңнан кек аласың”, – деген екен. Алдияр атасы Мырзаштың түсін естіп, батасын береді. Мырзаш ержүрек, елдің қорғаны болып өседі.

Бір күні ұранқайдың ханы Сайқын қазақтың қызын алмақ болады. Қазақ елін шауып, қызды әкелуге Жарғыл шығады.

Қазақ жеріне келгенде, Ертістің суы алай-дүлей толқып жатады. Жарғыл мен серіктері судың жағасында бір ай жатады. Жарғыл жүз елу адамын судан өткізгенде, жүзі суға кетіп, елуі ғана аман шығады. Елу адамы арып-ашып қазақтың аулына келеді. Халық бір сұмдықтың жақындағанын біледі.

Жарғыл судан өте алмай, сол жерлерді мекендеген қазақ ауылдарын қырып, мал-мүліктерін талан-тараж етеді. Мырзаш Садырбай мен басқа да батырларды шақыртып, Жарғыл қалмаққа қарсы шығуға дайындалады. Алдымен қалмақтарға елші жіберіп: “Елді ойрандауын тоқтатсын” дейді. Жарғыл: “Басын берсін”, – деп жауап айтып жібереді. Мырзаш батыр мен Жарғыл жекпе-жекке шығады. Бұл ұрыста Мырзаш ерді пірлер қолдап, Жарғыл қалмақты жеңеді. Жарғыл жылап-еңіреп, өзін өлтірмеуін сұрап жалбарынады. Мырзаш батырды аман қалдырады. Ар-ұяттан айрылып, Жарғыл Сайқынның алдына барады. “Не бетіңмен келіп тұрсың, сол жерде өлгенің жақсы еді. Көзіме көрінбей, кет!” – деп Сайқын ашуланып, “енді қазақтан қыз алғаным құрысын” деп сабасына түскен екен.

Нұсқасы. 10-11 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (1-б.):

باستاین بسملا ده، اؤهل باستان، سۆز نمدی نقلابه ن جورت ننگداسن.

Соңғы сөзі (185-б.):

واقيعا برنئشن ننگداعان جورث، اياقتالنب وسمه ن بنتتی تلم.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көз қалың дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жыршынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. 1978-80 жылдары 19 сәуірде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қағаздары сарғая бастаған.

Папкасы. 874 (ӨӨИ), 1-дәптер. Қыдырмоллаұлы Ниязбектің тапсырған қолжазбалары. Араб әрпінде. 10 декабрь, 1980.

Библиографиясы. Мырзаш батыр. // Бабалар сөзі. Жұзтомдық.

Тарихи жыр. 63-том / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, Т.Әкімова, Г.Рахымбаева, Ж.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2010. – 87-307-беттер.

140

Ш. 874 (ӘӨИ)

П. 100; Б. 201; Ж. 19

16,5x20,4; 10,5x18

Мырзаш батыр

Аталуы. Мырзаш батыр (2-бөлім) (1-бет).

Айтушысы. Ниязбек Қыдырмоллаұлы.

Аннотациясы. Қалмақтың басшысы Батыбайыр жыл сайын елінен мың бас мал жинап, кедей-кепшігін зар жылатыпты. Тоғыз ауыл болып отырған тоғыз ұлына сол жиналған малдан береді екен. Бір күні Байыр ақылшысы Марқалдайды шақыртып, ақыл сұрайды: “Елде тентіреген кедейлер көп. Қалың кедей бірлесіп тап берсе, қолымыздағы дәулетті тартып алар. Осыған қандай ақыл бересің?” – дейді. Сонда Марқалдай сұм аз ойланып: “Арғы бетте ежелгі жау қазақ бар. Қазақта тегін мал бар деп кедейді жұмсасаңыз, бір жағынан қазақты қырып, екінші жағынан кедейлерден құтыласыз, – дейді. Байыр бұл ақылды мақұл көріп, қазаққа екі жансыз жібереді. Ол уақытта екі жаққа тыныштық орнап, қазақ-қалмақ араласып жүрген кез екен. Жансыздар қазақ елін төрт-бес күн аралап, малдың, халықтың жағдайын біліп қайтады. Байырға келіп: “Кең далада еш қамсыз, ұры-бөріден қауіп жоқ ел жатыр”, – деп айтады. Байыр бүкіл кедейлерді жиналуға жар салады. Он мың кедей жиналады. Сөйтіп, Байыр қазақ еліне ойран салдырмақ болады. Қазақтар мен қалмақтардың арасында ауыр шайқас болады. Қазақ халқы аш-жалаңаш қалмақтарға тойтарыс беріп, қуып шығады. Бірақ қалмақтар біраз елді шауып, олжаға батады. Саранжап қалмақ қазақтың екі аруы Гүлсім мен Ғайшаны байлап алып кетеді. Жол жүріп, түн болғанда, қалмақтар бір жерге келіп түсіп, олжаларын бөлісіп, мәз-мейрам болады. Сонда Гүлсім бір ой ойлап, Саранжапқа екі тілегін айтады: “Бірінші тілегім, қолымызды бос қойыңдар. Екінші тілегім, мені сұлтаныңызға тарту

етіп, некелеп қосыңыз, сіңлімді де бір мырзаға беріңіз. Адал күтіп, ханыңызға тапсырыңыз”. Саранжап қыз сөзіне сеніп, қолдарын шешеді. Қалмақтар қалың ұйқыға кеткенде, екі қыз қашып шығып, аман-есен ауылына келеді.

Байыр қыздан айрылып, қалғандарды дарға астыртып, кедейлерден құтылғанына қуанып, той жасайды. Қазақ халқын қалмақтардың шабуылы, қатты қыс пен қалың қасқыр біраз еңсіретіп жібереді. Санияздың басшысы Шотан төре елді жинап, кеңес қылады: “Жау келіп, бейбіт елді шапты. Елді дұшпанға олжалатып, тыныш отырамыз ба? Бұған қандай кеңес бересің, халқым!” деген екен. Сонда Мырзаш: – Дұшпанның жазасын берем! – деп елдің рухын көтереді. Байырға Садырбай батырды елшілікке жібереді. “Қазақтан алған малын берсін. Үш күн мұрсат береміз. Сонда елді жайына қалдырамыз”, – деп бітім айтады. Байырдың іші бір бәлені сезсе де, сыр бермей: “Малдарыңды кедейден ал. Мен бір де мал бермеймін”, – деп жауап қайтарады. Үш күннен соң екі жақтың қолы бір-біріне қарсы жүреді. Шайқаста Мырзаш батыр Байырды өлтіреді. Марқалдай сұм қашып кетеді. Мырзаш жолдастарымен соңынан қуып жетіп, оны да жайратады.

Нұсқасы. 10-11, 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (1-б.):

Жазайын бір әңгіме тағы бастап,
Кезекті игі ісімді кетпей тастап.

Соңғы сөзі (201-б.):

Жарандар, разы бол енді маған,
Әзірше сөз аяғын тоқтатайын.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көзді қалың дәптерге қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қашан, қайда жазылғаны. 1981 жылы, 4-мамырда жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдарын әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қағаздары сарғая бастаған. 1, 2, 3, 4, 184, 187 беттерде шумақтардың үсті сызылып, өшірілген.

Папкасы. 874 (ӘӨИ), 3-дәптер. Қыдырмоллаұлы Ниязбектің тапсырған қолжазбалары. Араб әрпінде. 10 декабрь, 1980.

Библиографиясы. Мырзап батыр. // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Тарихи жырлар. 63-том / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, Т.Әкімова, Г.Рахымбаева, Ж.Салтақова. – Астана: “Фолиант”, 2010. – 87-307-беттер.

141

Ш. 337(ӘӨИ)

П. 68; Б. 46; Ж. 4836.
17x20,5; 13,5x18

مرقى باتر قيساسى

Аталуы. مرقى باتر قيساسى (Мырқы батыр қиссасы. (1-б.).

Жыршысы. نورلنباي اشتم (Нұрлыбайұлы Әшім) (1889-1964) – қазіргі Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Елтай ауылында дүниеге келген. Әшім жыршылығымен қоса, суырып салма ақын әрі шежіреші, тарихшы адам болған. “Мырқы батыр қиссасын” халықтық аңыздарға, тарихи деректерге сүйеніп жырлаған.

Тапсырушысы. Қолжазбаны 1959 жылы институтқа ақынның өзі жіберген.

Аннотациясы. Шығармада Мырқы батырдың сыртқы жауларға қарсы соғысы суреттеледі. Жыр нұсқалары Жетісу өңірі мен Қазақстанның оңтүстігінде қолжазба күйінде кең тараған. Кіріспесі мен соңғы сөзін қосқанда 19 тараудан тұрады.

Бошан байдың баласы Мырқы мен Қорлыға сұлу аттастырылып, кейін отау құрады. Мырқы өзі батыр, ержүрек адам болған. Қорлыға Мырқы үйде болмаған кезде көзіне шөп салады. Мырқы әйелімен төсектес болған Сүренді өлтіреді. Қорлыға Сүренді суға ағызып, оның орнына Мырқының інісі Төлені өлтіреді. Осы уақытта елге қалмақтар шабады. Мырқы жауға аттанғанда, ауылып жау шауып, Қорлыға мен қарындасы Бишаны тұтқындап алып кетеді. Мырқының әкесі Бошан бай мен қарындасы Биша көптеген қиындықтар көреді. Соңында Мырқы батыр елі мен туыстарын құтқарады.

Басқы сөзі (9-б.):

تەرىپتەكلى، الدم قلام قو لنما
ورنەكتەرى بورنەننەننەڭ وزى بول

Соңғы сөзі (137-б.):

قارپق اللن ەننەڭ جىنگىت قەرمە،
اشم بىتتەردى سوزدى دەمب

Қолтаңба. Жыршының өз қолтаңбасы.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қосымша белгілері. Қолжазбаның кейбір беттерінде әртүрлі белгілер, кісі аттары бар. Көп жерлерінде мәтіннің шетіне (12, 30, 42, 46, 53, 54, 57, 60, 70, 75, 78, 79, 83, 89, 90, 98, 100, 107, 109, 119, 124, 126, 128, 129, 132, 135 б.б.) шығарма кейіпкерлерінің аты-жөні қарындашпен жазылып отырған.

Ақауы. Қолжазба жұқа ақ қағазбен тысталған. Түптелмей бөлек жүрген беттері бар. Бірнеше парағы жартылай сөгілген. Көптеген беттерінің шеті жыртылған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Ш. 337(ӘӨИ)

Библиографиясы. Шопанұлы Д. Жәдігер. – Алматы: Информ-А, 2003. – 80–190 б.б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Тарихи жырлар. 59-том. / Томды құрастырғандар: Қосан С., Сәкенов С., Өлбек Т. – Астана: Фолиант, 2009.

Жыршысы. نورلنباي اشتم (Нұрлыбайұлы Әшім) (1889-1964) — қазіргі Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Елтай аулында дүниеге келген. Әшім жыршылығымен қоса, суырып салма ақын әрі шежіреші, тарихшы адам болған. “Мырқы батыр қиссасын” халықтық аңыздарға, тарихи деректерге сүйеніп жырлаған.

Тапсырушы. نياتبايف كادىربىك (Ниятбаев Кәдірбек). — Алматы облысында дүниеге келген. Ол “Мырқы батыр мен Шора қиссасын” бір қарияның қолжазбасынан 1951 жылы жазып алған. Қарияның аты-жөні белгісіз, ол 1949 жылы Әшім Нұрлыбаевтың өзінен жазып алған көрінеді.

Жинаушысы. 1964 жылы институтқа тапсырған — Алшабеков Таңатар.

Аннотациясы. Шығарманың Аталуы бөлек болғанымен мазмұны мен сюжеті “Мырқы батыр қиссасымен” бірдей. Көшірмесін К.Ниятбаев тапсырған Әшім ақынның бұл нұсқасы да толық. Дастан қара өлең және жыр үлгісімен айтылады. Бұл нұсқаның алдыңғыдан айырмашылығы кейбір жеке сөйлем, өлең шумақтарында ғана.

Бошан байдың баласы Мырқы батыр Қорлыға сұлумен отау құрады. Мырқының Биша атты қарындасы, Төле атты інісі болады. Мырқы үйде жоқ кезде Қорлыға бұрынғы көңілдегі Сүренмен кездесіп, көзіне шөп салып жүреді. Уақытынан бұрын үйіне оралып, үстерінен түскен Мырқы Сүренді өлтіреді. Мырқының ашулы кейіпте үйден шығып кеткенін пайдаланып, Қорлыға Сүренді суға ағызып, орнына Мырқының інісі Төлени өлтіріп, Сүреннің орнына жатқызып қояды. Осы уақытта елге жау шабады. Мырқы соғысқа аттанғанда, ауылын жау шауып, әйелі мен қарындасын тұтқындап кетеді. Мырқының әке-шешесі мен қарындасы көптеген зорлық-зомбылық көреді. Қорлыға еліне сатқындық жасап, қалмаққа күйеуге шығады. Жырдың соңында Мырқы батыр елі мен туыстарын жаудан құтқарады.

Басқы сөзі (1-б.):

تەربەتكەلى، الدەم قالام قولىما
ورنەكتەرى بورنەغتەننەڭ وزى بول

Соңғы сөзі (56-б.):

مەكى بەستەننەن ون قاتەن بالا تاوب،
ساماق باتەر ولدى وطرز اتالدى

Қолтаңбасы. Жыршының өз қолтаңбасы.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қосымша белгілері. Қолжазба араб әрпімен жазылған. Сиясы әртүрлі: күлгін (1-15, 39-51-66.), көк (16-34, 52-60-66.) және көк түсті қарындашпен жазылған беттері де бар (13-14-6.)

Ақауы. Қолжазбаның кейбір парақтары сөгілген, 16-беттегі сия тамған жердің жазулары оқылмайды. Жөндеуді талап етеді.

Папкасы. Ш. 337(ӘӨИ)

143

Ш. 525(ӘӨИ)

П. 15; Б. 30; Ж. 15

16,4x22; 15,5x19

Мырқы батыр

Аталуы. Мырқы батыр (1-бет).

Жыршысы. Сағымбайұлы Әтибек. (Ол туралы мәлімет кездеспеді).

Нұсқасы. Нұрлыбайұлы Әшім нұсқасы.

Аннотациясы. Жырдың мазмұны алдыңғы нұсқалармен бірдей. Жырлауы бөлек болғанымен, мазмұны ортақ. Оқиға аяқталмай қалған. Мырқы батыр ай мен күндей Қорлыға атты сұлуды айттырып, әйелдікке алады. Қорлыға Сүрен деген жігітпен көңілдес болады. Мырқы сапарда жүрген кезінде онымен кездеседі. Әйелі көзіне шөп салғанын көрген батыр Сүренді бірден өлтіреді. Қорлыға көңілдесінің мәйітін суға ағызып, Мырқының бауыры Төлени өлтіреді. Жыр Мырқының жауға аттанғанымен аяқталады.

Басқы сөзі (3-б.):

Дүниеге хор қызындай құшақ жайып,
Басып тұр Самарқандты сол жақ шеттен.

Соңғы сөзі (30-б.):

Қамыс суы өзені бар маңайында,
Мөлдір көз айтатұғын сұлу екен.

Қолтанбасы. Жыршының өз қолтаңбасы.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. Ш. 525(ӘӨИ)

144

Ш. 1125 (ӘӨИ)

П. 13; Ж. 23

21x17; 19x11

Наурызбай – Фатима

Аталуы. Наурызбай – Фатима (1-б.).

Жырлаушысы. Жаңатайұлы Көкбай (1860-1925) бұрынғы Семей губерниясы, Мұңыр болысы, Тақыр деген жерде туып-өскен. Көкбай жас кезінен бастап-ақ ән салып, өлең айтып, ел басқару ісіне араласып, шешендік сөз де айтқан көрінеді. Семейде медреседе оқиды, еліне келген соң өз қаражатымен медресе салдырып, бала оқытады. Ол медресесін Кеңес өкіметі орнағаннан кейін мектепке берген. Көкбай “Сабалақ” атты үлкен поэма шығарған.

Аннотациясы. Бір күні Науан жолдастарымен шатырда отырғанда, үйсіннен келген саудагер Керім деген жігіт Үшбурыл өзенінің жағалауында тұратын Тілеуқабақ деген байдың байлығын, жылқысының кілең тұлпар екенін айтады. Осы жылқыны алуға құмарланған Наурызбай Кене ханнан келіп бата сұрайды. Кенесары Науанның жастығын ескерсе де, талабын қайтармай, батасын беріп аттандырады. Наурызбай қасына төрт жолдасын алып Үшбурылды бетке алады. Бірнеше күн жол жүріп, Үшбурыл өзенінен өтіп келе жатса, ән салған қыздың даусын естиді. Қызбен айтысып, ақыры қыз сөзіне намыстанып, қарауылға өзі қалып, жігіттерді жылқыны айдап келуге жібереді. Бұлар жылқыны айдап келгенде, қыз жеңіліп, батырдан сауға сұрайды. Ер Науан жолда тосатынын айтады. Қыз үйіне келіп ағаларына хабар беріп, жылқыны айдап кеткенін естіртеді. Ағалары Наурызбайдың атын

естігенде, артынан қууға бата алмай, ақыры Фатима өзі қос атпен қуып жетіп, Наурызбайды жекпе-жекке шақырады. Қыздың сөзіне шыдай алмаған Науан қылышпен шаппақшы болғанда, Ержан келіп тоқтатады. “Сауғаға жылқының бәрін ала бер”, – дейді. Бірақ келер жылы шауып алатынын ескертеді. Сонымен, келесі жылы батырлар қол бастап тағы жолға шығады. Алдынан бес мың қолмен қарсы шыққан Тілеуқабақты жеңіп, жылқыны айдап, Фатиманы алып ордаға қайтады. Фатима өзінің науқас екенін айтады. Сөйтіп ордаға тездетіп жетеді. Шатырда үш күн, үш түн жатып Фатима бақилық сапар шегеді.

Басқы сөзі: (беттелмеген)

Әуелі сөз сөйлейін бір Құдайдан,
Жақсының көңілі жұмсақ сары майдан.

Соңғы сөзі: (беттелмеген)

Шатырда үш күн жатып, бейсенбі күн
Пәниден бақи жайға сапар шекті.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Мәтін жазылған беттер беттелмеген.

Папакасы. 1125 (ӘӨИ).

145

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 17; Б. 34; Ж. 20

21,5x17,5; 19,5x10

Наурызбайдың өлеңі

Аталуы. Наурызбайдың өлеңі (1-б.).

Жинаушысы. Біләлұлы Уәлиахмет. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Бір күні Наурызбай хан Кененің алдына кеп: – Үшбурыл өзенінің ар жағында Тілеуқабақ деген бай бар дейді. Өзінде үш мың бес жүз тай бар. Соны барып шауып келсем, – деп рұхсат сұрайды. Кене тұрып: Үшбурылдың суынан қанатты құс болмаса тірі жан өте алмайды. Қауіпті “жер”, – дейді. Бірақ ер Науан айтқанынан қайтпайтын болған соң, батасын беріп қасына Ағыбай бастаған қырық батырын қосып, сапарға аттандырады. Бұлар жиырма күндей тынбай жүріп Үшбурыл өзеніне жетеді.

Ер Науан Жаратқанға сиынып, ұрандап суға түсе береді. Аман-есен арғы жағаға өтіп, қырық жолдасына “түсіндер!” деп бұйырады. Бәрі өтеді. Қырық батыр түнделетіп сар желіп келе жатса, ән салып отырған қыздың дауысы құлақтарына жетеді. Науан қырық батырын түбекке тастап, “кім екенін білейін” деп қызға таман барады. Ән салып отырған қызбен айтыса кетеді. Жөн-жосық сұрап біліседі. Сөйтсе, бұл Тілеуқабақ байдың қызы Қанышайым болып шығады. Ер Науан өзінің келген жайын қорықпай-ақ айтады. Қанышайым жылқының жатқан жерін, өткелін айтып береді. Наурызбай жігіттеріне келіп, жылқыға бет қояды. Дүбірді естіген соң, қыз Әлі, Мұса екі ағасын барып оятады. Бұлар белдеуде тұрған тұлпарларына мініп Наурызбайдың соңынан қуады. Әлі, Мұса Наурызбайдан жеңіліп кері қайтады. Қанышайым Науанды өзі қуып жетіп сөзге жығып тоқтатады. Ол жала екенін есіне салады. Артынан елін шақырып, үлкен той жасайды. Наурызбай және қасындағы жолдастарына жеке шатыр тігіп, жақсылап күтеді. Қазақтың ұлттық ойындары ойналып, Қанышайым мен Қасым айтысып, Қасым қыздан жеңіледі.

Наурызбай Қанышайымды Қасымға қосады. Кенесары мұны көріп қуанады. Мұса тоғыз күн той жасап, Кенесары Мұсаның тоғыз қалауын беріп шығарып салады.

Басқы сөзі (1-б.):

حان كەنە الدىنداعى اعام مدىڭ،
ماس يولعان داۋلەتگە نادان مدىڭ.

Соңғы сөзі (34-б.):

جازىلىپ بۇل ناۋىزباي تامام بولدى،
بىر تالاي بۇلۇنكىلى زامان بولدى.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 1338 (ОҒК).

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты қызыл түсті қатты қағазбен тысталған.

Ақауы. Қолжазбаның 1, 5, 8, 9, 23-беттері шимайланған, жамалған. 1-беттен 18-бетке дейінгі парактардың ортасы қырқылған, 16-беттің аяғы жыртылған.

146

Ш. 673/ 5 (ОҒК)

П. 40; Б. 20; Ж. 49
29х14; 28х8,6

نورادن

Аталуы. نورادن Нұрадын (1-б.).

Жыршысы. سەگىرباەف مورنن (Сеңгірбаев Мұрын. Ол туралы мәлімет 18-сипаттамада бар).

Жинаушысы. Хакімжанова Мариям 1942 жылы Алматыда Мұрын Сеңгірбаевтың айтуынан жазып алған.

Тапсырушысы. Хакімжанова М. (Ол туралы мәлімет 51-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Едігенің баласы Нұрадын жауды (мәтінде ындыс деп берілген) іздемек болып, әкесінен рұқсат сұрайды. Қалмақтар мен ындыстарды жеңіп, ислам дініне бағындырады. Жеңіспен еліне қайтқан Нұрадынның алдынан шешесі шығып, әйелі ұл баланы дүниеге әкелгенін, оның атын Мұса деп қойғанын айтады. Шығарма аяқталмаған.

Басқы сөзі (1-б.):

بالاسى ەدگەننىڭ

Соңғы сөзі (26-б.):

دەب موسا قويدم اتن
دەب وقسا قراغما

Қағазы, әріп – сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазбаның 7, 14, 16 беттеріне сия төгіліп, шимайланған.

Папкасы. 673/5 (ОҒК)

Библиографиясы. Қырымның қырық батыры. – Алматы, 2005; Бабалар сөзі: Жүз томдық. 50-том. Батырлар жыры. / Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: – Сәкенов С. – Астана: Фолиант, 2008. –бб.

147

Қ. 546 (ОҒК)

Б. 25; Ж. 1527
30x14; 17x25

ولجاىاي باتئر

Аталуы. ولجاىاي باتئر Олжабай батыр (1-б.).

Тапсырушы. قولىسارىيەف مرتاي (Құлсариев Ертай) (1886-1958) – жыршы, халықтың сөз мұрасын жинаушы. Алматы облысының Іле ауданына қарасты Әлі ауылында туып-өскен. Өлеңдері түрлі жинақтар мен газет-журналдарда жарияланған. Ол “Қисса Жәмшид”, “Мың бір түн”, “Күлпан балуан” т.б. дастандар мен “Арқалық батыр”, “Олжабай батыр” сияқты халықтың тарихи жырларын өзінше жырлап, ел арасына таратқан. Е.Құлсариев Жетісу өңірінің фольклорлық үлгілері мен ақындары шығармаларын жинап, қолжазба қорларына тапсырған.

Аннотациясы. Олжабай батыр Орта жүз, арғын Айдабол баласы. Әкесі Толыбай, Толыбайдан Байғазы, Байғазыдан Олжабай, Олжабай елінің ханы Әз Тәуке. Батыр Сыр бойын мекендеп,

арқаны жайлаған. Былайғы елі Жетісу мен Алматыны жайлаған. Айдабол бәйбішесінен, Жанқозы тоқалдан туған екен. Айдабол қаратай елімен елі аралас, қойы қоралас отырады. Қаратайдың жанға балаған жалғыз қызын Жанқозыға айттырады. Өлтірісін берген соң, өлмей күйеу жата ма, Жанқозы ұрын барып қайынының елінде жатады. Онда тағы бір қызбен көңіл қосады. Екі қыз екі ұл табады, сонымен Жанқозы бесеу болып еліне қайтады. Мұндай көп ұрпақты болғанға Толыбай қуанады. Айдабол немересіне “олжадан келген” деп атын Олжабай қояды. Енді біріне Қостық деп ат қояды. Олжабай Дулат бидің әкесі, атақты Торайғыр бидің замандасы Бөгенбай батырдың жауынгер серігі болған. Толыбай немересінің келбетіне сүйсініп, “Олжабайым ел қорғаны болады” дейді. Олжабай 14 жаста алпамсадай азамат болады. Атасының Тайкөк атты жүйрік аты болады. Бір күні қырғыз ұрылары Тайкөкті ұрлап кетеді. Жасы жеткен Айдабол Олжабайды сынау үшін былай дейді: – Балам, мен қартайдым. Тайкөкті ұры алды, жаяу қалдым. Тұлпарды нөқтасыз жібердің, батамды алып Тайкөкті іздеп шықсаң қайтеді? – дейді. Олжабай: – Мақұл, ата, ажалға болжам жоқ, жатқанға жан жуымас. Жел соқпай орман теңселмес, батаңды бер, атыңды тауып әкелемін, – дейді. Олжабай сөзіне қуанғаннан соң, ақ қошқар сойып, бата береді. – Он сегіз мың ғаламды жаратушы Аллаһ, қырық шілтен, жалғызыма жәрдем ет. Жолың болсын! – деп бата береді. Олжабай бес қаруын қолға алып, Тайкөкті іздеп шығады. Бір күні түнде орман-тоғай ішіне келіп түнейді. Түнде орман ішінен жанған екі от көреді. От барған сайын жақындап ұлғаяды. От жақын келіп тұрып-тұрып өшеді. Сөйтсе, осы орманда адам жейтін арыстан бар екен, от дегеніміз соның екі көзі екен. Олжабайды жемеген себебі, Олжабайдың жолбарыс жыны бар екен. Олжабай жағы ұзақ жол жүріп келе жатса, жапан далада жалғыз үй тұрады. Үйден бір кемпір шығады. – Қайдан келесің, өзінді жау шапқан ба, жалғыз неге жүрсің? – деп сұрайды. Олжабай: “Елім аман, атым жоғалып соны іздеп жүрмін. Апа маған бір бал ашып, құмалақ салып беріңізші”, – дейді. Кемпір құмалақ салып: “Жолың болады, атыңды табасың. Ел қорғаны боласың”, – деп қоштасып жүріп кетеді.

Олжабай тасып жатқан Талас өзен суынан өтіп, Тоқбақ қаласына, Ербас тауынан асып Ыстық көлге барды. Бір ауылға барса, онда

Тайкөк байлаулы тұрғанын көреді. Олжабай сауыт-сайманын киіп, арыстандай ақырып жекпе-жекке шығады. Қырғыздар қатты сасады. Қырғыздың бір шалы: “Балам, жалғыз екенсің, күшіңе сенген боларсың, екі ел жалғыз тайға таласпайық. Талабыңды айт, соғыспайық”, – деген соң, Олжабай ата сөзін құрмет тұтып, соғысты тоқтады. Осы қырғыз елінде бірнеше күн құрметті мейман болып, өзінің Тайкөк тұлпарын алып, еліне аттанады. Өлгі ақсақал ризалықпен бата береді.

Олжабай Ташкент қаласына келеді. Мұнда Қарақалпақ елінде бір қария Тайкөкке қызығып: “Балам, ер жігіттің бір жұрты қайын жұрты деген, бізге күйеу бала бол, атыңды бер”, – дейді. Олжабай оған: “Ата аманатына қиянат етпеуді сіздерден ұққан едік, ат атамның аманаты еді, ренжімеңіз”, – деп кете барады. Бірнеше күн жол жүріп, аз ғана емес, мол жүріп аман-есен еліне келеді. Ата-анасы қуанып той жасайды. Тойға Бөгенбай батыр да келеді. Олжабайдың ерлігіне сүйсініп, екеуі құшақтасып, дос болады. Кейін қалмаққа қарсы жорыққа шығып, қалмақтың ай мен күндей екі қызының бірін Бөгенбай, бірін Олжабай алып, еліне оралады.

Басқы сөзі (6-б.):

حاليث اقتن حات جازوعا قلام العان،
مشكمگه وپا بمرمس منناو جالان.

Соңғы сөзі (25-б.):

سولاردنڭ ۇرباعنان جاياموسا،
وسنمن اياقتالدى سوز اراسى.

Қолтанбасы. Құлсариев Ертайдікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Көк дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1939 жылы мамыр 5-айында жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып өңделген.

Папкасы. Қ 546 (ОФК), №1.

Ш. 381 (ОҒК)

П. 5; Б. 5; Ж. 16
20x21; 15x19

ولجاىاي باتر

Аталуы. ولجاىاي باتر Олжабай батыр (1-б.).

Айтушысы. جاياموسين سالق (Жаяумусин Салық) (1893-1969) – атакты Жаяу Мұсаның бел баласы, ақын, жинаушы. Ол өз өлеңдерімен бірге фольклорлық шығармаларды, ақын, жыраулардың өлең, жырларын көп жинаған. Әсіресе, әкесі Жаяу Мұсаның барлық мұралары Салық арқылы жеткен. Оның ішінде біртуар әншінің өз қолымен жазған аса құнды қолжазбалары да кездеседі.

Жинаушысы. بايجانوف جاياموسا (Байжанов Жаяумұса). (1835-1929) – әнші, ақын, композитор, халықтың сөз мұрасын жинаушы. Павлодар облысы Баянауыл ауданының Жасыбай көлінің маңында туып-өскен. Жаяу Мұсаның әлеуметтік теңсіздікті әшкерелейтін “Ақсиса”, “Хаулау”, “Шормановқа” туралы өлеңдері, сондай-ақ лирикалық сипаттағы көптеген күйлердің авторы. Жаяу Мұсаның көптеген қолжазбалары Алматы, Қазан, Санкт-Петербург, Омбы мұрағаттарынан табылды. Оның әндері мен күйлерін алғаш нотаға түсіріп жазып алғандар – А.В.Затаевич, А.Жұбанов, М.Лалинов.

Аннотациясы. Толыбай деген кісінің Орман, Құлжабай, Алажақ атты үш баласы жетім қалады. Бұлардың қолындағы жеті жылқысы жоғалып кетеді де, жалғыз көк тайы қалады. Үлкені – Алажақ тайын жетектеп, жылқы іздеп жолға шығады. Жолда түнделетіп бір жалғыз ағашқа жеткенде, алты қасқыр қоршап алады, бірақ тиіспейді. Ертеңінде таң атып келе жатса, алдынан бір әйел қарсы шығып, “Олжабайым, келдің бе?” деп үйіне түсіріп, тынықтырып, қонақ қылады. Бұл үйсіннен шыққан Ақтанақ деген батыр әйел еді. Түсінде осы баланы қасқырдың қоршауында қалғанын көреді. Бірақ алты қасқыр баланың қорғаушы пірі екенін, аты Олжабай болатынын түсінде аян етеді. Кейіннен баланы үйіндегі нағашысы Қарадай батырдың үйіне жеткізіп салады. Үш жыл өтеді. Көк тайы ат болады. Өзі киім кимейді. Баяғы әкесінен қалған жарғақ тонын

сүйретіп, кез келген жерге жата кетеді. Елдің тілін алмайтын тентек болып өседі. Елдер Қарадай батырдың жиені дегенге намыс көреді. Бір күні Қарадай батыр қалмаққа соғысқа аттанбақшы болады. Мына жаман бір жерде өліп қалып, “сүйіндіктер құн даулап жүрер” деп Олжабайды тастап, түнделетіп қолымен аттанып кетеді. Олжабай Тайкөгіні мініп, үш күндік жолды бір күнде жүріп, арттарынан қуып жетеді.

Олжабай қалмаққа өрт қойып, елді “Олжабайлап” шошытып, топқа келіп қосылады. Қол тағы аттанып, қалмақ шебіне он шақырымдай қалғанда, атты тынықтырып демалады. Олжабай тағы өрт қойып азық-түлікті өртеп жібереді. Қазақ қолының келгенін білген қалмақтар тез әскерін жинап қарсы шығады. Осы соғыста Олжабай қалмақтың бас батырын жеңіп, туын жығады. Елге келген соң Қарадай Олжабайға олжа бермейді. Мұны естіген сүйіндіктегі бауырлары Олжабайды алып кетеді. Кейіннен Абылай хан қалмақтармен соғысып, Талқасу деген жердегі бекіністі ала алмай, Едіге биге хабар береді. Едіге би мен Олжабай бірге аттанады. Қалмақтар қақпаның ауызына үй тігіп, қырық қызды сол үйге қойып, қыздардың артына мергендерін қойып, қызға шапқан Абылай ханның жиырма батырын атып өлтіреді. Олжабай осы тас қамалды бұзып, қалмақты ойсырата жеңеді. Абылай Олжабайға разы болып “Ирам батырларының ішіндегі батыр” деген атақ береді. Бұл “Жиырма бір батыр” жырында былай жырланған:

Ирамға ұран Олжабай,
Болсын әскер, ел аман!

Басқы сөзі (2-б.):

سۇيىند شوما قولبولدى ونان ايدابول ونان مالقوزى. تولئبايدان وش بالا تودى.

Соңғы сөзі (9-б.):

يرامعا واران ولجاياي،
بولسن اسكەر، ءلامان.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылы 4 қазанда Баянауыл аулында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазбаның кейбір беттері шимайланған, 13, 14-беттері жыртылып жоғалған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, сырты қапталған.

Папкасы. 381 (ОҒК).

149

Қ. 1017 (ОҒК)

Б. 7-11; Ж. 29.
30x25; 17x20

1916 жыл

Аталуы. 1916 жыл (7-б.).

Авторы. رامازانولى ائاقس (Рамазанұлы Ақас. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Жинаушысы. كونتوغانولى واتقان (Күнтуғанұлы Уатқан) 1947 жыл. 5 ақпан. “Бұл өлеңді Саубенұлы Жүсіптен көшіріп алдым. Жүсіп оқытушы еді” деп жазған.

Аннотациясы. Жырда патша өкіметінің 16-25 жас аралығындағы қазақ жігіттерін қара жұмысқа саламыз деп, алдап әскерге алып, соғысқа айдағаны, артында қалған кемпір-шал, жас баланың күйзелгені суреттеледі.

Басқы сөзі (7-б.):

داولەتتى يەينە تېمىنەن اللا بىرەن،
جازوى بىتتىن جاننىڭ بارى دە ولەر.

Соңғы сөзі (11-б.):

جىلعا ئىنا بولماسىن دەپ، جودىرىق
حالىقتىڭ قولى كەتپەيد جاعاسىنان.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Көк дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1932 жылы Астраханда жазылған.
Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Папкасы. 1017 (ОҒК)

150

Ш. 342 (ОҒК)

Б. 81; Ж. 30

21x35; 19x29

وراق – ماماينىڭ اڭگىمىسى

Аталуы. ماماينىڭ اڭگىمىسى Орақ–Мамайдың әңгімесі (1-б.).

Жыршысы. كەنجەغولولى نور توغان (Кенжеғұлұлы Нұртуған. Ол туралы мәлімет 52-сипаттамада бар).

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Қолжазба қорында сақталған “Орақ-Мамай” жырының варианттары арасында ең сюжеті толық, көлемді, әрі көркемі – Нұртуған нұсқасы. Жырдың көлемі он мың жолға жуық.

Нұртуған нұсқасының сюжеті мен көркемдік ерекшеліктері В.М.Жирмунский, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, А.Тұрғанбаев еңбектерінде сөз болады.

Жырдың кіріспесі шежірелік мәліметтер мен Мұса ханның қайтыс болар алдындағы он екі баласына айтқан насихат сөзінен басталады. Ол қару-жарағын т.б. балаларына таратып, “Әрқашан бірлікте болыңдар” деп өсиет айтады. Тоқалдан туған балаларының үлкені жасында түйе бағып жүріп, боранда екі аяғын үсітіп, топаяқ болып қалған соң “Смайыл – Топаяқ” аталып кетеді. Смайыл әкесіне “тоқалдан туған соң, маған қолыңнан дұрыс енші бермедің” деп өкпесін айтады. Мұса Смайылға өзінің еншісі сары ала атты береді. “Әкемнің берген атын мініп, көпке жүріп көрсетейін” деп тоғайдағы атқа барғанда, жер жарылып, сары ала ат пен Смайыл жер астына түсіп кетеді. Смайыл жер астында пері оқуын оқып келеді. Ол Орақ, Мамай, Телағыс, Күнкені араздастырады. Телағыс

Алшағырды өлтіреді. Орақ, Мамай және қалған Мұса балалары бірігіп орыстың Омск мен Донск қалаларын шабады. Орақ пен Мамай Босқақтың құмында бөлініп қалған тама елін Еділге көшіріп әкеледі және екеуі бас болып қалмақтың Қатты ханымен шайқасып, жеңіске жетеді. Мамай Смайыл – Топаяқтың азғыруымен Қырымға барып, сонда хан болып тұрған жиендері Балуан Сұлтан мен Батырды өлтіреді. Мамай антқа ұшырап өледі. Мамай өлген соң, Орақ екі жыл хан болады. Орақ өз інісі Алшағырдың баласы Қалаудың қолынан өледі. Содан кейін Смайыл шамалы уақыт хан болады.

Нұртуған жырлаған “Орақ–Мамай” жырының нұсқасы эпикалық қуаты мол көркем тілмен өрілген сүбелі туынды. Мәтінде біраз араб, парсы, татар лексикасымен бірге көнерген және жергілікті сөздер кездеседі.

Басқы сөзі (1-6.):

VIII-IX ەدنگە دەگەن بەلگەنلى ادام بولغان... بىر زاماندا وتكەن غاسنردا

Соңғы сөзі (81-6.):

جاباستانگ جبرەن ساقال قارا قولدانگ ويندانگ جەلکەسنندە تورنپ تولعاپ اينقان.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе журналына қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Түскен жылы. Қорға 1928 жылы түскен.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 342 (ОҒК), “Орақ–Мамай”.

Библиографиясы. Орақ–Мамай. Нұртуған Кенжеғұлұлы // Кәнеки, тілім, сөйлеші. 1-кітап / Құрастырған – Ә.Оспанов. – Алматы, 1992. – 161-222-беттер; Орақ – Мамай // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 40-том. Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, С.Қосан, Қ.Тастанов. – Астана: Фолиант, 2006. – 43-313-беттер.

Ш. 673 (ОҒК)

Б. 19; Ж. 29
18x26; 15x24**Орақ – Мамай****Аталуы.** Орақ – Мамай (2-б.).**Жыршысы.** Сеңгірбайұлы Мұрын. (Ол туралы мәлімет 18-сипаттамада бар).**Жинаушысы.** Хакімжанова Мәриям. (Ол туралы мәлімет 51-сипаттамада бар).**Аннотациясы.** “Орақ–Мамай” жыры нұсқалары ішінде ғылыми қауымға да қалың жұртшылыққа да танысы – Мұрын жырау нұсқасы. Көлемі – 730 жол. Нұсқада Орақ, Мамайдың қалмақтың ханы Қозанның қолына тұтқынға түсуі және босанып шығып кегін қайтаруы, содан соң Өгіз ханға аттанып оны жеңу оқиғалары баяндалады.

В.М.Жирмунский, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев, А.Тұрғанбаев т.б. ғалымдар бұл нұсқаның мазмұнын жариялап, ғылыми айналымға енгізіп, өз пікірлерін білдірді.

Басқы сөзі (2-б.):

Мұса ханның бәйбішесінен туған баласы бар еді.

Соңғы сөзі (19-б.):

Төбелесіп алған жері осы еді.

Қолтанбасы. Хакімжанова Мәриямдікі.**Қағазы, әріп-сиясы.** Ақ қағазға қарындашпен араб әрпінде жазылған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталып, тігілген.**Папкасы.** 673 (ОҒК), 7-дәптер. “Орақ – Мамай”.**Библиографиясы.** Орақ – Мамай // Батырлар жыры. 5-том. – Алматы, 1989; Орақ – Мамай // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар

152

Ш. 843 (ОҒК)

Б. 8; Ж. 19
16x20; 14x17

Орақ – Мамай

Аталуы. Орақ – Мамай (1-б.).

Аннотациясы. Едіге тұқымынан шыққан Мұса деген ханның екі әйелі болады. Үлкен әйелінен Орақ, Мамай, ал кішісінен Әлі, Смайыл–Тобаяқ деген балалары болады. Әкелері өлген соң, Мамай хан болып, таққа отырады. Оның інісі Орақ алғыр, батыр болады. Орақ өліп, артында Қарасай, Қазі деген балалары қалады. Мамайдың жалғыз қызы болады. Орақ өлген соң қалмақтар: “Орақ өлді, оларда біздің кегіміз бар, өз қол астымызға кіргізейік” деп кеңесіп, Мамайға елші жіберді, ол келісім бермейді. Мамай қасына ешкім ермеген соң, өзі жалғыз қалмаққа аттанады. Шайқаста шаршап ұйықтап кеткен Мамайды қалмақтар қолға түсіреді. Мамайдың қызы Аққымбат түс көріп, әкесінің тұтқынға түскенін біліп, үлкен шешесі Қараүлекке айтады. Мұны Қараүлектен естіген он үш жасар Қарасай Орақтан қалған Тайқара атқа мініп, қалмаққа аттанады. Қалмақтың қолымен шайқасып, Мамайды құтқарып алады. Қалмақ ханы Мамайдан кешірім сұрап, достасуды өтінеді. Әнжі–Смайыл: “Келісімге келме, құшақтасып жатқанда, ішіне пышақ салып өлтір” деп азғырғады. Мамай қалмақты өлтіреді. Екі жақ келіспей тарайды, қайтар жолда Мамай өледі. Ол өлер алдында Қарасай, Қазіға: “Смайыл–Тобаяқтың тілін алма” деп өсиет айтады. Мамай өлген соң Қарасай, Қазі жас болғандықтан Сыңтемір деген адам хан болады. Хандыққа Смайыл да таласып, ноғайлы елі быт-шыт болады. Қарасай, Қазидың інілері еліне өкпелеп, нағашысы қалмаққа көшіп кетеді. Қарасай, Қазі оларды іздеп шығады. Жолда қалмақтың көп әскерімен соғысып, інілерін еліне алып келеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Ерте уақытта Едіге сұлтанның тұқымынан шыққан Мұса деген хан болады.

Соңғы сөзі (8-б.):

Еліне алып кеп, інілеріне қоныс жер бөліп қасына қондырыпты.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін дәптерге қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Шығарма әр бетке қара сөз бен өлең аралас жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. 843 (ОҒК), 5-дәптер. Орақ – Мамай.

153

Ш. 894 (ӘӨИ)

Б. 120; Ж. 25
20x30; 17x25

Батыр Мамай – Қанды Орақ

Аталуы. Батыр Мамай – Қанды Орақ (1-б.).

Айтушысы. Мәмбетұлы Атаубай (Ол туралы мәлімет 124-сипаттамада бар).

Жинаушысы. Көрпеев Айтмұрат. Қарақалпақстандағы Қоңырат қаласының тұрғыны.

Тапсырушысы. Қыдырәлі Саттаров. Ол қолжазбаны А.Көрпеевтен алып, 1984 жылы ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорына тапсырған.

Аннотациясы. Эпос қаһармандары Қарасай мен Қазидың ерлік аттаныстарының себебі әкесі Орақтың өлер алдында айтып кеткен армандарын іске асыру мақсатынан туады. Орақ батырдың өлер шағында әйеліне айтып кеткен арманы мыналар: ол ер інісі

Мамайдың қанша қызық өмір жасаса да сүйсініп күлгенін бір көрмеңгі, алдына жылқы баласын салмайтын Қызылат деген дүлдүлді қолға түсіре алмай, міне алмай кетіпті. Қиғаш тауындағы ата жауы қызылбасты бағындыра алмапты. Қарасай ержеткен соң анасы оған әке арманын баяндап береді.

Қарасай әке арманын орындау үшін жүйрік ат іздейді. Анасының айтқан ақылымен Қызыл атты қолға түсіреді. Бірақ мал иесі қарт Көкшенің талабы бойынша оған қарындасы Қибағты беруге уәде етеді. Бұл кезде Мамай көп жаумен шайқасып, жеңе алмай жатады. Қарасай жалғыз келіп дұшпанның бәрін қайтарады. Мамай өзінің ержүрек батыр ағасы Орақтың баласы Қарасайды танып, қатты риза болып, өмірінде алғаш рет күледі. Сөйтіп, Қарасай әкесінің екі арманын орындайды.

Әкесінің үшінші арманын орындау қиынға түседі. Өйткені олардың дұшпаны қызылбас оңай жау емес еді. Бұл кезде Қарасайдың соңына батыр інісі Қазы ереді. Ол соғыстың қиын-қыстау кезінде ағасын қайрап, жігерлендіріп отырады, қарындасы Қибағты Көкшеге беруге қарсы болады. Қарасай Қызылбасқа жалғыз шаппай, Қырымның жас билеушісі, әкелері дос болған Әділ ханды әскерімен қосып алады. Әділ ұрыс кезінде қазулы орға құлайды. Қарасай мен Қазы небір ғажайып ерлік жасап, сансыз жауды жеңіп, Әділді құтқарады. Сөйтіп, жыр әкесінің үш арманын орындауымен аяқталады. Шығармада Қарасай мен Қазы сансыз жауды жеңген халық батыры ретінде дәріптеледі. Түркі-моңғол халықтарында ерекше мәнге ие “ата – аманатын орындау” мотивіне де жырда кең орын берілген. Жырдың тілі көркем, стилі жатық.

Басқы сөзі (1-6.):

Батыр Мамай, Қанды Орақ
Ер Мұсаның ұлы еді.

Соңғы сөзі (120-6.):

Үш арманын бітіріп,
Орақ батыр ұлдары...

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 894 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Қарасай, Қазі // Қазақтың батырлық эпосы. // Құрастырып, түсініктемелерін жазған – С.Дәуітов. – Алматы: Рауан, 1992. – 53-98-беттер; Батыр Мамай – Қанды Орақ // Қазақтың ерлік эпостары. / Құрастырып, түсініктемелерін жазған – Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 2006. – 25-137-беттер; Батыр Мамай – Қанды Орақ // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры. 40-том / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, С.Қосан, Қ.Тастанов. – Астана: Фолиант, 2006. – 313-425-беттер.

154

Ш. 920/51 (ӘӨИ)

Б. 37; Ж. 22
20x30; 11x24

Орақ – Мамай

Аталуы. Орақ – Мамай (1-б.).

Жыршысы. Оңғарбайұлы Орынбасар Қарақалпақстандағы Шоманай қаласының тұрғыны.

Жинаушысы. Қ.Саттаров, Ш.Қожабаева.

Экспедициясы. “Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиетін жинау” экспедициясы. 1990 жыл.

Аннотациясы. Бұл нұсқада Орақ өлгеннен кейінгі Мамайдың жеке жорығы, басқа да көптеген нұсқаларда кездесетін Орақ батырдың Қазан патшасымен шайқасын суреттейтін эпизод және Қарасай мен Қазидың әке аманатын орындайтын сюжеті баяндалады. Соған қарағанда, жыршы Орынбасар Оңғарбайұлы “Орақ – Мамай” эпосының бірнеше сюжетін жадында сақтай отырып, өзіндік стильмен көркемдей, жаңғырта жырлағаны аңғарылады. Орынбасар нұсқасының тілі қарапайым, оқиғасы қызықты болып келеді. Мәтінде араб, парсы сөздері жоқтың қасы.

Басқы сөзі (2-б.):

Орақ өлген соң, Мамай жалғыз қалған екен ...

Соңғы сөзі (37-б.):

— Ал енді сен тидің де, мен алдым,
Өз бақытың өзіңе...

Қолтаңбасы. Шолпан Қожабаеванікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1990 жылы 21 маусымда Қарақалпақстан АКСР-ы, Шоманай ауданы, Гагарин совхозының тұрғыны Оңғарбаев Орынбасар жыраудың айтуынан жазылып алынған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 920/51 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Батыр Мамай – Қанды Орақ // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры. 40-том /Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, С.Қосан, Қ.Тастанов. – Астана: Фолиант, 2006. – 313-425-беттер.

155

Ш. 949 (ӘӨИ)

П. 68; Б. 136; Ж. 39
17х20; 9х19

Orak – Mamai

Аталуы. Orak – Mamai Орақ – Мамай.

Жинаушысы. Жұмағазин Әміреш – 1930 жылдан бастап халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, қағазға түсіріп, Тіл және әдебиет институтының Қолжазба қорына тапсырушылардың бірі. Ол 1941 жылы жазып алған “Көрұғлы” жыры аталған институттың Қолжазба қорына сол жылы түскен. Ақтөбе қаласының тұрғыны екендігінен өзге Ә.Жұмағазин туралы мәлімет кездеспейді.

Аннотациясы. Нұсқа негізінен қара сөзбен баяндалған. Кейбір тұстарында үзінді күйінде айтылатын өлең жолдарының жалпы саны – 357 жол. Жырдың сюжетінде көне эпостың элементтері жиі кездеседі. Мұнда Нұртуған нұсқасы секілді батырдың бес жорығы түгел суреттеледі.

Басқы сөзі (1-б.):

On san uidin nogaidan Alaulь,
Talaulьdan Qalaulь tугan.

Соңғы сөзі (20-б.):

Oraqtan qalган tuaqqa,
Өzinen qalган сығаqqa.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ұзын жолды дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1941 жылы Ақтөбе қаласында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Шығарма әр бетке қара сөз бен өлең аралас жазылған.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен.

Папкасы. 843 (ОҒК), 2-дәптер. Орақ – Мамай.

156

Ш. 843 (ОҒК)

Б. 10; Ж. 33
17x25; 15x23

Орақ – Мамай

Аталуы. Орақ – Мамай (1-б.).

Жыршысы. Әбетов Ғали (1923-1976) Қазақ КСР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Филология ғылымдарының кандидаты. Ол институттың Қазақстанның

аймақтарына жіберілген іс-сапарда, фольклорлық экспедициялар құрамында болып, ел аузындағы халық мұраларын хатқа түсіріп, институт қорына тапсырған.

Аннотациясы. Мазмұны Нұртуған жырау жырлаған “Орақ – Мамай” жырымен бірдей болып келеді. Нұртуған нұсқасының мазмұны күрделі, түрлі эпизодтарға бай болып келсе, бұл нұсқаны соның қысқартылған түрі деп санауға болады.

Басқы сөзі (1-6.):

Ертеде Едіге тұқымы Мұсахан деген кісі болды.

Соңғы сөзі (10-6.):

Құйылған құмдай шетінен көшіп ел азая берді.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1943 жылы Ғали Әбетов жазған.

Мәтіннің орналасуы. Шығарма әр бетке қара сөзбен жазылған. Өлең жолдары сирек, жазулары өше бастаған.

Ақауы. Қолжазбаның сиясы өшіп барады.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, тігілген.

Папкасы. 843 (ОҒК), 9-дәптер. Орақ – Мамай.

157

Ш. 843 (ОҒК)

Б. 13; Ж. 22
20x30; 18x28

وراق – ماماي

Аталуы. ماماي وراق – Орақ – Мамай

Жинаушысы. بوزتاي جاقنيبايف (Жақыпбаев Бозтай ол туралы мәлімет 1-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Бұл нұсқада Орақ өлгеннен кейінгі Мамайдың жорығы мен Орақтың баласы Қарасайдың ерлігі баяндалады.

Қалмақ ханы Темірхан “Штатыма кірсін, үш жылғы есепті берсін” деген хабар жібереді. Сексен төрт жастағы Мамай батыр жауға қарсы жалғыз аттанып, ұрыс салады.

Мазмұны Қазан басылымы, Сағынғали Еркінов, Еркін Хасенов жырлаған нұсқалармен бірдей.

Басқы сөзі (1-б.):

بورنغى وتكىن زاماندا وراق ماماي دهگىن بار مكن.

Соңғы сөзі (13-б.):

موراتقا چىتىپ بارادى،
انەكەى، ماماي بولادى.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылы жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталып, түбі тігілген.

Папкасы. 843 (ОҒК), 7-дәптер. Орақ – Мамай.

158

Ш. 843 (ОҒК)

Б. 15; Ж. 33

15x36; 6x35

وراق پەن توغاي

Аталуы. وراق پەن توغاي Орақ пен Тоғай

Жинаушысы فاتىما غايىتوفا (Ғабитова Фатима. Ол туралы мәлімет 65-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Жырдың сюжеті Орақ, Тоғай батырлардың қалмақ ханы Көкшеге қарсы аттануы, Орақтың тұтқынға түсуі және оның жеті жылдан соң қапастан шығып, екі батыр бірігіп, жаудан кегін қайтаруы оқиғаларына құрылған. Жыр көлемі – 464 жол.

Басқы сөзі (1-б.): ملتغنا منڭ كىسى

Соңғы сөзі (15-б.): تورابنا جولدىڭ توغىز كىت تاستاپ

Қағазы, әріп-сиясы. Ұзын жол дәптер қағазына қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Қолжазба 1929-1930 жылдары жазылған.

Тапсырылған жылы. Ф.Ғабитова 1941 жылы тапсырған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, тігілген.

Папкасы. 843 (ОҒК), 8-дәптер. Орақ пен Тоғай.

159

Ш. 589 (ОҒК)

Б. 6-16; Ж. 17

17x20; 16x17

وراق – توغاي

Аталуы. Орақ–Тоғай (6-б.).

Жыршысы. جىلقىباي بایشولپاتولى (Байшолпанұлы Жылқыбай).

Жинаушысы. قىسنراوبەك امانتايلولى (Амантайұлы Қысыраубек). Ауыз әдебиеті үлгілерін, көбінесе Н.Нысанбайұлы мұрасын жинаушы. Оңтүстік Қазақстан облысында туып-өскен. Мамандығы – мұғалім. Қ.Амантайұлы жинаған материалдар ОҒК-ның Қолжазбалар қорында сақтаулы.

Аннотациясы. Нұсқаның көлемі – 1210 жол. Жырдың сюжеті Орақ пен Тоғай батырлардың қалмақ ханы Көкшемен шайқасы, Орақтың тұтқынға түсуі және оның тұтқыннан құтылған соң екеуі бірігіп, жаудан кегін алуын суреттейді.

Басқы сөзі (6-б.): ملتغنا منڭ كىسى

Соңғы сөзі (16-б.): تورابنا جولدىڭ توغىز كىت تاستاپ

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ұзын жолды дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке үш қатардан орналасқан.

Қосымша белгілері. Қолжазбаның 5-ші және 16-17-беттеріне кітапхананың мөрі басылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қалың қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. 589 (ОФК), Байшолпанұлы Жылқыбайдың шығармасы. Орақ – Тоғай,

160

Ш. 843 (ОФК)

Б. 32; Ж. 22

17x21; 7x18

Мамай батыр

Аталуы. Мамай батыр (1-б.).

Жыршысы. Байтабынов Айса. (Ол туралы мәлімет 19-сипаттамада берілген).

Жинаушысы. Айса Байтабыновтың қызы – Қымбат.

Аннотациясы. Жырдың көлемі – 1300 жол. Нұсқаның алғашқы бөлімінде Мамайдың Темірханға жасаған жорығы және оны тұтқыннан Қарасайдың құтқаруы баяндалады. Жырдың бұл тұсы Қазан нұсқасына ұқсас. Екінші бөлімінде Мамайдың хан сұлтанға баруы және анттан өлуі жырланады.

Басқы сөзі (1-б.):

Арғы атағын сұрасаң,
Баба Түкті Шашты Әзіз.

Соңғы сөзі (32-б.):

Мамай өліп Мұсаның ауылынан ханды көтерген осы жер еді.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптер қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1941 жылы жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба тозған, жазулары өше бастаған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталған, жөндеуден өткен.

Папкасы. 843 (ОФК), 1-дәптер. Мамай батыр. 1941.

161

Ш. 923 (ОФК)

Б. 13; Ж. 29

17x20; 10x18,5

Мамай

Аталуы. Мамай (1-б.).

Жыршысы. Ерішов Сағынғали. (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Экспедициясы. 1946 жылғы Батыс Қазақстан экспедициясы.

Аннотациясы. Бұл нұсқада Орақ өлгеннен кейінгі Мамайдың қалмақтың ханы Темірханға қарсы жеке жорығы, Қарасайдың ерлігі суреттеледі.

Мазмұны Қазан басылымымен бірдей. Айырмашылығы – мәтін түгелдей өлеңмен жазылған. Соған қарағанда, жыршы С.Ерішов Қазаннан шыққан “Мамай батыр” жырын жадында сақтай отырып, өзіндік стильмен көркемдей жырлаған деп ойлаймыз.

Басқы сөзі (1-б.):

Ақылдасым, мұндасым,

Жауға аттансайшы, жылдасым.

Соңғы сөзі (12-б.):

Манағы қақырайған қабырға

Орнына түсіп барады.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазбаның 6-беті сызылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатты қағазбен түптелген.

Папкасы. 923 (ОҒК), 6-дәптер. Мамай. 1946.

162

Ш. 839 (ОҒК)

Б. 35; Ж. 17
14x20; 13x18

Мамай мен Қарасай

Аталуы. Мамай мен Қарасай (1-б.).

Жыршысы. Хасенов Еркін. Батыс Қазақстан аймағы, Сабындыкөл колхозында туып-өскен. Руы – Қуандық. Жырды кітаптан оқып үйреніп, жырлаған.

Жинаушысы. Малабаев Рахметжан (1884-1960). – Орал облысы, Бөрлі ауданында туып-өскен. 1910 жылдары Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген. 1940-50 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның Тіл және әдебиет институтында ғылыми қызметкер болып істейді. Р.Малабаев ғылыми, көркем шығармалар (мақалалар, пьесалар) жазумен қатар қазақша, орысша аудармалар жасап соңында қомақты мұра қалдырған.

Аннотациясы. Осы нұсқа туралы А.Тұрғанбаевтың диссертациялық жұмысында біраз бағалы пікірлер айтылған. Бұл нұсқада Орақ өлгеннен кейінгі Мамайдың жеке жорығы баяндалады. Қалмақтың ханы Темірхан «штатыма кірсін, үш жылғы есепті берсін» деген хабар жібереді. Сексен төрт жастағы Мамай батыр жаудан қорқып, өзін тастай көшкен ноғайлыға ашуланып, қалмаққа жалғыз аттанады. Қалмақтар Қиғаш тауында ұйықтап жатқан батырдың қару-жарағын, атын ұрлап алса да, оянған соң жауға ұрыс салып, бір өзі мыңдаған жауды қырады. Қалжыраған батырды қалмақтар ұстап алып зынданға тастайды. Сонда жебеуші пірлерінің көмегімен ерекше қасиетке ие болады. Жауын пірдің көмегімен жеңу – бас батырдың ғажайып туу мотиві қазақтың “Алпамыс”, “Қобыланды”, “Ер Сайын” т.б. батырлық эпостарында кездеседі. Мамайдың әйелі түс көріп, күйеуінің

басына қауіп-қатердің түскенін сезеді. Шешесі Қараулек он төрт жасар Қарасайды қалмаққа аттандырады, ол жауды қырып, ағасы Мамайды құтқарады.

Еркін Хасенов нұсқасы көркем, шұрайлы тілмен жырланған. Мәтінде араб, парсы т.б. сөздер жоқтың қасы. Мазмұны 1903 жылы Қазанда басылып шыққан “Орақ – Мамай” жырымен бірдей. Соған қарағанда, жыршының Қазан басылымын жетік білгені және оны өзіндік стильмен түрлендіре жырлағаны аңғарылады.

Басқы сөзі (1-б.):

Қалмақ ханы Темірхан Мамайға елшісі Қанбекені жіберіп, штатына көнуге бұйырады.

Соңғы сөзі (35-б.):

Қанды Орактың баласы Қарасай білем деп еді.

Қолтанбасы. Р.Малабаевтікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы Батыс Қазақстан аймағында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, тігілген.

Папкасы. 839 (ОҒК), 4-дәптер. Мамай мен Қарасай.

163

Қ 782 (ОҒК)

Б. 65; Ж. 1040
30x14; 17x14

Oralbek batyr

Аталуы. Oralbek batyr Оралбек батыр.

Жыршысы. Moldagali zhray Молдағали жырау. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді.

Аннотациясы. Дастанды жырау аңыз-ертегіден алып өзгертіп жазған. Ертеде Үрімнің Уәли деген жерінде он бес ұлы бар кедей, егінші Қайдар деген адам болыпты. Жалданып тапқаны

жүз теңгеден аспапты. Келін алуға қаражаты жоқ, ақыры “он бес қызы бар біреу кездесер” деп балаларын ертіп сапар шегеді. Олар Бұхара деген қалаға келіп, көшеде он бес қызын бай алмаған біреу кездесіп, құда болады. Оның кенже қызы Назым, Қайдардың кенже ұлы Оралбек қосылып, үлкен той болды. Тойда Бұхараның патшасы Назымға таласады. Оралбек оны жеңіп, еліне қайтады. Шомылуға көлге түскен Назым қайта шықпайды. Оның артынан суға түскен ағалары да суға батып кетеді. Оралбекке бір кемпір келіп, Өлмесханның еліне апармақшы болады. Оралбек көнбей, кемпірді темір арқанмен терекке байлап ұстаған соң, ол “Өлмесханға апарам” деп алдап, Оралбек ұйықтап кеткенде, оның оң қолын шауып тастайды. Оралбек кемпірмен жеті күн күресіп, ақыры өлтіреді.

Оралбек Өлмесханды іздеп келе жатса, киік қуып жүрген бір баланы өзіне жолдас қылады. Тағы бір құбылғыш жігітті кезіктіріп, он күнде Өлмесхан еліне жетеді. Өлмесхан: “Басыңа бір кесе балды қойып жетпіс аршын шарбақа апар, кемпірімді көтеріп жүз шақырым жерден жаяу озып келесің, үйді өртегенде содан өлмей шықсаң, жүз пұт екі түрлі дәнді бір күнде айырып шығарсаң, қырық қыздың ішінен менің қызымды тани алсаң, қызымды берем”, – деп, шарт қояды. Оралбек ханның шарттарын орындап, қызын алады.

Баскы сөзі (1-б.):

Qalam al Moldagali көркем qolga,
Kertartpa jalqaulыkты сылаq qыlma.

Соңғы сөзі (65-б.):

Ditirip bul өlendi on eki aida,
Kyn de, tyn de отьгьр sөndirmei cam.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға латын әрпінде машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1941 жылы жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалыпқа келтірілуі. Қолжазба қатты картон қағазбен тысталған.

Папкасы. Қ 782 (ОФК).

Ш. 833 (ОҒК)

П. 833; Б. 1-29; Ж. 725
30x25; 24x13,5**Өтеген батыр****Аталуы.** Өтеген батыр (1-б.).**Авторы.** Есболұлы Тілеміс. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді.**Жинаушысы.** Тілемісұлы Қасымхан.**Аннотациясы.** Қазақтың Тәуке ханы өліп, ішкі тақ таласы болғанын жоңғарлар пайдаланып, шабуыл жасайды. Осы кезде он алты жастағы Өтеген жорыққа қатысады. 1723 жылы соғыста қалмақ қолбасшысы Сабан тайшыны өлтірді. 1725 жылы Тауасар, Райымбек, Қойкелді батырлармен бірге Ташкенді қайтарып алады. Осы жортуылдардың бірінде “Сабалақ” атты балаға кездесіп, атына мінгестіріп ауылына әкеледі. Бала жорыққа шығуға рұхсат сұрайды. Өтеген рұхсат беріп, соғысқа кіргізеді. 1740 жылы Төле бидің ұйымдастыруымен қазақ Абылай туы астына жиналып, соғыста қалмақтарды жеңеді, бірақ 1742 жылы Абылаймен бірге Өтеген де қолға түседі. Төле 1743 жылы орыс патшалығының жарлығымен тұтқыннан босайды.

1745 жылы Қалден өлген соң, қытай қазақпен соғысамыз дегенде, Абылай соғыспай, бағынады. Өтеген оған наразы болып, 1756 жылы Абылайдан бөлініп кетеді. Осыдан кейін Сарыарқадан көшіп, Іле өзені бойына келеді. Осы жерде 1773 жылы қайтыс болады.

Басқы сөзі (1-б.):Дүние өтсе, дүниеден ер де өтеді,
Өткен іс көңілімді тербетеді.**Соңғы сөзі (129-б.):**Айта берсем таусылмас,
Тоқтатайын осы жерден.**Қолтаңбасы.** Белгісіз.**Қағазы, әріп-сиясы.** Ақ қағазға қара сиямен кирилл әршінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1926 жылы жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Сырты ақ қағазбен қапталып, түптелген.

Папкасы. 833. №1 (ОҒК).

165

Ш. 673 (ОҒК)

П. 12; Б. 24; Ж. 21.
20x30; 17x28

Парпария

Аталуы. Парпария (1-б.).

Айтушы. Сеңгірбаев Мұрын. (Ол туралы мәлімет 18-сипаттамада бар)

Жинаушы. Сеңгірбаев Дәуітбай – Мұрын жыраудың жиені. Мұрынның жұбайы – Жаңыл қайтыс болған соң, күйеу баласы Дүйсенбай мен қызы Тұрлан жыршымен бірге тұрады. Олар үлкен ұлы Дәуітбайды Мұрынға бала етіп береді.

Аннотациясы. Баба түкті шашты Әзізден Парпария туылып, 16 жасқа келгенде оған әйел алып береді. 20 жасқа келгенде, әкесі мешітте қалатын болған соң, елін көшіріп жіберіп, өзі әкесіне келеді. Күндердің күнінде қалмақ келіп елін шабады. Баба Түктінің айтуымен Парпария Құла шұбар атына мініп, қалмаққа аттанады. Қалмақтардың елінде әйелімен жолығады. Ол Шамақан қалмақтың елін қирату үшін елді көру мақсатында қалмақ елін аралайды. Шамақанның әкесі Шаштөбені де, оның жігіттерін көріп сырын алады, әйелі Парпарияны жалғыздығынан қорқып, қолдамайды.

Парпария Шамақанмен жекпе-жекке шыққанда, ол Парпарияны алты жерінен шаншиды. Парпария Баба түкті Шашты әзізден жәрдем сұрайды. Сонда Баба түкті пірлері айдаһар бейнесінде келіп жәрдемдеседі. Шамақан қалмақ қызын Парпария садақпен атып өлтіреді. Бастығы Шамақанның әкесі Шаштөбе болып екі жүздей қалмақ Парпариядан кек алмақ болғанда, Парпария оны да өлтіріп, жалғыз өзі бәрін қырып, қалмақты қалаға қуып тығады да, мұсылман дініне кіргізеді. Әйелін алып еліне қайтады.

Нұсқасы. 8 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (1-б.):

Парпарияның әкесі Баба түкті мешіті бар әулие кісі екен.

Соңғы сөзі (24-б.):

Парпария ерлердің

Әуелі жауға аттанып...

Қағазы, әріп-сиясы. Үлкен сары қағазға сиямен, қарындашпен кирилл әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. 1942 жылы Алматы қаласында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Олең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Беттері сарғайып, шеттері жыртыла бастаған. 8-бетте бір жол, 11-бетте бір сөз сызылған.

Қалпына келтірілуі. Бірнеше дәптер біріктіріліп тігілген.

Папкасы. 673 (ОҒК), 10-дәптер.

Библиографиясы. Парпария // Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 50-том: Батырлар жыры. / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған – С.Сәкенов. – Астана: Фолиант, 2008. – 51-69-беттер.

166

Ш. 1011 (ОҒК)

Б. 1-50; Ж. 144

30x17; 24x12

پاتشاعا قارسی 1916 - جنلی قازاق کوتەرئلسی

Аталуы. پاتشاعا قارسی 1916 - جنلی قازاق کوتەرئلسی Патшаға қарсы 1916 жылғы қазақ көтерілісі (1-б.).

Авторы. باقتکەرہی آقنن (Бахыткерей ақын. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Жинаушысы. شاعنتبايۇلى جوكەي (Шаңғытбайұлы Жөкей) (1901-1970) Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ұзынкөл ауылында туып-

өскен. Жас кезінен қазақтың халық мұраларын, ел ішіндегі ауызша тараған қисса-жырларды жатқа айтуға машықтанған қиссашы-жыршы, ақын. Кеңестік заманды жырлайтын, өткен заман қалтарыстарын суреттейтін “Опасыз жар” (1926), “Елемес – Аман” (1936), “Құл мен қыз” (1937) сияқты дастандар жазған. Халықтың басынан өткен нақты тарихи оқиғаларға арналған “Жанқожа батыр мен Бабажан би” деген жыры бар.

Аннотациясы. 1916 жылы 25 шілдеде патшалық Ресей үкіметінің “Қазақтан қара жұмысшы алу” бұйрығы шығады. Ол қазақтан әскер алып, орыс үшін соғысқа салу еді. Осыған қарсы болған Торғай облысы Ырғыз, Қызылжар өңірінің қазақтары топ құрып, Тайшыхан, Амангелділердің бастауымен әділет, теңдік, бостандық үшін күреске, қарулы соғысқа шығады. Қазақ байлары патша жағына, кедейлер төңкерісшілер жағына шығады. Патша үкіметі қазақтың алты ақсақалын (Қойшыбай, Қожақ, Сағындық, Берен, Омар, Ағыбай) жіберіп, бұйрықтың шынайы мәнін бүркемелеп үгіт жүргізіп, көтерілісшілерді таратпақ болады. Бірақ үкіметтің бай балаларын да зорлап әскерге алғандығынан халық бірігіп кетеді. Патша үкіметі қазақ арасына сатқын шпион шығарып, патшаны мақтап, “әскери күшпен жаншылса, баладан, малдан айырылып соғыста қырғын көресің түрмеге қамап, каторгіге айдайды” деп қорқытып үгіт айттырады, ел ішіне қарулы әскер шығарып, халыққа үрей тудырады. Төңкерісшілер алты ақсақалды өлтіріп, халықты өсек-үгітке сенбей, қаруланып, соғысқа шығуға үгіттейді. Тайшыхан ауылын қоршауға алған патша әскері зеңбіректен оқ жаудырып, халыққа қырғын әкеледі. Тайшыханды үш баласымен қолға түсіріп, қыстыкүні жалаңаш, жаяу айдап алты ақсақалдың баласына сабатады. Орынбор түрмесіне қамап, ассыз, сусыз зарықтырады. Тайшыханның қатын-баласына да зорлық-қорлық көрсетеді, келіні атасына жоқтау шығарады. Тайшыхан батыр төрт ай бойы патша түрмесінде небір қорлық-зорлыққа нағыз қаһармандар сияқты шыдап, мойымай, ақыры 1917 жылы патша тақтан құлаған соң азат болды.

Басқы сөзі (1-б.):

بىلگىلى بايتاق سارى دالا،
قازاقتىڭ قونىس مەكىنى.

Соңғы сөзі (50-б.):

بوستاندۇق، مرنك بولغانن،
تۇتقندار تەڭس بىلەدى.

Қолтаңбасы. Автордікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге қара-көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1937 жылы Торғайда жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен қапталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. 1011 (ОҒК), №26.

167

Ш. 780 (ӘӨИ)

Б. 22; П. 11; Ж. 21
20,5x16,6; 18,5x15

راوشانبه كك وستانعانى

Аталуы. راوشانبه كك وستانعانى Раушанбектің ұсталғаны (1-б.).

Жинаушы. نوركه نوب ايت (Нүркенов Абыт). Халық арасынан ауыз әдебиет үлгілерін жинаушы.

Тапсырушы. نوركه نوبتتڭ قىزى ايت (Абыт Нүркеновтың қызы).

Аннотациясы. Мейрамбасы әскерімен Үргенішке жол тартады. Ол кезде Үргенішті Толыбай билейді. Раушан атты жалғыз ұлы болыпты. Ажарлы, сұлу болғандықтан Раушан атаныпты. Күндерде бір күн қырық мың әскер қаланы шабады. Раушанбекті өлтірмей, Шахдат ханға апарады. Хан Раушанбекті Мейрамға тапсырады.

Бір күні Шахдат хан түс көреді. Түсінде дауыл тұрып, жердің жүзін тұман басады. Ханның басындағы тәжін ұшырып, тағынан аударып жібереді. Шахдат көрген түсінен қайғы шегіп, ел-жұртына хабар береді. Патша түсін айтып, халқынан жоруын талап етеді. Елі ханының қаһарынан қорқып, істерге амал таппайды. Бір мыстан кемпір келіп: “Түстің жоруын мен айтайын”, – дегенде, халық

куанып кетеді. Кемпір түсті былайша жориды: “Бектер келіп, басындағы бағыңды ұшырады. Мен білсем, олар түрікменнен шыққан Толыбайдың тегінен болады. Раушанбектің осында болуы жақсы емес”. Патша әскеріне Раушанбекті өлтіруді бұйырады. Сонда сарбазының біреуі айтыпты: “Бір түрікменді өлтіру сізге ар емес пе, одан не пайда? Онан да мұны базарға апарып сатыңыз”. Патша бұл сөзді қош көреді де, Раушанбекті базарға апарады. Бұл қалада жалғыз үй Кәден бек түрікмен болыпты. Дүниесі де көп, малы мен ақшасы да баршылық. Ол түрікмен жігіт еліне қайта алмай жүрген екен. Сол Раушанбекті 160 ділдаға сатып алады. Жалғыз қызы бар, ұлы жоқ еді. Бектің үй-іші де мұны мақұл көреді.

Мұнан кейінгі біраз эпизодтар айтылмай кеткен. Раушанбек пен Кәден бек қаладан қашып шығып, елдеріне келеді. Сол уақытта Ақалай жүкті болып, қырық шілтен келіп баланы көрде туатынын айтады. Көп ұзамай Ақалай сырқаттанып, дүние салады. Көрде баласын туып, шілтендер оған Көрұғлы деп ат қояды. Жыр аяқталмаған.

Нұсқасы. 7-8, 10-11 буынды жыр үлгісіне құрылған.

Басқы сөзі (1-б.):

اتلار يىڭدى ار يلداتىب،
تيا قالقان دار يلداتىب.

Соңғы сөзі (22-б.):

بر شابوعا ايتىڭده اياما،
جانم اغا بوز بيه مه بول ايتىڭدى بر شابتر.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушының жол дәптеріне қара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. Қызылорда облысында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Ақауы. Қағазы сарғайған, жазулары өше бастаған.

Қалпына келтірілуі. Сырты ақ қағазбен қапталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. 780 (ӘӨИ), 3-дәптер. Абыт Нүркеновтың жинаған ауыз әдебиет үлгілері.

168

Ш. 267 (ӘӨИ)

П.12; Б.24; Ж.20
20x16,2; 19x10

Сағындық батыр

Аталуы. Сағындық батыр (1-б.).

Жинаушысы. Қожабаев Болман қазіргі Қарағанды облысы, Жезқазған ауданында, кедей шаруаның отбасында туған. Әкесі Қожабай өз еліне белгілі ақын болған. Болман Қазан төңкерісіне дейін Тоғызбай деген байдың малын бағып, жалшылығында жүрген. 9 жасынан домбыра тартуды үйреніп, 13-де өлең айта бастайды. Ол бұл кездерде өзінің кедейлік, жастық өмірін жырлайды. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін ғана Болманның ақындық дарынына сара жол ашылды. Б.Қожабаев халық ауыз әдебиетінің үлгілерін көп білген. 1943 жылы Алматыда өткен ақындардың Республикалық айтысына қатысқан.

Аннотациясы. Жырда қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс оқиғасы баяндалған. Қалмақ ханы Балықшы Жәнібек ханға елші салып, қазақтан жерді босатуын талап етеді. Жәнібек “жер бермеймін” деп, Сағындық батырды мың қолмен аттандырады. Жарты айда ордасын бұзармын деп хабар жібереді. Мұны естіген Балықшы әскерімен қарсы шығады. Қазақ пен қалмақ шайқасқан соң, қалмақ қырылып, Балықшы өліп, екі қызы тұтқынға алынады. Сағындық батыр біреуін өзі алып, екіншісін Жәнібек ханға тарту етеді. Одан кейін Орманбет ханның елімен, қалмақтармен соғысы баяндалады.

Нұсқасы. Жыр аяқталмаған, 7-8 буын жыр үлгісіне құрылған.

Басқы сөзі (1-б.):

Батыр үшін арнадым,
Тыңдасын жұртым бір дастан.

Соңғы сөзі (24-б.):

Төрт мың қолға бас болып,
Таянып жауға келеді.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушының тор көзді дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Олең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қағаздары сарғайған, өңдеуден өтпеген.

Папкасы. 267 (ӘӨИ), 2-дәптер. Қожабаев Болман жинаған ауыз әдебиет үлгілері. 1-6 дәптер.

169

Ш. 149 (ОФК)

Б. 312-390; Ж. 25
20x30; 5x23

Сайын батыр

Аталуы. Сайын батыр (1-б.).

Жинаушысы. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. (Ол туралы мәлімет 134-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Ноғайлы заманында Бозмонай деген бай болады. Бозмонай көп малдың иесі болса да, бір перзентке зар болып, қайғы шегеді. Оның жалғыздығын басынған тоқсан құлы астыртын кеңесіп, бірігіп Бозмонайды сабайды. Бұндай сорақылықты бастан кешкен Бозмонай қайғыланып, жатып қалады. Бозмонайға түсінде ақ сәлделі адам келіп: “Сен, Түкті Шашты Әзіз деген әулиенің қабірін тауып алып, соның басына жатып Құдайдан тілек тіле”, – дейді. Бозмонай әйелімен әулиелердің бәрін аралап жүріп, аяғында Шашты Әзіздің қабірін табады. Соның басына түнген күні бала бітеді. Ел жиылып атын кім деп қояды таба алмай тұрғанда, ғайыптан бір адам келіп: “Аты Сайын болсын, ол ата пірінің қолдауымен туды. Өмірінде сол пірді ұмытпасын, қысылған жерде

сиынып, есіне алып жүрсін”, – дейді. Сайын ержетеді, құлдарынан әкесінің кегін алады. Елінде Көбікті деген байдың Аюбике деген сұлу қызын алмақшы болады. Бозмонай қызын сұрап барғанда, Көбікті бермей жібереді. Соған батыр мен әкесі ашуланып, шапшақшы болғанда, Көбікті елінің ханы: “қызыңды бер” деген соң, Сайынға қызын береді. Пірі: “Екі ұлың болады” деп аян береді. Батырдың ерлігі елге жайылып, оны Қобыланды қалмаққа бірге аттанатын серік қылмақшы болады. Сайынның әке-шешесі үш жылға мұрсат сұрап, қалдырады. Үш жылдан соң Сайын мен Қобыланды көп қолмен аттанып, қалмақтың шетіне жеткенде, Жағалбайлы деген жауырыншысы: “Алдымызда жау тосқыны бар. Бұл бетте жолымыз болмайды, қолдың обалына қаламыз”, – дейді. Қобыланды қайтуға келіссе де, Сайын бетінен қайтпай, қасына қырық жігіт алып, жауға аттанады. Жаудың қаласына келгенде, қырық жігіт қорқып ере алмай қалғандықтан, Сайын жаудың көп әскерімен бір өзі соғысады. Бір кезде піріне сиынуды ұмытып кеткен Сайын әлсірей бастайды, денесіне оқ тиіп, жаралы болады. Сайынның әйелі түс көріп, күйеуінің басына қауіп төнгенін біліп, артынан іздеп келеді. Ол өліп қалған батырды “аюдың майын” жағып тірілтіп алады.

Басқы сөзі (1-б.):

Бұрынғы елдің барында,
Өткен елдің заңында...

Соңғы сөзі (122-б.):

Бір Құдайдың кендігі
Сайын сынды батырдың.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына қара сиямен машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қалың қағазбен түптелген.

Папкасы. 149 “Д” (ОФК), Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған әдебиет үлгілері.

Библиографиясы. В.В.Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен живущих в Южной Сибири и в Джунгарских

степях. Том III, СПб., жылы 166-221 стр. Ер Сайын. – Мәскеу, 1926; Ер Сайын. – Ташкент, 1922. Сайын батыр. // Батырлар жырының жинағы / Кітапты құрастырған – С.Сейфуллин. – Алматы, 1933. – 185-226-беттер; Ер Сайын // Батырлар / Кітапты құрастырып, түсініктемелерін жазған – С.Мұқанов. – Алматы, 1939. – 301-345-беттер; Сайын батыр // Қазақтың батырлық эпосы. / Құрастырып, түсініктемелерін жазған – С.Дәуітов. – Алматы, 1992. – 170-216-беттер. Сайын батыр. // М.Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері / Құрастырған – С.Дәуітов. – Алматы, 1992. – 170-216-беттер. Сайын батыр // Алтын сандық / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: С.Қасқабасов, К.Матыжанов. – Алматы, 1994. – 206-250-беттер; Сайын батыр // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 44-том / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, С.Қосан, Ғ.Тастанов. – Астана: Фолиант, 2008. – 156-205-беттер.

170

Ш. 874 (ӘӨИ)

Б. 36; Ж. 18
16x20; 14x18

ساتبای باتئر

Аталуы. ساتبای باتئر Сәтбай батыр

Жинаушысы. نيزبك قندىرباي (Қыдырбай Ниязбек. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Қалмақ ханы Жамин “қазаққа бүлік салсам...” деген ой кетіп, бір күні елін жинап: “Қазақтардың белгілі батыры жоқ, дәл осы орайда кегімізді алайық”, – деп кеңес ашады. Көп қарақшы Жаминнің сөзін мақұлдап, соғысқа шықпақшы болады. Жамин хан өзі қол бастап, қазақтың Керей руы мекендеген Өр Алтай елін қырып-жойып, жерін тозаққа айналдырады. Жау Сарытауға таяп қалғанда, Тәукенің рубасы Ақтамберді деген қарт Сәтбай ерге жау таяп қалғандығын айтып, хабар береді. Сәтбай батыр қалың қолмен жауға қарсы аттанып, Қажағай даласында кездеседі. Сәтбайдың әскерінен Құдыс батыр жекпе-жекте қалмақтың бес адамын өлтіреді, өзі де жараланады. Бес адамы өлгеніне ашуланған Жамин Сәтбай батырмен жекпе-жекке шығады. Сәтбай батыр

Жамин ханды өлтіріп, басын қанжығасына байлайды. Қалмақтың көбі өліп, өлмегені еліне қашады. Сәтбай жаралы болады. Жаралы Сәтбай батыр ел-жұртына: “Ақ түйемнің өз еркімен шөккен жерге сүйегімді қойыңдар, менен қалып бура мал болмас, зиратымды жиғанда, бірге жиып бурамның басын төрге қойыңдар”, – деп қоштасу сөзін айтады. Өтініші бойынша ақ түйе шөккен жерге Сәтбайды арулап қойып, басына биік күмбез орнатады. Ақ бура иесін іздеп, үш күннен кейін өлген екен, күмбездің төр жағына түйенің бас сүйегі қойылады.

Басқы сөзі (7-б.):

جازاين ەر ساتباينڭ حيكايىسى،
سوزىمدى ئقتلاسىپىن جورىت تىڭداسىن.

Соңғы сөзі (36-б.):

جاراندار، بول سوز مەمس ەرتەك جالعان،
جالعان سوز شالعاي جاتىر ويت-اردن.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көз дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1982 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Дәптер ақ қағазбен тысталып, қара жіппен тігілген.

Папкасы. 874 (ӘӨИ), 5-дәптер. Сәтбай батыр.

171

Ш. 152 Д (ОҒК)

Б. 1-23; Ж. 27
20x30; 6x24

Saurьq batьr

Аталуы. Saurьq batьr Саурық батыр (1-б.).

Жыршысы. Сариев Әбдіғали – 1900 жылы Алматы облысының

Жамбыл ауданындағы Аманкелді атындағы совхозда дүниеге келіп, 1964 жылы сонда қайтыс болған. Жетісу ақындарының 1919 жылы Алматыда, 1923 жылы Ұзынағашта болған слеттеріне қатысқан. “Қарасай”, “Саурық” атты дастандары бар. Ақынның өмірі мен шығармашылығы жөнінде “Ақын-жыраулар” (1979) жинағында кеңірек мәлімет берілген.

Аннотациясы. Қазақтың жері мен байлығына қызыққан Ресей үкіметі Ұлы жүздің мекен еткен жеріне Ерантал ояз бастаған әскерін жібереді. Найманнан шыққан Артық батыр қатты сасып, Саурыққа хабар жібереді. Саурық батыр үш мың қол алып, жауға аттанады. Саурық жеткенше, патша әскері найман елін шауып алады. Артық Саурықтың алдынан шығады. Олар әскерді жүз-жүзден бөліп, жауды қоршауға алады. Еранталды ұстап алып, құлағын шұнтитып кеседі де: “Патшаңа айт, біздің елге тиіспей, жөніне жүрсін!” – деп, еліне қайтарып жібереді. Николай патша он бес мың әскермен Колпаковты басшы етіп, қайта жібереді. Саурық Колпаковтың көп әскермен Алматының түбіне келгенін айтып, Байсейіт пен Сыздық батырларды шақыртады. Үш батыр әскерді бөліп жан-жақтан шабуыл жасайды. Колпаковтың әскері қашады. Саурық өзбек пен қырғыздың бектеріне: “Бәріміз күш біріктіріп, жауға тойтарыс берейік, бізге тиген жау ертең сіздің еліңізге де қол сұғады” деген хабар берді. Жантай мен Қанағатша Қастекке келеді. Саурық оларға құрмет көрсетеді. Жантай, Қанағатша, Сыпатай, Батырбек сынды батырлар Колпаковпен тіл табысып, сатқындық жасайды. Саурық демалып жатқанда 40-50-дей қатын келіп, жылқыны айдай жөнеледі. Олар Жантайдың жіберген жаулары екен. Саурық сауытсыз жауға аттанады. Жау жан-жақтан Саурықты қоршауға алады. Саурықтың аты сүрініп кетіп, тасқа жығылады. Сол кезде жау батырдың арқасынан найза салады. Жаралы батырға Сыздық келеді. Саурық оған өзбек пен қырғыз бектерінің сатқын екенін айтады. Сыздық саурыққа қадалған қылышты суырып алғанда, батыр көз жұмады. Сыздық әскерін бастап жауға аттанады.

Жырдың сюжеттік оқиға желісі батырлардың іс-әрекеті арқылы дамып, негізгі қаһарман бейнесін даралауға ұмтылып, типтік тұлғасын сомдайды. Жырдың бір ерекшелігі мұнда кейіпкер әрекетін тым әсірелеп суреттеу жоқ. Жыршының тарихи фактлерге басымырақ жүгінгені аңғарылады. Шығарманың тілі таза, шұрайлы.



Басқы сөзі (1-б.):

Tart dombьra on sausaq,
Gelpinip kuidi terbetip.

Соңғы сөзі (23-б.):

Abylailagan urannan,
Attandь jauga so betpen.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына қара сиямен латын әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, тігілген.

Папкасы. 152 Д (ОФК). Саурық батыр.

172

Ш. 408 (ОФК)

Б. 2; Ж. 22
16x23,5; 15x20,5

سامەن باتر

Аталуы. سامەن باتر Сәмен батыр (2-б.).

Жазып алған. قوڭنراتبايەف اومليەك (Қоңыратбаев Әуелбек. Ол туралы мәлімет 25-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Сәмен Шағатайұлы – Ботбайдың шағай деген руынан шыққан батыр, Абылайдың замандасы. Қалмақ шапқыншылығы кезінде жау қамалына жеке шауып, жеңіске жеткен. Сонда Сәмен: “Сәмембет” деп ұрандайды. Оны жұрт “Сәмен” деп атап кеткен. Содан бері Дулаттың ботбай руының ұраны Сәмен болыпты. Сәменнің тұқымдары – Қасаболат, Қапсағай дейтін батырлар болған. Одан Диқанбай, інісі Дәнен батыр, одан Тойшыбек батыр, одан Байсейіт тараған.

Басқы сөзі (2-б.):

سامه ن شاغاتاي ولي بوتبايدن شاغاي ده كه ن رۇننان شىققان...

Соңғы сөзі (3-б.):

...ودان بابيه يت شىققان.

Қолтаңбасы. Жазып алушының қолы.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1946 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Ақауы. Қолжазба қағаздың бұрыштары аздап жыртылған. Кейбір шимайланып өшірілген, қате жерлері бар.

Қалпына келтірілуі. Сырты ақ қағазбен қапталған, қызғылт сары папкаға сылынған.

Папкасы. 408 (ОҒК), 2-дәптер.

173

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 2; Ж. 32

35,5x22; 33x21

سزدق باتئر

Аталуы. سزدق باتئر Сыздық батыр (1-б.).

Авторы. اسماقۇلى جۇمابەك (Асымақұлы Жұмабек. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Аннотациясы. Елдің орысқа қараймыз деп тұрған кезі еді. Кенесарының екі ұлының аударып біреуі – Сыздық батыр болады. Сыздық қасындағы он екі жолдасын ертіп, орысқа бағынбай, қоныс жолға шығады. Бұлар Орал тауында бір дәуге жолығып, үңгірге қамалады. Сыздық Абылайдың ақ қылышымен ұйықтап жатқан дәуді екіге бөліп, қашады. Үш күн қашып арттарына қараса, бір тау сияқты нәрсе ұшып келеді. Сыздық оны да атып түсіреді. Жолдастарына: “Дәудің үйіне баралық”, – дейді. Бірақ жолдастары: “Дәудің үйіне барғанша, бізді осы жерде өлтіріп кетіңіз”, – дейді. Сонымен жүріп келе жатса, бір екі қораның

түбінде шошақ үй тұрады. Үйге кірсе, бір мыс қазан бар екен. Соған атып алған арқардың етін салып қойып, бір жолдасына ат карап кел деп жібереді. Етті қапқа салғанша келмейді, тағы бір жолдасын жіберіп еді, ойбайлап қашып кіреді. Сөйтсе дәу бірінші жолдасын қанын ағызып шайнап тұр екен. Сыздық дәуді қылышпен шауып өлтіреді де атына мініп қаша бергенде, тағы біреуі атының құйрығына жабысады. Сыздық дәудің қолын шауып түсіріп, жеті күн жүріп ел шетіне келеді. Ол “Орал тауы қоныс болатын жер, бірақ мынадай пәлесі бар екен, жолдастарымның жамандығынан бара алмай кеттім” деп өкінеді.

Басқы сөзі (3-б.):

مرته وقتا كەنەسارننك قاسىن سزدىق دەگەن ەكى بالاسى بولدى

Соңғы сөзі (4-б.):

سول جولداستارنمنڭ جاماندنغان بارا الماي كەتتەم ارمانم وسى دەيدى.

Қолтаңбасы. Асымақұлы Жұмабектікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1941 жылы 20 сәуірде Созақ каласында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптелген. Сырты қатты қағазбен қапталған.

Ақауы. Қолжазбаның 1, 116-беттері шимайланған.

Папкасы. 1338 (ОҒК).

174

Ш. 1124 (ӘӨИ)

Б.71; П.35; Ж.23.
21x17; 18x9

Сырым батыр

Аталуы. Сырым батыр (1-б.).

Авторы. Белгісіз.

Жинаушы. Беркінбаев Қажен. Атырау облысының тұрғыны. Ол туралы шығарманың жинаушы “жас кезімде ескі кітаптан жазып алдым, авторы есімде қалмапты” деген мәлімет қалдырған.

Тапсырушы. Құлпейісов Еркін.

Аннотациясы. Бірде Нұралы ханның шабарманы бір қатулы батыр келе жатыр деген хабар әкеледі. Хан ордасына Кіші жүздің батыры Сырым Датұлы кіріп келеді. Хан Сырымның баса-көктеп кіргенін жақтырмайды. Батыр Нұралыға: “Қатыгезсің, халыққа жәбір көрсеткелі отырсың”, – деп шындықты бетіне басқанда, хан ашу шақырып, нөкерлеріне Сырымды байлауды бұйырады. Кектенген батыр қылышын суырып, ханға қарсы ұмтылады. Батырдың Ақлима деген қарындасы ағасының аяғына жығылып, арашалап қалады. Сырым батыр туысқанның сөзін қимай, аулына қайтып кетеді. Ауылын Теке Шағанақ деген шауып, малын айдап әкеткен екен, Сырым қашып бара жатқан Шағанақты қуып жетіп, мойнына шылбыр салады. Шағанақтың “жолына жанымды қи” деп ақталғанына қарамай, Сырым батыр оны байлап алып, жылқымен бірге алдына салып айдап қайтады.

Нұсқасы. 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған. Бірнеше тақырыптарға бөлінген.

Басқы сөзі (5-б.):

Екі ғасыр бұрынғы,
Екі басты аждаһа...

Соңғы сөзі (71-б.):

Ерліктері Сырымның
Екі ғасыр жырласам,
Таусылмайтын секілді.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Тапсырушынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Библиографиясы. Сырым батыр. 1990 жылы 6 қыркүйекте Атырау облыстық “Атырау” газетінде жарияланған.

Папка. 1124 (ӘӨИ), 89-92 дәптер.

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 2; Б. 4; Ж. 27
28x20; 25x18**Сұлтан Сыдық төренің тарихы****Аталуы.** Сұлтан Сыдық төренің тарихы (1-б.).**Жинаушысы.** Кенесарин Әзмұқан Ахметұлы. (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).**Аннотациясы.** Абылай хан үш жүздің басын қосып, ежелгі жау қалмақты біржолата жеңіп, қазақтың жерін өзіне қайтарады. Абылай өлген соң, оның ұлы Қасым да орыс отаршылдарына қарсы шығады, сол үшін оны қоқандықтар улап өлтіреді. Мұның ізін Кенесары жалғастырады, бірақ ол да қырғыздардың қолынан қапыда қаза табады. Балалары кіші әйелінің қолында жастай қалады. Сыдық ержетіп, оң-солын таныған соң, орыс басқыншыларына қарсы күресті жалғастырады. Ол мұсылман ел деп Қоқанмен бірлесіп орыспен соғыспақшы болады. Бірақ қоқандықтар оны алдап, жауға тастап кетеді. Орыстар басып алған Ақмешіт қаласы бекініс басшылары өздеріне өтсе, өмірін қызметін қамтамасыз ететінін айтып, кіші інісі Жәкей арқылы хат жібереді. Сыдық туыстарына: “Жауыңның сыртында болғанша, ішінде бол” деген, сендер бара беріңдер. Мен әлі де болса мұсылманның қылышын шауып көрейін”, – деп, өзінің қырық жігітімен Қоқанға барып қосылады.**Басқы сөзі (1-б.):** Қазақ ханы тарихтан белгілі Абылай үш жүздің басын қосып, өз алдына ел-жұрт болмақ пікірде қазақтың ар-намысын жыртып, “Ақтабан шұбырындыда” қалмақтар қолына өткен қазақтың жерін мақсатында көп еңбек етеді.**Соңғы сөзі (4-б.):** Сөйтіп Сыдық қырық жігітін қасына ертіп Түркістандағы Қоқанның әскеріне қосылған.**Қолтаңбасы.** Машинкаға басылған.**Қағазы, әріп-сиясы.** Ақ параққа қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1942 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.
Мәтіннің орналасуы. Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба көкшіл қатты қағазбен қапталып, түптелген.

Папкасы. 1338 (ОҒК).

176

Ш. 553 (ОҒК)

П.8; Б.15; Ж. 10
20x15; 16x9

سرм باتر

Аталуы. سرم باتر Сырым батыр (1-б.).

Жыршысы. ساعنعالی به کیولات (Бекболатов Сағынғали). Ол Сырым туралы ел аңыздарын жырға айналдырған.

Тапсырушы. ساعنعالی به کیولات (Бекболатов Сағынғали).

Аннотациясы. Кіші жүз Байұлы Байбақты Сырым батыр Нұралы ханды шапқаннан кейін патша өкіметінің жергілікті әкімдігі Орынбор губернаторының қудалауына ұшырайды. Шыдай алмай Бұқарға баруға бел байлап, Кердері Намаз бимен ақылдасып, бата алуға барады. Намаз би Сырымның жалғыздығын айтып, сапарға шығуын мақұл көрмейді. Сырым Бұқардағы Өзбек ханының қазақтан тартып алған малын қайырып алатынын айтады. Би батырдың бұл ойын мақұлдап, оған батасын береді. Сырым өзіне серік етіп бір балуан жігітті алады. Олар ұзақ жол жүріп, Бұқарға жеткенде, хан одан қандай жұмыспен жүргенін сұрайды. Сонда Сырым: – Елімнің малын тартып алып, жеріңнен қудың. Сенде кеткен ақымды алуға келдім, – деп жауап береді. Хан оған: – Ертең елді шақырып, той жасайын деп едім. Тойдан соң сөйлесейік, оған дейін менің қонағым бол, – деп құтылып кетеді.

Нұсқасы. 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған.

Басқы сөзі (1-б.):

سرм باتر اتانادی،

بر کونی بوقار بارام ده ب.

Соңғы сөзі (15-б.):

قسقارتقان نه وسمهن، تابلعانشا بوتنه ن س.

Қағазы, әріп, сиясы. Ақ қағазды ұзынша жұқа дәптер етіп тігіп, көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жыршынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. 1949 жылы Батыс Қазақстан облысы, Бөрілі ауданы, Тұңғыш колхозында жазылған.

Беттелуі. Рим цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. 553 (OFK), 5-дәптер.

177

Ш. 876 (ӘӨИ)

П. 5; Б. 9; Ж. 26

20,5x17; 18x15

Тәуке батыр

Аталуы. Тәуке батыр (1-б.).

Айтушысы. Жағыпарова Махфуза. Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Боран селосының тұрғыны.

Жинаушысы. Қорабаев Серікқазы. (Ол туралы мәлімет 3-сипаттамада бар).

Аннотациясы. Тобықты мен керей елі бір-бірімен барымта алысып, ерегес туады. Керейлер тобықтының Ыбырай деген кісісін байлап әкетеді де, осыған кек қайтарып, барымта алу үшін Тәуке батыр бас болып, жетпіс кісі Керейге аттанады. Бұлар діттеген жеріне түнделетіп жетіп, ертесіне түсте шаппақ болып тынығады. Таңертен Тәуке өткел іздеп келе жатқанда бір әйел жолығады, ол: “Сені жазықсыздан жазықсыз Ақмолаға айдаған тобықты еді, енді намысын жыртып жүргенің не?” – деп сауал қояды. Тәуке оған тобықтының жазасы майдай жағады деген ишпармен жауап қайырады. Әйел: “Ұлықты көрсен неге қашып жүресің?” – деп тағы сұрағанда, Тәуке: – Ақыл кіру қиын емес, жасымнан тәрбиені

аз көрдім, – дейді. Әйел: “Тобықты сені туғаным деп іздемес, сен Ақмоладан кіндік кесіп, кір жуған жерің үшін келдің”, – дейді. Тәуке жігіттеріне келіп: “Жылқыны қуыңдар, тосқауылда өзім қаламын” деп бесатарын қолына алып, қуғыншылардың жолын тосады. Тәукенің барымташылары артынан Көкбестіге мініп керейдің батыры Жекебай қуады. Тосқауылда тұрған Тәуке оның астындағы атын атып құлатады. Керейдің батыры атының соңынан тағы шабады, қос өкпесінен атып өлтіреді. Тобықтылар Тәукенің арқасында керей елін шауып, жылқысын барымталап қайтады.

Басқы сөзі (1-б.):

Базардан бақша-бақша бөз келеді,
Атқан оқ ажалдыға кез келеді.

Соңғы сөзі (9-б.):

Атыңнан айналайын, Хақ Тағалам,
Ғаламға он сегіз мың болар панаң.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге қара-көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Беттелмеген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөз түрінде жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ парақпен тысталып, түштелген.

Ақауы. Қолжазбаның беттері кірлеген, кейбір жерлерінің жазуы өшкен, 3-парағы ортасынан жыртылған.

Папкасы. 876 ӘӨИ.

178

Ш. 732 (ӘӨИ)

П. 12; Б. 24; Ж. 21
20x14,7; 18x11,5

توبه ت باتر تورالى

Аталуы. Төбет батыр туралы (1-б.).

Жинаушы. Есжанұлы Кенжеғали. 1924 жылы туған. Орынбор облысы, Адамов ауданынан. Жас кезінен домбырашы атанған, айтысқа қатысқан. Белгілі ауыз әдебиетін жинаушы.

Айтушы. باربولوی تمەشالی (Барболұлы Темешәлі) – 1900 жылы Ақмола оязы, Жаңа Арқада туған. Руы – Кіші жүз, жағалбайлы.

Аннотациясы. Бір байдың он бес, он алты жасар Зибә атты сұлу қызы болады. Төбет деген бозбала жігіт пен Зибәның арасында сүйіспеншілік сезімі тұтанады. Сол жердегі жігіттер дұшпандықпен қарап жаулығады. Олар Төбетке өштесе берген соң, әкесі оны басқа жаққа жібереді. Төбет өзінің қару-жарағын асынып, сауытын киіп, жолға шығады. Зибә оған: “Өзіңе-өзің сақ бол, қауіп болса, астыңдағы атың хабар береді”, – деп, жол азығын дайындап береді. Төбет бірнеше күн жол жүріп, бір тоғайға тап болады. Сонда аты кісінеп, “жау бар” деп белгі береді. Тоғайда жасырынған жау бар екен, ол Төбетке атылып, сол жерде екеуі айқасады. Соңында Төбет дұшпанды өлтіріп, жауынан құтылады.

Нұсқасы. 10-11 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (1-б.): بر حییال که لدی که گه س باستارما

Соңғы сөзі (24-б.): باعشلا وروقینا دو عاگدی ته ز

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін жол дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Айтушынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. 1971 жылы 11 қарашада жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетте бір қатардан жазылған.

Қосымша белгісі. Ең соңғы бетінде “Төбет батыр қазіргі Қорғалжын жерінде туып-өскен адам болуы керек” деген ескерту бар.

Ақауы. Қағаздары сарғайған. 7, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22-беттердегі кейбір сөздер сызылып, өшірілген.

Папкасы. 732 (ӘӨИ), 5-дәп. Ауыз әдебиет үлгілері.

Ш. 106 (ӘӨИ)

Б. 2-29; Ж. 35
16,5x20; 14x20**Төрехан****Аталуы.** Төрехан (1-б.).

Жыршысы. Нұрпейіс Байғанин (1860-1945) – қазіргі Ақтөбе облысының Байғанин ауданында туып-өскен, әрі жырау-орындаушы, әрі эпик ақын. Көптеген эпостық жырларды жаттап айтып, кейбірін өзінше жырлаған (“Қобыланды”, “Құбығұл” т.б.). Ақынның Қазан төңкерісінен бұрынғы толғаулары мен сатиралық арнау өлеңдері, Қазақбай ақынмен айтысы т.б. шығармалары ел аузында сақталғанымен, кезінде жазылып алынбаған.

Жинаушысы. Шәріпов Раха.

Аннотациясы. Баяғыда Темірхан деген хан болады. Темірхан Нұрадын ханның Сәуле сұлу деген қызына үйленеді, бірақ одан көпке дейін бала болмайды. Перзентсіз өтуден қауіптенген Темірхан түрікпеннің Қараман деген ханының Қарашаш деген қызын алады. Қарашаштың нағашысы Қоңырбек деген қалмақ ханы екен. Қарашаш түскен жылы ұл туады, оған жалғасы болсын деген ырыммен Егізбай деп ат қояды. Егізбай екіге келгенде, Қарашаш тағы ұл туып оның атын Сегізбай деп атайды. Темірхан екі ұлы мен әйеліне арнап сарай салғызып, өзі де балаларға алданып сонда болады. Сәуленің үйіне анда-санда бір барады. Ханның бұл қылығына ашуланған Сәуле: “Қарашаштың өзі де, тұқымы да артық емес, менің төркінім хан Нұрадын де, оның нағашысы Қоңырбек деген қалмақ. Менен ханды алып кеткен екі баланың қызығы-ау”, – деп қамығады. Сөйтіп жүріп қырық тоғыз жасқа шыққанда Сәуле жүкті болып бір ұл, бір қыз егіз бала табады. Ұлдың атын Төрехан да, қыздың атын Ханбibi деп қояды. Бір күні Сәуленің ордасында жатып Темірхан ауырады да қайтыс болады. Халық: “Ел хансыз тұру жөн болмас” деп хан қоюды ойласады. Бұл кезде Егізбай жиырма үште, Сегізбай жиырма бірде, ал ханның кенжесі Төрехан он тоғыз жаста болады. Тірісінде Егізбай мен Сегізбай әкесімен бірге дауға барса, дауды алып, жауға барса жауды алып

танылған белгілі азаматтар болады. Төрехан еркелікпен ештеңеге қатыспаушы еді. Хандық жайы таразыға тартылғанда, Сегізбайды хан көтеруді жастар қолдаса да, ақсақалдар: “Хан болу Егізбайға жол емес, оның арғы нағашысы қалмақ, Төреханның нағашысы – хан Нұрадын, хан тағына сол лайық” деп шешеді. Әулеттің кенжесі, әрі анасының тектілігі ескеріліп, халық тілегімен алтын таққа Төрехан отырады.

Басқы сөзі (2-б.):

Сөзге шебер сұңғыла,
Елден шыққан бір залым.

Соңғы сөзі (29-б.):

Ерлікпенен ізгілік,
Зұлымдықты жеңген тек.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың тор көзді дәптерге көк сиямен қазіргі кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтінің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ ватман қағазбен тысталған.

Папкасы. 106 (ӘӨИ), 4-дәптер. Тоқымбет.

Библиографиясы. Төрехан батыр. Н.Байғанин. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1956. – 255-416-бб; Төрехан батыр // Батырлар жыры. / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: М.Ғұмарова, О.Нұрмағанбетова, Б.Уахатов. – Алматы, – 1961. 238-342-бб; Төрехан // Ақсауыт / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған – О.Нұрмағанбетова. – Алматы, 1977. –267-317; Төрехан. Н.Байғанин. Таңдамалы. / Құрастырған – О.Нұрмағанбетова. – Алматы, 1991 256-303-бб; Төрехан. // Бабалар сөзі. Жүзтомдық: Батырлар жыры 46-том. / Томды құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Қ.Алпысбаева, С.Қосан, Қ.Тастанов. – Астана: Фолиант, 2008. – 356-410-б.

Ш. 920/15 (ӘӨИ)

Б. 7-62; Ж. 34

20x30; 10x27

Төрехан дастаны

Аталуы. Төрехан дастаны (1-б.).

Жыршысы. Мәмбетов Атаубай. (Ол туралы мәлімет 124-сипаттамада бар).

Жинаушысы. Сарыбаева Рабиға, Саттаров Қыдырәлі.

Экспедициясы. 1978 жылғы “Амудария құйылысындағы қазақ фольклорын жинау” экспедициясы.

Аннотациясы. Жыр мазмұны алдыңғы сипаттамамен бірдей. Атаубай ақын Н.Байғанин жырлаған эпосты жетік білген және сол нұсқаны өз ортасына ешбір өзгеріссіз жырлап таратқан.

Басқы сөзі (7-б.):

Сөзге шебер сұңғыла
Елден шыққан бір залым.

Соңғы сөзі (62-б.):

Ерлік пенен ізгілік,
Зұлымдықты жеңген тек.

Қолтаңбасы. Рабиға Сарыбаеванікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Қолжазба ақ түсті кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1978 жылы Қоңырат қаласы, Орджанекидзе көшесі, 11-үйде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қызыл мұқабаға салынып, түптелген.

Папкасы. 920/15 (ӘӨИ). Төрехан.

Ш. 301 (ӘӨИ)

П. 32; Б. 31; Ж. 20
20,3x16,8; 18,7x14,2**Тілеуберді батыр****Аталуы.** Тілеуберді батыр (1-б.).**Жыршысы.** Омаров Дүйсембай Бұрынғы Көкшетау облысы, Ленинград ауданының Қалыбек ауылында тұрған.**Тапсырушысы.** Жұматай Мәдиев (1923-1967) — халық мұраларын жинаушы, шежіреші. Жұматайдың жеке мұрағатынан 1961-1963 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына тапсырған материалдары қордың қомақты бөлігін құрайды.**Аннотациясы.** Абылай хан заманында Түркістаннан Тілеуберді деген батыр шығады. Бір өзі жүз кісіге тең келеді. Жорыққа екі-ақ жігіт ертіп барады екен. Қазақтан да, қалмақтан да алған әйелдерінен перзент көрмей, зарығып жүреді. Ол Орта жүзде Абылай хан болды дегенді естіп, “қасында жүрсем” деп Абылайды іздеп келе жатып, бір елсіз далада тұрған зират ішінен шыққан, жалаңаш бейтаныс адаммен айқасып, жеңіп, жолдастарына әкеліп, болған жайды айтады. Жігіт Айдарқан деген байдың Арғын деген жалғыз, өнерпаз, әрі пысық баласы екен. Арғынның ауылын түнде жау шауып, жаудың алдын орау үшін қарусыз жайдақ шыққан бұны тоқсан адам қоршап ұстап, байлап алып кетеді. Кейін байлаулы күйінде ен далаға тастап кетеді. Сол кезде қол-аяғын әрең шешіп, тышқан аулап күн көріп жүрген Арғынға Тілеуберді кездеседі.

Тілеуберді батыр жігітті еліне апармақшы болып Арғынға “елінді танымаған бол” деп шарт қылады. Еліне келсе, ауылы жігітті жоқтап отыр екен. Арғынды танып, қуанып, той жасайды. Тілеубердіге риза болған ата-анасы батасын береді. Батасы қабыл болып, Тілеуберді үш әйелінен үш перзентті болып, бақытты өмір сүреді.

Басқы сөзі (1-б.):

Бір кеңес тыңдағанға қолға алайын,

Кіші іні, бозбалаға жол салайын.

Соңғы сөзі (31-б.):

Құдайым жел берген соң тілімізге,
Дауыстап сөйлейтұғын үнімізге.

Қолтаңбасы. Омаров Дүйсембайдікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті жол дәптерге көк түсті сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтінің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Үш дәптер біріктіріліп, жіппен тігілген және сырты ақ қағазбен қапталған.

Ақауы. Сыртқы парағының шеті мүжілген, 9, 21, 32-беттердегі кейбір әріптер сызылып, түзетілген.

Папкасы. 301 (ӘӨИ), 5-дәптер. Тілеуберді батыр (Абылай хан кезінде болған тарихи адам).

182

П. 17; Б. 34; Ж. 24

Ш. 367 (ӘӨИ)
18x24,5; 22,5x9

ولی جورنق

Аталуы. ولی جورنق Ұлы жорық (1-б.).

Авторы. قاسيمانوف سادق (Қасиманов Садық. (1902-1977) Семей уезі, Шыңғыстау болысында (қазіргі Семей облысы, Абай ауданы) туған. 1923-1960 жылдарда мұғалім болып істеген. 1970 жылдары Тіл білімі институтында ғылыми қызметкер болған. Ақын және ауыз әдебиетін жинаушылардың бірі.

Аннотациясы. Ұлы Отан соғысы кезіндегі ержүрек ұлдардың соғыста көрсеткен ерліктері, әсіресе қазақ жастарының ел үшін, отан үшін жаудан қайтпайтын қайсар мінезі айтылады. Сонымен қатар соғысқа серпін беретін тыл жұмысындағы ауыр еңбекпен айналасып жатқан қарапайым халықтың қажырлы жұмыстары да

жырланады. Фашистерді жеңіп, бейбіт күнге қол жетіп, ынтымақпен күн кешіп жатқан әр ұлт өкілдерінің қарым-қатынасы, тағу-тәтті өмірі сипатталады. Сондай-ақ колхозшылардың да күн-түн демей колхоздың тышқақ лағын да ит-құсқа алдырмай өсіріп жатқан адал еңбектері де тілге тиек етіледі.

Басқы сөзі (1-б.):

مەن سويىم وز ملئمدى تونپ و سىكەن،
انامداي كىز جوتىپ، كىندىك كىسكەن.

Соңғы сөзі (33-б.):

قاباق تويىگىزگەن قاپالاب،
بولماس سول ويدان قايتىباساق.

Қолтаңбасы. Автордың қолы.

Қашан, қайдан жазылғаны. 1961 жылы тапсырылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сары қағазға араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропалық цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетте әртүрлі орналасқан. Бірде қара өлең ұйқасымен, бірде шұбыртпалы ұйқаспен жырланған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатты сары қағазбен қапталып, ақ жіппен тігілген.

Ақауы. Қолжазбаның кейбір беттері шимайланған.

Папкасы. 367 (ӘӨИ), 2-дәптер. “Ұлы жорық” поэмасы.

183

Ш. 1126/202 (ӘӨИ)

П.14; Б. 27; Ж. 513

11x16,8; 17,3x20,3

Үрпек соғысы

Аталуы. Үрпек соғысы (1-б.).

Авторы. Ахметбеков Нұрхан. (Ол туралы мәлімет 86-сипаттамада бар).

Тапсырушысы. Ахметбеков Нұрхан.

Аннотациясы. Жырды айтушы Бижан қарт өз көзімен көргендерін, бастан кешкен оқиғаларын әңгімелей отырып, 1916

жылғы июнь жарлығы туралы баяндайды. Аманкелді бастаған сегіз жүз сарбаз Үрпек деген жерде ақырғы соғысқа дайындалады. Атбасардан қашып келген Сардарбасы атты жігіт Аманкелдінің оң қолы, сенімді серігіне айналады. Ол жігіттерді атуға, соғыс өнеріне баулиды. Ұрыс басталып Аманкелді ақтың командирін атып өлтіреді. Қазақтардан шығын шықпай, жау әскері көп қырылады. Бұған сарбаздар қатты қуанады. Осы қиян-кескі ұрыста Аманкелді досы Сардарбасыдан айырылып қалады. Жыр соңында халық бастап А.Иманов Торғай қаласына Кеңес үкіметінің қызыл туын желбіретіп кіреді.

Басқы сөзі (1-б.): Тәуіштің иір аққан өзенінде...

Соңғы сөзі (27-б.): Үрпекте осы болған оқиғаны
Нұрқаным жазшы деді өлендетіп.

Беттердің нөмірленуі. Беттелмеген.

Мәтіннің орналасуы. Жыр жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Библиографиясы. Үрпек соғысы // Қостанай “Большевиктік жол” облыстық газеті, 1944 жыл, 7, 9, 10 маусым.

Папкасы. 1126/202 (ӘӨИ).

184

Ш. 846 (ӘӨИ)

Б. 3-67; Ж. 18

16x20; 7x17

وش باتئر

Аталуы. وش باتئر Үш батыр.

Жыршысы. نورساپا سەيتجانوف (Сейтжанов Нұрсапа). (1903-1976).
Бұрынғы Семей облысы, Аягөз ауданы, Таскескен селосында тұрған.

Жинаушысы. سەيتجانوف زوفار Сейтжанов Зүфар Нұрсапаұлы
1941 жылы Тарбағатай аймағының Толы ауданында туған.
Фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор,
Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері (1990). М.О.Әуезов

атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып істеген. 1990 жылдан бастап ҚазМУ Қазақ филология факультетінің профессоры. Ғылыми еңбектері әдебиеттану мен фольклортанудың өзекті мәселелеріне арналған.

Аннотациясы: Өткен заманда керейдің Майлы-Жайыр жерінде Әбіл атты бір пірәдар сопы шал өмір сүреді. Алдында жүз шақты ешкісі, бір сиыры бар ол бөлек отырады. Жасынан намаз оқып, ораза ұстаған соң “пірәдар, сопы” деп атанған. Ертіс бойында туып, ХІХ-ғасырдың аяғында Алтайдан Майлы тауының Қарашоқы деген жеріне көшіп келген. Әйелі Дәнекер ержеткен үш ұлына қалың беріп, келін түсірейік деген соң, ел аралаймын дегенде, баласы Обырай: “Өзіңмен теңдес діншілмен құда бол, жақыннан келін іздеме, алыс рудан ізде, қалыңы ешкілеріңнің шамасына келсін, қыз жас болмасын, тез келін болып түсетін болсын”, – деп кеңес айтады.

Үлкені Ұлтарак – қабақты, қара шұбар, қапсағай денелі, кең иықты жұртқа аты шыққан балуан. Ортаншысы Обырай – сұңғақ бойлы, орақ тілді шешен, өткір қабақты батыл, айтқаннан қайтпайтын жаужүрек болатын. Кенжесі Әбубәкір – орта бойлы, әр нәрсені әріден ойлайтын байсалды жігіт болған. Пірәдар Уактың Момбай деген момынымен құда болып, үлкенін үйлендіріп бөлек шығарады. Пірәдар кейін екі баласын да үйлендіріп, немере сүйеді. Бірталай заман өтіп, Пірәдар сопы жетпіс екі жасында мың тоғыз жүз жиырмасыншы жылы қайтып, Күнгейқора деген жерде өз өсиеті бойынша қойылады. Үш баласы бөлек ауыл болып қонады. Сол жылдар елге ауыр салық салынып, керейлер Ерентауға көшкенде, оларға Пірәдардың үш ұлы да қосылады. Олар Жырғалаң деген судан Торанғы, Қараөткел, Қарабастау деген үш өткелінен өтер жерде алдарынан тосып жатқан қытайдың жиырма бес шерігін Обырайға қосылып, үшеуі жайратады. Елді бастап қиындықсыз өткелден өтуге бел байлаған батырларды, іші тар біреулер күндеп, бұларға ермей бөлек кетеді. Барған жерінде қытай қолына түскен соң, үш батырдың ісін айтып, өздеріне кешірім сұрап, аяқтарына жығылады. Үш батыр бөлек қалып, Қарабастауда ағаштан сал жасап, Жылғалаң суынан өтіп Жырғылты, Қайыңды, Талдыбұлақ, батысында Жың қаласымен шектес Жалпақсары, Адырқұм деген сексеуілді, тал-терегі, жидесі, аңы мен құс мол жерге оншақты үй қоныстанып, үш жылдай мекендейді. Бұларға елден кейін

шыққандар қосылады. Бұларға Алатеке Сарыуаң деген Сарғысыдан қоныс береді. Осы кезде бұрынғы жиырма бес шерікті өлтіргендер туралы әңгіме қайта көтеріліп, Жаңжұңнан бұйрықпен бұларды іздестіріп жүреді. Мың тоғыз жүз жиырма сегізінші жылы бұларды қолдап тұрған Орысбай, Таңғұл деген ел басшылары өліп, олардың Мақсат деген баласы қалады. Қызыр төре өлген соң бұрынғы қуғын тоқтады деп, бұлар отызыншы жылы Майлыға көшіп барады. 1933 жылы Дөрбелжің, Шәуешекте қозғалыс бұрқ етіп, қытайларды қырып салады, бірақ тоқсан күннен кейін қытайлар қайтадан күш алады. Осы көтерілісте Обырай мен Ұлтарак батырлықпен танылады. Олардың бұрынғы істері қосылып, көтерілісті бастаушылар деп алдымен қуғындалады. Бұларды іздестіруге әскер шығып, үш батыр оларды тау басында жасырынып, күтіп алып бір-бірлеп атып, жиырма бесін өлтіреді және біреуі Итаяқ деген еріксіз жол көрсетіп жүрген қазақ екен, ол тірі қалады. Ақсары керей жігіті Итаяқ Аюшат тауына қалай келгенін, өзінің өмірбаянын, бала кезінен осында өскенін, ұшқан құсты түсіретін мерген екенін айтып береді, дос болып қоштасады.

Үш батыр Майлыға жақындап, бала-шағадан хабар алса, ауыпқа күзет қойылған екен. Обырай әйелі Қауияны алдырып, елдегі достары Есжан батырды баласы Құдайбергенмен Итаяқ Ұлтаракқа қосылып, Обырайға Құрманбай қосылып, Жайырға кетеді. Сардуанда бұларды қоршап алып атыс болады, соғыста Әбубәкір оққа ұшады. Обырай інісін жерлеп, өзі Бұғыты қамысты өлкеге қарай қашады, із жасыру үшін атын қамыста қалдырып, жаяу үйіне жетуді ойлайды. Бір жерде отырып, өткен өмірін, інісін Әбубәкірді жоқтайды. Майлыда бір байдың көк жорға атын мініп қашып, ауылына келсе, олар көшіп кетіпті. Шеріктер әйелі Қауияны аманатқа алып, Жың қаласына түрмеде ұстап отыр екен. Досы Асып ақынмен сөйлесіп, Қауияны байлап көше аралатып жүргенде, құтқаруға бел байлағанмен ойы іске аспайды. Асып ақын, Әбдіуәлімнің көмегімен, түрме күзетшісін өлтіріп, әйелін алып, қаладан атпен қашып шығады. Қардағы ізбен арттарынан жау әскері жетеді. Атқа әйелін отырғызып жіберіп, өзі құмда жатып, арттан келгендерді атып құлатады, денесі құмға батып, мылтығына құм толса да соңғы оғына дейін қолындағы нағанымен қоршап тұрған шеріктердің отызын жер жастандырады. Батырды тірідей ұстап, жұрт алдында басын шабады. Денесін Асып ақын

жаназасын шығарып көмеді, әйелі Қауия ұзамай дүние салады. Ұлтарақ аяқ-қолы кесіліп, түрмеде жатып, мың тоғыз жүз қырық бірінші жылы Шәуешекте өледі. Артында екі ұлы мен қызы қалады.

Басқы сөзі (3-6.):

ايتاينن از اگنمه تنگداغانغا،
جمل چمنپس جويرنككه شنگداغانغا.

Соңғы сөзі (67-6.):

تولغشغىنپ، توغىغىققا باتقاندار دناڭ،
جارقنراپ جارنق كورمر كەلدى كىز.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көзді қалың дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қорға түскен жылы. Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазба қорына 1978 жылы түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. 846 (ӘӨИ), 1-дәптер.

185

Ш. 1125 П. 15; Ж. 23

21x17; 18x11

Ханышайым

Аталуы. Ханышайым (1-6.).

Тапсырушы. Құлпейісов Еркін. (Оның өмірі туралы мәліметтер кездеспеді).

Аннотациясы. Бұл нұсқа ОҒК-ның сирек қорындағы “Наурызбайдың өлеңі” деген жырмен (1138-бума, Біләлұлы Уәлиахмет жинаған) ұқсас. Жырда жыпқыны Ханышайымның алдына салып, келер күзде ұзатып алып кететін болып аттанады. Жыр осымен аяқталады. Ал, У.Біләлұлы нұсқасында артынан елін шақырып, үлкен той жасайды. Наурызбай және қасындағы

жолдастарына жеке шатыр тігіп асты-үстіне түсіп күтеді. Ат бәйгесі, балуан, жамбы ату т.б. қазақтың ұлттық ойындарын қойып бәйге үлестіреді. Айтыс басталады. Қанышайым мен Науанның Қасым деген жігіті айтысып Қасым қыздан жеңіліп, намыстанып “күн” етем деп ант береді.

Антқа амал бар ма, Наурызбай қызбен сөйлесіп, қыз келісін береді. Той тарқап, Қанышайымды Қасымға ұзатып, Наурызбаймен бірге ордаға жүреді. Кенесары мұны көріп, қуаныштан жарыла жаздайды. Мұса ерді патшадай күтеді. Тоғыз күн ат шаптырып той жасайды. Той тарқап, Мұса қайтуға Кенеден рұхсат сұрайды. Кенесары Мұсаның тоғыз қалауын беріп шығарып салады.

Басқы сөзі:

Қолыма қалам алып хат жазайын,
Бірталай заман болды ел тозғалы.

Соңғы сөзі: (беттелмеген)

Ер Науан қош айтысып жүріп кетті,
Оралып келеміз деп осы кезде.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан жазылған.

Ақауы. Мәтін жазылған беттер беттелмеген.

Библиографиясы. “Ханшайым” деген атпен 1990 жылы 24 мамырда “Орталық Қазақстан” газетінде жарияланған.

186

Ш.127 (ӘӨИ)

П. 6; Б.12; Ж. 49
19х29,5; 9х22

قصة نركنتك ولى شورا باتر

Аталуы. قصة نركنتك ولى شورا باتر Қисса Нәріктің ұлы Шора батыр (1-б.).

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. وردالييف سەيدىلدا Ордалиев Сейділда (1930–1994) – жазушы, әдебиеттанушы, ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, 1958-1977 ж.ж. Қазақ КСР ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, 1972-1976 жылдары республикалық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының педагогика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1977 жылдан өмірінің соңына дейін әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы болған.

Тапсырушысы. بايغولولى قولماحامбет (Байғұлұлы Құлмахамбет. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Экспедициясы. 1961 жылғы Қостанай экспедициясы.

Аннотациясы. Нәрік батыр еліне өкпелеп, Қазаннан Үргеніш тегі Ақша ханға көшіп барып, оның сенімді адамы болады. Нәріктің еңбегін ескерген хан ақылды, сұлу Меңсұлу атты қызды әйелдікке алып береді. Нәрік еліне қайтқысы келеді. Маңындағы арам пиғылды біреулер Нәріктің көзін құртуға Ақша ханды азғырып, оны Меңсұлуға қызықтырады. Меңсұлудың ақылдылығының арқасында хан райынан қайтады. Нәрік пен Меңсұлу Шора атты ұлды, Шырын атты қызды болады. Шора батыр тұлғалы болып ер жетеді. Бір баланы өлтіріп қойып, “қаңғыған Нәріктің баласы” деген сөз естиді. “Қазан қаласына жау шауыпты” деген хабарды естіп, Шора аттанбақ болады. Жолда ноғайлы елінен Құлыншақ батыр ереді, Мақтым атты сұлуға кездеседі. Шора мен Құлыншақ батыр Қазан қаласын жаулардан азат етеді.

Басқы сөзі (143-б.):

باطر ناروك حكايت

Соңғы сөзі (152-б.):

ايرليکين سوندای باتر
شورا تمام بولادی.

Қолтаңба. Белгісіз.

Қағазы, әрпі-сиясы. Қалың кітапшаға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.



Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. 127 (ӘӨИ).

Библиографиясы. 1884 жылы Қазан қаласында жарық көрген кітаптан көшірілген.

187

Ш. МФ.4 (ӘӨИ)

микрофильм, Ж.1619.

38 кадр, 37 бет.

شورأ بطر ه رته دهكى

Аталуы. شورأ بطر ه رته دهكى Ертедегі Шора батыр (1-б.).

Жыршысы. جنرو موساباي (Мұсабай жырау) – ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазалы маңындағы Қаракөл елді мекенінде туып-өскен жыршы. Е.А.Александровтың Мұсабайды “өлеңші” деуіне қарағанда, ол жыр айтуды күнкөріс кәсібі еткен болуы керек. Мұсабайдан Е.А.Александров “Қыз Жібек” жырын да жазып алған. Сондай-ақ 1993 жылы И.В.Аничков оның айтуындағы “Жанқожа батыр толғауы” атты ұзақ жырды хатқа түсіріп, бұл шығарманы Н.Веселовский 1894 жылы Санкт-Петербургте жарияланған “Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае” деген жинағында жариялаған. И.В.Аничковтың айтуынша, Мұсабай репертуары бай, өз өлкесіне танымал жыршы болған.

Жинаушысы. А.Е.Александров – Көкшетау қаласында Сібір казагі отбасында дүниеге келген. Қазақ арасында өскендіктен, қазақ тілін, әдет-ғұрпын жақсы білген. ХІХ ғасырдың 80-жылдарында Қазалы бекінісінде штабс-капитан болып әскери қызмет атқарған. Ол 1884 жылы Н.И.Гродековтың миссионерлік мақсатта ұйымдастырған экспедициясына қатысып, көп материал жиған. Ол Мұсабай жыраудан “Қосай батыр”, “Қыз Жібек” жырларын жазып алып, “Қыз Жібекті” орыс тіліне аудартады. Орыс, қазақ тіліндегі мәтіндерді баспаға әзірлеген.

Нұсқасы. Мұсабай жырау нұсқасы.

Тапсырушысы. 1600-ден астам жыр жолынан тұратын бұл нұсқаны Мәскеу Мемлекеттік тарихи мұражайынан

микрокөшірмесін алып, 1960 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына өткізген – Мәлике Ғұмарова. Мәтін ескі орыс әліпбиінде жазылған. Қолжазбаның соңында “1885 жылы Қазалы уезінде қырғыз Мұсабайдан (өлеңші) жазылып алынды” деген ескертпе мен “Е.А.Александров” деп қойған тапсырушының қолы бар.

Аннотациясы. Жырдың басқа нұсқалардан ерекшелігі ертегілік сарын араласқан және қарақалпақ нұсқаларымен де ұқсас жерлері бар (мысалы, Шораның өлген атын пірлері қарақұс кейпінде алып кетіп тірілтуі). Мәтінде Шораның әкесінің аты – Марықбай, шешесінің аты – Гүлқаныс. Тарлан аттың шабысы Тайбурылдың ұшқырлығына ұқсайды. Әулие-әнбиелерден бала сұрайды. Гүлқаныстың түсінде әулиелер аян береді. Содан жүкті болып, айдарыға жерік болады. Алты қап айдарының етін жеген Гүлқаныс он екі ай толғатып, бір ұл, бір қыз дүниеге әкеледі. Диуана кейпінде келген бабалары ұлдың атын Шора, қыздың есімін Тұрғын сұлу деп атайды. Түрікпеннің ханы Ақтайша, биі Әліби аз ғана тамаға әлімжеттілік көрсетеді. Шора батыр алты жасқа келгенде түрікпендерден кек ала бастайды. Марықбайдың ағасы Есімбек Қазан қаласында қалмақтардан қорлық көреді. Қазандағы тамаларды қорғауға Шора Қазан қаласына аттанады. Жыр Шора батырдың жеңісімен аяқталады.

Басқы сөзі (1-б.):

بورينغي وتكن زماندا

Соңғы сөзі (37-б.):

إرليکين، سوندای باتر
شورا تمام بولادی .

Қолтаңба. Тапсырушының қолы.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры 45-том. Ер Шора. / Құрастырған және түсініктемелерін жазған Қорғанбеков Б. – Астана: Фолиант, 2007.

Ер Шора**Аталуы.** Ер Шора (1-б.).

Жыршысы. Байзақұлы Мұсабек (Молда Мұса). 1843 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданы, Шоқтас ауылында дүниеге келіп, 1932 жылы сонда қайтыс болған. Ескіше білімді болған және біршама орысша да білген. Оның назиралық туындыларымен бірге, қазақтың “Ер Тарғын”, “Қобыланды батыр” жырларын өзіндік ерекшелікпен жырлағандығы жөнінде деректер бар. Оның айтуындағы халық жырларының “Шора батырдан” басқасы жазылып алынбаған. Молда Мұсаның жырды әуелі хатқа түсіріп, одан соң жатқа айтатын ерекшелігі болған. Ол суырып салма ақын ретінде де кең танымал.

Жинаушысы. Токқожаев Мұса – Молда Мұса мұраларын хатқа түсіруші. Мұсабектің ағайыны әрі шәкірті. Ол Молда Мұсаның тапсырмасымен 1917 жылдан бастап ақын шығармаларын хатқа түсіре бастаған. Оның ішіне “Ер Шора” жыры да енген. Ол 10000 жолға жуық Молда Мұса мұрасын қағазға түсірген, кейбіреулерін өткен ғасырдың 60-жылдары қайта көшірген.

Тапсырушысы Оспанұлы Әсілхан. Шымкент пединститутында аға оқытушы, доцент қызметін атқарған.

Аннотациясы. Тама руынан шыққан Нәрікбай перзентсіздіктің зарын тартады. Баласына шұбар атты бәсірелеп қояды. Бауыры Әуез осы атты сұратады. Баласы жоқтығын бетіне басқанға ренжіп, түрікпендерге көшіп кетеді. Бұл жерде де Әліби атты би кубастығын бетіне басып, Шұбар атты сұратады. Бәрінен түңілген Нәрікбай әйелі Құлқанысты ертіп, әулиелерге түнеп, бала сұрайды. Баба Түкті Шашты Әзіз түсіне кіріп, аян берді. Нәрікбай әйелімен еліне оралады. Құлқаныстың аяғы ауыр болып, жолбарыстың жүрегіне жерік болады. Тоғыз ай, тоғыз күннен соң әйелі ұл босанады. Бала ерекше болып ержетеді. Түрікпендер аз тамаға әлімжеттік көрсетеді. Оған шыдамаған Шора түрікпендерге қарсы шығады. Әкесі бәсірелікке атаған шұбар ат сенімді серігіне айналады. Есім екеуі бірігіп, Қазан қаласын қалмақтардан құтқарады. Әлімхан

хан қызы Түймебикені Шораға қосады. Және Қараманның қызы Жәрметөзді де әйелдікке алады. Еліне қайтып оралып, жұртын түрікпендердің қысымынан құтқарады. Бұл жырдың бірінші бөлімі қалмақ қызы Жәрметөздің Шораның бәйбішесі Түймебикеден қорлық көріп, еліне қашып кетуімен аяқталады.

Жырдың екінші бөлімі Жәрметөздің еліне қашып келгенінен басталады. Ол Шорадан жүкті болады. Алып атты баланы дүниеге әкеледі. Алып ерекше бала болып ер жетеді. Қалмақтар Шора батырдан кек алмақ мақсатында Алыпқа әкесінің Шора екенін білдіртпейді. Бала ержеткен соң, Қазан қаласына жорыққа аттанады. Шешесі Жәрметөз де бірге барады. Алып батыр Есім мен Нәрікбайды байлауда ұстап, елді қыра бастайды. Бұл уақытта Шора аң аулауға кетеді. Жыр Шораның аңнан қайтқан кезімен бітеді. Жыр аяқталмаған.

Басқы сөзі (1-б.): Бисмылда деп бастайын...

Соңғы сөзі (311-б.): ... Айдаһардай ысқырып.

Қолтаңба. Жинаушының қолтаңбасы. 1917 жылы М.Тоққожаев Молда Мұсаның жырларын ақынның өз тапсырмасымен араб әрпінде хатқа түсіреді. Уақыт өте келе 1960 жылдардың басында оны кирилл жазуына қайта көшірген.

Қағазы, әрпі-сиясы. Қалың оқушы дәптеріне қарындашпен кирилл әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба екі қалың оқушы дәптерлерінен тұрады. Екеуі де ескірген, беттері сарғайған. Мәтін қарындашпен жазылғандықтан, өше бастаған. Кейбір беттердегі 4, 67, 69, 72, 75, 119, 128, 187, 232, 236, 246, 247, 253, 283, 284-беттердегі өлең жолдары сызылып, шимайланған. Өше бастаған әріптер мен жолдарды қаламмен бастырып жазған.

Библиографиясы. Батырлар жыры. Алматы, 1939. 249-297 б.б.; Молда Мұса. Ер Шора. / Жариялаған Ә.Оспанұлы. – Шымкент, 1995 бб; Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры 45-том. Ер Шора / Құрастырған және түсініктемелерін жазған – Қорғанбеков Б. – Астана: Фолиант, 2007; Шора батыр. – Алматы: Жалын, 1993.

قصه نارکبای شورا

Аталуы. قصة نارکبای شورا Қисса Нәрікбай – Шора (1-б.).

Жыршысы. ساریف ابدغالی (Сариев Әбдіғали. Ол туралы мәлімет 171-сипаттамада бар).

Тапсырушысы. ساریف ابدغالی (Сариев Ә.).

Нұсқасы. Майкөт – Ә.Сариев нұсқасы. Сандыбайұлы Майкөт – XIX ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік Қазақстан өңірінде өмір сүрген суырып салма, айтыскер ақын, репертуары бай жыршы. Майкөт “Алпамыс батыр”, “Қыз Жібек” жырларын да айтқан. Кезінде Н.Смирнова оны “Қазақтың мың жылдық тарихын жырға қосушы” деп бағалаған. Алайда Майкөт жырлаған жырлардың дені хатқа түспеген. Оның Түбекпен, Құлмамбетпен, Бөлтірікпен айтыстары, Жамбылмен сәлемдесуі сақталған.

Аннотациясы. Бұл нұсқа Майкөт ақын жырлаған вариант негізінде қағазға түскен. Қолжазбаның бірінші бетінде “Бұрынғы баспа сөзі бойынша жазылған. Аударушы – Сариев Әбдіғали. 15 июнь, 1938 жыл” деген жазу бар.

Қысқаша мазмұны мынадай: Нәрікбай Қазан қаласына хан болып, билеп тұрған шағында, қалмақтар жылқысын шауып кетеді. Нәрікбайдың туған інісі Есім ағасынан Күлзар атты жүйрік атын сұрап келеді. Нәрікбай Есімге сұрағанын бермейді. Сонда Есім ағасының перзентсіздігін бетіне басады. Інісіне өкпелеген Нәрікбай түрікпендерге көшіп кетеді. Бұл елде зорлықшыл, әдепсіз Әліби, Ақшаби атты билер болады. Олар Нәрікбайға күш көрсетеді. Қараханның ақылымен Әліби той жасайды. Тойға келген Нәрікбайға Әлібидің жыршысы “қубассың” деп айтады. Нәрікбай мен әйелі Күлқаныс бала тілеп әулие-әнбиелерді аралайды. Жеті жыл дегенде Баба Түкті Шашты Өзіз аян береді. Күлқаныс арыстан етіне жерік болады. Дүниеге ұл бала келеді. Атын Шора қояды. Шора жедел ержетіп, түрікпендерден кек алады. Өз елін таппақ болып, Қазанға аттанады. Жолда көп сиқырлы күштерге кездесіп, аман өтеді. Қалмақтармен соғысып жеңіске жетеді. Қайтып келіп,

Әлібиден қорлық көрген ата-анасын құтқарады. Қараханды өз тағына отырғызады.

Басқы сөзі (1-б.):

أولى سوزدى بستان

Соңғы сөзі (87-б.):

سودان كننن شورا قزانا نارىكتن سون حان بولب وكيم جوركزيب حالماق قازاق حالقن
وزي سواردي

Қолтаңба. Тапсырушының қолы.

Қағазы, әрпі-сиясы. Қалың кітапшаға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналастырылған.

Ақауы. 63, 72, 73, 77 -беттердегі өлең жолдары шимайланған.

Библиографиясы. Ер Шора // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры. 45-том. / Томды құрастырып, түсініктемелерін жазған – Қорғанбеков Б. – Астана: Фолиант, 2007.

Папкасы. 357/3 (ОҒК).

190

Ш. 357/2 (ОҒК)

Б. 86; П. 43; Ж. 26
19,8x17,5; 18,3 x 16

نارکولی شورا باتر

Аталуы. نارکولی شورا باتر Нәрікұлы Шора батыр (1-б.).

Айтушы. وازيمکولى ناقشيبک (Оразбекұлы Нақышбек) – 1928-1932 жылдары жазып алған.

Тапсырушысы. نوسنرميقتزى سارقت (Нүсірепқызы Сарқыт).

Аннотациясы. Қазан қаласында Орманбет он сан ноғайға хан болып тұрған кезінде Нәрік деген бай болады. Бір перзентке зар болады. Інісі Есімнің «қубас» деген сөзіне налып, Нәрік төменгі Үргенішке, Қайу деген жерге көшіп кетеді. Қараханның

карамағында жүргенінде де баласыздығын бетіне баса береді. Бәйбішесі Құлқанысты ертіп, Құдайдан бала тілеп, дала кезіп кетеді. Баба Түкті Шашты Өзіз түсінде аян беріп, тоғыз ай, тоғыз күннен соң Шора атты ұлды болады. Шора ержүрек, батыр болады. Өлібиден, Садырдан кегін алып, туған жеріне оралады. Жыр “Нәрік, Есім, Қарахан” деген бөлімдерге бөлінген.

Басқы сөзі (1-б.):

اولى سوزدى باستين

Соңғы сөзі (86-б.):

المايدى اراگس جان مونمن

Қолтаңбасы. Тапсырушының қолы.

Қағазы, әрпі-сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке 2–3 қатардан, яғни қара сөз түрінде орналасқан.

Ақауы. 105-130 беттердің қағазы тозып, жыртылған, жазулары көмескі тартқан.

Папкасы. 357/2 (ОҒК)

191

Ш. 732/10 (ӘӨИ)

П. 8; Б.16; Ж. 50
20x28,5; 17,5x27

Шора батыр

Аталуы. Шора батыр (1-б.).

Жыршысы. Өмірбекұлы Б. (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Жинаушысы. Есжанов К.

Тапсырушысы Есжанов К.

Нұсқасы. Молда Мұса нұсқасы

Аннотациясы. Молда Мұса нұсқасындағы Шора мен Әлібидің кездесуінен басталады. Есім Шораны танымай, жөн сұрасады. Шора өзінің кім екенін білдірген соң, екі бауыр бір-бірімен жылап көріседі. Жеңелері сүйінші сұрап, қуанып қарсы алады. Есім екеуі ақылдасып, Шора Садырдан кек алуға аттанады. Қалмақтардың шабуылынан Шора батыр Баба Түкті Шашты Әзіздің қолдауымен аман қалады. Садыр Шорадан жеңіліс табады. Әлім хан Шораның ерлігіне риза болып, жалғыз перзенті Түймебикені әйелдікке бермек болады.

Жырдың бас-аяғы жоқ. Қолжазбаның соңғы бетінде “Түркістан қаласы. Найман Өмірбекұлы Бекеннен көшірілді. 19.02.68 ж. дүйсенбі” деген жазу бар.

Басқы сөзі (1-б.): Аяңдамай желесің...

Соңғы сөзі (16-б.): ... Сасқанымнан жиылып.

Қолтаңба. Жинаушының қолтаңбасы.

Қағазы, әрпі-сиясы. Кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Ақауы. Кейбір бетте өлең жолдарының асты сызылған. Парақтардың шетіне мәтінге қатысы жоқ жазулар, сандар жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ ватман қағазбен тысталып, ақ жіппен тігілген, жөндеуден өткен.

Папкасы. 732/10 (ӨӨИ).

192

Ш.1116 (ӨӨИ)

П. 8; Б. 16; Ж. 44
16x20,2; 16x18,5

باتر شورا

Аталуы. قصة اتاقتی باتر شورا Қисса атақты батыр Шора (1-б.).

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. موقتش نوکين (Нукин Мұқыш (1876-1978) – Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың ауылында туып-өскен.

Тапсырушысы يسابامف قالموقان (Исабаев Қалмұқан. Ол туралы деректер кездеспеді.

Аннотациясы. Қарасөзбен жазылған аңыз-жыр “Қисса атақты Шора батыр” мазмұны жағынан басқа нұсқалардан айырмашылығы бар.

Қысқаша мазмұны мынадай: ертеде тама руы Қазан қаласын мекендепті. Ағайынды Кәрібай, Нәрік, Есім деген кісілер болады. Қаланы Есім билеп тұрыпты, үлкен ағасы Кәрібайдың Тәсен деген баласы Есім мырза атанып, қаланың беделді адамы саналыпты. Қазанда үлкен той жасалмақ болып, елге хабар таралады. Осы тойға мініп баруға Тәсен Нәріктің Шұбар атын сұрайды. Нәрік өзінен туған бала жоқтығын ойлап, атын бергісі келмейді. Тәсен бұған ашуланып: “Әй, Нәреке-ай, Құдайдың да өзінді қуратып қояы осы пейілің ғой”, – деп ауыр сөздер айтады. Бұл сөзге ренжіген Нәрік елімен қоштасып, әулие-әнбиелерді аралап, перзент тілейді. “Қайтыңыз” деген інісі Есімнің де сөзіне құлақ аспайды. Үш-төрт ай жол жүріп, Нәрік әйелі Гүлқаныс екеуі он сан ноғайлы айрақты еліне, мың үйлі түрікменге келеді. Түрікменнің Қарахан деген ханы, Әліби деген биі болады. Әліби озбыр, қанағатсыз би екен. Қырық нөкерімен келген Әлібиді Нәрік қонақ етеді. Әліби Нәріктен зекет төлеуді талап етеді. Нәрік төлеуден бас тартады. Ауылдас отырған қырық үйлі таманың балаларына түрікменнің көп баласы зорлық қылып, асықтарын тартып алып, өздерін сабайды. Әліби араға кісі салып Нәріктің шұбар атын сұрайды. Нәрік “бұл баласы жоқ деп басынғаны ғой” деп намыстанып, ел-жұртын, дүние-мүлкін тастап, әйелі екеуі тағы да әулиелерге түнеп, бала сұрайды. Нәрік пен Гүлқаныс қыр қыдырып, су сыдырып табандары ойылады. Ақырында Баба Түкті Шашты Өзіз әулиеге түнеп, Гүлқанысқа түсінде аян береді. Гүлқаныс арыстан етіне жерік болады. Нәріктің бір қойшысы мертігіп өлген арыстанның жонынан таспадай тіліп ет әкеледі. Ай-күні толғанда Гүлқаныс ұл тапты. Нәрік ұлан-асыр той жасады. Бірақ Әлібидің ырқымен қалың түрікмен елі тойға келмейді.

Шора нағыз батыр тұлғалы ер жігіт болып өседі. Түрікмен балаларына зорлық көрсетіп, ақысын қайтарады. Мың баланы

түгел кырып салады. Шорадан қорыққан Қарахан Нәрікке ел-жұртын жинап көшуге бұйрық береді. Шора бір ұйықтаса жиырма күн ұйықтайды екен. Әке-шешесі ұйқысынан оянбаған Шораны қалдырып көшіп кетеді. Ұйқыдан оянған Шора қасында күзетіп тұрған балалардан мән-жайды ұғады да, шұбар атына мініп, Әлібиге қарсы шабады. Биді өлтіреді де, Қазанға аттанады. Шораға қастық ойлап, Тасбұлақтың түбінде жатқан Тасыр мергенге жетіп келіп, жауын жеңеді. Шұбар атқа “тіл бітіп”, Шораға ақыл-кеңес айтады. Қалмақтың ханы Қараманды жекпе-жекте өлтірген Шора батыр ақырында тама елінің басын құрап, аңсаған арманына жетеді.

Басқы сөзі (22-б.):

بورنعي زمند قلدا ديكن قزن

Соңғы сөзі (37-б.):

ترايدي يكن سودان باطر كوب

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, әрпі-сиясы. Оқушы дәптеріне қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Араб сандарымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Оқушы дәптеріне қарасөз үлгісінде орналастырылған.

Ақауы. Қарындаштың жазуы өше бастаған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ ватман қағазбен тысталып, ақ жіппен тігілген, жөндеуден өткен.

Папкасы. 1116 (ӘӨИ).

193

Ш.667 (ОҒК)

П. 57; Б. 57; Ж. 32
6,8x27,5; 13,5x29,5

نارك – شورا

Аталуы. شورا نارك – Нәрік – Шора (1-б.).

Жыршысы. مورتن سمگنربايف (Сеңгірбаев Мұрын. Ол туралы мәлімет 18-сипаттамада бар).

Жинаушысы. ماريام خاكيمجانوفا (Хакімжанова Мәриям. Ол туралы мәлімет 51-сипаттамада бар).

Тапсырушысы. Сеңгірбаев Дәуіт 1942 жылы тапсырған.

Аннотациясы. Жыр екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім “Нәрік” 1-21 беттер (574 жол); екінші бөлім “Шора” 22-57 беттер (1225 жол). Бұл мәтін – ағақты Мұрын жырау жырлаған “Қырымның қырық батыры” цикліне енген “Қарадөң батыр және оның ұрпақтары” атты топтама жырлардың құрамында айтылатын “Нәрік”, “Шора” бөлімдері. Бұл екі жырдың сюжеті аты айтып тұрғандай, әкелі-балалы қос батырдың өмірі мен жауларына қарсы жорықтарына байланысты туған. Мұнда да басқа нұсқаларындағыдай Нәріктің баласыздығы, қартайғанда үйленуі, Ноғайлы еліне қоныс аударуы, Шораның дүниеге келуі, оның қалмақтарға қарсы тұруы айтылады.

Басқы сөзі (1-б.):

حان قزن شهرندا نرك دكن

Соңғы сөзі (57-б.):

شوراعا سوييتب بردي أس

Қолтаңба. Тапсырушының қолы.

Қағазы, әрпі-сиясы. Оқушы дәптеріне қаламмен араб әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Дәптерге сиямен жазылған қолжазбаның жазулары өше бастаған. Көптеген беттері шимайланған. 1,25,37 беттерде «Қаралды. Қосатыны жоқ. Сеңгірбаевтың баласы Дәуіт» деген жазу бар. Қолжазба жөндеуді қажет етеді.

Библиографиясы. Қырымның қырық батыры // Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 51-том. Нәрік. Шора. / Құрастырып және ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Алпысбаева Қ., Қосан С., Сәкенов С., Тастанов Қ. – Астана: Фолиант, 2008; – Алматы, 2005.

Папкасы. Ш. 667 (OFK).

شورا باتر

Аталуы. شورا باتر Шора батыр (1-б.).

Жыршысы. قنزل جنراو (Қызыл жырау). (1870–1945) – азан шақырып қойған есімі – Байжанұлы Мырзабек. Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданында туып-өскен. Ақын, жырау. Шығыстың аңыз-хикаяларын жатқа білген. ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында қолжазбалары сақтаулы.

Жинаушысы. اولهلبك قوڭىراتباەف (Қоңыратбаев Әуелбек. Ол туралы 25-сипаттамада бар).

Тапсырушысы. Ә.Қоңыратбаев 1944 жылы тапсырған.

Аннотациясы. Жыр мәтіні екі кітапшаға енген. (Бірінші кітапшаның 45-97 беттерінде (басы) және екінші кітапшаның 1-17 беттерінде (аяғы). Қырық үйлі тамада Нәрікбай атты бай болады. Жасы елуден асқанша баласы болмайды. Осы баласы жоқтығынан елден тепкі көреді. Ел-жұртына өкпелеп, он сан ноғайлы түрікмендердің еліне көшіп кетеді. Құдайға жалбарынып жүріп ұлды болады. Баласының есімін Шора деп атайды. Шора ержүрек батыр болып өседі. Түрікмендер мен қалмақтардан ата-анасының кегін қайтарады.

Басқы сөзі (1-б.):

بستاين ديب بيسله

Соңғы сөзі (135-б.):

بولغن جيري شورنك بول يدئ وئى

Қолтаңбасы. Тапсырушынікі.

Қағазы, әрпі-сиясы. Қалың оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Қызыл қарындашпен еуропалық цифрмен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан, кейде бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазбаның жазулары өше бастаған. Бірнеше өлең жолы үстінен сызылып, шимайланған. 69-74-беттер кирилл әрпінде, ал қалғандары араб әрпінде жазылған. Мәтінде әріп қателері, түсініксіз сөздер, оқылмайтын беттер кездеседі.

Папкасы. Ш.1447 (ОФК).

195

Ш. 129 (ӘӨИ)

Б. 87; Ж. 33

18,5x26,2; 18x21,2

Ер Шора

Аталуы. Ер Шора (1-б.).

Жинаушысы. Әлімжанов Әбдіғаппар. (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Тапсырушысы. 1957 жылы Әлімжанов Әбдіғаппар тапсырған.

Аннотациясы. Қырық мың үйлі тамада Нәрікбай атты байдың баласы болмайды. Есім атты інісі шұбар атын сұратады. Нәрікбай інісінің сұратқанын бермейді. Қубастығын бетіне басқан соң, інісіне өкпелеп он мың үйлі түрікменге көшіп кетеді. Түрікменнің ханының аты – Қарахан, биінің аты – Әліби. Әліби де шұбар атты сұратып, тамаларға тыным бермейді. Ақыры ала алмасына көзі жеткен соң, Қараханға той жасаттырып, “тойға баласы жоқтар келмесін” деп жар салғызады. Перзентсіздігінен тағы да таяқ жеген Нәрікбай әйелі Күлқанысты ертіп, Құдайдан тілек тілеп, құрбан шалып, әулиелерге түнейді. Тілектері қабыл болып, Күлқаныс жүкті болады. Екеуі 40 үйлі тамаға қайта оралады. Күлқаныс жолбарыстың жүрегіне жерік болады. Ай-күні жетіп, Шора есімді бала дүниеге келеді. Ол тез ержетіп, әке-шешіне зорлық көрсеткен түрікмендерден кегін алады. Нәрікбай өзінің туған еліне оралып, Есім үлкен той жасайды.

Өлең жолдары, жырлануы бөлек болғанмен, мазмұны Молда Мұса нұсқасына өте жақын.

Басқы сөзі (1-б.):

Тыңласаңыз жақсылар...

Соңғы сөзі (87-б.):

... Қосылған соң Есім ер
Қылды енді үлкен той.

Қолтаңба. Тапсырушының қолы.

Қағазы, әрпі-сиясы. Кеңсе қағазына көк түсті қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Ақауы. Кеңсе қағазына жазылған қолжазба ескірген. 1,2,3,7,30,41 беттердегі жазулар оқылмайды. 21,45 беттерге сия төгілгендіктен, бірнеше өлең жолдары өшіп кеткен. 1,2,3,4,5,6 беттердегі өлең жолдары, қағаздың шеттері ескірген, жыртылғандығына байланысты оқылмайды. 30, 41 беттердегі өлең жолдары қарындашпен өте тығыз жазылған. Қолжазба жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Ш.129 (ӘӨИ).

196

Ш. 357/1 (ОФК)

П. 43; Б. 86; Ж. 21
19,8x17,5; 19,3x16

Batur Shoranyн dastany

Аталуы. Batur Shoranyн dastany Батыр Шораның дастаны (1-б.).

Айтушы. Nusirepyly Sadibek Нүсірепұлы Сәдібек. (Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Тапсырушысы. Нүсірепұлы Сарқыт.

Аннотациясы. Қазан қаласында он сан ноғайлыда Қайыстың ұлы тама деген ел болады. Оларды Орынбет деген хан биледі. Орынбет дүниеден өткеннен кейін Нәрікбай хан болады. Нәрікбайдың баласы болмайды. Жылқыдан шыққан шұбар атты інісі Есім сұратады. Нәрікбай бермей қояды. Інісіне өкпелеп басқа елге көшіп кетеді. Түрікмендерге көшіп барғаннан кейін де, Нәрікбайдың қубастығын сылтауратып, тепкі көреді. Әйелі екеуі

әулиеге түнеп, жалбарынып жүріп, перзентті болады. Шора батыр болып ер жетіп, әке-шешесінің кегін алады. Туған жеріне оралады. Мәтіннің басында және соңында С.Нүсірепұлының өз жанынан қосқан өлең жолдары бар.

Басқы сөзі (1-б.): Kazan degen kalada on san noqaidy Kaiustun uly tama degen el sony bileqen Orunbet han degen bolqan eken

Соңғы сөзі (86-б.): Sondai batur erlikpen Shora tamam bolady.

Қолтаңбасы. Тапсырушының қолы.

Қағазы, әрпі-сиясы. Оқушы дәптеріне көк түсті қаламмен латын әрпінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Ақауы. Қолжазбаның кейбір беттеріне сия төгілген, өлең жолдары сызылған.

Папкасы. Ш. 357/1 (ОҒК)

197

Ш. 920/111 (ӘӨИ)

П. 7; Б. 7; Ж. 33
19x29,5; 9x22

Шора батыр

Аталуы. Шора батыр (1-б.).

Жыршысы. Дамыллаев Мұстафа – 1915 жылы дүниеге келген. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қандөз аулының тұрғыны.

Жинаушысы. Саттаров Қ.

Тапсырушысы Саттаров Қ.

Экспедициясы. 1994 жылғы Түркістан фольклор экспедициясы.

Аннотациясы. Сыр бойындағы елге Қазаннан қырық үйлі тама келіп қосылады. Соның ішінде Нәрік бай перзентінің жоқтығынан тепкі көріп, елінен шығып кетеді. Сөйтіп әулиелерге түнеп, зар

илеп жүріп Шора атты ұлды болады. Шора ертегідегідей ғажайып күш иесі болып ержетеді. Алты жасқа келгенде, өзінің тама руынан шыққан қырық баланың кегін алмаққа аттанады. Шұбар атты таңдап мініп, мың баланы жалғыз өзі жеңеді. Қорыққаннан Жанбай таздың жүрегі жарылып өледі. Қарахан Әліби арқылы шұбар атты сұратады. Шора батыр тұлпарын бермейді. Қырық жігіт пен Әлібидің басын кесіп, Шора мақсатына жетеді.

Басқы сөзі (1-б.): Бір кезде Сыр бойына 40 үй тама келіп қосылады.

Соңғы сөзі (7-б.): Сөйтіп, ер Шора мұрат-мақсатына жетіпті.

Қағазы, әрпі-сиясы. Арнайы жасалған кітапшаға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Оған машинкаға басылған көшірмесі қоса тіркелген.

Беттердің нөмірленуі. Еуропалық цифрмен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. Ш.920/111 (ӘӨИ).

198

Ш. 750 (ӘӨИ)

Б. 201; Ж. 40
30x20; 17x34

شىنجاڭنىڭ باسقۇنشىلىقى

Аталуы. شىنجاڭنىڭ باسقۇنشىلىقى Шыңғысхан басқыншылығы (1-б.).

Авторы. تۇرسىنبەكوۋ رامازان (Тұрсынбеков Рамазан. Оның өмірі туралы деректер кездеспеді).

Жинаушысы. موجىنكوۋ مۇقاش (Мөжіков Мұқаш).

Аннотациясы. Оқиға XII ғасырда Хорезм ханы Мұхаммед шах Хорезми мен Шыңғыс хан арасында өтеді. Жазушы Әбужаппар бала кезінде Бағдатқа оқу-білім іздеп барады. Мұғалімі Шайхислам молдамен адамзаттың жаратылысы туралы таласып, “Аллаға тіл тигізді” деп дарға асуға ұйғарылады. Жаппар Үргеніш деген Хорезм хандығының орталығына қашып барады. Жаппар үшін

әкесін зынданға қамайды. Ол өлген соң інісі Толықты қамайды. Осымен 1,2-бөлім соңы 3-бөлімде Әбужаппар диуана болып он бес жыл өтеді. Сегіз ұлттың тілін біледі. Кезіп жүріп Қызылқұмға келсе төрт үй көреді. Үйде төрт мылқау, бір жаралы адам бар екен. Жаралы адам тілге келгенде, білгені, Қарақанжар атты қарақшы кескілеп кеткен Махмұт деген ұста екен.

24 бөлімнен тұратын бұл жырда мұнан ары Шыңғыс ханның Хорезмді қалай жаулап алғандығы туралы айтылады.

Басқы сөзі (1-б.):

سوكيهگدر مەنى حالقەم مۇنشا قاتال،
جازدى دەپ اعارعاندا مۇرت پەن ساقال.

Соңғы сөзі (201-б.):

بولدى دەپ قارنايعاندا كارى بوز جورعا،
تۇستاسىم جۇرسىن دەدىم سىندە مەسپ .

Қолтаңбасы. Мөжіков Мұқаштікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Көк дәптерге кара-көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1963 жылы 10 шілдеде Қостанай қаласында жазылған.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен қапталған.

Папкасы. 750 (ӘӨИ), №1-10 дәп.

ҚОЛЖАЗБА ҮЛГІЛЕРІ

مجلس شورای اسلامی

25 June

[illegible][illegible]

Қарақаша деген қызыңның қызыңды
 Қарақаша деген қызыңның қызыңды
 Қарақаша деген қызыңның қызыңды
 Қарақаша деген қызыңның қызыңды
 Қарақаша деген қызыңның қызыңды
 Қарақаша деген қызыңның қызыңды

Аманат бергеніңді қызыңды
 Қарақаша деген қызыңның қызыңды

Қарақаша деген қызыңның қызыңды
 Қарақаша деген қызыңның қызыңды
 Қарақаша деген қызыңның қызыңды
 Қарақаша деген қызыңның қызыңды

Аманат бергеніңді қызыңды
 Қарақаша деген қызыңның қызыңды
 Қарақаша деген қызыңның қызыңды
 Қарақаша деген қызыңның қызыңды

Baba-Tükçi staunte sehr
Umkehren schon wollte er.
Doch das Mädchen hat in Hast
Seines Kleides Saum erfasst:
"Warum, Isdurgit, eilst du fort?"
Er erwiderte sofort:
"Lass mich fliehen von diesem Ort.
Sünde würde ich begeln.
Bleibe ich hier dich zu sehen.
Antwortend das Mädchen sprach:
"Gross wäre für mich die Schmach.
Gingst du ohne mich zu fern.
Das würde die Sünde sein."

Baba Tükçi blieb stehen und überlegte sich
das. Wenn es eine noch grössere Sünde wäre
das Mädchen nicht zu heiraten

12

1
• Рағиба

• Өзгөчө болуу менен Рағиба
• Өзгөчө болуу менен Рағиба
• Өзгөчө болуу менен Рағиба
• Өзгөчө болуу менен Рағиба

• Өзгөчө болуу менен Рағиба
• Өзгөчө болуу менен Рағиба
• Өзгөчө болуу менен Рағиба
• Өзгөчө болуу менен Рағиба
• Өзгөчө болуу менен Рағиба

• Өзгөчө болуу менен Рағиба
• Өзгөчө болуу менен Рағиба
• Өзгөчө болуу менен Рағиба
• Өзгөчө болуу менен Рағиба
• Өзгөчө болуу менен Рағиба

[illegible]

КӨРСЕТКІШТЕР

ШЫҒАРМА АТАУЛАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

а) араб әрпінде

А

1	ابنلای خان (سابالاق)
4	ابنلای خانننڭ جولئنداغی تاریحی
6	ابلای گهنهساری ناؤرزباي داستانى
9	هر اغنباي
10	اداي وتەئەتلەۋ باتئر تۆرالى
11	ايدوس باتئر
14	اسقار باتئر

Ә

20	اۋەزجان باتئر
22	اۋىزقانتان بر سالاسى

Б

24, 25	بايسەيت باتئر
28	باتئر بايان
29	بايان نويان
30	بەك باتئر
31	بوزۇغلان
35	بوران باتئر
37	بوگهنباي باتئر
45	بوچارباي باتئر مەن ورگەئش باتئر

Ғ

46	عابيدەن باتئر
----	---------------

Д

48 دوتان باتتىر

E

69 ملنماي
70 مريولمك
71 مردهن باتتىر
77, 78 مرنازار - بهكمت

Ж

81 جابال باتتىر مەن تاكشەبەر قىز
86 جاننېيەك باتتىر
89 جۇبانشى باتتىر
91, 92 جوسىف اخمت حكاياسى

K

96 كەنسارنىڭ قىزغىزىمىن سوغىسى
97 كەنسارى ناۋرىز بايدىڭ ولەگى
100 كەنسارى تۆسىدا
101 كەنسارى
102 كەنسارنى ولەنمەن اينىپ قالغان مەن
103 كەنسارى مەن وتىنىشى
104 كۆرەكبەي باتتىر

K

107 قازاق باتتىرلارى اجىباي، وتەگەن جانە باسقارلار
108 قازاق نشىندەگى قىزغىزدارنىڭ كەلۋى
109 قالقامان اجىباي باتتىرنىڭ ايتقان سوزىنىن
39 قانجىعالى بۈگەنباي باتتىر
127 قىصە قىمبار
128 قارا قىپشاق قوبىلانىدى

M

- 135 ماڭبايدىڭ موڭغول-قىرغىز بولو جايى
 136 مەير باتىر
 138 موسا خان
 55 مىرزا ھىنگە باتىر
 139 مىرزا شاتىر داستانى
 141 مىرقى باتىر قىياسى
 142 مىرقى مېن شۇرانىڭ قىياسى

H

- 145 ناۋرىز يايىڭ ۋىلىمى
 146 نورادىن

O

- 147, 148 ولجا باي باتىر
 149 چىل ون التىنشى چىل - 1916
 150, 157 وراق - مامايىڭ ئاڭلىمىسى
 158, 159 وراق پەن توغاي

II

- 166 پاتشاسا قارسى - 1916 جىلغى قازاق كوتىرنىسى

P

- 167 راۋچانېكىڭ ۋىستالىغانى

C

- 170 ساتباي باتىر
 172 سامەن باتىر
 173 سىزدىق باتىر
 176 سىرم باتىر

T

62	حیکایاتی منیراننڭ منڭە مەن حان توقتامەنس
178	توبە ت باتر تورالی

Y

182	ولی جورنق
-----	-----------

Y

184	وش باتئر
-----	----------

III

186, 187, 189, 190, 191, 192, 193, 194	قصة نركنتڭ ولي شورا باطر
198	شەخسەقانىڭ باسقۇشنامىسى

ә) латын әршінде

A

Ali batır	17
Auez batır	19
Auezhan	21
Auelbek batır	23

D

Dosan batır	47
-------------	----

Е	
Edige batır	50
Edige – Nuran	56
Er Edige	57
Edige batırдың angimesi	58
Edige bi	65
J	
Janqoja	83
Jañbrci ылэ Telagus	85
Q	
Qarasai – Qazi	112, 113, 114, 115
Qurmanbek batır	132
O	
Orak – Mamai	155
Oralbek batır	163
C	
Saurьq batır	171

б) кирилл әрпінде

А	
Абылай хан (Сабалақ)	2
Абылай поэмасы	3
Абылайдың қашып Түркістанға келген жері	5
Ағыбай батыр	7,9
Айдос батыр	12
Алаңқай батыр	13
Асқар батыр	15
Асқар Қыдыр поэмасы	16

Ә

Әмет батыр туралы жыр	18
-----------------------	----

Б

Бақай батыр	26
Балта Керей Тұрсынбай	27
Бозұғлан	32, 33, 34
Бөгенбай батыр	36, 40, 41
Бөгенбайдың бірінші жорығы	38
Бөлтірік батыр	43
Бұқарбай батырдың сөзі	44

Д

Дотан Құбақанбайұғлы	49
----------------------	----

Е

Едіге батыр	51, 52, 53, 54, 59, 60, 61, 63, 64
Елқонды батыр жайында	67
Елқонды батырдың он жеті жасындағы ерлігі	68
Ер Жасыбай	72
Ер Жәнібек	73
Ер Қармыс	74, 75
Ермек батыр	76
Есет батыр	79

Ж

Жанқожа батыр	82
Жанша батыр мен Айжан қыз	84
Жапал батыр мен Таңшебер қыз	80
Жоңғар жорығы жылдарында	87
Жосалы батыр мен Қармақшы ата	88

Қ

Қарадөң батыр ұрпағы Жұбаныш батыр	90
------------------------------------	----

И

Исатай мен Махамбет 93, 94

К

Кенесары 95

Кенесары – Наурызбай 98

Кенесары туралы 99

Қ

Қабанбай 105

Қабанбай мен Дәулетбай жыры 106

Қандының соғысы 110

Қанжығалы Бөгенбай және оның
батыр інісі Ер Сарыбай 42

Қарасай, Қази 111, 116, 117, 118, 120,
121, 122, 123, 124, 125

Қарасай, Қази хан, Әділ дастаны 119

Қарқаралы Қазыбек 126

Қойгелді батыр 129

Қоржынкөлдегі көтеріліс 130

Құм кешуде 131

Қырық қыз 133

М

Мамай батыр 160, 161

Мамай мен Қарасай 162

Мантық батыр 134

Мұрат батыр туралы поэма 137

Мырзаш батыр 140

Мырқы батыр 143

Н

Наурызбай – Фатима 144

О

Орақ – Мамай 151, 152, 153, 154, 156

Ө

Өтеген батыр	164
--------------	-----

П

Парпария	165
----------	-----

С

Сағындық батыр	168
Сайын батыр	169
Сұлтан Сыдық төренің тарихы	175
Сүйіндік Едіге би	66
Сырым батыр	174

Т

Тәуке батыр	177
Төрехан	179, 180
Тілеуберді батыр	181

Ү

Үрпек соғысы	183
--------------	-----

Х

Ханшайым	185
----------	-----

Ш

Шора батыр	188, 191, 195, 197
------------	--------------------



КІСІ АТТАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

1) Авторлар көрсеткіші

а) араб әрпінде

	А
128	ت. ایناتاسوف
86	احمەتیهکوف نورقان
45	ماغزوم احمەتولی
	Ә
81	ایمنوف شاکئر
136	الئمبەتوف ساپارغالی
	Б
166	باقئتکەرهي اققن
46	ایئز باقتتولی ابدائقنپ بهکتاسوف
	Д
14	دارئايي جنراؤ
	Н
135	نورالین ساغیدوللا
	Р
149	رامازانولی اقلاس
	Ш
77	قایرونلا شابدارولی

ә) кирилл әрпінде

А

Аманжолов Тілеумағамбет	15
Ахметбеков Нұрхан	183

Ә

Әлімбетов Сауарбай	129
--------------------	-----

Б

Бигелдиев Балтағұл	43
--------------------	----

Е

Есболұлы Тілеміс	164
------------------	-----

М

Мұқанов Серік	130
---------------	-----

С

Сейтқасимов Миналадин	88
-----------------------	----

Т

Тоқал қу	16
----------	----

2) Жыршы - жыраулар көрсеткіші а) араб әрпінде

А

11	ایداریهک جومادئل
109	اجبای ولی ارستان

Б

- 28, 178 تەمەشالی باربولولی
176 ساعنےالی بهکیولاتب
31 ازیمای بیجانوف

Ж

- 4 شادی جاگگنرولی
6 قاسقمбай جانە جومабай

И

- 29 аймочамед ызбайр

К

Қ

- 62 нэнм қабетов
97 қашқмбай
30 голхан қуаншқнзы
139 نیازبهك قندئر موللاولی
194 قنئرئل جنراو

М

- 89 مارابай جنراؤ
107 أبزمینت مالنکولی
187 جنرو موسابای
92 قورباتقوجا منرزاقولقوجاولی

Н

- 96 نارمامбетولی махмутولی
141, 142 نورلئбай أشئم
22 ابئت نورکمن

О

- 91 وگдасولی بازار
190 وازبهکولی ناقشبهك
127 جەئیشбай وспанولی

189	ساریف ابدنغالی
184	نورساپا سەیتجانوف
146, 193	سەگگىرباق مورىن

20	حاسەن بىن مىربابا
----	-------------------

ә) латын әрпінде

A	
Azirbaev Kenen	17
B	
Baitabynov Aisa	19, 21, 132
J	
Jangabyl Sattigul	47
Japsarbaev Qalqa	56
M	
Moldagali jьrau	163
Мигъл jьrau	85
N	
Nusirepulь Sadibek	197
Ө	
Өmirzaqov Aiakec	58

б) кирилл әрпінде

Ә	
Әбдірмұрат Қоңырбайұлы	32
Әбетов Ғали	156

Әділбеков Қыдырмолда	105
Әзімбаев Мәмбет	87
Әлімбаев Доскей	95
Әлімжанов Әбдіғаппар	195

Б

Байғанин Нұрпейіс	179
Байзақұлы Мұсабек	188
Байтабынов Айса	160
Бейсенбаев Тұрлан	60, 122

Д

Дамыллаев Мұстафа	197
Дәуітбаев Мұратбай	34

Ж

Жағыпарова Махфуза	177
Жақып жырау	123
Жалғасұлы Ізжан	63
Жаңтайұлы Көкбай	144

И

Иманғалиұлы Қайролла	116, 117,
----------------------	-----------

К

Кәрібаев Танатар	120
Кенжеғұлұлы Нұртуған	52, 53
Күржіманұлы Қашаған	111

Қ

Қалбаев Өмірзақ	13, 119
Қалнияз ақын	74
Қанапиянов Бекеш	76

Қармысов Сансызбай	7
Қожабаев Болман	168
Қоңырбайұлы Әбдімұрат	32

Қылышұлы Қартбай	54, 125
М	
Мәмбетұлы Атаубай	124, 153, 180
Мендібаев Баспан	44
Мүсәпірұлы Құсайын	36
О	
Омаров Дүйсембай	181
Оңғарбаев Орынбасар	75, 154
Оспанов Қайырбай	38
Ө	
Өмірбекұлы Б.	191
С	
Сейілханұлы Әмір	121
Сенгірбайұлы Мұрын	18, 51, 90, 151, 165
Т	
Төлешов Бұлдыбек	33
Х	
Хасенов Еркін	162
Ш	
Шоқаев Құдайберген	118
Ы	
Ыдырышев Ғалым	3

3) Жинаушылар көрсеткіші а) араб әрпінде

А

102, 103, 109

159

35

айнабәков қайып
құсұрауық амантайұлы
ахметұлы мағзұм

Ә

37

31

100, 101

ғапыр айнұф
азымбаев тақтұрғын
байын ұлы бекқұжа

Б

24

148

127

70

145

байыасұлы таңбаи
байжанұф жайау мұса
мұрза ахмет балзақұлы
бекіулаулы саянғали
бәлалұлы Әлі ахмет

В

62

Уасилұлы а.б.

F

158

фатима ғабиіуф

Д

30, 55

Діуолқұн діуаф

E

28, 178

мұсқанұлы қытұеғали

Ж

108, 157

92

жақияи бұртай
мұзар ап жосиуф

И

29 سانئى يىزباير

K

149 كۈنتۈرغانۇلى ۋاتقان

K

4, 91 ألقوات قاينارباي
135 قاناغاتوف تىلموخامەت
97 قاشقمباي
48 قوزىباقوف باتىر
25, 172 قوڭىراتبايەف اۆمەلبەك
170 نىزىمەك قىندىرباي

M

198 موچىكوۋ مۇقاش
6 مىقانۇلى سماعۇل
78 اخمەت مۇبايولى
96 مىنشانوف

H

71 أبىلقاسىم ناۋرىزبايەف
192 موڭىش نوگىن
167 نوب نوركە ابىت

C

184 سەيتجانوف زوفار
69 مادى سىزدىقۇلى

X

89, 146, 193 خاكنىمجانوۋا مارىام

III

166 شاگەنتبايۇلى جوگەي

ә) латын әрпінде

A

Ahmetov Gabit 57

B

Baitabynov Aisa 19, 21, 112, 132

Bihanov Nasimolla 58

G

Gabitova Fatima 65

E

Elikbaev Jusbala 56

J

Jumagaliev Amirec 23

N

Narymbetov Azilhan 83

б) кирилл әрпінде

A

Абдиева Дәметкен 120

Айтжанова Моншақ 116, 117

Ақынжанов Мұсатай 93

Ақынжанұлы Нұржан 42

Аманжолов Сәрсен 36

Ә

Әлімжанов Әбдіғалпар 195

Б

Байділдаев Мардан	88
Байтабынова Қымбат	160
Бақанов	16
Бәделханов Айтжан	76
Бекниязов Кабай	12, 67, 68
Беркінбаев Қажен	174

Ғ

Ғалымбекұлы Мәкіш	73, 105
-------------------	---------

Е

Ерімбетова Дүрия	119
Есжанов К.	191
Есіркепов Күмісбек	98

Ж

Жақыпбаев Бозтай	1
Жақыпов Парақат	123
Жалғасұлы Ізжан	63
Жұмаділова Рахия	122

И

Исаев Бекіш	27
Исмайылов Ораз	26

К

Келімбетов Ақанжан	53
Кенесарин Әзмұқан	175
Көпеев Мәшһүр Жүсіп	134, 169
Көрпеев Айтмұрат	124, 153

Қ

Қайырбаев Әнуархан	106
Қанағатов Телмұхамед	7
Қаңтарбаев Қажыбек	8
Кенесарин Әзмұқан	175

Қожабаев Болман	168
Қожабаева Шолпан	154
Қорабаев Серікказы	3, 177
Қоржынов Қанен	84
Құлпейісов Еркін	74, 126,
Құлпыбаева Қадиша	121
Қыдырбаев Хаджи-Мұрат	94
Қылышұлы Қартбай	125

М

Малыбаев Рахметжан	162
Меңдібаев Баспан	44

Н

Нұралыұлы Олжабай	2
-------------------	---

О

Оспанов Қайырбай	38
------------------	----

Р

Роди Гүлік	72
------------	----

С

Сарыбаева Рабиға	180
Сағтаров Қыдырәлі	54, 60, 61, 75, 117, 119, 121, 122, 124, 133, 154, 180, 197
Себепов Ғұлама	66, 82
Сеңгірбаев Дәуітбай	165
Смайылов Омарбек	131
Сыдиықұлы Қабиолла	13

Т

Тоққожаев Мұса	188
Тұрғанбаев Асқар	52
Тілемісұлы Қасымхан	164

У	
Уахатов Бекмұрат	9
Ұ	
Ұйықбаев Иманбек	18, 118
Ү	
Үсембаев Ә.	111
Х	
Хакімжанова Мәриям	51, 151
Ш	
Шайхисламұлы Жүсіпбек	49
Шамшатова Айнаш	79
Шәріпов Раха	179

4) Тапсырушылар көрсеткіші а) араб әрпінде

	А
39	غاپور اېنشېف
	Б
186	بايغولولى قولماحامىيەت
176	ساعنعالى بەكىولاتب
	И
192	يسابامف قالموقان
	Қ
91	قاينار بامف القوات
48	قوز نىباقوف بلتئر
194	اوطليك قوگنراتبامف
147	قولساريىتو مرتاي
	М

107 أبزمینت مالنکھولی

H

142 نیاتیباف کادیر بەك
141 نورلنباي اشنم
167 غالیا نوبا نوركە
191 نوسنر مېقنزى سارقتت

C

سەيئەتقالي
داۋىت سەگىز باف

X

146 ماریام خاکنمجانوفا

ә) латын әрпінде

Nusirepyly Sargyt 196**б) кирилл әрпінде**

Г

Әлімжанов Әбдіғалпар 195

Б

Байділдаев Мардан	92
Бакенеев С.	43
Бәделханов Айтжан	76
Бекмаханов Ермахан	99
Биғожин Қаратай	33

E

Есжанов К. 191

Ж	
Жақыпбаев Бозтай	66
Жұмажанов Қаржаубай	32
Қ	
Құлпейісов Еркін	74, 185
М	
Мәдиев Жұматай	181
Мұқанов Серік	130
О	
Оспанұлы Ә.	188
Ө	
Өмірбеков Аспандияр	81
С	
Саттаров Қыдырәлі	75, 153, 197

**5) Көшірушілер туралы көрсеткіш
а) кирилл әрпінде**

Ахметова Зүһра	123
----------------	-----

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Ақмола облысы	2, 38, 130
Ақтөбе облысы	12, 19, 23, 67, 155, 166, 179
Алматы облысы	
Атырау облысы	13, 18, 174
Батыс Қазақстан облысы	70, 89, 162
Жамбыл облысы	17
Көкшетау облысы	110, 181, 187
Қарағанды облысы	71, 102, 128, 168
Қарақалпақ АССР-і	13, 15, 32, 34, 54, 60, 75, 117, 121, 122, 123, 124, 125, 153, 154
Қостанай облысы	51, 74
Қызылорда облысы	4, 33, 44, 52, 69, 79, 82, 88, 184, 198
Маңғыстау облысы	47, 74
Павлодар облысы	35, 76, 134, 192
Семей облысы	3, 31, 42, 87, 105, 136
Солтүстік Қазақстан облысы	20
Талдықорған облысы	26, 56, 65
Торғай облысы	81
Шығыс Қазақстан облысы	104, 177
Шымкент облысы (Оңтүстік Қазақстан)	4, 49, 159, 188

ЭКСПЕДИЦИЯЛАР КӨРСЕТКІШІ

- 1939 жылғы Торғай экспедициясы – 5
1946 жылғы Ақмола экспедициясы – 108
1946 жылғы Батыс Қазақстан экспедициясы – 161
1947 жылғы Қарақалпақстан экспедициясы – 34
1948 жылғы Маңғыстау экспедициясы – 18
1958 жылғы Шығыс Қазақстан экспедициясы – 9
1961 жылғы Павлодар экспедициясы – 1
1961 жылғы Қостанай экспедициясы – 186
1963 жылғы Шығыс Қазақстан экспедициясы – 135
1964 жылғы Семей экспедициясы – 7
1975 жылғы “Амудария құйылысындағы казактардың ауыз әдебиеті
үлгілерін жинау” экспедициясы – 124
1978 жылғы “Амудария құйылысындағы қазақ фольклорын жинау”
экспедициясы – 180
1984 жылғы “Амудария құйылысындағы казактардың ауыз
әдебиетін жинау” экспедициясы – 54
1986 жылғы Тәжікстан, Өзбекстан экспедициясы – 13
1990 жылғы “Амудария құйылысындағы казактардың ауыз
әдебиетін жинау” экспедициясы – 154
1994 жылғы “Түркістан фольклоры” экспедициясы – 197
1998 жылғы “Қызылорда облысы этномәдени мұраларын жинау”
экспедициясы – 81

Мазмұны

Құрастырушылардан	5
Шартты қысқартулар	8
Қолжазба мұра – тәуелсіз елдің ұлттық қазынасы	11

Қолжазбалар сипаттамасы

(Сабалақ) Абылай хан	20
Абылай хан (Сабалақ)	22
Абылай поэмасы	23
Абылай ханның жасындағы тарихы	25
Абылайдың қашып Түркістанға келген жері	27
Абылай, Кенесары, Наурызбай дастаны.....	28
Ағыбай батыр	30
Ер Ағыбай.....	32
Ағыбай батыр	33
Адай Өтегілеу батыры туралы.....	35
Айдос батыр	36
Айдос батыр	38
Алаңқай батыр.....	39
Асқар батыр.....	41
Асқар батыр.....	42
Асқар-Қыдыр поэмасы	43
Әли батыр	45
Әмет батыр туралы жыр.....	46
Әуез батыр	48
Әуезхан батыр қиссасы	50
Әуезхан	52
Әуезханның бір саласы	54
Әуелбек батыр.....	56
Байсейіт батырдың тарихы	57
Байсейіт батыр	60
Бақай батыр	61

Балта Керей Тұрсынбай	63
Батыр Баян	64
Баян-Ноян	65
Бек батыр	66
Бозұғлан	68
Бозұғлан	69
Бозұғлан	72
Бозұғланның тарихы	73
Боран батыр	74
Бөгембай батыр (Сыртында)	75
Бөгенбай батыр	78
Бөгенбайдың бірінші жорығы	79
Қанжығалы Бөгенбай батыр	80
Бөгенбай батыр	82
Бөгенбай батыр	83
Қанжығалы қарт Бөгенбай және оның батыр інісі Ер Сарыбай	84
Бөлтірік батыр	85
Бұқарбай батырдың сөзі	87
Бұқарбай батыр мен Үргеніш батыр	88
Ғабиден батыр	89
Досан батыр	91
Дотан батыр	93
Қисса Дотан Құбақанбайұғлы	94
Едіге батыр	95
Едіге батыр	97
Мәулімнияз – Едіге	99
Едігенің қиссасы	101
Едіге батыр	102
Мырза Едіге батыр	104
Едіге–Нұран	107
Ер Едіге	108
Едіге батырдың әңгімесі	109
Едіге (Құбыл)	111
Едіге батыр	112

Едіге батыр	113
Тоқтамыс хан мен Едіге мырзаның хикаяты	113
Едіге	115
Едіге дастаны	116
Едіге би	116
Сүйіндік Едіге би	118
Елқонды батыр жайында	120
Елқонды батырдың он жеті жасындағы ерлігі	122
Елім-ай	123
Ер Бөлек	125
Ерден батыр	126
Ер Жасыбай батыр	127
Ер Жәнібек	129
Ер Қармыс	130
Ер Қармыс	132
Ермек батыр	133
Ерназар – Бекет	135
Ерназар – Бекет	136
Есет батыр	137
Жапал батыр мен Таңшебер қыз	139
Жабал батыр мен Таңшебер қыз	141
Жанқожа батыр	142
Жанқожа	144
Жанша батыр мен Айжан қыз	145
Жаңбыршы ұлы Телағыс	147
Жәнібек батыр	148
Жоңғар жорығы жылдарында	150
Жосалы батыр мен Қармақшы ата	152
Жұбаныш батыр	153
Қарадөң батыр ұрпағы Жұбаныш батыр	155
Жүсіп – Ахмет хикаясы	156
Жүсіп – Ахметтің қиссасы	158
Исатай мен Махамбет	160
Исатай – Махамбет	161
Кенесары	163

Кенесарының қырғызбен соғысы.....	164
Кенесары – Наурызбай өлеңі	166
Кенесары – Наурызбай	167
Кенесары туралы.....	169
Кенесары тұсында.....	171
Кенесары.....	172
Кенесарыны өлімнен айырып қалған екен.....	173
Кенесары мен Отыншы	175
Күркебай батыр	176
Қабанбай	178
Қабанбай мен Дәулетбай жыры.....	179
Қазақ батырлары Әжібай, Өтеген және басқалар	181
Қазақ ішіндегі қырғыздардың келуі.....	183
Қалқаман Әжібай батырдың айтқан сөзінен.....	184
Қандының соғысы	186
Қарасай – Қазі	187
Қарасай – Қазі	189
Қарасай – Қазі	192
Қарасай – Қазі	194
Қарасай – Қазі	196
Қарасай – Қазі	198
Қарасай – Қазі қиссасы	200
Қарасай – Қазі дастаны	201
Қарасай – Қазі, хан Әділ дастаны	204
Қарасай – Қазі	205
Қарасай – Қазі	206
Қарасай – Қазі	207
Қарасай – Қазі	208
Қарасай – Қазі	209
Қарасай – Қазі	210
Қарқаралы Қазыбек	212
Қисса Қамбар	214
Қара қыпшақ Қобыланды.....	215
Қойгелді батыр.....	216
Қоржынкөлдегі көтеріліс	217

Құм кешуде.....	219
Құрманбек батыр	220
Қырық қыз	221
Мантық батыр	223
Маңыбайдың моңғол-қырғыз болу жайы.....	224
Мейір батыр.....	226
Мұрат батыр туралы поэма.....	229
Мұсахан	230
Мырзаш батыр	232
Мырзаш батыр	234
Мырқы батыр қиссасы	236
Мырқы мен Шораның қиссасы	237
Мырқы батыр	239
Наурызбай – Фатима.....	240
Наурызбайдың өлеңі.....	241
Нұрадын.....	243
Олжабай батыр.....	244
Олжабай батыр.....	247
1916 жыл.....	249
Орақ – Мамай.....	250
Орақ – Мамай.....	252
Орақ – Мамай.....	253
Батыр Мамай – қанды Орақ.....	254
Орақ – Мамай.....	256
Орақ – Мамай.....	257
Орақ – Мамай.....	258
Орақ – Мамай.....	259
Орақ пен Тоғай.....	260
Орақ-Тоғай.....	261
Мамай батыр	262
Мамай.....	263
Мамай мен Қарасай	264
Оралбек батыр.....	265
Өтеген батыр	267
Парпария.....	268

Патшаға қарсы 1916-жылы қазақ көтерілісі	269
Раушанбектің ұсталғаны	271
Сағындық батыр	273
Сайын батыр	274
Сәтбай батыр	276
Саурық батыр	277
Сәмен батыр	279
Сыздық батыр	280
Сырым батыр	281
Сұлтан Сыдық төренің тарихы	283
Сырым батыр	284
Тәуке батыр	285
Төбет батыр туралы	286
Төрехан	288
Төрехан дастаны	290
Тілеуберді батыр	291
Ұлы жорық	292
Үрпек соғысы	293
Үш батыр	294
Ханышайым	297
Қисса Нәріктің ұлы Шора батыр	298
Ертедегі Шора батыр	300
Ер Шора	302
Қисса Нәрікбай – Шора	304
Нәрікұлы Шора батыр	305
Шора батыр	306
Қисса атақты батыр Шора	307
Нәрік – Шора	309
Шора батыр	310
Ер Шора	311
Батыр Шораның дастаны	313
Шора батыр	314
Шыңғысхан басқыншылығы	315

К ө р с е т к і ш т е р

Шығарма атауларының көрсеткіші

а) араб әрпінде.....	323
ә) латын әрпінде.....	331
б) кирилл әрпінде.....	332

Кісі аттарының көрсеткіші

1) Авторлар көрсеткіші	336
2) Жыршы-жыраулар көрсеткіші	337
3) Жинаушылар көрсеткіші	342
4) Тапсырушылар көрсеткіші	347
5) Көшірушілер туралы көрсеткіш.....	349
Географиялық атаулардың көрсеткіші.....	350
Экспедициялар көрсеткіші.....	351

ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ МЕН
ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ

9

ТОМ

Тоғызыншы кітап

ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ ЖЫРЛАНАТЫН ЭПОСТАР

تاۋەلسىزدىك
ىدەياسى جىرلاناتن ەپوستار

Редакторы Е.Төрөкүлов

Корректоры М.Мұқатай

Тех. редакторы әрі дизайнері С.Төрөбайұлы

Терген Г.Иманәлиева

Теруге берілген күні 22.03.2012.
Басуға қол қойылған күні 22.06.12.
Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$. Есепке алынған баспа табағы 22,5.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №037